

**Ғабитов Т.Х., Малдыбек А., Ахметжанов Д.**

## **ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ МӘДЕНИ СҰХБАТ МӘСЕЛЕСІ**

### **МАЗМҰНЫ**

<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>3</b>
<b>1 ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ МӘДЕНИ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ.....</b>	<b>10</b>
1.1 Шығыс және Батыс өркениеттері арасындағы мәдени сұхбат ұстынының мүмкіндігі және шектері .....	10
1.2 Ұлы Жібек жолы мәдениетінің өркениеттер сұхбатындағы орны.....	24
1.3 Көшпелі және отырықшы мәдениеттердің сұхбатындағы Ұлы Жібек жолының орны.....	38
<b>2 ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТИПТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ...</b>	<b>54</b>
2.1 Ұлы Жібек жолы өркениеті орталықтарындағы мәдени ауысулар.....	54
2.2 Ұлы Жібек жолы мәдениеті - діни сұхбат бастамасы.....	70
2.3 Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени артефактілер ауысуы.....	91
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>115</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....</b>	<b>117</b>

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның мемлекет бағдарламаларымен байланысы.** Адамзат қалыптасқан кезден бастап, бүкіл парасат иелерін толғандырып келе жатқан мәселеге мәдени қарым-қатынас пен басқаға деген көзқарас болып табылады. Көптеген теориялық концепциялар мен халықаралық құжаттарда мәдени сұхбат адамзаттың бастапқы болмысымен байланысқан идея, іс-әрекет, құбылыс, жағдай, қалып ретінде көрінеді. Адам қарым-қатынас формаларын шексіздікке дейін жүзеге асырып анықтай алатын жалғыз тіршілік иесі. Сол себепті ол сұхбатсыз бола алмайды. Көне мәдениеттің өзінде-ақ коммуникативтік бастаулардың мәдениетте басымдық танытқаны белгілі. Егер өткені мен осы шағындағы мәдени-тарихи үдеріске көз тастар болсақ, онда оның бойында мәдениеттердің екі формасының үйкелісінің (біз бұл жағдайда мәдениет пен өркениетті айырып қарастырудан шығып отырмыз) басым болғанын және әлі де басымдылығын аңғаруға болады: 1) өзара әрекет және 2) өзара қатынас. Өзара әрекет жоғарыда алуан түрлі оқшау этномәдени құрылымдардың қатар өмір сүру кезеңі ретінде анықталған мәдени-тарихи кезеңге анағұрлым тән болып келеді. Қатаң әрі кесімді айтқанда, тек өзара қатынас мен ауысулар арқылы мәдениет шынайы бар болады және дами алады. Осының нақтылы көрінісіне Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысулар мен өркениеттік гүлденулер жатады.

Бұл айтылған қағидалар, мәдени сұхбат пен өркениеттік ауысуларға ашық, Қазақстан үшін өте маңызды болып келеді. Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени сұхбатшылық, мәдениеттердің өзара тоғысуы мүлдем архаиканың игілігі емес; жаңа дәуірдің III мыңжылдығының басында ол сол замандағыдай құнды. Қазақстанның болашағы дәл осы ұстын бойынша іске асады және еліміздегі мәдениеттану ғылымының өзекті мәселесіне жатады.

Кезінде М.М. Бахтин айтқандай, «Бөтен мәдениет тек өзге мәдениеттің көз алдында ғана өзін толығырақ және тереңірек ашады... Бір мағына өзге, «бөтен» мағынамен кездескенен және түйіскеннен кейін өз тереңдігін ашады: олардың арасында осы мағыналардың, осы мәдениеттердің тұйықтығы мен сыңаржақтылығын игеретін диалог (сұхбат) сияқты нәрсе басталады» [1, 457 б.]. Алайда мәдениеттердің өзара ықпалы өз мағынасында тек сұхбаттық қатынасқа теңгерілмейді. Мысалы, Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени қатынасқа түскен мәдениеттің әрқайсысы өздерінде бар нәрсені дамытуға ұмтылып қана қоймай, бір-бірінің игіліктері мен әлеуетінің шығармашылық синтезі арқылы өзін және бірін-бірі түсіністік арқылы жетілдіруге де ұмтылады.

XXI ғасырдың табалдырығында тұрған қазақтың ұлттық мәдениеті үшін өзекті міндетке қазіргі әлемдегі моноорталықтық жаһандастырушылықтың экспансиясына дұрыс жауап бере білу қабілеттілігін қалыптастыру жатады. Жаһандастыру тарапынан адамзатқа қойылған мәжбүрлеудің алдында ұлттық мәдениет өз бойында озық құндылықтарын жасап шығарулары керек. Өйткені тек жасампаз мәдениет қана жалғыз өзіндік таңдауға ие болып қоймай, жаһандастырушылардың кез-келген жоғары стратегиялық және тактикалық ұмтылыстарына, айла-шарғылары мен шараларына үйлесімді және дәйекті жауап бере алады.

Адамзат тарихында мәдени өркендеудің көптеген үлгілері кездеседі. Мысалы, Фалестің философиясы, Геродоттың тарихы, Гиппократтың медицинасы, сонымен қатар, мүсін өнері, лирика, поэзия және тағы да басқа салалар басынан сұхбатшыл Жерорта теңізі жағалауында пайда болған эллиндік өркениет жемістері. Ежелгі эллиндік мәдениет өз дамуында Азия, Еуропа және Африка атты әлемнің үш бөлігін аралап өтті, яғни тек Еуропада басталмады және аяқталмады. Дәл сол сияқты Қытай мен Орталық Азия, Араб халифаты мен Византияны қосып тұрған Ұлы Жібек жолы мәдениеті тек сауданың күре тамыры ғана емес, сонымен бірге жоғарғы поэтикалық шығармашылық дәуірі, оның ізін қуған өзіндік шығыстық философиялық ой мен ғылымның дұрыс дамуы ортаазиялық Ұлы Жібек жолы мәдениетіндегі шығармашыл жасаушы күштердің шамамен бес жүз жылдай өзінің сара жолында болғанын дәлелдейді.

Зерттеу тақырыбы елімізде қабылданған мемлекеттік бағдарламалармен де байланысты. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасы өзінің саяси экономикалық, мәдени дамуы жағынан үлкен жетістіктерге жетіп, белгілі мемлекеттер қатарынан көрініп жүр. Ұлттық мәдениеттің сұхбат аймағы туралы сұрақ қазіргі философтар үшін де философияның негізгі мәселелерінің болып отырғандықтан, бұл сұрақ қазақ философтарын да толғандырмай қоймайды. Мәселенің өзектілігі қазақ ойшылдарынан Ұлы Жібек жолы мәдениеті феноменін ғылыми тұрғыдан талдауды талап етеді. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей қолдауымен жасалып отырған аталмыш "Мәдени мұра" ескінің жаңаруына байланысты көптеген көкейкесті мәселелерді толық қамтып отыр десек қателеспеген болар едік. Бұл еліміздің өз аузына өз қолы жетіп, әлемдік өркениетке деген ұмтылысының куәсы. Адамзаттық даму концепциясы адамды жеке мақсаттарға жету үшін қажет қарапайым құрал ретінде ғана емес, керісінше, саяси, әлеуметтік және экономикалық процестердің негізгі мақсаттық орталығына шоғырландырады. Қазақстанда ұлттық, аймақтық, салалық бағдарламалар мен жоспарлық әрекеттер, соның ішінде кедейшілік деңгейінің төмендеуін, тұрғылықты халықтың білім және денсаулығының жақсаруын мақсат еткен стратегиялық құжаттар "Қазақстан – 2030", "Қазақстан – 2010" сынды адамзаттық даму стратегиясын айқындайтын адамзаттық даму туралы маңызды ұлттық есеп дайындалды.

Республикамыздың ғылым, білім, мәдениет пен әдебиет қайраткерлерінің кең көлемде қатысуымен жасалатын "Мәдени мұра" бағдарламасын ұлт мәдениетінің тәуелсіздік жағдайына рухани жаңғыруының басталуы деп қарастырған жөн. "Әлем жаһандану дәуірінде – даму мен жасампаздық үшін

бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер дәуіріне қадам басты. Жаһандану процесінің бір қыры – бұл дүниені әмбебаптандыруға ұмтылушылық, бірыңғай құндылықтармен тәртіп нормаларына берілушілік. Бірақ, жаһандану процесі қалай қанат жайсадағы, ешқандай халық өзінің тарихи, рухани және мәдени төлтумалылығынан бас тартпайды.

**Мәселенің қазіргі деңгейі және зерттеу қажеттілігі.** Ұлы Жібек жолын мәдени феномен ретінде зерттеу тек батыстық мәдени антропологиядағы шығыстық өркениеттік құбылыстарға деген ХХ ғасырдағы белгілі бір бетбұрыстан басталады. Бұл әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардағы еуропаорталықтық ұстанымдардан арылу үрдістерімен байланысты өрістеді. Жаңа ғасыр, жаңа уақыт, жаңа кезең жаңа түсініктер мен ұғымдарды талап етті. Енді ғылым шынайы түрде өз назарын шығыстағы мәдени құбылыстарға аудара бастады.

Ұлы Жібек жолы б.з.д. II ғасырда қалыптаса бастағанымен, бұл феномен өз атауына ХІХ жүзжылдықтағы батыс тарихшылары мен этнографтары арқылы ие болды. 1877 жылы неміс саяхатшысы және тарихшысы К. Рихтгофен өзінің «Қытай» деген еңбегінде Ұлы Жібек жолын сауда мен мәдени ауысулар артериясы ретінде анықтап шығарды.

Шығыс пен Батыстың арасындағы жалпы мәдени ауысуларды зерделеген батыстық зерттеушілердің үрдістері (И. Гердер, Г. фон Грюнебаум, Готье, В. Бартольд, А. Массэ, О. Шпенглер, А. Тойнби, К. Леви-Строс, К. Шефер, А. Мец, В. Тэрнер, Д. Фрезер, К. Ясперс және т.б.) диссертациялық зерттеудің бір әдіснамалық арнасын құрастырады.

Ұлы Жібек жолы мәдениеті феноменін түсіндіру, ұғындыру жолында ғылыми және көпшілік әр түрлі ілімдер қолданылады. Осы бағыттағы көптеген ізденістердің нәтижесінде мәдениеттің сұхбаттық концепциясы дүниеге келді. Осының арқасында сұхбат мәдениеттің қозғаушы күші болып табылатындығы анықталды. Мәдениеттің сұхбаттық табиғатын және оның Ұлы Жібек жолы бойындағы өркениеттерге тигізген ықпалын қарастыруда зерттеуші Бубердің, М. Бахтиннің, В. Библердің, А. Құлсариеваның және т.б. еңбектерін пайдалану бұл феноменді толыққанды түсінуге жол ашады деп есептейді. Сондықтан да Ұлы Жібек жолы феноменін зерттеу адам болмысының көп қырларын түсінуге септігін тигізетіні сөзсіз. Ұлы Жібек жолы мәдениетін зерттеген ғылымдардың арасында К. Байпақовтың «Ұлы Жібек жолы: Еуразия мәдениеттерінің сұхбаты» (История Казахстана. – Алматы, 2003), «Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан» (Алматы: Қазақстан, 1992, А. Нұржановпен бірге), «Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы ортағасырлық қалалар мәдениеті» (Алматы: Қазақстан, 1986), Ә.Х. Марғұланның «Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана» (Алматы: Ғылым, 1950), М. Орынбековтың «Қазақстандағы ежелгі сенім-нанымдар», «Ежелгі қазақтың дүниетанымы» (Алматы: Жазушы, 1996), Ж. Мүтәліповтың «Мәдени диалог және өркениеттер тоғысы» (Алматы, 2002), Ә. Хасеновтың «Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы» (Алматы, Қазақ университеті, 1988), А. Құлсариеваның «Мәдениеттер мен діндер арасындағы сұхбат» (Бейбіт мәдениеті жолында. - Алматы, 2000), әл-Фараби ат. ҚазҰУ Хабаршысындағы «Ұлы Жібек жолы мәдениеті» деген

еңбектерінің алатын орны ерекше. Аталған феноменді аталмыш ғалымдарың ойлары аясында зерттеу біз үшін құнды, себебі олар Ұлы Жібек жолын жан-жақты зерделеп, оның адамзат мәдениетіндегі орны мен рөлін, оның қазіргі заман мәдениетіне жасайтын ықпалын анықтап береді, мәдени ауысулар құбылысының мәнін философиялық, тарихи, мәдениеттанулық жағынан түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысында Ұлы Жібек жолымен тікелей қатысты көне және ортағасырлық түркілік мәдениетке байланысты қазақстандық философтар, мәдениеттанушылар мен тарихшылардың еңбектері кең қолданыс таба білді (Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, А. Қасымжанов, Д. Кішібеков, Ә. Нысанбаев, Ғарифолла Есім, Б. Нұржанов, А. Әбуов, Қ. Бегалинова, А. Қасабек, Ж. Молдабеков, Ж. Алтаев, Д. Раев, Т. Бурбаев, Т. Ғабитов және т.б.). Жоғарыда аталған авторлар еңбектері маңызды болғанымен, олар Ұлы Жібек жолы феноменінің қазақтың кешегі және бүгінгі мәдениетіне тигізген әсерінің мәнін толық қамтымайды. Бұл зерттеулерді біз өз ізденісіміздің арналары және ой тудырушы мәтіндері деп қабылдаймыз.

**Зерттеудің мақсаты мен негізгі міндеттері.** Батыс пен Шығысты, отырықшылық пен көшпелілікті үйлесімді қоса алған Ұлы Жібек жолы мәдени ауысуларын мәдениеттанулық тұрғыдан талдау арқылы халқымыздың қоршаған табиғи және әлеуметтік ортаны игеру барысында қалыптасқан сұхбатшыл мәдениетін айқындау, мәдени ауысулардың тетіктерін анықтау зерттеудің басты мақсаты болып табылады.

Осы мақсатты жүзеге асыру жолында мынадай **міндеттер** туындайды:

- мәдениеттің партикулярлық емес ұстындары негізінде өркениетаралық байланыстардың тарихи типтері мен формаларына тән заңдылықтарды Ұлы Жібек жолы феномені кеңмәтінінде ашып көрсету; сұхбат құбылысының мәдениетке жасайтын ықпалын анықтау;
- Ұлы Жібек жолына қатысты мәдениеттанулық, тарихи-философиялық және этнографиялық зерттеулердегі өзіндік “философемаларды” деректік-суреттемелік баяндаулардан ажыратып, оларға мәндік, салыстырмалық және қисындық талдау беру;
- Ұлы Жібек жолы феноменінің мәдени ошақтарын анықтап, оларды мәдени артефакт ретінде қабылдап, нақтылы өркениеттердің материалды және рухани-әдептік тұтастығын бойына толық сіңірген мәдени құндылықтарды айқындау;
- көшпелі мәдениеттер мен отырықшы өркениеттердің арақатынасы ерекшеліктерін зерттеу арқылы бұл үрдістегі Ұлы Жібек жолы мәдениетінің рөлін айқындау;
- жаһандық мәдени сұхбаттастық аясындағы Ұлы Жібек жолы мәдениетін феноменологиялық, тарихи және мәтіндік талдау арқылы мәдени ауысулардың қазақстандық өркениеттілік қалыптасуындағы маңыздылығын көрсету;
- Ұлы Жібек жолы мәдениеті құндылықтарын бүгінгі күннің шешілмеген әлеуметтік-рухани мәселелеріне қатысты зерделеу.

**Зерттеудің теориялық және методологиялық негіздері.**

Батыс пен Шығысты, отырықшылық пен көшпелілікті үйлесімді қоса алған Ұлы Жібек жолы мәдени ауысуларын мәдениеттанулық тұрғыдан талдау арқылы халқымыздың қоршаған табиғи және әлеуметтік ортаны игеру

барысында қалыптасқан сұхбатшыл мәдениетін айқындау, мәдени ауысулардың тетіктерін анықтау зерттеудің басты мақсаты болып табылады.

Зерттеу процесі барысында батыстық, ресейлік және отандық тарихи, философиялық ғылымдардың белгілі зерттеушілерінің идеялары мен қағидалары қолданыс тапты. Зерттеу жұмысында кейінгі гуманитарлық білімдерде кеңінен қолданылып жүрген құрылымдық - функционалдық талдау, герменевтикалық және компаративистикалық тәсілдер де пайдаланылды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Ұлы Жібек жолы ареалындағы өркениеттік ауысулар алғашқы рет мәдениеттанудың өзекті мәселесі ретінде қарастырылып отыр. Ізденушінің өзекті мәселені қою кең мәтінінде тарихи, диахрондық нысандарды көздемей, осы мәдени феномен арқылы қазіргі қазақстандық қоғам үшін маңызды мәдениеттер арасындағы сұхбаттың эвристикалық рөлін көрсетуге талпынуы соны ғылыми ұстынға жатады. Жұмыстың негізгі ғылыми жаңалығына қазақ мәдениетіне іштей тән сұхбатшылық пен өркениеттік үлгілерді үйлесімді қабылдауға дайындықты осының нақтылы тарихи формасы - Ұлы Жібек жолы бойында қалыптасқан мәдени ауысулар арқылы дәлелдеу жатады.

Ізденістің сонылығы тандалып алынған тақырыпты қарастыруда жаңа әдістемені қолдану және осы мәселеге қатысты философиялық қағидалар мен тұжырымдарды Ұлы Жібек жолы мәдениеті контекстінде зерттеу арқылы айқындалды. Жаңа әдістемелік және мазмұндық қағидаларға жататындары:

- өркениеттер арасындағы мәдени ауысуларға шектеу қоятын және олардың үйлесімділігін бекерге шығаратын партикулярлық ұстындардың орнына мәдени сұхбаттың жасампаздығы мен түпнегізділігі идеясы әлемдік және отандық өркениеттік қатынастардың қазіргі жаңа кең мәтінінде қарастырылады, ол адам болмысының түбегейлі стратегиясы ретінде алынады;

- Ұлы Жібек жолы ареалында қалыптасқан өркениет ошақтарына алғашқы рет типологиялық және компаративистикалық талдау беріледі, бұл мәдениет күре тамырының солуды шығыстық және византиялық өркениеттер дағдарысының басты себептерінің бірі болды деген тұжырым жасалады;

- Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысуларды өркениеттілік тұрғысынан талдау көшпелілік пен отырықшылықтың арасындағы мәдени-коммуникациялық байланыстардың өзара ынтымақтастыққа негізделген жаңа парадигмасын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді; соның арасында осы мәдени артерия өрісінде пайда болып, кейін онымен бірге сөніп қалған соғдылық және таңғұттық өркениеттердің маңыздылығы аталып өтеді;

- діни сұхбат рухани жаңғырудың қайнар бұлағы ретінде танылып, Ұлы Жібек жолы ареалындағы діни қарым-қатынастар арасындағы ауысулар мен үйлесімділіктің нақтылы типтік көріністеріне мәдениеттанулық талдау беріледі (ислам Ренессансы, түркілік діни толеранттылық, Тан империясындағы діни төзімділік, т.т.);

- қазақ мәдениеті тарихындағы өркениетаралық ықпалдар мен сұхбатқа кезеңдемелік типтік талдау беру жаңашыл талпынысқа жатады және бұл қазақ мәдениеті хронотоптары мен сұхбат аймағын айқындай түсуге себебін тигізеді.

– Ұлы Жібек жолы мәдениеті феноменін компаративтік талдау Шығыс пен Батыс өркениеттері кезеңдері мен динамикасын адекватты айқындау мүмкіндіктерін кеңейтеді. Егер Батыста ортағасырлық мәдениет Батыс Рим империясының ыдырауынан басталса, Шығыстағы ортағасырлар Ұлы Жібек жолының толыққанды әрекет етуімен байланысты болды және осының негізгі факторына мұсылмандық өркениеттің пайда болуы, Қытайдағы Тан империясы тұсындағы мәдени Ренессанс және Византиядағы Шығысқа деген бетбұрыс жатады. Бұл тарихи мәдениеттануда бірінші рет ұсынылып отырған қағида ары қарай дәлелдеуді қажет етеді.

– Ұлы Жібек жолы мәдениеті қалыптасуының алғышартына еуразиялық және афроазиялық өркениеттердегі тоғысулар мен сұхбаттың типтік көріністері жатады; бұл аспектіде «таза көшпелі» деген ұғымның негізсіздігі алдыңғы қатарға шығады, номадизм аграрлық өркениет толқынында қалыптасқан және қалалық мәдениеттермен тығыз байланыста ғана әрекет ете алған, кейінгі халықтар мен тайпалардың Ұлы қоңыс аударуы көшпелі мәдени ареалда сауда, діни, өнер, идеялар алмасуына мүмкіндік туғызған.

- Ұлы Жібек жолы мәдениетінің құндылықтары мен сабақтары ислам дінінің сұхбатшыл табиғаты мен партикулярлық еместігін дәлелдейді; бұл мәдени ареалда араб, парсы, түркі мәдениеттерінің тоғысуы нәтижесінде әлемге танымал өркениеттік үдеріс жүзеге асты, халиф әл-Мамун тұсында мәдени ауысулар арқылы мұсылмандық және эллинистік синтез дүниеге келді, мұсылман көпестері еуропалықтардан талай ғасырлар бұрын Африка мен Шығыс Азияны ашты.

- Ұлы Жібек жолы мәдениетінің тоқырауы IX ғасырда басталған Тан империясындағы басқа мәдениеттерге деген астамшылдық пен төзімсіздіктің артуымен, Жерорта теңізі ареалындағы партикулярлық ыдыраулармен, түркілік мәдениеттегі тайпааралық қақтығыстармен және өрлеу дәуіріне ене бастаған батысеуропалық экспансиямен (айшық жорықтары, Шығысқа қарай теңіз жолының ашылуы, өркениеттің индустриалдық толқының басталуы, отарлау саясаты және т.б.).

- Ұлы Жібек жолы мәдениетінің қазіргі замандағы тікелей мұрагерлерінің біріне қалыптасып келе жатқан қазақстандық өркениет жатады. Қазақ мәдениетіне тән сұхбатшылық, ашықтық, төзімділік, келісімділіктің архетиптері Ұлы Жібек жолы бойындағы түркі-соғды, түркі-қытай, түркі-араб және кейінірек түркі-славян синтездерінің нәтижесінде қалыптасты.

**Жұмыстың теориялық және практикалық құндылығы, қолданыс салалары.** Зерттеудің теориялық құндылығы Қазақстан мәдениеттануындағы осы мәселе бойынша алғашқы еңбек екендігімен айқындалады. Ұлы Жібек жолы бойындағы өркениеттік ауысуларға мәдениеттанулық түсіндірмелер беру философиялық-дүниетанымдық зерттеулерді ынталандырып, еліміздегі гуманитарлық ғылымдарды әлемдік өркениеттілік мәселелеріне бет бұруға себебін тигізеді. Олардың арасында қазіргі өркениеттер арасындағы сұхбат формалары алдыңғы қатарға шығады, ал осы феноменнің алғашқы мәдени жетілген түріне Ұлы Жібек жолы мәдениеті жатады.

Бұл мәдени сұхбат аймағында қалыптасқан құндылықтар мен артефактілерді зерттеу құндылық бағдарлары енді қалыптасып келе жатқан елімізде мәдени тәжірибе үдерісінде жан-жақты қолданыс таба алады. Қазақстандық әлеуметтегі этникалық және діни келісімділікті жетілдіруде де Ұлы Жібек жолы феноменінің сабақтары мен қорытындылары ерекше маңыздылыққа ие бола алады.

## **1 ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ МӘДЕНИ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ**

### **1.1 Шығыс және Батыс өркениеттері арасындағы мәдени сұхбат ұстынының мүмкіндігі және шектері**

Әлі күнге дейін Батыс пен Шығыс, Еуропа мен Азия көптеген адамдар санасында тарихи жағынан да, географиялық орналасу тұрғысынан да бір-біріне қарама-қарсы сипат алған. Олар бойынша, үздіксіз алға жылжу мен ұдайы жетілдіруді ұстанған Батыс және Еуропа әлемнің озық бөлігін құраса, Шығыс пен Азия – қазіргі заман адамын да риза қылмайтын тоқырау аумағын құрады. Бұларды ешкімге күмән туғызбайтын тарихи-географиялық аксиомалар деп Батыста қабылдайды. Егер Батыс болмаса онда дамыған Шығыс, егер Еуропа болмаса онда өркениетті Азия жоқ, демек мұнда белорта жоқ делінеді.

Бірақ Ұлы Жібек жолы дәлелдегендей, Еуропа - Азия, Батыс - Шығыс деген ойша жорылған құрылымдар. Тіпті егер бұлар болған жағдайда да, ол тым қатаң болмас еді. Тоғысу мен жанасудың әрбір қосындысы өзімен бірге нақтылы тарихи талдау қажеттілігін алып келеді. Біз санамыздағы жақсыға ұмтылудан, үлгі алудан, адамзаттық өркениет жетістіктерінен ешқашан бас тарта алмаймыз, өзін құрметтеу, табыстылық, бақыт біз үшін өлімнің алдында да тайсынбайтын, күнделікті тіршіліктен де артық құнды, тіпті одан тыс өркениеттің болуы мүмкін емес, себебі одан тыс прогресс жоқ, олай болса, біз, біздің өлкені құтты деп ашық айта аламыз. Алыс кеткен тарих сахнасына қайта оралған, өз ісін тамамдаған, нәрі таусылған немесе қарапайым тіршілікке ұмтылған халыққа ешнәрсе де көмектеспейді, Шығыста ма, Батыста ма, тіпті оның қайда тұратыны да ешкімге қатыссыз.

Өркениеттің алғашқы ошақтарын анықтау, оларды жіктеу теориясы А. Тойнби, О. Шпенглер, Н.Я. Данилевский және т.б. ғалымдардың еңбектері арқылы жақсы таныс. Өркениеттің нақты белгіленген шекарасы және анық бастамасы мен аяғы жоқ. Адамдар өздерін әртүрлі бірегейлендіре алуы мүмкін және осылайша істейді. Нәтижесінде өркениеттің құрамы мен формасы уақыт келе өзгереді. Халықтардың мәдениеті өзара әсерлеседі және бірін-бірі қатарласа басып отырады [2, 51 б.]. С. Хантингтонның бұл пікіріне толығымен қосылуға болады. Себебі, орта ғасырларда күрделі әлеуметтік, экономикалық және саяси қатынастардың өзгеруіне байланысты Ұлы Жібек жолы бойында сауда да, мәдениет те, қоғамдық ой да тез қарқынмен дамып, бүкіл Шығыс пен Батысқа, Еуропа мен Азияға өзінің зор ықпалын тигізді. Ұлы Жібек жолы бойында, Мұсылман Ренессансы да болды. Шығыстық ғұлама ойшылдар дамытқан



мәдениет пен философия, нақты ғылымдар мен ғылыми жаңалықтар нағыз өркендеу, өркениет бейнесін берді. Шығыстың болмыс-бітіміне тән баяулық Ренессанстан соң тіпті басым болды, осы сәтте ортағасырлық дін шырмауынан енді құтылған батыстықтар үшін шығыстық жаңалықтар үлкен қор, таусылмас қазына болды. Олар өздеріне тән шапшаңдықтарымен шығыстық ілім-білімді өз сүзгілерінен өткізіп, өздері үшін жаңа философия жасады. Жаңа философия – жаңа заман философиясы. Демек, қайта өрлеу философиясы ешқандайда көне емес, оған аты да сәйкес келмейді. Жаңа философия шығыстық ойды батысқа айналыдырып жаңашаландыру. Бұл жердегі мақсат Батыс пен Шығысты бір-біріне қарсы қою емес, керісінше осындай пікірлерден арашалап алу. Мәдениеттанушы ғалым Ж. Мүтәліпов: «Шығыс пен Батыс мәдениеттерін бір-бірімен қатар қоюға да, салыстыруға да болар, бірақ оларды бір-біріне қарама-қарсы қою дұрыс емес, олай болатын себебі Шығыс пен Батыс - әлемдік екі бастама, екі рух, екі дене, екі жаратылыс дүниесі. Сондықтан да «өзімдікі» мен «өзгенікі» пиғылына бас ұра бермей, мәдениеттің өрісін кеңейте түскенге не жетсін. Ең бастысы мәдениеттің ең алғашқы ошағы Шығыс болғандығын, дәлірек айтқанда мәдениеттің Шығыста пайда болғандығын естен шығармауымыз керек сияқты», - [3, 80 б.] дей келе, Шығыстың мәртебесін көтеретін Ұлы жібек жолы туралы былай дейді: “Екі мың жылдық тарихы бар Ұлы Жібек жолы өзінің ғұмырының ұзақтығымен ғана емес, сонымен қатар адамзат баласының мәдени дамуына қосқан үлесімен даралық қасиеттерге ие болған, енді қайтып қайталана қоймайтын мәдени құбылыс және өркениет жолы болды» [4, 6 б.].

Тарих мәдениеттер сұхбатының өзіндік мәдени түрлер тудыруға тигізген жағымды әсерлерін көптеп мысал ете алады. Мысалы, көне грек мәдениеті. Ол мәдениет басқа мәдениеттермен салыстырғанда басқаларға үлкен үлкен ықпал ете білген мәдениет. Көне грек өмір салтының, ойлау стилінің ерекшелік сипаты оның «ағоналдылығында», яғни жарысушылық, бәсекелестік рухында. Полистік демократия сұхбаттылық ойлау тәсілін қалыптастыруға көп әсер етеді. Көне гректердің басқа елдермен сауда-саттық, кеме жолылық байланыстары гректердің танымдық көкжиегін кеңейтті. Финикиялықтардан алфавиттік жазу өнерін қабылдап, халдей-вавилондық астральды дүниетанымды игеріп, Мысырдың өнері мен бай мифологиясын мұра етіп, Иранның этикалық ойына тәнті болып, көне Шығыстың эзотерикалық ілімінің даналығын мойындап, көне Грекия соның бәрін жинақтай келе, өз алдына болашақ еуропалық мәдениеттің қара шаңырағы бола білді. Адамдардың ғана емес, сонымен қатар халықтардың да тарихи жады таңдаудан тұрады. Керек дегенді есте сақтап, қаламағанын, ұятсынғанын ұмытуға тырысады. Сондықтан болар қазіргі еуропалық халықтар мұсылмандарды өздерінің алғашқы тарихи ұстаздары ретінде қарастырғысы келмейтіндігі. «Еуропаорталықтық» деп тек қана грек-римдік және оның мұрагері – батысеуропалық мәдениетті ғана адамзаттың жалпыға ортақ әмбебап жолы деп танитын көзқарастар жиынтығын айтамыз. Нәтижесінде, Батыстан Шығысқа мәдени ықпал ету аймағы жылжыды делінеді де, Шығыстың Батысқа тигізген әсері туралы тым үстірт айтылады. Ал шындығында келер болсақ, алдында айтып кеткен Ренессанс мәдениетінің түп-тамыры тек антикалық

әлемде ғана жатпаса керек, шығыстық, соның ішінде араб-мұсылмандық мәдениетке де байланысты екені аян. Олай деуімізге бірден-бір себеп Батыстың өзінің грек-римдік мұрасын, соның ішінде әсіресе еуропалық ортағасырлық шіркеу әлемі тәркілеген философияны, ондағы ұлы тұлғалар шығармашылығын араб-иран әлемінің аман сақтап қалу арқасында иеленгендігін ешкім жоққа шығара алмайды.

Мәдени даму тік бағытталған процесс емес. Онда үнемі ескінің жаңамен, өзіндік мұраның басқалармен қызу қарым-қатынасы жүріп жатады. Мәдени бірегейлік мәдениеттердің бір-біріне ықпалын, өзара байланысын жоққа шығармайды. Мәдени өзара байланыс кеңістігі ұлан-ғайыр. Біздің Орталықазиялық аймақ та бірнеше діндердің, мәдениеттердің өзара ықпал аймағы болып табылады. Оған басты себептердің бірі – Ұлы Жібек жолының осы территориялар арқылы өтуі еді. Ұлы Жібек жолы шынында да Батыс пен Шығыстың ұлы мәдениеттерінің сұхбаты, ұлы діндердің кездесу орны болды.

Буддизммен қатар Ұлы Жібек жолы арқылы христиан діні де қазіргі Қазақстан территориясына V ғасырда несториан ретінде енген болатын. Тек VIII-IX ғғ. қарай, яғни исламның Қазақстанда орнығуына байланысты несториан да, буддизм де өз орнынан ысырылды. Болмыста ешнәрсе ізсіз кетпейді ғой, сол сияқты өткеннің барлығы Қазақстанның сұхбаттық аймаққа айналуына әсер тигізді. Қазақ этносының ақ жарқын ашықтық, төзімділік, қонақжайлық сынды өзіндік ерекше қасиеттері көнеден келе жатқан діни-адамгершілік бай мұралардың тоғысуының нәтижесі десек артық айтпаймыз. Қазақ мәдениетінің өн бойына дарыған қарым-қатынас, араластық культі қазақтардың ешкімге ұқсамастай кеңпейілділігін, қонақжайлылығын қалыптастырады. Қазақтар қарым-қатынас, араласу барысында өзіне, өзінің Меніне өзінің позициясына көп мағына бермейді, Басқаның, сұхбаттасушысының көңілін аулайды, әрбір сұхбаттың, әрбір қарым-қатынастың мәні қазақтар үшін басқамен үйлесімділікке жетіп, басқаның тілін табуда.

Ұлы Жібек жолы көшпелі түркі халықтарының да мәдени қатынастарының қайнар бастауы. Ол Азия мен Еуропа елдерін байланыстыратын, батыс пен шығыс өркениеттерінің мәдени дәстүрлерін, діни сенімдерін, ғылыми-техникалық жетістіктерін түйістіретін ежелгі керуен жолына айналды. Бұл жолдың едәуір бөлігі Орталық Азия территориясын қамтығандықтан, сол кезеңдегі Шығыс мәдениетінің беделі барынша жоғары болды. XV ғасырға дейін жалғыз сауда магистралі ретінде қызмет еткен Ұлы Жібек жолы әлемдік өркениеттердің қомақты жетістігі ретінде дәріптеледі. Қазіргі кезеңде Ұлы Жібек жолының ізін жалғастырған жаңа еуразиялық континенталдық көпір Қытайдың шығыс айлақтарын Орталық Азия мемлекеттері арқылы Батыс Еуропа аймақтарымен байланыстыратын трансконтиненталдық теміржол магистралі жүзеге асты. Дружба және Алашанькоу станциялары арасында 1990 жылдың қыркүйегінде іске асырылған түйісу Қытай және басқа да Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің Қазақстан арқылы Еуропа елдеріне шығуға мүмкіндік берді [5, 22, 67 бб.]. Қазіргі заманда Қазақстанның ерекше мәдени орны, ұстанған саясаты арқылы Ұлы Жібек жолының қайтадан бой көтеріп келе жатқанын аңғарамыз.

Жалпы қазақ даласында ғылымдар таратылуының бой алуы ежелде Шығыстың Араб, Иран, Қытай ойшылдарының көзқарастарынан байқалса, кейінірек ресейлік ықпалдың күшеюімен бірге еуропалық ойлар жалғасты. І Петр Қазақстанды Азияға шығар қақпаның кілті десе, хакім Абай Ресейді Еуропаға көзқарасты кеңейтер үлкен терезе деп үлкен мәдени сұхбаттастық көпірін мегзеді. Жоғарыдағы ойымызды өрбіте келе, мәдениет тарихына енген дәуірлер қатарының тізбектеле бірін-бірі жалғастыруы тарихи реттілік, ал тарих дегеніміз - адамдар тағдыры, өркениеттер тағдыры.

Соңғы кезеңдердегі дүние жүзінде болып жатқан түбегейлі өзгерістерге байланысты Батыс елдерінің рухани байлықтарына тәнті болып, оны асыра бағалаудан арылып, тек қана шығыстық мәдениетке ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениетке де жаңаша көзқараспен қараудың уақыты туды. Соның нәтижесінде мәдениеттердің ғасырлар бойы қалыптасқан рухани байлықтарын замана ағымына байланысты туындаған жаңа жағдайларға сәй өзара үйлестіру мәселесі күн тәртібіне батыл қойылып отыр. Осы орайда, тарихи-әлеуметтік және мәдени процестерді зерттеуде еуроцентристік көзқарастардан, әдістерден үзілді-кесілді бас тартудың қажеттігін өмірдің өзі-ақ көрсетіп бергендігін ерекше атап өткен жөн және бұл Ұлы Жібек жолы мәдениетінің басты сабағы болып табылады. Осыдан адамзат баласының тарихи даму барысында қалыптасқан өркениеттер мен мәдениеттердің өзара қарым-қатынастарын, олардың өзара байланыстарын жан-жақты зерттеп, шындық тұрғысынан қарастырудың қажеттігінің туындап отыр. Белгілі қазақ философы М. Орынбековтың пікірінше, «Шығыс пен Батыс арасындағы қайшылықтар мұра мен жанғыру, жан мен сана, дін мен өмір, діншілік пен атеизм арасындағы қайшылықтарды мойындауға алып келеді. Бұл гносеологиялық салаға ұласа келе өз көрінісін білім мен дін, ой мен қимыл, рухани сезімталдық пен салқын саналылық, кемеңгерлік пен құдіреттілік, құдай жолы мен адамдық ерік арасындағы қайшылықтардан табады» [6, 6 б.].

Бірақ орын алған бұл қайшылықтарды тіптен бітіспес, мәңгілік қайшылықтар деп санауға тағы да болмайды. Сырттай қарағанда «Батыс» пен «Шығыстың» өзара ұқсастықтары мүлде жоқ сияқты болып та көрінуі мүмкін. Оның басты себебі – рухани мәдениет туындыларынан бастап олардың тұрмыс салтындағы, дүниетанымындағы және т.б. алшақтықтардың көзге бірден түсетінінде болу керек.

Батыс ғалымдары Батыс қоғамын, Батыс өркениеті мен мәдениетін өзінің тұтастығымен, бірлігімен ерекшеленетін – бірден-бір өркениет және мәдениет деп санады. Сөйтіп, көп уақытқа дейін «Батыс ол - Батыс», «Шығыс ол - Шығыс» деген біржақты, нағыз ақиқатқа негізделмеген жалған қағида үстемдік етіп келді. Ал біздің ойымызша, бүгінгі таңда мүлде басқаша негіздегі қағида, формула үстемдік етуге тиісті сияқты. Ол қағида «Шығыссыз Батыс жоқ, ал Батыссыз Шығыс жоқ», - өйткені бұл өркениеттер мен мәдениеттер ғасырлар бойы бірін-бірі толықтырып келді, толықтыра береді де. Сөзіміз дәлелді болып, әлемдік мәдениеттердің өзіндік ерекшеліктерін тереңірек сезіну үшін Шығыс мәдениетінің үш қайнар бұлағы – қытайлық-конфуцийлік, үнді-будда және араб-мұсылман мәдениеттерін қосқан Ұлы Жібек жолымен қысқаша танысу,

Батыс елдерінің мәдениетін қарастырғанда сонау антика заманынан бастап күні бүгінге дейінгі Еуропа елдерінің мәдени даму деңгейі қашанда жоғары болмағанын көрсетеді.

Мысалы, кейбір еуропалық ғалымдар өзінің мән-мағынасы жағынан қытай философиясы грек философиясынан асып түседі деп әділ бағасын бере білген және жоғарғы адамгершілік принциптерге негізделген қытайлық мемлекеттік басқару жүйесін – «ғалымдар мемлекеті» деп саналған, тіпті шығыстық жанұялық басқару тәсілі мен елдің берекелілігін Еуропа мемлекеттеріне үлгі де еткен. Олар Конфуцийді гректің ұлы ойшылдары Сократпен, Платонмен салыстырған. Қытайдың оқу-ағарту ісінің демократиялық жүйеге негізделуі де еуропалықтардың назарынан тыс қалмаған, ал мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын кейбір қамқорлықтар (мысалы, табиғат апаттары болған кездерде алым-салық төлеудің уақытша тоқталуы, мемлекет астық қорларының ұйымдастырылуы және т.б. шаралар) мақтаныш етуге тұрарлық мемлекеттік шаралар екендігі даусыз. Еуропалықтар, сонымен қатар қытай императорларының елді басқарудағы даналықтарын да мойындап, басқарудың бұл жүйесін еуропалық монархтарға үлгі етті. Бұл жағдайға байланысты батыстың бір ғалымы былай деп таңдана жазды: «Шығыс елдерінің, оның ішінде Қытайдың Батыстан айырмашылығы сол – бұл ұлан-ғайыр империяны философтар деп аталатын білімді де, дарынды адамдар басқарады, яғни Платонның қағидасына сүйенсек, Қытай елі – философтар мемлекеті!» [7, 21, 6 бб.].

Әрине, өркениет ерекше әлемдік құбылыс, оның арнасы да кең. Осы орайда мәдениеттанушы А.Дж. Тойнби батыс тарихшыларының арнасында кеңінен тараған «Өркениеттер бірлігі» жайындағы концепцияға жан-жақты талдау жасай отырып былай деп көрсетті: «Өркениеттердің бірлігі туралы концепция – барып тұрған жалған концепция» [8, 21 б.].

Батыс тарихшыларының арасында кеңінен таралған бұл пікірге қалай карауға болады? Шындығында да қазіргі кезеңде Батыс өркениеті өзінің экономикалық ықпалын бүкіл дүние жүзіне кеңінен таратып отырғандығын ешкім жоққа шығара алмас. Экономикалық унификациямен қатар саяси унификация да өз тамырларын одан әрі тереңдете түсуде. Батыс әлемінің экономикалық және саяси экспансияларының өте қарқынды жүргізілуінің нәтижесінде дүние жүзінің көптеген елдері (тек қана Батыс мемлекеттері ғана емес) біртұтас халықаралық құқыққа бағынған түрлі мемлекеттердің біртұтас әлемдік жүйесінің мүшелеріне айналып отыр.

Осы орайда, батыс өркениетінің экономикалық жүйесінің адамзат баласын өз торына ұстап отырғандығы жәй ғана мейірім емес, ол оның «әлемдік деңгейдегі бостандықтай» етіп көрсетілуі де тегін емес. Батыс ғалымдары бұл тарихи құбылыс мәселесінде тым асыра бағалаушылыққа жол берген. Олардың пайымдауынша, қазіргі кезеңде Батыстың экономикалық үлгісінің негізінде әлемде унификациялау процесі аяқталуға жақын, ендеше бұл құбылыс басқа бағыттарда да толық жүзеге асырылуға тиісті. Бірақ, бұл жағдайда олардың унификацияны ынтымақтастықпен шатастырып алғандығы аңғарылып-ақ тұрған сияқты, олай болса, мәселенің байыбына жетпей тұрып, енді ғана қалыптаса

бастаған тарихи фактілерді тым аса бағалап, тек солардың негізінде ғана біртұтас өркениеттің құрылғандығын бүкіл әлемге паш ету және оны тек Батыс қоғамымен ғана байланыстыра қарастыру, біздің ойымызша, тым асығыстық сияқты. Өйткені, әлемнің батыстық экономикалық жүйесінің негізінде унификациялануы – адамзат қорытындысы деп қарастыратын бұл тезис біздің тарихи ой-өрісімізді тарылтуымен қатар, қалыптасқан нақты жағдайлар мен тарихи фактілер өзгерілмегендіктен тарихи бұрмалаушылыққа жол берері сөзсіз деп ойлаймыз.

Біріншіден, қазіргі дүниені тек қана дәл осы тұрғыдан қарастырсақ, дәлірек айтқанда әлеуметтік өмірдің тек экономикалық және саяси салаларымен ғана шектеліп, мәдениетті, мәдени өмірдің назардан тыс қалдырсақ, не болған болар еді? Ал кейбір Батыс ғалымдарының осыншама көрсоқырлығын қалай түсіндіруге болады? Тарихи шындықтың ақиқаттығына көз жеткізу үшін ағылшын тіліндегі «туземдіктер» деген сөздің мағынасын талдап көрелікші. Еуропалықтар оларды бар болғаны жергілікті жердің жан-жануарлармен өсімдіктер дүниесінің бір ғана бөлігі деп қарастырады. Олай болса, «туземдіктерді» дәл осындай дәрежеде қорлап адам санатына қоспауы, оларды туып өскен жерінде еркін өмір сүру құқынан мүлде айыру мақсатындағы айуандық іс-әрекеттері – сол халықтарды тағылар қатарына жатқызған еуропалықтардың өздерінің «тағылықтары» мен «мәдениетсіздіктері» емей немене?

Осы орайда мәдениеттану ғылым саласындағы қызу талас тудырып жүрген мәселелердің бірі «Еуразиялық мәдениет» мәселесі екендігін ерекше атап өткен жөн сияқты, өйткені бұл келелі мәселе де «Шығыс - Батыс» мәселесімен қатар туындап, қашама уақыт қызу талқыланса да, күні бүгінге дейін ғылыми тұрғыдан нақты шешім таппай жүрген мәселелердің қатарына жатады. Ең бастысы – бұл екі мәселе бір-бірімен өте тығыз байланыста болғандықтан «Еуразия мәдениеті» мәселесіне соқпай кетпеуге болмайды, оның үстіне Ұлы Жібек жолы осы мәдени тұтастықтың алғашқы үлгісі болды.

Тарихи ақиқатқа көз жеткізіп, мәселенің байыбына бару үшін «Шығыс мәдениетіне» тағы бір тоқталып өтелікші. Басқаны былай қойғанда «Шығыс» деген сөзді естігенде ортағасырлық Бағдаттың көз тартартылық әсемдігі мен қайталанбас сұлулығы, тек қана өзіне ғана тән сан-алуан құпияларымен ерекшеленетін көне Қытайдың сән-салтанаттары, үнді йогтарының адам баласының ақылы жетпейтін мистикасы мен тибеттіктердің космологиялық құпиялары, Шахеризаданың таңғажайып ертегілері мен шарифат заңдары, әлемге әйгілі ұлы уағызгер Конфуцийдің даналық қағидалары және тағы да басқа мәдениет үлгілері көз алдымызға келеді. Олай болса, «Шығыс» мәдениетінің руханилық жағының өте басым екендігіне күмән келтіруге бола ма? Өкінішке орай, кез келген Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің арасында ғасырлар қойнауында қалыптасып, күні бүгінге дейін өз жалғасын тауып отырған табиғи, заңды мәдени байланыстардың бар екендігін біле де бермейді. Шындығында, дүниежүзілік мәдениет тарихына тереңірек, көз жүгіртсек, мәдениеттердің арасындағы өзара үйлесімділікті де, табиғи ұқсастықтарды да, одан қалды олардың қарым-қатынастарының өзара қайшылықтарын да байқауға болады.

Ғалымдардың пікірінше, еуропалық мәдениет эллиндік өркениеттің нағыз мирасқоры болып саналмайды. Тарихи шындыққа жүгінсек, көнегрек философиясы мен ғылымы еуропалықтарға мұсылмандар арқылы араб тіліндегі аудармалармен жеткен. Олай болса, ортағасырлық шығыс ғалымдары мен философтары болмаса басқа халықтар түгіл, өздерінің көне мәдени мұраларымен еш уақытта да олар таныса алмаған болар еді. Мысалы, еуропалықтардың кез келгені еуропалық иудаизм философиясының, сонау орта ғасырлардан бастап Спинозаға дейін, Маймонидтің, Саладиннің ғылыми еңбектерінің ықпалымен қалыптасып дамығандығын, ал ұлы Дантенің шығармаларындағы поэтикалық кейіпкерлер бейнесінің белгілі мұсылман философы Мухиддин ибн-Арабиден алынғандығын,

одан қалды еуропалық Ренессанс мәдениетінің гуманист-жазушыларының араб пен иран классикалық поэзиясының уақыт сынынан өткен көркемдік тәсілдерін кеңінен қолданғандығын, тіпті әлемге белгілі «гуманизм» атты терминді еуропалық Ренессансқа дейін Саадидің тұңғыш рет қолданғандығын және дәл осындай тағы да басқа тарихи-мәдени фактілерді нақты біле бермейді.

Қазіргі батыс компаративистикасының (компаративистика-әдеби ескерткіштерді, әр халықтың тілдерін тарихи-салыстырмалы әдіспен талдау арқылы олардың ортақ негіздерін, қайнар бұлақтарын айқындап көрсетуге бағытталған ғылым саласы) өкілдері, оның классигі Ф. Нортроптан бастап, сонау 1947 жылдың өзінде-ақ «Батыс пен Шығыс тоғысуы» идеясын ұсынған болатын. Ал бұл идеяға тереңірек үніле қарасақ, оның астарында батыс өркениетінің рухани жағынан әлсірей бастаған әлсіз денесіне шығыс мәдениетінің жанды жетілдіріп, рухани азық берер өмірлік шырынын құюда жатқан сияқты. Әрине, бұл пікірмен санасуға да, санаспауға да болады, бірақ мәселе бұл жерде бір мәдениетті төмендетіп, екіншісін асыра жоғары бағалауда болып отырған жоқ. Мәселе, әлемдік мәдениеттер сұхбаттастығында, олардың қарым-қатынастарын барынша тереңдетіп, дамытуда болып отыр, өйткені бұлай болмайынша жалпы адамзаттық мәдениеттің дамуын қамтамасыз ету және бүгінгі таңда адамзат алдында тұрған түбегейлі мәселелерді шешу оңайлыққа соқпайды.

«Батыс» пен «Шығыстың» мәдени плюстері көп жағдайларда бір-біріне қарама-қарсы қарсы екі мәдени дәстүрлермен, руханилықтың екі түрімен сипатталады. Олай болса, бұлар дүниетанымның да, тілдің де, дүниеге мәдени көзқарас жүйелерінің де екі түрі. Бұл саладағы дәстүрлер гуманитарлық мәдениеттің барлық түрлерінде (философия, этика, эстетика, саясаттану және т.б.) ғана емес, сонымен қатар дүние жүзі халықтарының өмір салтында, тұрмыс-тіршілігінде де, түрлі мәдени құндылықтары мен бағыттарында да кеңінен көрініс тапқан.

Ақиқатына келсек, Еуропа елдері дүниеге бірде-бір діни бағытты, бірде-бір рухани ілімді бермепті, олар бар болғаны Шығыста (Азияда) туындаған діндер мен ілімдерді өздеріне бейімдеп, өзгертумен ғана шұғылданған. Адамзаттың ұлы рухани ілімдерінің барлығы да Азиядан келіп тараған. Дәлірек айтсақ, брахманизм мен буддизм - Үндістанда, иудаизм мен христиандық дін - Таяу Шығыста, конфуцийлік-даосистік дін - Қытайда, ал ислам діні - араб елінде

калыптасқан. Суфизм ағымының тамаша білгірі Идрис Шах осы орайда мынандай пікір айтқан: «Біздің басты дін деп атап жүргеніміз христиандық, иудейлік және мұсылмандықтың табиғи қоспалары ғана» [9, 47 б.] (Мысалы, Испанияны алып қараңыз).

Осы орайда белгілі ғалым А.Дж. Тойнбидің «Қай өркениет болсын өзінің мәдени дамуының ішкі күштерін жоғалта бастаса болғаны, ол өзімен байланыстағы өзге әлеуметтік құрылымдардың қажетті элементтерін өз бойына сіңіре бастайды» [8, 356 б.]. Шындығында да, басқа мәдениеттің әсеріндегі өркениет үшін мәдени ықпал шетелдік экономикалық немесе саяси үлгіден де әлдеқайда пайдалы, әрі тиімді болып келеді. Әсірелеп айтсақ, құлдырау үстіндегі өркениеттің басқаларға жомарттықпен шашқан саяси және тағы да басқа сыйлықтары арамшөптер толған алқапқа себілген жеміссіз тұқымдар тәріздес.

Бірақ, Батыс мәдениеті жайында біржақты пікір туындап қалмас үшін Шығыс мәдениетінде де «Батыс» мәдениетінің нышандары бар екендігін ашып айтуымыз қажет. Мысалы, Қытай мәдениетінде тек қана өзіне тән ұлттық белгілерімен қатар, онда «Батыстық» дүниетанымның да, сарынын да айқын аңғаруға болатын сияқты. Бұл жерде шығыс мәдениетін батыс мәдениетінен мүлде ерекшелендіріп көрсететін діни талпыныстар мүлде байқалмайды десе де болады. Ойымыз дәлелді болу үшін, Қытай мәдениеті мен философиясының өзегі болған ұлы уағызгер Конфуцийдің ілімін алып қарастырайықшы. Аспанға (көкке) табыну және ата-аналар рухына табыну – Конфуций ілімінің бар болғаны сыртқы көрінісі, ритуалы ғана, өйткені Конфуций мен оның ізбасарларының философиясында әлеуметтік бағыныштылыққа, қоғамдық ережелер мен адамзаттық парыздарды қатаң сақтауға ерекше мән беріледі. Конфуцийлік қағида бойынша, нағыз адам дүниеден безген даостік тақуалар емес, нағыз адам – қоғамдық қайраткер дәрежесіндегі дарынды азаматтар.

Түрлі өркениеттер арасында қаншама айырмашылықтар бола тұрса да адамзат баласының басын біріктіретін бір ортақ нәрсе бар. Ол – ең алдымен дүниенің тұтастығына негізделген «жалпы адамзаттық мәдениет». «Дүниенің тұтастығын» дегеніміз – дүниежүзілік әлемде өндірісті дамыту мен әлемдік мәселелердің туындауы негізінде қалыптасқан мемлекеттер мен түрлі халықтардың өзара тығыз байланысы мен өзара тәуелділігі. «Дүниенің тұтастығы» - қазіргі замандағы бірыңғай жалпы адамзаттық мәдениеттің өркендеп, дамуына негіз болуда. Демек, адамзат баласының басын біріктіретін «жаңа заман мәдениетінің» тағдыры – адамзат рухани құндылықтарына, гуманизмге, адам құқын қорғау қозғалысын жандандыруға, ғылыми білім мен алдыңғы қатарлы технологияны дамытуға, ұлттық мәдениеттердің өзара сабақтастығына, қоршаған орта мен қоғамдық өмір жағдайына, экологиялық мәдениетке тікелей байланысты.

Жалпы адамзаттық мәдениет – көркемдік-поэтикалық, ғылыми, өндірістік қызметтің ең жетілген түрлері, әртүрлі халықтар мен ұрпақтарды ғасырлар бойғы қалыптасқан өмір салты мен ақиқатты танып-білуінің бірегей тәсілдері. Адамзат баласы осы қағидалардың негізінде таптық және нәсілшілдік өшпенділікке жол бермейтін, адам мен халықтар құқығы бұзылмайтын, қайыршылық пен мәдени отаршылықтан ада, біртұтас өркениетті құруға бағыт

алуда. Мәдениеттің бір үлгілерін бүгінгі таңда басты мұратқа айналып, біртұтас адамзаттық мәдениетті қалыптастыруда басты бағдар болап отыр. Адамзат мәдениетінің қалыптасуы – халықаралық қауымдастық мүшелерінің мәдени құндылықтардың белгілі бір жүйесін жәй ғана қабылдау деп, дәлірек айтқанда түрлі мәдениет салаларын бірыңғайлау деп қарастыруға тағы да болмайды, өйткені мәселе аймақтық және ұлттық мәдениеттердің өзара рухани байланыстарының өсуі жайында болып отыр. Уақыт өткен сайын түрлі халықтар мәдениетінің арасындағы мәдени қарым-қатынастар мен байланыстардың арнасы кеңейе түсуде, сөйтіп бір мәдениет шеберінде орын алған өзгерістер басқаларына да өз ықпалын тигізуде. Ғаламдық мәдени тұтастықтаң кең өріс алуы жағдайында белгілі бір мәдени жетістіктер дүние жүзіне кеңінен таралуда. Ендеше, біз әлемдік гуманистік құндылықтар дамуына жаңа кезеңіне өткенімізді мойындауымыз керек.

Қазіргі әлемде адамзаттық жаңа рухани бағдарларын қалыптастыру, дамудың жаңа жолын іздестіру жүріп жатыр. Осы ізденіс ішінде бейбітшілік мәдениеті, келісім және сұхбат – ең тиімді әрі болашағы бар жол болып табылады. Егер Гете өмірінің соңында әрбір ақыл-есі бүтін жан либералшыл болу керек десе, бүгінгі оның ойын төмендегідей аударуға болар еді: бүгінде кімде кім өзін есінен алжаспағанмын деп сезінсе, ол төзімді, бейбітшілік сүйгіш болуы тиіс.

Жаңа дүниетанымдық бағдардың алғышарттары бүгіннің өзінде жасалу үстінде, ал олардың қоғамдық пікірде орнығуы баршамыздың адамгершілік жауапкершілігіміздің көрсеткіші. Өйткені бізбен және біздің әлемде болып жатқан барлық оқиғалар үшін тек біздің өзіміз ғана жауаптымыз.

Ұлы Жібек жолы мәдениеті тек Батыс пен Шығыстың тоғысуы ғана емес, сонымен бірге жалпы мәдени сұхбат идеясының жүзеге асуының бір үлгісі болып табылады. Тек ортағасырлықта емес, қазіргі заманда бір-бірімен мүлдем бөлек мәдени дәстүрлер өзара қарым қатынасқа түсіп, сұхбаттасу үстінде. Сонымен бірге адамдар қауымдастығында әртүрлі жаңа байланыс түрлері, ақпаратты сақтау және тарату жолдары пайда болып, адамзат тарихы көз алдымызда келелі тарихқа айналып отыр. Бұның өзі жоғарыда жағымсыз қырынан аталып өткен техниканың тартымды тұстарымен тығыз бйланысты процестер. Бұрынғы жеке дарашыл, өз алдына бөлектенген күйден адамзат қай тұсынан алып қарасаң да біртұтас күйге ауысып келеді. Ол дегеніміз адамзаттың сұхбатқа үйренуін талап ететін жай. Сондықтан да тек өз құндылықтарын мен мәдениетінді ғана абсолюттеп, басқаларға мүсіркей қарау сынды көзқарастардан, әртүрлі европа-, американо-, африканоцентризмдерден айырылу қажет.

Осы мәселені Қазақстанда терең зерттеген А. Құлсариеваның бағалауы бойынша, «Сұхбат» ұғымын заманымыздың ақ желкені, туы десек асыра айтпаймыз, өйткені «сұхбат» сөзі соңғы кезде кең пайдаланылып жүр. Ол туралы саяси бағдарламалардан, ғылыми еңбектерден, білім беру жайындағы пікірталастардан және т.б. естиміз. Қазіргі мәдениетте сұхбат құбылысы (феномені) қоғамдық-әлеуметтік тәжірибе саласында көп назарға ие болып жүр, оның басты себебі сұхбат сол салада көптеп кездесетін мәселелерді оң шешудің



құралы болып табылады. Әсіресе бүгінгі қоғамдық өмірдің тұрақсыз жағдай-күйінде сұхбат тақырыбы тікелей қақтығыс, жан-жалдарды – ұлттық, діни, мәдени-өркениеттік – болдырмау әрі алдын алу және шешумен тығыз байланысты [10, 201 б.].

Біздің көз алдымызда жалпы мәдени, дүниетанымдық парадигманың өзгерісі жүріп жатыр,оны өзіндік бір «концептуалды революция» деуге болады. Оның мәні дәстүрлі және модернистік пайымдау шегінен шығып, жаңа сұхбаттылық принципін қалыптастырумен байланысты.

Сұхбат (диалог) дегеніміз не? А. Құлсариеваның анықтамасында, «диалог» сөзі этимологиясы бойынша көне грек тілінің «*dialego*» - екі адамның әңгімесі, сұхбаты дегенді білдіретін сөзге барып тіреледі. Диалогтың көп түрлі анықтамаларының ішінде оны ой алмасу немесе адамдардың өзара бірлескен ой қызметінің тәсілі дегенді де ертеден кездестіреміз. Соңғы уақытқа дейін диалог сөзі екі немесе бірнеше кейіпкерлердің пікір алысуынан тұратын әдеби шығарманың және де драмалық әрекеттің құрамдас бөлігі ретіндегі адамдардың сұхбаты деп түсіндіріліп келеді.

Бүгінде бұл сөздің мәнімен мағынасы көп кеңейді. Диалогты кең пайымдау арқасында ол адам мәдениетінің даму формасы болып қарастырылады. Бұдан лингвистикалық терминнің сол лингвистика саласынан тысқары жатқан аймаққа енуін көріп, ұғымның эвристикалық қуатының молшылығын байқаймыз. Диалог ұғымының өзі диалогты деген осы міне!» [10, 201 б.].

Әрбір диалог өз алдына түсіну де, араласу да, адам экзистенциясының «тіршілігінің» құбылысы да. Диалогтың маңызды қасиеті оның қарым-қатынасқа негізделгендігінде. Қатынасқа түсу – шынайы адами құндылық. М. Бахтин айтпақшы, «Адамның өзіндік болмысы (ішкі және сыртқы) түгелдей дерлік қарым-қатынастан тұрады. Болу дегеніміз – қатынаста болу дегенді түсіндіреді». Өзінің жанының терең түкпірінде қатынасқа ықыласты болып жаратылған адмзат баласы өзін толығымен тек араласу, байланысу процесінде ғана жүзеге асырады, яғни бірлесе – тіршілік ету, бірлесе – шығармашылық туындау және т.б. сынды бірлік сипатында адам адамдық кейпін ашады [11, 312 б.].

Сұхбат – адамдар қарым-қатынасының түп тамыры. Сұхбат идеясы қос түрлі саналар кездесуі идеясы, қос түрлі мәдени әлемдер байланысы идеясы. Әрбір мәдениет өз алдына бір-бір дүние, олар бір-бірімен толық сінісіп кете алмайды да, өйткені олардың әр қайсысы осы әлемде соған ғана «бөліп берілген» өзіндік орнына ие. Диалог әлемі біріншіден, сұхбаттанушы жақтардың біртуарлығына, екіншіден, сұхбаттанушылардың өздерінің Болмыстағы бірегей орнының барлығына және ол орынды одан басқа ешкімнің баса алмайтындығын білуіне иек артады. Яғни, диалог тек тепе-тең сұхбатттаушылар позициясы бар жағдайда ғана, өздерінің әр түрлігімен маңызды көзқарастар айта алар жағдайда ғана шынайы мүмкін болады.

Гуманитаристиканың жаңа диалогтық дискурстық тәсілдемелік бағдар-нысанасы М. Бахтиннің (1895-1975) ғылыми мұрасымен байланысты. Ал ол өз алдында ұзақ уақыт бойындағы «диалогтық фелсафашылық» дәстүрі негізінде, әсіресе Ф. Розенцвейг, Ф. Эбнер, М. Бубер, К. Левит және т.б. герменевтиканың бағыттары негізінде даярланған құбылыс.

Қазіргі кезде сұхбаттылық екі бағытта дамып келеді: шынайы плюрализмді қалыптастыру, мәдениеттің түрлі формаларының тең құқықтылығын қамтамасыз ету және жалпы адамзаттық ғаламдық, антитоталитарлық мәдениетті құру [10, 202 б.].

Қазіргі заман жағдайларында болашақ өркениет жалпыпланеталық болып сипатталуы тиіс. Өзгеше айтқанда, "үшінші әлемдегі" кедей, бірақ ақпаратты елдердің тұрғындары бай туысқандарының жағдайымен ұзақ уақыт келіспеуі мүмкін және байлар одан сайын бай болатын, ал кедейлер одан сайын кедей болатын әлемдік тәртіпті қайта құруға тырысады. Сонымен бірге, дамымаған "елдердің саны орташа айлық жалақысы тұлғаларға жеткіліксіз болып табылатын көптеген постсоциалистік мемлекеттермен толған. Осы теорияға қатысты Қазақстан Республикасы Президенті қызық пікір айтады: "...Қазіргі заманның жүрісі "вестернизацияның", сондай-ақ ымырашылдықтың бүкіл әлемдік жеңісін білдірмейді. Бүкіл әлемдік либералдылық моделінің схематизмі батыс еуропалық және солтүстік америкалық өркениеттің бірегей және баға жетпейтін тәжірибесі оның жеке тұлғаларының көпсанды кездейсоқтарымен, ауытқуларымен және шапағаттарымен тарихи және нақты тәжірибе сияқты емес бір уақыттан тыс модель ретінде ұғынылады" [12, 257 б.].

XX ғасырда мәдениеттанудың қалыптасуы мен дамуы екі жақты болды: этномәдениеттердің өзін-өзі бірегейлендіруге ұмтылысы және бүкіладамзаттық мәдени ортаның барған сайын қарыштауы.

Ғаламдану мен этномәдени тұтастықтың арасындағы үйлесімсіздікті шешудің бір жолы ретінде қазіргі заманда орнықты даму концепциясы ұсынылды. Үш мыңыншы жылдықтың қарсаңында БҰҰ қолдаған "Әлемдік трансформация" жобасы ұсынылды. Бұл құжатта "капитализм тарихи жеңіске жетті" деп масаттана берудің орнына пайдакүнемдік мүдделерге негізделген батыстық өркениеттің шектілігін сезінудің қажеттілігі айтылады: "Мир с нищетой, блеском и противоречиями приближается к новому тысячелетию; колоссальные богатства — духовные и материальные — не сделали нас счастливыми; ибо глубинной основой земных отношений продолжает оставаться порочная — жажда наживы — первопричина всех бед, доведенная лучшими умами до невиданного совершенства. Человечество с древних времен для своего выживания вынуждено было заниматься накопительством в любой форме, и не брезгуя средствами достижения. Теперь возможности позволяют обходиться без лишнего накопительства, потерявшего первоначальный смысл.

История сейчас на распутье, ей предстоит: или продолжение стихийно-эволюционного движения в неизвестность, со всеми неожиданностями, изошренными вариациями: конфронтации, гонки вооружений, передела сфер влияния, гегемонизма и т.п., или исторический поворот к вековым мечтаниям людей, что может произойти в эпоху дальновидных руководителей, осознавших это народных масс, путем трансформации изживших себя земных отношений к гуманному, справедливому миру" [13, 8 б.].

Осындай жаңа өркениеттің басты құндылығы ретінде ЮНЕСКО "Бейбіт мәдениеті" бағдарын жариялады. Осы ұстанымның орнықты дамуға қатысты алғышарттарына назар аударайық: 1998 жылы Парижде қабылданған ЮНЕСКО-

ның "Орнықты даму" Декларациясы мынадай алғышарттарды маңызды деп есептейді:

- әскери басымдылық пен құрылымдылық күш көрсетуге негізделіп, әлсіздерді қанау арқылы пайда табатын бұрынғы экономикалық даму концепцияларын түбегейлі қайта қарау керек; қазіргі әлем мәдениеті үшін басымдылықтарға әлеуметтік даму, әлеуметтік әділеттілік және кедейліктен арылу жатады;
- мейірімсіз қақтығыстардың мүмкін себептерін шешу мақсатында ұлттар мен халықтардың арасындағы ұлғайған экономикалық теңсіздікті біртіндеп азайту қажет, бұл үшін бірде-бір халық дамудан тыс қалмауы керек, жалпығаламдық экономикада ең аз дамыған елдердің қатысу үлесін арттыру қажет;
- барлық әлеуметтік топтардың жалпы даму салаларында толық қатысуын жүзеге асыру керек, әлем мәдениеті мәселесімен айналысатын мемлекеттік және мемлекеттік емес ұжымдардың сұхбатын тереңдету қажет;
- тұрақты әлеуметтік ортаны қалыптастыру және нығайту мақсатында қақтығыстар мен дағдарыстардың ішкі себептері мен бұлақтарын дер кезінде айқындап отыруға үлкен мән беріледі, қақтығыстан кейінгі бейбіт жағдайда осы дағдарысты қайтадан туғызбау шараларына көп көңіл бөлу керек;
- орнықты даму коррупцияның әр түрлерінің тым таралуы нәтижесінде әлсіреп қалады, дамушы және соның ішінде жаңа тәуелсіз мемлекеттердің тарихи тәжірибесі кедейліктің басты бір себебіне билік басындағылардың коррупциялылығы жататынын көрсетеді;
- даму парадигмасы өз құрамына дағдарыстардың алдын алуды және басқаруды, адамдық даму индексі, еркектер мен әйелдердің теңдігін, кедейлікті азайтуды және экономикалық мәселелерді қосуы керек;
- кедейлікті үкімет әрекетінің барлық деңгейінде ашық, жариялылық, есептілік түрінде болмайынша жеңу мүмкін емес, жоғарыда аталған шарттары жүзеге асыру кедей адамдардың белсенділігін арттырып, әлеуметтік әділеттілікті нығайтады" [14, 277 б.].

Тарихи айқын белгіленген мәдениеттік философиялық мәселе — адамзат өркениетінің бірлігі қазіргі мәдениеттануда кеңінен талқыланатын мәселе болып табылады. Осы мәселенің мәдениеттанулық ғана емес, сондай-ақ маңызды әлеуметтік мағынасы бар. Біріңғай адамзат немесе тарихи аренада дамыған және артта қалған, толық бағалы және толық бағалы емес, мәдениетті және "жабайы" халықтың бар екендігі туралы пайымдау шығады. Яғни, қазіргі біртұтас адамзат мәдениеті ілімі ежелгі заманнан бері қойылып келе жатқан тақырыпқа жатады.

Барлық адамзаттың бірыңғай мәні туралы анықтама ежелгі мәдениет тарихында (Гильгамеш туралы эпос", "Авеста", грек философтары, әлемдік діндер, Жаңа уақыттың гуманистері) сезілсе де, адамзат тарихи процестің тұтас субъектісі ретінде өзін тек қана XX ғасырда ашты. Әлем вестернизация процесі басталғанға дейін (Ұлы географиялық ашулар, отарларды басып алу, мәдени және аксиологиялық экспанция және т.б.) әлемнің дәстүрлі мәдениеттері бір бірі туралы аз түсініктері болған, және олар, әдетте, "біз" - "олар" бинарлық оппозицияда негізделген. "Біз" - "нағыз" адамдармыз, "олар" — "шала адамдар", "біз" - "өркениетіміз", "олар" — "жабайылар". Бөтен мәдениетке қатынас

жек көрушілік, ашу сияқты элеуметтік сезімдерден шығады. Басқа адам "жоғары өркениетке" жатпайтынын, "шала адам" екендігін, таза емес, не лас және жаман иіс шығатынын сезгеннен кейін-ақ ішке тығылған басқыншылық сыртқа шығып қылмысқа айналады. Бұл баяғы кезеңдерде ғана бар емес, сондай-ақ, қазіргі уақытта да этносаралық жанжалдар болып жатады (Балкан, Ауғанстан, Африка және т.б.) [15, 26 б.].

"Біз" және "олар" деп бөліну негізінде "мәдениетті" кемсітулер тек тұрмыстық деңгейде ғана болмай, оған қоса "ғылыми" негіздеулерде де кездеседі. Еуропа этнографтары үндістерді суреттеуінің көрнекі мысалын келтірейік: "Мата-Гроста мен көрген барлық үндістер бейшаралар тобы. Сегіз еркектің ішінде біреуі мерезбен ауырған, басқасының бүйіріне зақым келген, ал үшіншісінің аяғында жара үңірейіп тұрды, ал біреуі болса бір қабыршақты тері ауыруымен азап шеккен, намбикваралар миссионерлер киім берген кезде ғана киінеді. Олардың суға түсуді жек көруі тері мен шаштарда қабат-қабат күл мен шаңның пайда болуына ұшыратады, олар ет пен балықтың шіріген бөлшектерімен бүркелген және олардың иісі терінің иісімен сіңісіп кеткен". Немесе "...Олар адам етін жейді, олар үшін сот төрелігі жоқ, олар тыр жалаңаш жүреді, шикідей бүргелерді, шаяндарды және құрттарды жейді" [16, 18 б.]. Халықтардың бірін-бірі жек көрушілігінің тарихи тамырларын зерттеу мәселесі пайда болды. Көбінесе, олар мәдени дәстүрлердің әр түрлілігімен түсіндіріледі, яғни этномәдениеттердің ментальды негіздерінің мәселелері танымдық мүдделілік қана тудырмай, олар элеуметтік-мәдени талдау үшін негіздер болып табылады. Яғни бұрынғы этнографиялық және антропологиялық зерттеулерде және суреттемелерде этномәдени алшақтық пен ерекшелік бірінші орында тұрса, онда тұтасқан адамзаттың өзіндік санасы мәдениеттануда әмбебапты құндылықтар алдыңғы қатарға шығады.

XX ғасыр мәдениеттануында пайда болған мәдениеттің жаңа парадигмасы туралы тұрақты сезімді айқындайтын көптеген себептер бар. Ең негізгісі жаңа қалыптасқан шындықты мойындау: тіршіліктегі маңызды процесстердің әмбебаптылығының сипаты, мәдени аймақтардың өзара әрекеттестігі және өзара тәуелділігі, қазіргі замандағы адамзат баласының тағдырының бірлігі, былайша айтқанда, өркениеттің бастауы және сонымен қатар оның салдары болған шынайылықтар. Кейбір халықтарды ғана емес, барлық Еуропалық қауымдастықты қамтыған тағдыры біртұтас әртүрлі аймақтар "апаттарымен" айқындалады: дүниежүзілік соғыстар, тоталитарлық режимдер, фашистік экспанциялар, халықаралық терроризм, экономикалық тоқыраулар, экологиялық күйзелістер және т.б. Бұл процесстердің бәрі жәй ғана шектелген күйде, басқа халықтардың мәдени дамуының қалпын бұзбай, жанап өтуі мүмкін емес еді.

Батыс футурологиясының қазіргі заман классигі Элвин Тоффлер, XX ғасырдың қоғам дамуын қортындалай келе және XXI ғ. күтіп тұрған ұлы өзгерістерді талдай келе, былай деді: Қазіргі қоғамдағы білім ең нағыз байлыққа және билікті қозғайтын күшке айнала бастады. Қоғам организмі тез трансформациялануда, дүниені коммунистік пен капиталистік деп, Солтүстік және Оңтүстік деп бөлу келмеске кетіп бара жатыр. Олардың орнына экономиканың жылдам және баяу жүйелері келе жатыр. Егер біріншілері

инновация мен жаңаруға, қайталанбас идеясына негізделсе, ал екіншілері өз дамуында дәстүрлі, тұрақты және инерциялы. Жаңа мәдени дүние адамның білімі мен қабілеттілігіне, бостандық дүниетанымдылығы мен өзін-өзі творчестволық дамытуына негізделген [17, 256-257 бб.].

Жалпы өркениет тарихын зерттейтін, тарихнама шеңберінде болса да жоғары синтездік бөлім, жаңа өзіндік ғылыми пән ретінде - цивилиографияны бөліп алып қарауға болады. Ол тарихи ғылымдардың шеңберіндегі зерттеулер қорытындысына және басқа ғылыми пәндер қатарына сүйенеді. Цивилиографияның сұрақтарын екі бағытта қарастыруға болады; біріншіден, макротеорияның өзара қатынасы өркениет дамуының логикалық дәрежесін анықтайды, екіншіден, осы дамудың мәселесі анықталған макротеорияның ұстанымымен талқыланады. Цивилиография нақты айғақтарды және жеке қорытындыларды нысанаға ала отырып, аталмыш макротеорияның тәртібі мен құрылымын зерттейді.

Осы тұста өркениеттің генетикалық, қызметтік және трансформациялық құрылымын бір-бірінен ажырата білу қажет, себебі, соңғысы бір уақытта өркениеттің генетикалық құрылымы да бола алады. Генетикалық және қызметтік құрылым бір-біріне қарама-қарсы түрде тіршілік етеді, өйткені, өркениеттің жүйеленуі толық қалыптасу процесі аяқталғанша ұзақ болады. Қызметтік құрылымда генетиканың алғашқы компоненттері басты рөлде болуы міндетті емес. Әрбір қабат құрылымдарда тек ғана өзінің ерекше орнын сақтап қоймай, қиын жүйеде өзінің генетикалық және қызметтік аймағын құрады. Осыдан соң аймақтық құрылым процесі тәртіп бойынша өркениеттің қалыптасуымен сәйкес келмейді. Генетикалық құрылым қабаты өркениеттің қызметтік құрылымына кіре алады және керісінше, қызметтік құрылым қабаты өркениеттің генетикалық құрылымына ене алады. Өркениет шеңберінде және дәл сол секілді аймақтық құрылымда бір компоненттер бірін-бірі аламастыра алады және өзіндік дамудың қортындысы ғана емес сол қатарға жататын құрылымдардың ықпалынан сапасы жоғарылайды [18, 9 б.]. Өркениеттің құрылымы мен мәнін, механизмін анықтау үшін ең бірінші тарихи процесс негіз бола алады. Бірақ, қоғам тарихының, яғни тарихи процесс қай кезеңнен басталғаны туралы нақты айғақ жоқ. Археологтар мен антропологтар, тарихшылар және тағы да басқа маман иелері осы сауал көлемінде түрліше жорамалдар жасайды, бірақ қайткен күннің өзінде өркениеттің тарихпен қатар өмір сүріп келе жатқаны анық.

Өркениетті негіздерге жүгіну өркениеттілік ұғымына тереңірек үңілуді талап етеді. Бүгінде оны жеке адамдар мен топтардың заттық және рухани аспектілерінің жалпы байланыстарына негізделген, уақыт пен кеңістікте бұлжымас орнықтылығы бар әлеуметтік өмірдің үлкен, көлемді қалыптағы ұйымдастырушысы деген түсінік көпшіліктің мойындауына ие болды. Қоғамдық қатынастардың рухани қалыптары ерекше мәнде. Мұның өзі жалпылық мәнге ие және қажетті жүйелік компоненттерде іске асады. Бұл өркениеттің әлеуметтік күштері арқылы оның тұтастығы құралады деген сөз. Өркениет өз көрінісін рухани байлықтардың, идеялардың, білімнің, саяси бет-бағдардың, дәстүрдің, нормалар мен белгілер бірлігінен табады. Тек өркениеттілік қоғам дамуындағы үйлесімділік ғана оның болашақпен байланысын қамтамасыз етеді, қоғамды

өзінің ырғағына бағындырады. Бұл жағдай өз көрінісін әрқилы қалыптасу кезеңдерінен, өркендеуден, тоқыраудан табады.

Ғылыми тұрғыдан діндер мен мифтерді зертеуші ғалымдардың атасы Мирча Элиаденің пікірінше ең алғашқы діни нанымдар да, алғашқы әулиелер де осы далада туған [19, 25, 18 бб.]. Элиаденің кітабын оқып өскен еуропалықтарға біздің сайын дала сағымдай көз алдарында елестеп тұрады. Ал енді жолдары түсіп келе қалса, - даланы керсетіндерші, деп жалынады, олар үшін дала бір Қолжетпес арман сияқты болады да тұрады. Біз қазақ соған көбінесе мән бере-бермейміз; шынымен қолда бар алтынның қадірі жоқ. Қалың қазақ Дала емес қалада тұратын заман болып барады, осы жерде не істеуіміз керек? Өркениетті ел болғандықтан республиканың дамуы баянды болуының бір кепілі - өзіміздің рухани-мәдени дүниеміздің тарихи еткеніне қайта үңілу, оларды ой елегінен қайта-қайта өткізу, тарих қатпарында қалған рухани дүниеміздің жанды тамырларын қайта қалыптастыруымыз керек. Әрине, келешекте мұндай руханияттылықтың зердеханасы толыққанды болып өсетін ұрпақтар, тек байырғы қазақи емес, еліміздің қазіргі күрделі жағдаятынынан туындайтын, келешектегі қазақ халқының әлем халықтары арасынан өзінің шығар төріндегі орнын өз беделімен алатын, кейін кең өріс пен ұрпақтар жаятын жас буындар болады.

Бірақ адамзат қашанда өзінің тұйық әлемінен шығуға ұмтылды. Скандинавияда «үйден шықпайтын» адам ақымақпен теңестірілді. Викингтер өз кемелеріне мініп алып, бүкіл мұхиттарды шарлады, табысқа ұмтылған көпестер Ұлы географиялық жаңалықтар ашылғанға дейін-ақ әлемде бармаған түкпірлерді қалдырмады.

Франктар мемлекетінен Қытайға сапар шеккен көпестер араб, парсы, қытай тілдерін үйренді, жат жерлерде өз мүдделерін қорғау үшін гильдияларға бірікті. Шынында да көпестер бүкіл әлемді қозғалысқа енгізді.

Еуропадағы мейрамдарда сириялық әуендер естіліп тұрды, Марсельде египет папирустары, ал Арледе піл сүйегінен жасалған заттар сатылды. Венециялықтар мен геноуялықтар Левантпен бүкіл сауданы қолдарына алып алды. Тіршіліктің осындай ұстыны Ұлы Жібек жолы мәдениетінде жүзеге асты.

## **1.2 Ұлы Жібек жолы мәдениетінің өркениеттер сұхбатындағы орны**

Ұлы жібек жолы, оны терең зерттеген қазақстандық ғалым К. Байпақов атап өткендей, Шығыста Қытай империясынан басталып, Батыста Рим империясында аяқталды. Бұл жол Кушан, Соғды және Парфия империяларын басып өткен жүктерді тасымалдап жеткізуді Еуразияның таулы және далалық аймақтарын мекендеген малшылар іске асырған [20, 203 б.].

Ұлы Жібек жолын тек тек аграрлық империяларды 15 ғасырдан артық уақыт қойып тұрған артерия ретінде қарастыру шекті болады, себебі бұл отырықшы мемлекеттер өзара түйіспей, мұхиттағы аралдар сияқты оқшау тұрған, ал оларды түркілердің көшпелі ұлыстары байланыстырып келді. Негізгі мәдени ауысулар қазіргі Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу бойымен өтті, яғни бұл ареалды өркениеттердің тоғысқан жері деп қарастыруға болады. Ұлы жібек жолы бойында еуразиялық көшпелілер біртіндеп өркениеттенуді бастарынан өткізді,

олар өз ордаларын, қалаларын, керуен сарайларын салып, саудаға бақылау жүргізді. Бұл кезеңде отырықшы өркениет көшпелілердің қару-жарақ, ат әбзелдерімен, әр түрлі бұйымдарымен танысып, өздеріне қабылдады. Қазіргі жаһанданудың алыс үлгісі ретінде Ұлы Жібек жолы Ұлы географиялық ашуларға дейін өмір сүрген. Ол тек өркениеттің индустриялық толқынына түрлі себептермен ілесе алмады.

К. Байпақов атап өткендей, «Ұлы Жібек жолы 2 мың жыл бойы өмір сүрген. Ол әлем тарихында дара ерекше құбылыс болды, Тынық мұхит пен Атлант мұхитының арасындағы көптеген халықтарды біріктірді. Жібек жолы деген ат толық мағына бермейді. Жібекпен сауда жасау б.з.д. II және б.з.д. I мыңжылдықта ғана болды.

Ұлы Жібек жолы әр түрлі сауда, мәдени жаңалық және жаңа ойлардың таралу жолы, Еуразиядағы көшпелілер мен отырықшы халықтардың даму жолы болды. Жібек жолы өркениет жолы болды» [20, 203 б.].

Ұлы Жібек жолы қашанда тек бір маршрутпен өтпеген және оның көптеген баламалары мен алғы нұсқалары болған. Бастапқы кезде асыл тастарды сатумен қатысты «Лазурит жолы», «Нефрит жолы» деп аталатындар табысты әрекет еткен. Олар Солтүстік Ауғанстандағы Бадахшан тауынан лазурит кені және Қашқариядағы Хотан аймағындағы Жаркент өзенінің маңайынан нефрит кені ашылуына орай жолға қойылды. Ұлы Жібек жолының алғашқы нұсқалары мен параллельдері б.д.д. III-II мыңжылдақтарда басталған.

Осындай Ұлы Жібек жолының бір сыңарына Қазақстан аумағына қатысты б.д.д. I мыңжылдықтың орта кезінен әрекет еткен «Дала жолы» деген жатады. Көне заман білгірі Геродот бұл жолдың мынадай бағытта болғанын атап өтеді: «Қара теңіз жағалауынан Дон жағасына дейін, одан әрі савроматтар мекендеген Орал тауы етегінен Ертіске, Алтайға, сонан Жоғарғы Ертіс пен Зайсан көлін мекендеген агриппийлер еліне қарай созылады. Бұл жолмен былғарылар мен терілер, иран кілемдері, құнды металдардан жасалған бұйымдар кең таралып жатты» [21, 53 б.].

К. Байпақов атап өткендей, жібек жасап шығару және онымен сауда жасау кезеңі күні кешеге дейін біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдық саналып келеді. Алайда Чжецзян провинциясында, Тайху көліне таяу маңда қазба жұмысын жүргізген қытай археологтары неолит дәуіріне жататын жібек маталар, белдіктер мен жібек жіптер тапты. Бұл маталар жасы біздің дәуірімізге дейінгі 2750 ж., оларды талдап анықтау жұмысы сол кездің өзінде-ақ, яғни бұдан бес мың жыл бұрын дерлік, жібек жасап шығару кәсібі қарапайым әдістер кезеңін бастан кешіп үлгергенін көрсетіп берді. Біздің дәуірімізге дейінгі VI-V ғасырларда қытай жібегі басқа елдерге, оның ішінде Батысқа да шығарыла бастады. Алтайдағы Пазырықтың «патша» қорғандарының бірінен біздің дәуірге дейінгі V ғасырды көрсететін феникстер қолымен өрнектеліп тігілген жібек жамылғы (ат жабуы) табылды. Сондай-ақ, Оңтүстік және Батыс Европа аудандарынан біздің дәуірімізге дейінгі VI-V ғасырларға жататын қабірлерден жүннен жасалған бұйымдарға тігілген жібек маталар мен шашақтар да табылған [20, 6 б.].

Егер марксистік «құлиеленуші» және «феодалдық» мемлекеттер дегенді аграрлық өркениеттер формалары деген мағында қолдансақ, онда олардың партикулярлық сипатта болғанын атап өткен жөн. Қытайдан шыққан қымбат бағалы жібек өзімен өзі басқа аграрлық империяларға жете алмас еді. Оларды дала пилигримдері, көшпелі әулеттер Орталық Азия арқылы Парсы, Таяу Шығыс пен Жерорта теңізіне дейін таратты. Бұл жөнінде Батыс пен Қытай зерттеушілері, солардың ішінде Ма Юн мен А.П. Франкфор тәрізділері Ұлы Жібек жолы жөнінде, осы бір асыл тауар шамамен 40 параллель бойында жатқан далалық аймақпен, яғни Хуанхэ өзенінің үлкен иілісінен басталып, Қазақстан даласы мен Қара теңіз жағалауын басып өтіп, гректер мен этрустар жеріне жеткізілді деп жобалауға болады дейді [22, 22 б.].

Ұлы Жібек жолы тек Батыс пен Шығысты ғана емес, сонымен бірге «үш Шығысты»; Үндіні, Қытайды, Араб халифатын да байланыстырған. Мысалы оған үндінің «синапатто» - «қытай жібегі» деген сөзі куә, осы жөнінде деректер б.д.д. ІҮ ғасырда жазалған «Артхашастра» (Саясат ғылымы) трактатында кездеседі.

Ұлы Жібек жолы қалай танымал бола бастады деген сұрақ қойсақ, онда ол тек б.д.д. ІІ ғасырдың орта шенінен бастап қана тұрақты мәдени ауысулардың артериясына айналғанын көреміз. Бұл атақты Чжан Цзян есімімен байланысты. Осы жөнінде К. Байпақов пен А. Нұржанов мынадай деректер келтіреді: Қытай императоры У Ди өзі көрмеген Батыс елдеріне жұмсаған князі Чжан Цзян бастаған елші керуенінің Хань астанасынан шыққан кезінен, яғни 138 жылдан, Ұлы Жібек жолының танымалдығы басталды. Чжан Цзян 13 жылдан кейін қайтып оралды. Ол осы күнгі Ауғанстанның шет аймақтарына жете алды және Қытайдың ішкі аудандарынан Орталық Азияға дейін тура жолмен тұңғыш рет жүріп өтті. Содан соң жібек тиелген керуен Батысқа соның ізімен аттанып, Қытайға Жерорта теңізінен, Таяу және Орта Шығыстан, Орта Азиядан тауарлар алып қайтты [20, 8 б.].

Бірақ Ұлы Жібек жолының ашылу және өркендеу құрметін тек қытайлықтармен шектеу дұрыс емес, көп ұзамай халықаралық сауда тізгіні соғдылықтар, парсылар, тохарлар, сириялықтар, таңғұттар ж.т.б. і қолына көшті. Шығыс Түркістанның, Тохардың қалаларында және Қытайдың Ланчжоу, Дуньхуан, Чаньан тәрізді қалаларында соғдылықтардың сауда отарлары болды. Мәселен, Дуньхуанда мыңға тарта соғдылықтар тұрды. Соғдылар Жібек жолы таусылған жерден Жапонияға басып кіріп, Жапонның ежелгі астанасы Нараны биледі. Сондағы храмдардың бірінде соғды тілінде жазылған қолжазба сақтаулы тұр [20, 8 б.].

Енді Ұлы Жібек жолын географиялық картасы мен кескіндемесіне мәдениеттанулық түсіндірме берелік.





Ұлы Жібек жолы туралы алғашқы деректер б.д.д. I ғасыр мен б.д. VIII ғасырларының арасында қытай хроникаларында осы атаумен кездесе бастайда, ал еуропалық әдебиетте оны 1877 жылы К. Рихтгофен «Жібек жолы» деген атаумен енгізеді.

Картадан көрініп отырғандай, Ұлы Жібек жолы, егер Қытайдан бастасақ, Чаньаннан басталып, Дуньхуанда үш тармаққа бөлініп кетеді. Солтүстік тармағы Хами, Турфан, Бесбалық, Шихо алқаптары арқылы Іле өзені бойына жетеді; ортаңғы жол тармағы Лоуляннан Қарашарға, Ақсуға және Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауына жетеді, оңтүстіктегі тармағы Дуньхуан, Хотан, Жаркент арқылы Бактрияға, Үнді мен Жерорта теңізіне жетіп, «Оңтүстік жолы» аталады. «Солтүстік жолы» Қашқардан Ферғанаға, ал одан әрі Самарқанд, Бұхара, Мерв арқылы Хамадан, Сирияға жетеді [23, 98-101 бб.].

К. Байпақовтың сараптауы бойынша, Қытайдан Батысқа Ферғананың үстінен өтіп баратын бұрынғы қысқа да қолайлы жолға қарағанда Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін жаңа жол VI-VII ғасырларда барынша жандана түсті. Жолдардың бұлайша алмасуының себептерін былайша түсіндіруге болады. Біріншіден, Жетісуда Орталық Азия арқылы өтетін сауда жолдарын қадағалап отыратын түрік қағандары отырды. Екіншіден, Ферғанадан өтетін жол VII ғасырдағы өзара қырқысулар салдарынан қауіпті жолға айналды. Үшіншіден, түріктің ауқатты қағандары мен олардың қолдаушылары теңіздің арғы бетінен әкелінетін тауарларға күштар ірі тұты.

Ұлы Жібек жолы Жаңа дәуірге дейін Шығыс пен Батысты түйістіріп тұрған жол бас жолға айналды, мәдени ауысулар осы артерия бойынша өтті, онымен елшілер мен сауда керуендері, өнерпаздар мен діни ағымдар толшастамақй ағып жатты. Алайда Ұлы Жібек жолының маңыздылығы Батыс өркениеті дәуірлеп өсіп шыққанда толық өзгеріссіз қала алмады. Жүздеген жылдар бойында ол біртіндеп тарылып кетті, отарлау саясаты басталды, теңіз жолы ашылды.

Бірақ бұл үрдістер кейін жүзеге асты, орта ғасырларда негізгі Ұлы Жібек жолы торабы Сирия – Иран – Орта Азия – Оңтүстік Қазақстан – Талас алқабы – Шу алқабы – Ыстықкөл қазан-шұңқыры – Шығыс Түркістан арқылы тартылады. К. Байпақовтың дәлелдеуінше, бұл жолдың тармақталған бір бұтағы, дәлірек айтқанда тағы бір жол Византиядан Дербент арқылы шығып, Каспий жағалауын – Маңғыстауды – Арал жағалауын – Оңтүстік Қазақстанды кесіп өтіп, жоғарыда аталған негізгі жолға келіп қосылды. Батыс түрік қағанаты Византиямен сауда-дипломатиялық одақ келісімін жасасқан кезде бұл жол

олардың қарсыласы Сасанидтік Иранды айналып өтті. Дегенмен IX-XII ғасырлада Орта Азия, Орта және Таяу Шығыс, Кіші Азия арқылы Сирияға, Египет пен Византияға баратын жолға қарағанда бұл жол тиімсіздеу пайдаланылды. Алайда, ол жол XIII-XIV ғасырларда қайта жанданды. Бұл құрлықтағы саяси жағдайларды дипломаттар (елшілер) мен ірі саудагерлердің (көпестердің) және басқа саяхатшылардың талап-талғамдары реттеп отырды [20, 10 б.].

Ұлы Жібек жолы туралы айтқанда оның Қазақстан жері үшін аса маңызды болғанын есте ұстау керек. Өйткені қалыптасқан таптауырын бойынша еуразиялық Дала аймағы «варвар» көшпелілерден басқа мәдени үрдістерді басынан өткізбеген. Бірақ шын мәнісінде бұл жерде көшпелі түрік тайпалары мен отырықшы халықтар ежелден қалыптастырған төл мәдениет өркендеген болатын. Тарихшылар оның үстіне этникалық жағынан алғанда көшпелілер де, отырықшы тұрғындар да туыстас немесе біркелкі этникалық-саяси қауымға бірлескен тайпалар еді дейді. «Отырықшылар (жатақтар) мен көшпелілердің өз мәдениеттерінің бір-біріне өзара әсер етуі мен байытып отыруы дүние жүзілік өркениеттің қызыл арқауы – күретамыры болды. Қазақстан мен Орта Азия халықтарының бір-біріне осылайша кірігуі, сондай-ақ олардың жерінде тұратын халықтардың дәстүр-салтының үйлесімділігі өркениеттік көп жетістіктердің бастауы болды. Мәселен, біздің дәуірімізге дейінгі VI-III ғасырларда бұл жерлерді көшпелі және жартылай сақтар мекендеді, ал көптеген қорғандардағы қабірлерден, оның ішінде Бешатыр, Есік, Түгіскен қабірлерінің табылған қазбалар бойынша олардың мәдениеті жоғары болғаны баршаға мәлім. Сол кездің өзінде-ақ сақтардың Қытаймен, Үндімен, Таяу және Орта Шығыспен байланыс болған. Бұған сақ шонжарларының қабірлерінен табылған қытай айналары, Орта Азия мен Ираннан әкелінген аса көркем безендірілген шетелдік бұйымдар да куә бола алады. Қам кесектен (өңделмеген кірпіштен) салынған Түгіскендегі сәулетті де берік үй-там (мазар) құрылысы оған шетелдік шеберлер қатыстырылған болуы керек деген ойға келтіреді. Біздің дәуірімізге дейінгі II және I мыңжылдықтың орта шенінде үйсіндер мен қаңлылар мемлекеттері өмір сүріп, Жібек жолы жұмыс істеп тұрған кезде мұнда римдік әйнектер мен теңгелер (монеталар), қытай жібегі мен айналары, сырлы ыдыстар, еуропалық қарсы ілгектер (фибула) мен Сасанид Иранынан әр түрлі мөр-тастар жеткізіліп тұрған [20, 10 б.].

Ұлы Жібек жолы мәдениетінен шығатын бір қорытынды аграрлық өркениеттегі қала мен оның маңайындағы жер өндеушілер мен бақташылардың арақатынасындағы көптүрліліктің жасампаздық сипатымен байланысты. Кезінде А. Тойнби атап өткендей, кез келген мәдени құрылымда шығармашыл немесе басқарушы элита, ішкі және сыртқы пролетариат бар. Ұлы Жібек жолы мәдениетінің элитасына отырықшы империялардағы билеуші топтармен қатар, Іле, Шу, Талас және Сырдария алқаптарында қала орталықтары, дихандардың алғашқы тектері орналасқан елді мекендердегі көшпелі-отырықшылардың тұлғалары да жатты. Солардың көпшілігі туралы деректер қазір Тянь-Шань тауы етегінен, Арыс өзені мен Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы алқаптардан ашылып отыр. Бұл жерде Ислам Ренессансы өкілдерімен қатар,

қолдары алтын зергерлер мен құмырашыларды, әскербасыларды, діни қайраткерлерді айтсақ та жеткілікті.

Ұлы Жібек жолы осы кезде жанданып, Орталық Азия қалаларындағы жоғары мәдениеттің өркендеуінде маңызды рөл атқарады. «Жетісуда ол талай қалалардың орталық негізі қалануына мұрындық болып, Қазақстанның оңтүстігінде тікелей осы жолдың ұзына-бойында тұрған немесе онымен сауда сораптарымен байланысып жатқан қалалардың тез өсіп, өркендеуіне септігін тигізді. Бұл жерде осындай қалалардың қаулап өсуінің өзі К. Маркстің керуен жолы Шығыс қалаларының гүлденуінде айрықша рөл атқарды деген ойын одан әрі айқындай түседі» [20, 10-11 бб.].

Ұлы Жібек жолы мәдениетінің бастапқы кезеңінде, I мыңжылдықтың алғашқы жартысында, Орталық Азияда оншақты қалалардың ғана аттары аталса, Тан империясы мен Ислам Ренессансы уақытында, VIII-XII ғасырларда бұл өңірде болған саяхатшылар жүздеген мәдениет орталықтары туралы дерек береді, мысалы Сюань Цзян Жетісудың өзінде осындай ондаған қалалар бар екені жөнінде хабарлайды. Марко Поло, Ұлы Жібек жолы әрекет етіп тұрғанда Орталық Азияда болған сирек саяхатшының бірі, моңғолдар шапқыншылығынан кейін бұл жердегі қалалық мәдениет титықтатып, күйдіруге жеткізгеннен кейін, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін Ұлы Жібек жолынан керуен арылған жоқ дейді [24, 126-128 бб.].

Ұлы Жібек жолы бойында, жоғарыда аталғандай, діни және идеялық ауысулармен қатар қолөнер бұйымдарының сауда арқылы тарауы аса маңызды рөл атқарды. Егер Қытайдан жібек ағылса, онда Батыстан Шығысқа шыққан қымбат бағалы бұйымдар ішінде, К. Байпақов суреттеп берген, Жетісудан, византиялықтарға еліктеп, крест тәрізді таңба салып шығарылған күміс құмыраларды атап өтуге болады. Құмыраны жасаған шебер опы айна-қатесіз византиялық заттай етіп шығаруға күш салған. Күрешкелердің бірінің тұтқасы иілісінде адам басының «ежелгі пішіні» бейнеленген. Зерттеушілердің пікірінше, византиялық үлгілерге еліктеуге бұлайша ұмтылу «империялық жұртшылыққа тән сұлулықты қастерлеуден» туса керек. Шетелдік бұйымдар Сырдарияның орта ғасырлық қалаларының жұртын, әсіресе жиырма жылға жақын зерттеліп жатқан Отырардың қалдығын қазу кезінде табылуда. Бұл – сақиналана иіліп жатқан жолбарыс пен барыстың бұдырмақ бейнесі түсірілген нефрит жапсырма. Оның көлемі 3,2–3,5 см. Жиегінде бекітіп қоятын құлақшалары бар. Бетіндегі пұтқа табынушылық белгісі оның Қытайда шығарылғанын аңғартады. Хайуандардың тұлғаларын бейнелеуі көктегі «ай» айдаһарының және айдаһар тәрізді қасиетті «ақ жолбарыс – байха» бейнелерін еске түсіреді [25, 88 б.].

Әрине, Ұлы Жібек жолы дегенде барлық құнды бұйымдар тек Қытайдан келді деп ойламау керек. Мәдениеттануда сұхбат ұстынымен қатар мәдени инкультурация деген де бар. Бірақ бұл соңғысы үстем (донор мәдениет) пен қабылдаушы құрылымдардың арасында өтеді. Ұлы Жібек жолының ерекшелігі оның орталықтарының басымдық таныта алмауында болды. Оның үстіне ол кезде мәдени артерияны бақылаушы түркілерде жалғыз үстемдік етуші жүйе әлі қалыптаспады. Тек кейін бұл функцияны ислам атқара бастады.

Ұлы Жібек жолының қалыптасуына араб саяхатшылары мен исламды таратушылар үлкен үлес қосты. Мұсылмандар ортағасырларда әлем туралы еуропалықтардан анағұрлым көп білді. Ислам бойынша, саяхатшылар ғұламалармен теңестірілді және оларға қонақжайлылық таныту міндетті еді.

Өз өмірінің 30 жылын ғылымдарды үйренуге, 30 жылын саяхатқа және қалған 30 жылын шығармашылық пен толғауларға арнаған ақын Муслихиддин Саади Қашғардан Магрибке дейінгі бүкіл кеңістікті аралап шыққан. Ол былай дейді: «Көпес ең бақытты адам. Ол әрбір жаңа қалада жаңа өмір ләзаттарына батады» [26, 37 б.]. Киш аралының бір көпесі Саадиге былай деген: «Мен Қытайға онда қымбат бағаланатын парсылық пемзаны апарамын, ал Қытайдан Румға фарфорды, румийлік жібекті -Үндіге, үнділік болатты – Алеппоға, Алепподан әйнекті – Йеменге, Йеменнен маталарды Парсыға жеткіземін» [26, 168 б.].

Ұлы Жібек жолы Еуразияның қан тамырлары тәрізді оның бүкіл бойын қамтып алған. 1965 жылы Самарқанның маңайындағы Афрасиабтан VII ғ. өрнектері табылды. Патша сарайының ең төрінде үлкен әлем халықтарының көрмесі тәріздес панно орналасқан. Сурхандария аңғарындағы Чачаниан билеушісінің елшілігін бейнелеген суретте пілдің үстіндегі ханзада мен түйеге мінген сарбаздар, ұшып жүрген киелі ақ құстар көзге түседі. Сарайдың батыс қабырғасында шаштарын түйген түрік жауынгерлері мен қолдарына жібек маталарын ұстаған қытайлықтар назар аударады, Кореядан келген елшілердің бас киімдері құс қауырсындарымен безендірілген. Солтүстік қабырғада қытай ханшасы қайықта серуендеп жүр және жағалауда қабыланға аңшылық қыза түсуде [27, 42-43 бб.]. Әрине, осының бәрін бейнелеу үшін түкпір-түкпірдегі халықтардың өмірі және әдет-ғұрыптарымен жақсы таныс болуы керек. Бұл тек Ұлы Жібек жолы сияқты мәдени дәнекерлер арқылы жүзеге аса алады.

II Юстин императорлығы кезінде Соғдыдан түрік қағаны Дизибулдың атынан Константинопольге елшілік келді. Оны соғдылық бекзат Маниах басқарды және оның мақсаты Византияға қарай, көпестерге үлкен алым-салық салатын Иранға соқпайтын, жаңа керуен жолын ашу туралы келісімге келу болды. Византия императоры жауап ретінде Зимарх басқарған өз елшілігін Солтүстік Кавказ арқылы аттандырды. Осының нәтижесінде 500 жылғы үзілістен кейін Қытайдан Румға (Византия) дейін созылған Ұлы Жібек жолы әрекет ете бастады.

Жібек енді халықаралық валюта қызметін атқара бастады: ақсүйектер үлде мен бүлдеге бөленді, сарбаздар жалақысын жібекпен алды, шетелдік елшілер жібектен сый алды және т.б.

Барлық жаугершілердің артынан қашанда көпестер еріп жүреді. Әрине оларды орындарынан қозғайтын күш – мәдени қызығушылық пен саяхаттан құштарлық алу емес. Бұл көшке толымсыз пайдақұмарлық ілесіп жүреді. Көпестердің арасында арабтардан басқа еврейлер мен гректер, сириялықтар мен парсылар, соғдылар кездесіп отырады. Ислам көпестердің дініне аса көңіл бөлмеген. Ең бастысы – олардың байлығынан түсетін үлес пен тауарлар. Мысалы, Рамешт деген көпес 20 жыл Қытайда болып, одан 500 мың динар

құрастыратын тауарларды алып шыққан. Кейін ол Меккедегі суға түсетін хауыздың күмісін алтынмен ауыстырған [ 27, 48 б.].

Ұлы Жібек жолы бойындағы керуендердің құрамы әр түрлі болған. Мысалы, халиф Мұқтадирдің Еділдегі Болғар еліне жіберген елшілігіне 5 мың көпес, қолөнерші, діншілдер қатысқан. Осындай тұрақты әрі ірі құрылымдар керуен жолдарын жақсы ұстап тұру мен қорғанысты қажет етті, шөлейт жерлерде әрбір 15 шақырымда суы бар бекеттер орналыстырылған, көшпелілермен түйе, жылқы, басқа да мал өнімдері бойынша сауда туралы келісімдер жасалған. Бұл өлкенің экономикалық дамуына да себебін тигізген.

Ауыр және алыс жолдағы керуеншілер тоқтайтын бекеттер біртіндеп мәдени орталықтарға айнала бастады. Ұлы Жібек жолындағы бақылау орнатқан түрік қағандары да көпестер мен елшілердің көңіл көтеруіне ерекше назар аударған. Шетелдік оркестрлер сарай маңындағы қызметкерлер құрамына кіріп кете берді. Олар сарайдағы ресми рәсімдер кезінде қалай ойнаса, сарайлардағы бейресми салтанаттарда да солай ойнай берді. «Мысал үшін, Сюань – Цзунь патшалығы сарайының әнқұмарларының бірі 30 мың музыкант ұстағаны белгілі. Түрік қағаны өзінің Суябқа таяу жердегі ордасында елшілер қабылдағаны туралы жазбаша сипаттама сақталған. «Қаған, - деп жазады бұл оқиғаны өз көзімен көрген будда қажысы Сюань– Цзянь, - шарап құйып, ән-күй бастауға бұйрық берді... Осы кештің басынан аяғына дейін шетелдік музыка темірлер жаңғырығымен ұласа естіліп тұрды. Мұның өзі тағылардың музыкасы болатын, соған қарамастан ол да құлаққа жағымды естіліп, жүрек пен санаға тамаша әсер етті» [20, 28 б.].

Керуеннің келуі қала рабадтарын әсіресе жандандарып жібереді. Шығыс базары өзінің көптүсті реңіне енеді, шынында да ол мәдени орталыққа айналады. Осындай қарым-қатынас пен сұхбаттың негізінде Жібек жолы этосы қалыптасты.

Адамгершілік, өнегелік атаулының түрлі тараулары – адам еркіндігі, таңдау еркіндігі мен моральдық жауапкершілікті сезіне білу қабілеті қашан да этос құнарынан тамыр тартпақ. Жалпы адамзаттық құндылық, қадір-қасиеттер мен олардың адамдар мінез-құлығына әсері тек қана осы этос параметрлерімен саралануы тиіс.

Қадым заман (антик) философиясының өзінде адамдар әрекеті мен ғибраттылық мінездемесін айқындау үшін де дәл осы түсінік ар өлшемі ретінде қолданылған. Белгілі бір топтың, немесе таптың тұрмыс салтын, тіршілік мұратын белгілейтін, қоғамдық сананың айырықша келісімі, қоғамдық қатынастардың ерекше түрі тұрғысында мораль (имандылық, имансыздық) дегеніміздің өзі жалпы адам баласылық өнегелік құбылыстарының туындысы. Сондықтан да этос тамыры, тарихи тағдыры моральдан да тереңірек жатыр.

Өзара түсініспей, түсінісе алмай, адамдардың шын пейілімен қауымдасуы тіпті де мүмкін емес. Этос осы ұлы дәстүрдің дәйім еске салып отыру үшін, өң-түсің, тілін түрлі болғанымен, түбің бір екенін ешқашан жадыңнан шығармау үшін, көбірек-көзіңе шел бітіп, асыл игілігіңді ұмытып кетпеу үшін жаралған. Қауымдастық дәстүрі жадау тартып, алауыздық билеп, өзін-өзі қадірменді қасиетімен аяндауға дәрменсіздік таныта бастағанда, не рухы сырқатқа

шалдығып, аяқастылыққа айналу қатері төнгенде этос бәрібір бас көтермей қала алмайды [28, 28 б.].

Ұлы Жібек жолы мәдениеті түйіндейтін маңызды бір қорытындысы өнердің сұхбатсыз, ауысусыз шөлейттеніп қалатындығы жатады. Ұлы ойшыл Әбу-р-Райхан Бируни мынадай естелігін қалдырған: «Мен Исфахан қаласындағы көпес досымның Рейдегі үйінде болдым. Оның бүкіл ыдыстары фарфордан жасалған» [29, 65 б.]. Қытайдан әкелінген бақыт құсы Феникс бейнеленген әшекейлер ерекше құнды болып есептелген.

Өнер туындылары адамды ерекше жігерлендіріп отырған. Жалпы даму, жетілу желісінің бір тізбегі ретіндегі өткен өмір шындығы мен оның болашақ өрісінің сабақтас, бауырлас жарасымынан терең мән-мағына тауып, шексіз әлем сырын түбегейлі тануға бірте-бірте жақындай беретін, жер-жаһан, жарық дүние тынысын бар қозғалыс болмысымен мейлінше кең, жан-жақты қарастыратын ізгілік өнерінің тарихи сабағы, мәдени маңызы ортақ адамзаттық мұрат мүддесіне қалтқысыз берілген адалдық, адамгершілік асқақ рухында жатыр. Осы асқақ адамгершілік өнер өміршеңдігінің ғибадаттық тағылымын біз біркелкі кеңірек тоқталған тек бүгінгі күн тақырыбымен шектеуге болмайды. Дәуірлер лебін жеткізіп, тағдыр философиясын қорытқан қазіргі мәдениет үлгілерінен де табар рухани игілігіміз мол-ақ.

Мейірімді дархан адам жанын, сұлулық сүйіспеншілігін, адамзат ұрпағының азаттық жайлы асқақ арманын тебірене жырлайтын көне құрылыстар мен Соғдиана, Тараз, Отырар, Самарқанд сияқты ежелгі қасиетті қалалар тағдыры тегіннен тегін толғандырып жатқан жоқ. Өткен өмір шындығына құлшына қалам тартудың, тарихи барлаудың өзіндік бір заңдылығы бар: ел, жер бедері, ескерткіштер арқылы әдетте бағзы заман, ата-бабалар рухымен сабақтастық танылып, тарихи жүлгелестік табиғатқа, сәулет өнерінің мұраларына бүгінгі күн талабынан жаңаша көзқарастар қалыптастыруда жетекші мән атқарады.

Ұлан-ғайыр қырлардың кең төсінен, көне тарих жолының кемерінен қоныс тепкен әйгілі Тадж-Маһал көркі, сұлулық салтанаты, мысалы, Ұлы Жібек жолы мәдениетінің бір мұрагері Ә. Әлімжановтың «Отырардан келген сыйлық» хикаясында әсерлі жырланған. Өзінің теңдесіз ұлылығымен, қарапайым да ғажайып мүсімімен табындырып, тамсантип, шалқар өзен жиегінде өлмес өнер ескерткіші тұр. Айтулы туындының ақ тымық аялы бір сәті, айнадай жарқырап, іштей тынған су беті, көз жеткісіз көгілдір кең аспан... жазушы қаламымен байсалды, әсем ырғақ тапқан. Ә. Әлімжанов Тадж-Маһалдың сәулеттік жалпы жарасымын – көлбеу кеңістікпен іштей үндескен тік жазықтық ырғағын, желілік қатынасын, жарқыраған ақ шаңқан бояу бедерімен әдемі қиюласқан жып-жинақы, айшықты геометриялық үйлесімін (гармониясын) жап-жақсы жеткізеді. Сұлулық сарайы күн күйдіріп, жалын шарпыған қапырық, аптап қыр суретімен табиғи астасып жатыр [28, 68 б.].

Ұлы Жібек жолы бойында өнер туындыларымен алмасумен қатар сол артефактыларды жергілікті жерде жасап шығаруға деген ұмтылыс та пайда болды. VII-IX ғасырлада жібек маталарын тоқу өндірісі Соғдыда да жоғары деңгейге көтерілді. Онда жібек маталарына соғдылық ізгілік рәмізі - бұғының суретін салу кең тарады және бұл заттар әлемнің көптеген аймақтарына

табылып отыр. Неше түрлі самұрық құстар мен арыстандардың, қанатты аттар-пырақтар мен тарантуллардың, грифондар мен аждаһалардың жібекке салынған бейнелері бұл дәуірдің айшықты белгісіне айналды.

Ұлы Жібек жолы мәдениетінде антик өнері мен мифологиясы да кең көрініс табады. 1932 жылы Кама өзенінің жағасында күмістен жасалған ыдыс табылды. Онда Орталық Азияға үйреншікті бұғы мен қарақұйрықтан басқа тақырбасты қария Силеннің бейнесін және оның екі жағындағы екі пілді көруге болады. Дионистік кейіркер Силен қашанда масаңдау, көңілді және ойнақы болып келеді. Бұл антик дәстүрінің тұрақтылығын білдіреді.

Иран мен Орталық Азияда Силенді өнімділіктің және су қайнарларының пірі деп қадірлеп келген. Антик мифінде Силен Дионис жорығының құрамында бүкіл Таяу Шығыс, Үнді, Орта Азияны аралап қайтқан. Еврипид Силен Бактрияның суығына шыдап, «варварлармен» достасып қайтқан дейді [30, 429-430 бб.].

Ұлы Жібек жолы бойында дионисийлік культтарға қатысты көптеген айғақтар табылып жатыр. Грек құдайлары өздерінің Шығыстық «егіздерімен» қосыла түсуде. Мысалы, Орталық Азия халықтарында дионисийлік ұлттық ойындар осының куәсі. Солтүстік Тәжікстанда табылған екі сәбиді емізіп жатқан қасқыр бейнесі салынған табақша атақты италяндық Ромул мен Рем туралы мифті еске алады. Түріктердің арғы тотемі көкбөрі туралы аңыз онсыз да белгілі.

Ұлы Жібек жолы бастап берген







мәдениаралық қарым-қатынастар жүйесінде мәдени артефактыларды тарату барған сайын маңызды рөл атқарып келеді. Бүгін біз, онда бұл берілістің көлемі мен жылдамдығына әсер ететін, мәдени ақпарат берілісінің құралдары, тәсілдері, арналары мен технологиясы күрт өзгеріп кеткен, техногендік өркениетте өмір сүреміз. Іс жүзінде мемлекеттік, саяси және басқа да шекаралы мәселені шешкен, ақпаратта кім жаппай қажетті болған, тек сол өмірде табысты әрекет ете алады.

Өркениеттің негізгі қызметтерінің бірі – қарым-қатынас, яғни, ғылыми тілдегі коммуникация. Өркениеттер келесі бір өркениеттермен әрдайым түрлі деңгейлерде қарым-қатынасқа түседі. Бұл өркениет болмысының міндетті түрдегі шарты, себебі бұл процесс жаңаға еніп, жаңа ішінде пайда болып, онда мықтап орнығады. Осы процесс жаңаны меңгерудегі айналымды құрайды. Кез-келген өзгеріс аталмыш процесте толық аяқтамаса да, өркениеттің ішкі қатпараларын игере алады; бірақ бұл өзгеріс мәдениеттің өзегіне айнала алмайды, оны мәдениет мойындамайды да, себебі өзгеріске ұшырау барысында белгілі бір үйлесімділік заңдылығы бұзылады. Әртүрлі өркениеттердің қарым-қатынасы кезіндегі ең керемет, әрі ең қызықты сәт, жаңаға жолсерік болған жатық механизмдердің өзара ықпалдастығы мен ортадағы делдалдық қызметі.

Белгілі ғалымдар К. Байпақов пен А. Нұржановтың пікірі бойынша, орта ғасырдың бас кезінде Азияда ұланғайыр аймақтар мен елдерді өз атуларына топтастырып жинақтаған әлемнің төрт патшалық жүйесі жөніндегі пікір кең етек алды. Осы «әлем патшалықтарының» әрқайсысы замандастарының көз алдында өзіне ғана тән артықшылығымен танылды. Суйдың (589-618), одан соң Танның (618-907) қоластына біріктірілген Қытай, орталығы Ганг өзені жағалауындағы Канауджа қаласы болған үнді әміршілірінің патшалығы, Тынық мұхиттан Қара теңізге дейін біріккен түрік, одақтасқан Парсы мен Византия тәрізді қуатты мемлекеттердің құрылуы дүниенің төрт тұсына орналасқан әлемдік төрт билеушілер жөніндегі идеяның тууына негіз болды: пілдер патшасының империясы (Үндістан) оңтүстікте, құнды заттар патшасының империясы (Иран мен Византия) Батыста, арғымақтар патшасының империясы (Түрік қағанаттары) солтүстікте, адамдар патшасының империясы (Қытай) Шығыста болды [20, 26 б.]. Бұл ой мұсылман авторлары тарапынан да қолдау тауып отыр: «Пілдер патшасы – үнді пәлсафасы мен ғылымының мәніне қарай, әрі даналық патшасы аталса, адамдар патшасы - Қытайдың атақты өнертабыстарына қарай, мемлекеттік басқару мен өнеркәсіп патшасы атанды; ал батыста екі патша бой көрсетті: оның бірі (патшалардың падишасы) Парсының, кейін арабтың патшасы болса, екіншісі (еркектер патшасы) жұртшылығының келбеттілігіне байланысты – Византия патшасы болды» [20, 26 б.].

Айтылған ойдың дәлелі ретінде археолог ғалым Самарқандқа жақын Қушан елді мекеніндегі ғимараттың қабырғасын түгел алып тұрған әшекейлі өрнек-жазулар осы жүйенің айғақтамасын келтіреді. Онда қытай императорлары, келесесінде түрік хандары мен үнді брахмандары, үшіншісінде парсы патшалары мен рим императорлары бейнеленген [20, 26 б.].

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдениеттер сұхбаты поэзия алыптары - Шығыс ақындарының назарынан тыс қалмаған. Атақты Нәсір Қысырау (Хосров) былай шабыттанады:

Жадына тұт, ал арабтай кешегі  
Шабандоз жоқ жыр-бәйітке көшелі.  
Ал гректің ежелгі есті ұлдары  
Жер-жиһанды емшілікпен нұрлады.  
Тылсым күшпен тартқыш ел жоқ үндіден,  
Рим етті сан-есеп, саз-үнді кен.  
Қытай күшті-ақ суретке жырақта...  
Бағдаттықтай қыл-қаламнан гүл төккен  
Шын шеберді көрмепті әлем бірақ та  
(Ирано-таджикская поэзия. М., 1974, 82 б.).

Жалпы қазіргі батыс философиясында Азия халықтарына партикуляризм тән деген жиі қайталанады. Бірақ бұл Азияны түсінбеуден туындайды. Адамдағы рухани бастауларды аспандатқан, нәпсіқұмарлық пен зорлық-зомбылықты, дүние қоңыздық пен екі жүзділікті әшкерелеген, кейбір зерттеушілер түркіден шыққан, басқалары парсының ақыны деп есептейтін, сопы Мауляна Жәлеледдин Руми, Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдениеттер сұхбаты ықпалымен, мәдени ауысулар мен ынтымақтастыққа, сұхбатқа ерекше мән береді: «Кейде түрік пен үнді оп-оңай ортақ тіл табыса кетеді. Кейде екі түрік бірін-бірі жаттай сезінеді. Ендеше жанмен ұғынысу тілі – дегеніміз – мүлде бір басқа нәрсе; бір тілдестіктен жанмен ұғынысу тілі қымбат». «Дін жүрегі» атанған абзал ақын Конье қаласында қайтыс болған кезде оны ақтық сапарға шығарып салуға мұсылмандармен қатар христиандар да, иудейлер де, буддаға табынушылар да бірлесе қатысқаны тектен-тек емес-ті [20, 27 б.].

мәдениаралық қарым-қатынастар жүйесінде мәдени артефактыларды тарату барған сайын маңызды рөл атқарып келеді. Бүгін біз, онда бұл берілістің көлемі мен жылдамдығына әсер ететін, мәдени ақпарат берілісінің құралдары, тәсілдері, арналары мен технологиясы күрт өзгеріп кеткен, техногендік өркениетте өмір сүреміз. Іс жүзінде мемлекеттік, саяси және басқа да шекаралы мәселені шешкен, ақпаратта кім жаппай қажетті болған, тек сол өмірде табысты әрекет ете алады.

Өркениеттің негізгі қызметтерінің бірі – қарым-қатынас, яғни, ғылыми тілдегі коммуникация. Өркениеттер келесі бір өркениеттермен әрдайым түрлі деңгейлерде қарым-қатынасқа түседі. Бұл өркениет болмысының міндетті түрдегі шарты, себебі бұл процесс жаңаға еніп, жаңа ішінде пайда болып, онда мықтап орнығады. Осы процесс жаңаны меңгерудегі айналымды құрайды. Кез-келген өзгеріс аталмыш процесте толық аяқтамаса да, өркениеттің ішкі қатпараларын игере алады; бірақ бұл өзгеріс мәдениеттің өзегіне айнала алмайды, оны мәдениет мойындамайды да, себебі өзгеріске ұшырау барысында белгілі бір үйлесімділік заңдылығы бұзылады. Әртүрлі өркениеттердің қарым-қатынасы кезіндегі ең керемет, әрі ең қызықты сәт, жаңаға жолсерік болған жатық механизмдердің өзара ықпалдастығы мен ортадағы делдалдық қызметі.

Белгілі ғалымдар К. Байпақов пен А. Нұржановтың пікірі бойынша, орта ғасырдың бас кезінде Азияда ұланғайыр аймақтар мен елдерді өз атуларына топтастырып жинақтаған әлемнің төрт патшалық жүйесі жөніндегі пікір кең етек алды. Осы «әлем патшалықтарының» әрқайсысы замандастарының көз алдында өзіне ғана тән артықшылығымен танылды. Суйдың (589-618), одан соң Танның (618-907) қоластына біріктірілген Қытай, орталығы Ганг өзені жағалауындағы Канауджа қаласы болған үнді әміршілірінің патшалығы, Тынық мұхиттан Қара теңізге дейін біріккен түрік, одақтасқан Парсы мен Византия тәрізді қуатты мемлекеттердің құрылуы дүниенің төрт тұсына орналасқан әлемдік төрт билеушілер жөніндегі идеяның тууына негіз болды: пілдер патшасының империясы (Үндістан) оңтүстікте, құнды заттар патшасының империясы (Иран мен Византия) Батыста, арғымақтар патшасының империясы (Түрік қағанаттары) солтүстікте, адамдар патшасының империясы (Қытай) Шығыста болды [20, 26 б.]. Бұл ой мұсылман авторлары тарапынан да қолдау тауып отыр: «Пілдер патшасы – үнді пәлсафасы мен ғылымының мәніне қарай, әрі даналық патшасы аталса, адамдар патшасы - Қытайдың атақты өнертабыстарына қарай, мемлекеттік басқару мен өнеркәсіп патшасы атанды; ал батыста екі патша бой көрсетті: оның бірі (патшалардың падишасы) Парсының, кейін арабтың патшасы болса, екіншісі (еркектер патшасы) жұртшылығының келбеттілігіне байланысты – Византия патшасы болды» [20, 26 б.].

Айтылған ойдың дәлелі ретінде археолог ғалым Самарқандқа жақын Қушан елді мекеніндегі ғимараттың қабырғасын түгел алып тұрған әшекейлі өрнек-жазулар осы жүйенің айғақтамасын келтіреді. Онда қытай императорлары, келесесінде түрік хандары мен үнді брахмандары, үшіншісінде парсы патшалары мен рим императорлары бейнеленген [20, 26 б.].

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдениеттер сұхбаты поэзия алыптары - Шығыс ақындарының назарынан тыс қалмаған. Атақты Нәсір Қысырау (Хосров) былай шабыттанады:

Жадына тұт, ал арабтай кешегі  
Шабандоз жоқ жыр-бәйітке көшелі.  
Ал гректің ежелгі есті ұлдары  
Жер-жиһанды емшілікпен нұрлады.  
Тылсым күшпен тартқыш ел жоқ үндіден,  
Рим етті сан-есеп, саз-үнді кен.  
Қытай күшті-ақ суретке жырақта...  
Бағдаттықтай қыл-қаламнан гүл төккен  
Шын шеберді көрмепті әлем бірақ та  
(Ирано-таджикская поэзия. М., 1974, 82 б.).

Жалпы қазіргі батыс философиясында Азия халықтарына партикуляризм тән деген жиі қайталанады. Бірақ бұл Азияны түсінбеуден туындайды. Адамдағы рухани бастауларды аспандатқан, нәпсіқұмарлық пен зорлық-зомбылықты, дүние қоңыздық пен екі жүзділікті әшкерелеген, кейбір зерттеушілер түркіден шыққан, басқалары парсының ақыны деп есептейтін, сопы Мауляна Жәлеледдин Руми, Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдениеттер сұхбаты ықпалымен, мәдени ауысулар мен ынтымақтастыққа, сұхбатқа ерекше мән береді: «Кейде түрік пен үнді оп-оңай ортақ тіл табыса кетеді. Кейде екі түрік бірін-бірі жаттай сезінеді. Ендеше жанмен ұғынысу тілі – дегеніміз – мүлде бір басқа нәрсе; бір тілдестіктен жанмен ұғынысу тілі қымбат». «Дін жүрегі» атанған абзал ақын Конье қаласында қайтыс болған кезде оны ақтық сапарға шығарып салуға мұсылмандармен қатар христиандар да, иудейлер де, буддаға табынушылар да бірлесе қатысқаны тектен-тек емес-ті [20, 27 б.].

Неміс ғалымы Р. Гюнтердің 1901 жылы Санкт - Петербург қаласындағы А.С. Суворин баспасынан шыққан "Мәдениет тарихы" деген кітабының 154-155-беттеріне қарайық. Онда былай деп жазылған: "Арабтар емхана салып алған кезде Германияда ауруларды ұшықтап емдеумен ғана айналысқан. Римде Прометей туралы естеліктердің өзі жоғалып бара жатқан кезде, арабтар обсерватория салып алған. Византияда жазушыларды от пен оқтың астына алып, қудалап жүргенде, арабтардың кітапхана жүйесі әбден қалыптасқан дәуір болатын. Еуропа білімге сусап, білімді тек монастырлардан ғана алып жүрген уақытта, арабтарда толыққанды университеттер болған. Осынау фактілердің өзінен-ақ, Еуропа халифатқа қарыздар екенін мойындауы керек" [31, 48, 154-155 бб.].

Енді осы кітаптың 85-87-беттеріндегі Қытай жөніндегі деректерге назар аударайық: "Қытай" - "жібек" деген сөздің баламасы. Жібек, компас, оқ-дәрі, қағаз ақша, есеп машинасы, жолға тас төсеу алғаш рет қытайлардан шыққан. Еуропалықтар тарихи дәуірге дейінгі кезеңді басынан өткізіп, қоныстанушылықтың не екенін білмей, Жерорта теңізінің жағалауларында, орман ішінде қаңғып жүргенде, Қытайда өнертапқыштардың ғылыми жаңалықтар ашуы етек жайған шақ болған. Қағаз, фарфор, шай өндірілгенінің өзіне екі мың жылдан асып иеткен. Қытайлар да бұл шақта ғылым-білімге құрметпен

қараған. Мемлекет басқару ісіне тек жоғары білімі бар адамдар ғана жіберілген" [31, 85-87 бб. ].

Батыс пен Шығысты нақты деректер бойынша салыстыра отырып ой қозғаған белгілі ғалым, академик И.Н. Конрад әлемдік әдебиет тарихына шолу жасай отырып, батыс елдерінде болып өткен әдеби кезендердің барлығы шығыс әдебиеттерінде де болғанын дәлелдеді. И.Н. Конрад әсіресе қытай, жапон халықтары әдебиетінің биік мәдениеттілігіне тоқталды. Осы тақырыпқа көптеген еңбек жазған және осы елдер әдебиетін көп аударған ол Батыс ғалымдарының Шығыс жөніндегі кейбір келеңсіз пікірлеріне бетбұрыс жасады.

Енді мәдениеттің рухани саласына көз жүгіртсек, адамның алғашқы көркем ойлау процесін қалыптастыруға әсер еткен мифология, одан кейін дін болғаны шындық. Адамзаттың ойлау эволюциясы дами келе діни догмадан ғылымға қарай ауысты. Ал, көркем шығарма болса, оның поэзия, проза, драматургия жанрлары да жоғарыда айтылған мифология, дін, ғылыми процестердің ықпалында болып дамыды. Бұлармен бірге бейнелеу өнерін де айтпай кетуге болмайды. Көркем шығарма сияқты бейнелеу өнері де жоғарыдағы кезендерді бастан өткізді. Осы айтқандарымызды нақты мысалмен көрсетсек, - бүкіл әлемдік мифологиялық шығармалар, Көне Шығыс елдеріндегі - египет, шумер, қытай, үнді халықтарының мифологиялық туындылары ойға оралады. Одан соң зороастр, будда, христиан, ислам діндерінің канондары — Авеста, Дхаммапада, Упанишад, Библия, Құран бар. Міне, бұлар адамзаттың ойлау, сонымен бірге көркем ойлау процестерін қалыптастырып, дамытуға орасан ықпал етті: "Махабхарата", "Иллиада", "Одиссея", бертін келе "Манас", "Үлкен Эдда", одан соң "Қорқыт ата кітабы", "Көрұғлы"...

Батыс-Шығыс жүйесіндегі қазақы мәдениеттің бірегейленуі теориялық қана емес, практикалық та мәнге ие. Бұл әрине мынадай ауыспалы қоғамда заңды "құбылыс. Аталған процесс әлеуметтік өмірдің барлық саласын қамтиды. Осыған орай өз құндылықтарымызды зерттеп, талдап, баға беруде мамандардың шешімін таппаған көптеген мәселелер күтіп тұр.

Жоғарыда айтқандарымызды ақылмен аңғарсақ, адамзаттың көп ғасырлар бойына жасап келе жатқан мәдени мұралары әлемдік мәдениеттің үздіксіз даму үстінде екеін дәлелдесе керек. Міне, осы уақыт ағынымен тынбай дамып келе жатқан мәдени құндылықтарымызды зерттейтін мәдениеттану саласы бүгін бізден әділ баға, терең, тындырымды зерттеулер күтеді. Ол зерттеулердің бәрі де мәдениеттану пәнінің аясында саралануы шарт. Әрі ұлттың мәдени байлықтарын, рухани, материалдық құндылықтарын мәдениеттану пәні негізінде білгені, түсінгені маңызды. Сондықтан, мәдениеттану пәні ұлттық мәдениетіміздің тарихын ғана емес, оның даму деңгейін, негізгі бағыттары мен ерекшеліктерін сауатты үйретуі керек.

Мәдениет мәселесін терендей сөз еткенде мына бір жай есте болғаны жөн. Елдің экономикалық көрсеткіші — уақытша көрсеткіш. Ал мәдениеттік көрсеткіші — мәңгілік көрсеткіш. Мұның мәнісі мынада: бүкіл адамзат тарихына ой жіберсек, бір де бір елдің экономикалық көрсеткіші тұрақты, бірқалыпты болмағанын көреміз. Бірнеше ғасыр бойы экономикасы шалқып, орасан

байлыққа бөгіп тұрған бір де бір ел болмаған. Немесе, керісінше, бірнеше ғасыр бойы қайыршылықта, жоқшылықта өмір сүрген елді де білмейміз. Ал, мәдени көрсеткіш мәңгілік дейтін себебіміз, айталық, ұлы құрылыстар һәм ғажайып ғимараттар мәңгілікке тұрады емес пе? Сөйтіп, олар сол елдің даңқын мәңгілік сақтайды. Мысалы, Қытайдың ұлы дуалы, немесе Бабылдың ғажайып мұнарасын алайық. Сол секілді ел ішінен шыққан ұлы данышпандар — Конфуций, Сократ, әл-Фараби сияқты композиторлар, ақын-жазушылар да, олардың келесі ұрпаққа мұра етіп қалдырған шығармалары да мәңгілік қой.

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени сұхбат Орталық Азияның тарихында түрлі діни ағымдардың осындай бейбітшілік-тыныштықты көп ғасыр бойы сақтап жүрген кезі бар. Бұл әсіресе 1138 жылы Шығыстағы барлық мұсылмандар мен христиандар арасында жасасқан «Қорғау келісім-шартынан» анық көрінеді. Сол кезде (1136-1160 жылдары билік жүргізген) Мұқтафи II атты халиф христиандардың шығыс қауымының аға басқарушысы Абдишо III-ге мынандай ресми келісім-шарт жасап берді: «Менен бұрын болған имамдардың (яки халифтердің) сізден бұрын болған жетекші аға басқарушылармен қарым-қатынастарында қабылданған шешіміне сай, мүміндердің басы (яки халиф) сізге және сіздің өміріңіз бен дүние-мүлкіңіз және сіздің адамдарыңыздың өмірі мен дүние-мүлкі қорғалады; сіздердің аман-сау болуларыңызды қолдауда зор ықылас көрсетіледі; жерлеу салттарыңыз құрметтеліп, ғибадатханаларыңыз бен сопыханаларыңыз қорғалады. Бұның бәрінде біз Алланың жетегінде болған Халифтердің сізден бұрынғылармен қарым-қатынастарында қолданған әдісіне сәйкес жағдай жасап отырмыз. Бұл – менен бұрынғы жоғарғы имамдардың – Алла Тағала оларға риза болсын – мәсіхшілермен жасап келген келісім-шарттың ұғымын түсіндіруіндегі қолданған әдісіне сай келеді» [32, 10 б.].

Бір сөзбен айтсақ атқа қонған көшпелі географиялық кеңістікті игерді, астрономиялық білімге ұмтылды, зат айырбастау, жаудан қорғану мен шабуылға шығу, металл балқытуды игеру, әскери өнерді жетілдіру, атты әскер мен әскери арбаларды қолданып, бұрын-соңды болмаған жеңіске жету – көшпелілерді замананың иесі етті. Ұлы Жібек жолы сауда ғана емес, мәдениеттің тоғысу жолы еді. Бір ғана Сырдарияның орта және аяқ шенінде 300-ге жуық қалалар мен елді мекендер болды. Бір кезде мемлекеттік және аймақтық астана болған Жанкент, Жезд, Баршыкент, Сығанақ, Отырар, Яссы, Ордакент, Алып, Заңғарқала, Қуықкескенқала, Құмқала, Алтыасар, Жетіасар, Жалпақасар, Қабылқала, Сеңгірқала, Бестамқала, Сырлытам, Суяб, Баласағұн, Исфиджаб, Тараз, Садырқорған, Құлан, Меркі, т.б. қалалар сол заманның көнекөз куәгері. Ендеше еуразиялық сахарадағы көшпелілік дала мен қаланың қоспа құймасы емес пе?

Батыстық мәдениеттанушылардың сұхбат туралы еңбектері қазақ ойшылдарының арасында да кеңінен қолдау тапты. Олар мәдени қарым-қатынас теориясын өз бетінше зерделеп, Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдениеттер сұхбаты сияқты өркениет ошақтарының дамуына өзіндік ерекше түсінік беруге тырысты. Қазақ ғалымы А. Байтұрсынов өркениетті жіктеудегі басты мәселе географиялық факторлар, яғни климат, жердің топырағы, суы, кені, жан-жануары, демографиясы деп түсінген. Қазақ ғалымы өркениет дамуының алғышарттарын былайша сипаттайды: «Шаруашылық өзгерісі, шаруашылықтың

бір түрінен екінші түріне түскенше талай ғасырлар өткен. Мұны Еуропа тілінде эволюция деп атайды. Дүние ісі секіріп алға баспайды, эволюция жолымен жылжып, жылысып өзгереді» [33, 45 б.]. А. Байтұрсынов өркениеттің эволюциялық жолына талдау жасаған. Ол турасында ғалым «дүниеде тәркі етіп аса көзге көрінетін іс адам баласының тіршілік еткен тәсілі. Сол тіршілік тәсілінің жүзінде тастан жасалған балтадан бастап, осы күнгі сансыз құралдарға жетіп отыр. Ор сияқты үлкен шұңқырларды паналағаннан бастап, осы күнгі биіктігі аспанмен таласқан салтанатты сарайларға жетіп отыр. Сол тіршілік жүзіндегі адам баласының дүниелік табу жолында істеген істерін кәсіп деп, құралмен жасаған тәсілдерін шеберлік деп атаймыз» [33, 47 б.], - деген ерекше ойға келеді.

Біздің ойымызша, осындай сәттерден кейін нағыз шындыққа айналу мүмкіндігі бар тамаша мифтер, қиял-ғажайып ертегілер туындайды. Ұшатын кілем, мың шақырымнан дауыс естейтін – «саққұлақ», бір көлдің суын тауысатын – «көлсоғар», желден жүйрік – «желаяқ», су бетіне қарап ақпарат беретін – «мыстан кемпір» т.б. мысал бола алады. «Көшпелілер өркениеті» деген ұғымды Ә. Марғұлан, К. Ақышев, К. Байпақов сияқты археолог ғалымдар көбірек пайдаланып келді. Соңғы жылдары К. Байпақов Еуразия сахарасында көшпелілер өркениетінің орнына Дала өркениеті деген ұғымды қолдануды орынды санайды.

Ең алдымен «Дала» деген ұғымның басын ашып алу керек. Оны тек бір шөл деп ұғуға болмайды. Дешті Қыпшақ жерін басып не сан өзендер өтеді. Бір шеті Енесей, Лена, Онон, Керулен, Ертіс, Тобыл, Жайық, Обь, Каспий, Арал, Еділ, Дон, Дунай, Днепр ұлы сахараның сәні мен әні еді ғой. Қазақстан жерінде 45000 өзен мен өзен аңғарлары, 85 мың көл бар екен. Осы ұлан-ғайыр далада өркениет орнауға себеп болған факторлар қандай?

1. Алтайдан Донға дейін созылған Ұлы Дала екі құрлықтың басын қосты. Ол Европа мен Азияның қақпасы, тоқсан тоғыз жолдың торабы.

А. Тойнби: «... аңдарды үйретіп, қол малы жасауы, өсімдік жинауға үйреніп, оны өсіріп қорек етуден гөрі биігірек өнер, өйткені ол адамның, ақыл – ойы мен ерік-күшін қажет етеді, - дей келіп, - « көшпелілер ат болмағанда мұншама маң даланы бағындырып, керемет қатаң табиғи жағдайда өмір сүре алмас еді, олардың сұңғыла да ұстамды, күшті де төзімді болып келуі сол ат үсті өмірінен» [8, 25 б.], - деп ойын түйеді.

2. Сайын дала Әму мен сыр бойы арқылы қытай, парсы, үнді, араб өркениеттерімен тоғысты.

3. Сыр мен Әмудария аралығында пайда болған Зердеш (зороастр) тәңірлік дүниетаным христиан, будда, ислам сияқты әлемдік діндердің өзекті қағидаларына негіз болды. Дала өркениетін рухы биік халық жасады. Олар тәңірге табынды. Әлемдік діннің қайсысы болса да сахарада орын алды.

4. Қыр баласы табиғи ортамен толық жарасымды болды. Дала перзенті ешбір шектелу дегенді білмеді, бостандықта өсті, төзімтал, өжет болып өсті. Оларға творчестволық эволюция тән еді.

5. Л.Н. Гумилев, т.б. зерттеушілер «көшпелілер» деген ұғымды абсолюттандырады. Шын мәнінде ұлы сахарадағы халықтың негізгі кәсібі мал бағу



болғаны рас. Сонымен бірге ол егін де екті, қолөнерін де дамытты, қала да салды.

6. Аң бейнелі өнер дамыды. Азияның көне көшпенділері еш жерде қайталанбайтын скиф-сібірлік «аң өрнекті» ғажайып бейнелеу өнерін жасады. Бұл өнерді игерген сақ, үйсін, сармат, ғұн сияқты тайпалардың творчествасында көне Қытайдың, Орта Азияның, Таяу Шығыстың, Грецияның отырықшы халықтарының ықпалы байқалады. Алайда, олар жасаған өнердің болмысы өзгеше, дара ғажайып баға жетпес ұлы өнер еді.

7. Сайын даладағы көшіп қону, экологияны сақтау, ұрпақ тәрбиелеу, демографиялық үрдісті жолға қою сал-серілік дәстүр сияқты дала этикасын, менталитетін орнатты [34, 15-17 бб.].

### **1.3 Көшпелі және отырықшы мәдениеттердің сұхбатындағы Ұлы Жібек жолының орны**

Көптеген зерттеушілер Ұлы жібек жолы пайда болуын б.з.д. II ғ. байланыстырады және бұл кезең еуразиялық көшпелілердің өркендеп тұрғанының айғағы бола алады. Олар тіпті дүниежүзілік үдерістерге де өз әсерін тигізіп отырды.

Ұлы Жібек жолы шын мәнісінде көшпелі және отырықшы мәдениеттер тоғысуының адамзат тарихында ең маңызды тәжірибесі болғандығы жөнінде айғақтар жеткілікті. Бұл, мысалы, 1991 жылы Алматы қаласында ЮНЕСКО өткізген халықаралық семинардың басты тақырыбы болды. Халықаралық қауымдастық Ұлы Жібек жолына тек тарихи-мәдениет артефакт ретінде қарап қоймай, оның қазіргі шиеленіскен, жанжалдарға толы әлем үшін де маңыздылығын атап өтті. Сол себепті ЮНЕСКО Ұлы Жібек жолы туралы арнаулы екі ірі бағдарлама қабылдады: «Адамды қоршаған орта» және «Мәдениет пен болашақ». Оның үстіне қазіргі ақпараттық қоғамдағы көшпелілікті жаңа рәміздерін ескерсек (тамырсыз ризома, орталықсыз жүйе, үйлесімділік, т.т.), онда талқыланған тақырыптың маңыздылығы күдік туғызбайды.

Ұлы Жібек жолы мәдениеті тәжірибесінен туындайтын тарихи сабақтың бірі – еуроцентризмдегі номадизмді қалалық мәдениетке қарсы қою ұстындарының жалаңдығы. Бұл жерде басты ұсынылатын тезис – көшпелілер қалалық мәдениетке қарсы қиратушы күш болды.

Осы мәселені нақтылы талдау мақсатында ортағасырларда көшпелілердің арасында болып қайтқан мұсылман және еуропалық саяхатшылар мен зерттеушілердің кейбір айғақтарын келтірейік.

Әл-Мұхтадир халифтің Бұлғар патшалығына жіберген елшісі Ахмад Ибн-Фадлан естеліктерінде отырықшы славяндар, бұлғарлар, хазарлар мен көшпелі түркілік ұлыстардың арасында тығыз байланыс болғандығы анық айтылды: әрине, Иби-Фадлан, араларында өзі болған оғыздардың мәдениетін, арабтікінен мүлдем басқаша бағалайды: «Оларды Ғұз елі деп атайды екен. Өздері көшпелі, үйлеріне жапқандары жүннен басылған киіз, жайлаудан-жайлауға көшіп-қонып жүреді. Үйлерінің бірі анда, бірі мұнда, шашыраңқы. Көшпенділердің тірлігі осындай, ешбір сүйсінетін жері жоқ. Өздері жолынан көз жазып, адасқан, ...

аллаға сияқты сыйынатындары - өздерінің ата-бабалары мен қарт-қариялары. Егер олардың біреуі өз руының көсемінен кеңес сұраса, ол: «Ой, тәңірі-ай, менің қалымда не тұр?» дейді. Барлық істі олар өзара кеңесіп шешеді. Егер бір нәрсеге мойын қойып кірскен болса, олардың жаман-жәутігіне дейін сол жоспарды қайта бұзып жібере алады.

Олардың ауыздарынан кейде «ла иллаха илалла, Мұхаммадан расул алла» дейтін сөздерді де естігенім бар. Осы сөз арқылы олар әлгі жермен өткен мұсылмандармен жақын болуды көздейтін сияқты. Бірақ өздері бұл сөздің мәнісін ұғынбайды, оған сенбейді де. Олардың бірі бақытсыздыққа ұшыраса, яки ауыр жағдайға душар болса, басын көкке көтеріп, «бір тәңірге» жалбарынады. Онысы құдай біреу дегені.

Олар дене, тән тазалығына аса мән бермейді, іш дәрет алмайды, беті-қолын жумайды. Су дегенді, әсіресе қыс айларында, біле бермейді. Әйелдері беттері мен дене мүшелерін ерлерден жасырмайды. Бірде біз сол елдегі бір адамның үйінде қонақ болдық. Оның әйелі бізбен қатар отырды. Әңгіме үстінде әлгі әйел басындағы жаулығын алып, қасына тастады. Біз бетімізді жауып алып: «Кешіре гөр, жаратушы ием» дедік. Үй иесі күліп, тілмашқа: «Сен бұларға айт, біз бұл кимешекті сіздердің алдарыңызда ашып отырмыз. Ол айып емес. Әйел өз абыройын өзі қорғайды. Басқаға жол жоқ. Бұл жаулық тұмшаланып жүрсе де, бойын алдырып алғаннан көп жақсы» депті. Олардың әйелдері басқалармен көңіл қосуды білмейді. Егер ондай жағдай байқала қалса, сол адамның денесін қақ айырып өлтіреді. Екі теректің басын иіп тұрады да, біріне қолын, біріне аяқтарын байлап қоя бергенде, бұты - бұт, қолы - қол болып бөлініп қалады» [35, 354-355 бб.].

Егер біз отырықшы елдердің көшпелілерге жалпы менсінбей қарауынан сәл көтеріле білсек, көшпелілердің өзіне тән мәдени реттеу тетіктері болғанын көре аламыз. Осыған тіпті көне заманның өзінде атақты скиф ғұламасы Анархсис өте дәл жауап бере білген: «Сіздер, грек тілі әріптерін анық айтпайтын, менің тіліме күлесіздер. Афиндіктер скиф тілінде нашар сөйлейтіні сияқтың [36, 425 б.]. Анахарсис грек тілінде нашар сөйлейді. Әңгіме адам игіліктері болып тұрғанда, мәселе тілге емес, ал бір грек басқа гректен ерекшеленетін, олардың көзқарастарына келіп тіреледі. Спарандықтар таза аттикалық мәнермен сөйлесе алмағанымен, алайда өздерінің ерліктерімен әр жерде данққа бөленген және жаппай құрметтелуге лайық. Скифтер қажетті нәрсе туралы айтылған сөздерді жазғырмайды, бірақ бос сөздерді құптамайды. «Артикуляцияның анықтылығына көңіл бөлмей-ақ, сіздер көп пайдалы істерге барасыздар. Сіздер өздеріне емшілерді Египеттен, кеме жүргізушілерді Финикиядан шақырасыздар, тек сатушылардың грек тілінде жақсы сөйлейтіндерінен, оларға тиесіліден артық төлемей, керектеріңізді базардан сатып аласыздар.

Сіздер ойланбастан, олар тек әділ бағамен сатса болды, варварлардан керектеріңді сатып аласыздар. Қашан парсы патшалары мен олардың ақсүйектері өздерінің тәкаппарлығында, бұрмаланған айтылымдарына қарамай, грек елшілерімен грек тілінде сөйлегенді қаласа, сіздер онда не олардың тілектерін, не олардың істерін жазғырмайсыздар. Олардың тасасында ізгі

ниеттер тұрғанда және олардан кейін игі істер істелгенде, сөздер жаман бола алмайды. Скифтер тек, қашан сөз жаман ойларды шақырғанда ғана, оларды теріс бағалай бастайды. Егер сіздер, айтылғанды түсінуге қадам жасамай-ақ, бөтен сөздерге тисе бастасаңыздар, онда көп нәрсе маңайларыңыздан бос өтіп кетеді. Осылай сіздер өздеріңізге зәру көптеген тауарларды жеткізуді баяулатып қоясыздар. Неліктен сіздер варвар маталарын жоғары бағалай келе, олардың тілін ұнатпайсыздар?

Флейташылар ойыны мен әншілердің дауыстарының үйлесімді қосылуын, сіздер талап етесіздер, бірақ егер өз тақпақтарын эллиндік дыбыстармен толтырмаса, онда сіздер ақындарды жазғыра бастайсыздар. Сөздердің мағынасына назар аударыңыздар: тек сонда ғана пайдалыны табасыздар. Егер варвардың кеңесін тыңдағыларыңыз келе, онда, тіпті сіздер қателіктермен айтсаңыздар да, әйелдеріңіз бен балаларыңыз сіздерді естісің. Нашар тілде сөйлегенімен, бірақ зерделі адамдарды тыңдау, аттикаша тамаша айтқанымен, алайда үлкен зардап тигізетіндерді естігеннен, көп жақсы. Әйтпесе, афиндіктер надан және дөрекі адамдардай іске барады, өйткені бірде-бір дұрыс ойланушы басқа көзқараста болмайды [37, 425-427 бб.].

Ибн-Фадлан да көшпелі түркілердің құдайлары жабайы сенімді емес, ал сол қоғамдағы келенсіздіктерден адамдарды қорғау қызметін атқаратынына назар аударады. Ибн-Фадлан былай дейді: «Дінді білмегендіктен оларда мынадай наным бар екен. Әр адам бір тұтам ағашты кесіп алып, төсіне іліп қояды. Жолға шықса немесе дұшпанына кезіксе, ағашты сүйіп: «О, тәңірім, маған жар бола гөр» деп сыйынады. Мен тілмашқа бұрылып: «Бұлардың бірінен сұрап көріңізші, бір тұтам ағашты байлап жүрудің нендей сыры бар? Оған не себепті «тәңірі» деп сыйынада?» дедім. Сонда ол: «Менің тегім басында осындай ағаштан жаралған, сондықтан одан басқаға біз сыйынбаймыз» деп жауап қатты. Олардың біреуі өзі сыйынатын тәңірінің саны он екі екенін айтты. Олар: «қыс иесі, жаз иесі, жаңбыр иесі, жер иесі, ағаш иесі, адам иесі, жылқы иесі, су иесі, күн және түн иесі, ажал иесі, жел иесі, ал аспандағы тәңірі – солардың ең үлкені. Бұлар бірінің ісін бір қолдайды. Әр заттың иесі не ұйғарса, басқалары соған келіседі. Тәңірі солардың бәрінен де жоғары, ұлы, бұзық ниетке салынғандарға жол бермейді» деді [35, 356 б.].

Түркілік мемлекеттердегі қалаларда түрлі дін өкілдері бір-бірімен келісімді өмір сүре білген. Осы жөнінде Ибн-Фадлан мынадай дерек келтіреді: «Еділ бойында Хазар патшасының үлкен қамалы бар. Ол екі бөліктен тұрады: бірінде мұсылмандар, екіншісінде Хазар патшасының бір баласы билейді. Оны «хаз» деп атайды, өзі мұсылман болады. Хазар елінде тұратын мұсылмандарды немесе сауда ісімен келгендерді соттау сол баланың билігінде. Оларды соттап, өз арасындағы дау-жанжалдарды қарауға одан басқалары жіберілмейді. Қалада мұсылмандар үшін салынған мешіт бар. Соған жұрт жұма күндері жиналып, намаз оқиды. Мешіттің бірнеше мұнаралары мен азаншылары бар. 309 жылы мұсылмандар әл-Бабынаж бағында тұратын бір кәпір шіркеуін бұзған. Мұны естіген Хазар патшасы: «Егер ислам діні елдерінде бір шіркеу (синагог) қалдырылмай қиратылған болса да, мен мешітті бұзудан тайынбас едім» деп, мешіт мұнараларын бұзып, азаншыларын дарға асқан. Хазарлар, олардың

патшасы иудей дінінде, ал бұлғарлар және солармен шектес елдердің бәрі де Хазар патшасына бағынады. Хазар хақаны сөйлегенде оларды өзінің күлі қатарында көреді, бұлғарлар оған бас иіп тұрады» [35, 349-365 бб.].

Ұлы Жібек жолы бойындағы көшпелілер мен отырықшы (қалалық) мәдениеттердің арақатынасын қарастырғанда, әрине, олардың түбегейлі бөлек құрылымдарда – қала және көшпелі қауым бірігетінін есте ұстаған жөн. Қала ең басынан қолөнер мен сауданың орталықтары, иерархиялық жүйелердің әкімшілік орталықтары ретінде қалыптасты. Алайда өркениеттің аграрлық толқыны үстемдік етіп тұрған шығыстық (әсіресе, суармалы империялар – Қытай, Үнді, Халифат т.т.) жүйелер номадтармен материалды және рухани мәдениет өнімдерімен айырбас жасауға мүдделі болды.

Қол өнершілер көшпелілерден тері, жүн, сүйек сияқты өнімдерді алып тұруға мүдделі болды. Бұл әсіресе Орталық Азияға тән болды. Зерттеушілер атап өткендей, Қарахандар мемлекетінде көшпелілерден шыққан билеушілер қыста қалалардағы сарайларында болғанымен, жазда міндетті түрде жайлауларға көшетін болған [37, 10 б.].

Ұлы Жібек жолы бойында көшпелілік және қалалық мәдениеттердің арасындағы байланыстарда, әрине, қақтығыстар мен соғыстар болып тұрған. Алайда ортағасырларда соғыс, біріншіден, отырықшы империялар мен мемлекеттердің арасында да жиі орын алған. Екіншіден, отырықшылар мен көшпелілердің арасында уақыт жағынан соғыстардан гөрі бейбіт қатар өмір сүру көбірек болған. Себебі олар бір-бірінен тәуелді еді. Үшіншіден, мысалы, Шыңғыс хан шапқыншылығының нәтижесінде қалалардағы көптеген қолөнершілердің жойылуы олармен байланысты көшпелі құрылымдардың да қиратылуына әкелді. Өйткені айырбас адамдық қатынастардың әмбебап, қутты, креативті формасына жатады. Айталық, Ұлы географиялық жаңалықтардың нәтижесінде Еуропадан Шығысқа қарай теңіз жолының ашылуы Ұлы Жібек жолының маңызын төмендетті және бұл аталған аймақта бұл мәдени құлдырауға әкелді.

Ұлы Жібек жолын мәдениеттегі екі полярлық бағдар – дифференция және интеграция – кең мәнінде қарастырған біршама соңы ойларға жетелейді.

Белгілі этноантрополог О.И. Исмағұлов Ұлы Жібек жолы бойындағы этномәдени процестер Орталық Азия халықтарының қалыптасуында маңызды рөл атқарып деген тұжырымға келеді [37, 21 б.]. Бұл әсіресе осы аймақ халықтарының нәсілдік типтерін ерекшелеуде шешуші қызмет атқарды, нәсілдердің арласуы нәтижесінде тұрандық (онтүстіксібірлік) нәсіл қалыптасты, оның субстратында басым моңғолоидтік элементтермен қатар үндіеуропалық нәсіл де өз үлесін қосты.

Мәдениаралық ауысулардың мысалына ұсталық өнер жатады. Бұл көшпелі және отырықшы мәдениеттердің арасында тек қарапайым натуралды айырбас емес, сонымен бірге технологиялық алмасулардың болғанын да көрсетеді. Қолөнерлік және сауда орталықтарында, әсіресе Ұлы Жібек жолы аймағында, кумулятивтік «ортақ өндіріс» қалыптаса бастады. Мысалы, сауда керуендері дем алатын орындарда зергерлік бұйымдар, кілемдер, қоржындар, ат әбзелдері т.т.

үнемі сатылып жатты. Олардың көпшілігін көшпелілерден шыққан ұста, шеберлер дайындады [37, 27 б.].

Ұлы Жібек жолы бойындағы көшпелі қолөнершілердің үлкен жетістігіне қыш құмыралар жасау өнері жатады. Мысалы, қыпшақ даласының аймағы Сығнақта қышты өндеудің ерекше бір стилі қалыптасқан. Оны Ж. Гарден «дала керамикасы» деп атайды [38, 9 б.]. Ұлы Жібек жолы көшпелі мәдениеттің әлеуметтік құрылымын өзгертіп және күрделендіріп жіберді. Ж.К. Гарденнің сараптауы бойынша, артефактілер мен экофактілер негізінде номадтардың арасында малшы-көшпелілермен қатар, симбиотикалық-типтер, түйе айдаушылар, қарауылдар, күзетші иттерді тәрбиелеушілер, т.т. пайда болды.

Ұлы Жібек жолы бойында көшпелілер мен отырықшылардың арасындағы қарым-қатынастардың төмендегідей модельдерін атап өтуге болады:

1. Сауда-саттық қатынастар басым болып келеді. Оған шөлдер мен тастақтардың ортасындағы оқшау мәдениеттер жатады.
2. Уақытша саяси бірігулердің нәтижесінде пайда болатын байланыстар. Мысалы, Хорезм және оның маңайындағы шөлейт аймақтар.
3. Бір мәдени ареал шектеріндегі (мысалы, оазистердегі) тұрақты қарым-қатыстар.
4. Көшпелілердің оазистерге және өзен аңғарларына жаппай қоныс аударуынан қалыптасатын қарым-қатыстар [38, 16-17 бб.].

Француз зерттеушісі А. Франкфордың пікірінше, номадтар мен егіншілердің алғашқы байланыстарынан б.з.д. 2 мыңыншы жылдықта Ұлы Жібек жолының бастапқы үлгілері қалыптаса бастады [37, 79 б.]. Оның дәлелі ретінде Қытай мен Ордосты ары қарай Бактриямен байланыстыратын және сауда-саттық қатынастарын келтіруге болады. Ең қызығы Сапаллиден табылған жібек бактриялық ақсүйектердің Қытаймен сауда-саттықпен тікелей өздері айналысқанын көрсетеді. Себебі олар сол кезде көшпелілермен жаулық қарым-қатынаста болған [38, 79 б.].

Зерттеушілер көшпелілер мен жерөндеушілердің арасындағы қарым-қатынаста белсенді жаққа біріншілерінің жатқанын атап өтеді. Әдетте этникалық процестер солтүстіктен (даладан) оңтүстікке (оазистерге) қарай бағытталғанын, далалықтардың саяси және тілдік үстемдікке жететінін көрсетеді. Далалықтар отырықшы өркениеттің материалдық мәдениетін қабылдағанымен, өздерінің рухани жүйелері мен басқару формаларын сақтап отырды.

Орталық Азияда көшпелілер ролінде әдетте түркі тайпалары, ал отырықшы жерөндеушілер сапасында ирантілді халықтар әрекет етті. Орталық Азиядағы мәдени ауысуларда атақты скиф триадасы (салтаттылар өркениеті, әскери демократия және аң стилі) маңызды рөл атқарды. Археологтардың деректері бойынша, «ат иесі» сюжеті Антика мен Уғаритте, Пазырық қорғанында, бүкіл Орталық Азияда кездесіп отырды. 3. Самашевтің түсіндірмесіндегі бұғытастағы жылқыны екі жартқыш талап жатқаны туралы тастағы кескін Монғолия мен Крит аралында қатар табылды [38, 122 б.].

Бактрияда табылған мәдени артефактілер скиф-сақ өнері мен эллинистік туындыларының арасындағы көп ұқсастықты айғақтайды. Мысалы, қасқырбасты және бұғымүйізді айдаһар Сібір мен Қытай өнерінен сусындаса, ал

жыланбасты екінші айдаһар (Медуза Горгона сияқты) батыстық сюжеттерге жақын. Стильдердің араласуы жалпы Жібек жолы мәдениетіне тән нәрсе. Мысалы, ертекушан өнерінде мандайына нүкте салынған билеуші (Үнді мәдениеті) еуразиялық айдаһар және құбыжық тарантурмен күресіп жатқаны көп нәрсеге меңзейді.

Қазақ хандарының суфизмді барынша қолдап келгені белгілі. Л.Б. Ерзаковичтің куәлігі бойынша, олар өз теңгелерінде мұсылмандық инвенстиураның орнына құстың (аспан рәмізі), жануардың (жердің рәмізі) және балықтың (су рәмізі) бейнелерін белгілеп келді. Сонымен қатар Қазақстанда кең тараған ошақты құрметтеу культі және қыш құмырларда қойдың суретін келтіру де мәдени гомогендік пен сабақтастықтың дәлелдеріне жатады [38, 158 б.].

Ұлы Жібек жолы мәдениеті қалыптасуындағы тағы бір факторға отырықшы елдерді жаулап алған көшпелілердің олардың өмір салтын түбегейлі өзгертуінен де көрініс табады. Бұл бір жағынан әбден өзгеріссіз тұрақтанып қалған қоғамдарға мәдени серпін беріп, оларды жаңа талаптарға икемделуіне мәжбүрледі. Мысалы, II-IV ғасырларда ғұндардың бір бөлігі (эфталиттер) Соғды арқылы өтіп, бұрынғы қушандықтардың иеліктерін тартып алады. Бұрынғы малшылар өз жайылымдарынан айырылғаннан кейін қалалықтар мен жер өңдеушілердің қатарын толықтырды, олар жаңа кәсіптерді меңгеруге тиіс еді. Көшпелілердің билеушілері жаңа жұмыс күшін сауда-саттықты нығайтуға бағыттады және өзінің бұл әрекетінде осы саудағы ыңғайлы соғдылық элитаға сүйенді. Ұлы Жібек жолы бойында соғдылық мәдени экспансиясы жаңа қуатқа ие болды [37, 182 б.].

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени қарым-қатынастарының үдерісі нәтижесінде өнер саласында да жаңа феномендер мен стильдер қалыптаса бастады. Бұл процесті тіпті монғол шапқыншылығы да тоқтата алмады.

Мәдениеті жоғары аймақтарда билік жүргізіп тұрған Шыңғыс хан ұрпақтары тез уақытта жергілікті халықтың мәдениетін қабылдады. Сонымен бірге көшпелілер қол астындағы халық арасына өз мәнерлерін, рәміздерін, әлеуметтік реттеу тетіктерін алып келді. Мысалы, XIII ғасырдан бастап Орталық Азияда «Темірлан стилі» немесе Ирандағы «Монғол стилін» алсақ, онда Қытайдағы фарфор өнеріне еліктеу нәтижесінде туындағын «Кобальт типін» атап өтуге болады [38, 104 б.]. Бұл стильде ақ және көк түстерге басымдық берілді, өйткені бұл түстер көшпелілер арасында қасиеттілік, тазалық, әділдікпен теңестірілді.

Дәл осындай процестер Оңтүстік Қазақстан аймағында да жүріп жатты. Қыш құмырасындағы ою-өрнектерді композициялық шешімдердің анықтылығы мен қарапайымдылығы, өсімдік, зооморфтық, геометриялық мотивтердің үйлесуі кең тарады. Бұл жалпы көшпелілердің дүниетүйсінуіне жақын болды.

Ұлы Жібек жолы мәдениеті көшпелі мен аграрлық отырықшы өркениеттердің тоғысуының басты тетігі болған. Жазба тарихи көне заманнан желі тартатын Орталық Азия көшпелілері мәдени мұрасы туралы сөз қозғағанда, оның ең алдымен түрлі мәдени артефактылардың сұқбаттастығы нәтижесінде қалыптасқаны көзге түседі. Сақ заманында Еуразияның көшпелі тайпаларында мал өсіруге негізделген мәдени ареалдың қалыптасуы Оңтүстік Сібір, Алтай, Қазақстан, Еділ-Жайық, Қара теңіз жағасындағы қыруар ру-ұлыстар арасындағы

айырбасты, мәдениеттегі ұқсастақты орнықтырды. Бұл кейін Ұлы Жібек жолы мәдениетінде өзінің қисынды жалғасын тапты.

Ұлы Жібек жолы мәдениеті қалыптасуы үшін еуроазиялық даладағы мәдени үрдістердің күрделенуі маңызды рөл атқарды. Геродоттың скифтер туралы жазбаларында, агриппейлердің тақыр даланы мекендейтіні, ағаштың сөлін ішетіні, қыста ағаш бұтағына киіз жауып, соны пана тұтып, жазда киізін алып, ағашты жалаңаш тастап кететіні айтылады. Сақ-скифтер алғашқы ерте дәуірде үйдің осындай түрін пайдалана келе, кейін оны өздерімен бірге қысы-жазы ала жүруге ыңғайлы, арба үстіне қондырылған көшпелі үй дәрежесіне жетілдірген. Бұл туралы Геродот алты, төрт доңғалақты арба үстіндегі үйлер туралы хабарлайды [39, 64 б.]. Тіпті көшпелілерде оңтүстікте саман, кірпіш, солтүстікте бөренеден салынған тұрақты үйлері де болған. Археология деректері олардың төбесі шатырланып және дөңгелете жабылатын киіз үйдің жасалуына жеткізген баспалдақ екенінде шүбә болмаса керек.

Қытайдан келген саяхатшылар да түркілердің мәдени деңгейінің жоғары екендігін куәландырады. Қағанның өзін қалай қабылдағанын сипаттай отырып, Сюань-Цзян түрік зиялыларының салтанатты жібек киімдерінің молдығын бірнеше қайтара ауызға алады, сонымен бірге өзіне көрсетілген сый-сияпат ішінде: «Қызғылт түсті жылтыр шыттан тілгілген неше алуан киімдер санатын және елу кездеме жібек» бергені жөнінде хабарлайды.

М. Орынбековтың сараптауы бойынша, біртұтас шаруашылықтың үш түрге: көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы шаруашылықтарға бөлінуі егіншілік пен мал шаруашылық өнімдерінің айырбас бағысын белгілеп, еңбек өнімділігінің артуына, басқа елдермен, халықтармен сауда қатынасын орнатуға ықпал етті. Аймақтар мен аумақтардың әр түрлі шаруашылық түрлеріне мамандануы жердің сапасы мен жағрафиялық жағдайға байланысты болды. Бұл жағдайда жағрафия мен тарихтың біртұтастығы көрініс тапты [6, 17 б.].

Ұлы Жібек жолы мәдениетінде, әсіресе бастапқы кезеңдерде, ежелгі сақтардың дүние туралы түсінігі, адамдық қарым-қатынастары жоғары болды болды. Белгілі мәдениет тарихшысы Э.Б. Тайлордың пікірі бойынша, көне бақташылардан дінінің қалыптасуының түпкі негізі, жанның денеден бөлінуіне сеніп, оны көз алдына елестеткені әруақ, жан туралы алғашқы түсінік – анимизм болды. Осы негізде қазақстандық зерттеуші М. Орынбеков Ұлы Жібек жолы бойындағы көшпелілердің рухани әлемі күрделі болды деген пікір айтады: «Сақтар да бұдан тыс қалған жоқ, өлім, түс көрудің себептері және т.б. туралы өздерінің ой пайымдарына осы жолмен келді. Өлген адамдардың заттарын бірге көмуге байланысты, жанның, о дүниеде өмір сүруі жайлы, о дүниеде «жақсы өмірдің» барлығына сендірді. Марқұмның аты, кейде тіпті әйелі өлтіріліп, мүліктерінің бірге жерленуі осыған байланысты еді. Анимистикалық көзқарас барлық дінге тән болды, сондықтан бұл ағымға артық күнә артпауға да болады [6, 21 б.].

Ұлы Жібек жолы мәдениетіндегі рухани ауысулар негізінен этномәдениетке оңтайлы қабылдаулармен ғана шектеліп отырды. М.С. Орынбеков Парсы мен Орталық Азияда отқа табыну идеясының өріс алғанын осымен түсіндіреді: «Қайтыс болған адамның жаны қайтып келмес үшін мүрдені өртеп жіберу де

осыдан келіп шыққан. Бұл ағым дами келе отқа табынуға әкелді. Мазарлардағы қызыл бояу да осымен байланысты. Сол кезеңде күн – барлығын жалмаушы от ретінде басты құдірет болуына сәйкес, көкті көктей шабатын аспан атына табыну қалыптасты. Жоғарыда сақ тайпалары үшін аттың тарихи маңызын атап өткен едік. Ол малшылық пен көшпеліліктегі басты орынды иеленген еді. Бұл атты да құдірет күштерінің қатарына қосу арқылы көрініс тапты. Негізінен күн мен отқа табыну шығыс халықтарының көне ұғымы болды. Мифологияның жойыла бастауына сай оның орнына тұрақтылық пен нақтылық жайындағы ойлар, біз тіршілік етіп отырған ортадағы әртүрлі табиғат күштерінің – судың, жердің, от пен ауаның бізге тигізетін әсері жайлы ойлар басым болды. Парсы тұқымынан тараған сақ тайпалары үшін басты ұғым от болды [6, 21 б.]. Тарихтан белгілі болғандай, отқа табынушылықты мейлінше көрсете алған Заратуштра ілімі болды. К. Ясперс оның өмір сүру уақытын өзекті уақыт деп атай отырып былай деген: «Адам тұрмысының мейлінше жемісті қалыптасуы, қалыптасқан діни ұғымнан аса тысқары болуының сенімді дәлелі. Егер тәжірибеге негізделсек, Батыс, Азия барлық адамдар үшін қалайда бір эмпирикалық негіз болды. Сонымен барлық халықтар үшін олардың тарихи орны жайлы ортақ арнаға тоғысатын түсінік қалыптасты. Осы әлемдік тарихтың түп қазығын б.э.д. 800 және 200 жылдықтардың жемісі деп түсінеміз. Бұл кезде тарихта шұғыл бетбұрыс болды. Осы күнгі адамдар пайда болып, күні бүгінге шейін сақталды» [41, 32 б.].

Ұлы Жібек жолы мәдениетінің тағы бір сабағы көшпелілердің негізгі коммуникация құралдары түйе мен аттың рөліне байланысты, осыдан мынадай бір ой айтқымыз келеді. Қазіргі жаһандануда электрондық жүйелер қаншама рөл атқаратын болса, жаһанданудың алғашқы нұсқасы - Ұлы Жібек жолы мәдениетінде жылқы мен түйе сондай рөл атқарды. Қуаң дала мен шөл тек осы үй жануарларын пайдаланумен адамдық ойкуменаға айналды. Бұл – оны құдірет күші деп тануға негіз болды. Өркениеттіліктің бірінші толқыны да бақташылық көшпелі өмір тіршілігімен тығыз байланыста жүрді. Көшпелі үндіеуропалықтар біздің дәуірімізге дейінгі 3000 жылдықтың басында Еуропада, екімыңжылдықтың басында Иран мен Үндіде, сол мезгілде Орталық Азияға тарихи өркениеттердің негізін қалады. Осы үрдіс Ұлы Жібек жолы мәдениетінде тереңдей түсті.

Жылқының өркениеттер қалыптасуындағы рөлін тек К. Ясперс пен А. Вебер сияқты Батыс ғалымдары ғана емес, біздің отандық зерттеушілер де баса көрсетті. М.С. Орынбеков бұл мәселені тиянақты қарастырады: «Жылқыға табынушылық жылқына мүрдемен бірге жерлеудің әрқелкі жағдайларынан айқын көрінеді. Құрбандыққа шалынған жылқы мүрденің аяқ жағына көмілген. Жылқыға деген көзқарас әртүрлі болғаны соншалық, сақтар жайлаған аймақтардың әрқайсысында жерлеу салттары әртүрлі болды. Сондықтан да археологиялық қабаларда жылқы әбзелдеріне қарап, мүрденің жерлену уақытын, марқұмның тайпалық тегі мен дәрежесін айқындауға болады. Жүген, ауыздық, құйысқан, айылбас, ат әбзелдері ұмытылып бара жатқан жылқының адамдар ұғымындағы орнын көрсетеді. Геродот айтқандай, олардың жалғыз табынатыны – күн. Олар жылқыны күнге құрбандыққа шалады. Бұл құрбандық шалудың



мәні: ең жүйрік, ең ұшқыр тәңірге ең жүйрік жануарды құрбандыққа шалу керек дегенді білдіреді. Әйткенмен, бұл тек сақтардың ғана ерекшеліктері емес еді. Күн мен жылқыны теңестіру көптеген халықтарда кездеседі. Ригведа мен Авестада күн тәріздес доңғалақты арбаны сүйреген ат бейнеленген. Сақ қолөнерінің негізгі ерекшелігі Оңтүстік Сібірде, Қазақстан мен Орта Азия аумағында кездесетін тағы анды бейнелеу болды. Оның мәні мынада еді: осы тотемнің элементтері әр тайпаның шығу тегін көрсетеді» [6, 23 б.].

Көшпенділер мен егіншілер арасындағы ғасырлар бойғы бітіспес жаулық жайлы идеологиялық догманы, сонау біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырда көшпенділердің солтүстіктен Бактрияға баса-көктеп кіріп, мемлекетті құлатып және өздері оларға ене бастауы да жоққа шығарады. Алғашында олар бөлшектенген мемлекеттің бөліктерін басқарушы болды, ал кейіннен жан-жаққа шашыраған елді, көшпенділер династиясын біртұтас ел етіп, ұлы Күшан империясын құрды. Ал күшандар болса Қытай деректері бойынша – хюсюнилер, усунилер, ушандар. Уақыт өте абориген мен жатжұрттықты ешкім ажырата алмайтындай болған еді, өйткені өзара ассимиляция жүріп, көшпенділерді жергілікті отырықшы мәдениетке енгізді, шаруашылықтардың бірін-бірі өзара толықтыруы жүріп жатты [6, 80-81 бб.].

Мәдениет тарихына арналған батыстық, дәл айтсақ – тек батыстық емес, әдебиетте мәдени ауысулар Еуропа, Қытай; Үнді, Парсыдан «варвар» көшпелілерге тарады деген пікір үстемдік танытқан. Бірақ Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысулар кері бағыттың болғанын да дәлелдеп береді. Отандық әдебиетте бұл мәселеге К. Байпақов пен М. Орынбеков ерекше көңіл бөледі. Мысалы, тек жылқының бойынан далалық және егіншілік мәдениеттердің бір-біріне ықпалын көруге болатын еді.

М. Орынбековтың деректері бойынша, ежелден-ақ «усунилерден алынған аттар жақсы, олардың атауы – аспан аттары» деп саналатын, Қазақстан даласына елшілікке жіберілген чиновник Қытай императорына Таюань елінде мықты соғыс аттары бар, олар аспан аттарының тұқымы, өйткені «қанды термен терлейді» деп хабарлаған. Аңыз бойынша таудың аяқ жетпес шыңдарында адам ұстатпайтын жылқылар жайылады. Сонда тау етектеріне биелерді айдап әкеліп, қалдырып кетеді, сол айғырлар биелермен шағылысып қанды термен терлейтін құлындар туады. Оларды аспан жылқысы деп атаған.

Бактрияны көшпенділердің жаулап алуы кезінде Мауераннахрға осы «аспан» аты әкелінді. Оның барлық артықшылығымен қатар жалғыз-ақ кемшілігі сол – оны ұрыс даласына мінуге келмейді, жорыққа төзімсіз еді. Бірақ уақыт өткеннен кейін Ферғана өлкесінде малшылар мен диқандар бірлесе отырып, жылқының жаңа тұқымы, аспан атындай биік, күшті әрі төзімді түрі шығарылды. Ферғана жылқысының тұқымы сол уақыттардан бастап, парсының ауыр атты әскері, катафрактілері үшін кеңінен пайдаланылды. Осы жылқылардың күші мен төзімділігінің арқасында ирандықтар Месопотамия мен Арменияны жаулап алды, Кіші Азиядағы Рим легионын тізе бүктіріп, Сирия мен Каппадокияға қауіп төндірді.

Будандастыруға пайдаланатын жақсы аспан жылқысы тұқымын әкелген далалықтар мен оған «ауыр жүк жылқысы» тұқымына тән төзімділік пен

жұмысқа бейімділігін қосқан егіншілердің ортақ еңбегінің нәтижесінде, керемет мықты жорық жылқысы алынған; оларды кейіннен фракийлік және гот тайпалары пайдаланып, бүкіл Еуропадағы ауыр атты әскерге пайдаланды, серілер мінетін болды. Бұл көршілес екі мәдениеттің далалық және отырықшылық мәдениеттің өзара дамуының эволюциялық дамуы бір-біріне мүлдем қайшы келмей, керісінше, өзара бірін-бірі толықтырып отырғанының бір мысалы [6, 81 б.].

Батысшыл көзқарастағы тарихшылардың және философтардың пікірінше, жалпы көшпелі мәдениеттің, соның ішінде шаруашылық жүргізу мәдениеті артта қалған еді, соның салдарынан осыларды қабылдаған көшпенділерде барлық кезде отырықшы елдерде болған, қоғамдық қатынастарда және соларға тән жеке меншіктік қатынастарда нақ сондай артта қалды. «Жасалған зерттеулер бойынша керісінше, көшпелілер бірінші болып ақша қалыбын игеріп дамытты, тұңғыш таптық қоғамға енді, бірімен-бірі айырбас қатынасын қалыптастырды, содан кейін барып отырықшы халықтармен бірге оларға меншікті қатынасты қалыптастырды, бірге дамытты. Бұған икемді көшпелі өмір салты негіз болып, игі ықпал етті. Жеке меншіктің алғашқы түрі өз аяғымен жүретін мал болды, осыдан барып мүліктік теңсіздік пайда болып, байлықтың шоғырлануы басталды. XX ғасырға дейін қазақтарда байлық өлшемі ретінде жеке меншіктегі жылқы саны алынып келді. Осының бәрі ілкі қоғамның алғашқы даму кезеңінде өздеріне тән шаруашылық жүргізу әдістері болған көшпелілер үшін әлемдік мәдениеттің тарихында прогресшіл құбылыс болды, сондықтан да олардың орнын төмендетуге болмайды [6, 81 б.].

Ұлы Жібек жолының құрылуы – көшпелілер мен оазистер дихандары арасындағы мәдени байланыстардың қаншалықты жемісті болғанын көрсетеді. Оның бойындағы елді мекендерде мал, астық, жүн, былғары, қолөнер бұйымдары мен сауда жасау кең тарады. Көшпелілердің өздері жіктеліп, бір топтың өкілдері аграрлық шаруашылықпен айналысса, басқалары керуен жолдары тұрақтарында қолөнермен және іргелес елдермен керуен саудасы іске асырды. Этномәдениетте субмәдениеттер қалыптаса бастады. Бұл үдерістің Қазақстан жерін де қамтығаны туралы М. Орынбеков мынадай деректер келтіреді: «Егіншілік аймақтармен шектес далаларда да, сондай-ақ ішкі дала аймақтарында да қалалар бой көтерді, оның бір мысалы Сарыарқаға тереңдеп орналасқан Саудакент қаласы сауда қақпасы болды. Дала мен егінші аймақтардың шекарасында Мерке, Құлан, Ақтөбе, Жуантөбе, Аспара, Музкет, Суяб, Сарығ қалалары пайда болды. Ұлы Жібек жолының керуен жолдарында Тараз, Отырар (Құйрық-төбе және Баба-ата) және Испиджап (Сайран) Іле атрабында Тальхиз (Талғар) , Оки-Оғұз және Қаялық бой көтерді [6, 122-123 бб.].

Қала тұрғындарын Ұлы Жібек жолы бойында негізінен соғдылар, түркілер, сириялықтар, таңғұттар құрады. Сонда да, «халықтың ұдайы араласуы көшпенділердің отырықшыларға айналуы мен ассимиляциясы, сонымен қатар егіншілердің малшыларға ауысуы процесі тұрғындардың барлық осы бөліктерінің әлде бір қауымдастыққа біртіндеп бірігуіне алып келді. Бұл қоғамдастық егіншіліктің және мал өсірудің, диқан мен малшының ортақ

белгілеріне ие болды. Егер қаланың өзінде Отырар – Қаратау, Жетіасар мәдениеті басым болса, оның айналасында бұрынғы көшпелілер өмір сүрді. Олар өзінің мал өсіру кәсібін де тастамады және қала маңынан ажырамады. Отырықшы және көшпенді мәдениеттің көне түріктерде өркендеген күрделі кіндікдестігі мал өсіру мен егіншіліктің, мал өнімдерін дайындау мен жеміс өсірудің, қолөнер мен бақша өсірудің, құрылыс пен бағбандықтың бірге қатар өмір сүруіне мүмкіндік жасады. Қазақтың ата тегінің көпқырлы әлемі мамандандырылған тіршіліктің әр алуан формаларына негіз салды. Аса дамыған көшпенді шаруашылық жемісті қызмет істеп отырған егіншілікпен үйлесе отырып, сауда және қолөнермен толығып, халықтың әртүрлі этникалық топтарының мейлінше араласуы өзара ықпал етуді және бірігу процестерін күшейтті. Олар озық дүниетанымдық бағыт-бағдарға ие болды. Этностың неғұрлым басым бөлігінің ықпалымен түріктерге айналды» [6, 116 б.].

Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың біртіндеп әкімшілік орталықтарынан қолөнер, сауда және мәдениеттің шоғырланған орталығына айналғанына көптеген зерттеушілер өз назарын аударады. С.Л. Толстов қорытындыға келеді: «Бүкіл Шығыс тарихына тән қалалардың қуатты өркендеуі Шығыс қоғамының тек жер өңдеуші бөлігінің ғана жемісі емес. Керісінше, тұйық қауымдық шаруашылық жағдайында мұндай даму мүмкін емес еді. Қоғамдық еңбек бөлінісі жағдайында «қала» малшылар мен егіншілер арасында нақты орталық ретінде қоғамның ішкі байланыстарын сақтайтын буыны болып табылады» [42, 195 б.]. Осыған ұқсас пікірді К.М. Байпақов та келтіреді: «Орта ғасырда Қазақстан аймағын мекендеген халықтар мен тайпалар мәдениетінде айқын дәстүрлі сабақтастық көзге түседі. Ол сабақатастық қала салу, қыш өңдеу өнерінде көрінеді. Бұл көне дәуірден бастап, тарихи тағдырлары өзара сабақтаса дамыған, өзара біте қайнасқан Қазақстанның отырықшы және көшпенді халықтарының тығыз байланыстарымен айқындалды» [43, 389 б.].

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысулар ұлыстардың арасында сұхбат пен келісімділікке негізделген қатынастардың туындануына себепкер болды. Мысалы, Шығыста, ғұнның 24 тайпасын біріктірген Баудұн шаньюй б.з.б. 200 жылы қытай императоры Гао-диді Байдың тауы аңғарында «Бейбітшілік және туысқандық» [44, 51 б.] шартына қол қоюға мәжбүр етті. Империя Баудұнға жібек, мақта-мата, шарап, күріш салығын төлейтін болды. Ғұндар туралы деректерге қарағанда, олардың Рим империясындағы құлиеленуші тәртіпке тегеуірінді соққы бергенін мойындамасқа болмайды. Немесе бұдан 650 жылдан соң, 452 жылы Аттиланьың ғұндары Италияның терістігін ойрандап, Падуя, Милан т.б. қалаларды жаулады. Сөйтіп, 447 жылы Шығыс Рим, 452 жылы Батыс Рим империялары ғұндарға салық төліп тұратын болды. Ғұндар бұл империялар сияқты өркениет биігіне көтерілмесе де құлдық қоғамның іргесін шайқалтты. Еуропа халықтарының бұғаудан құтылуына жол ашты. Бұл ғұн тайпаларының прогреске қосқан үлесі деуге болады. Ата мекенінде – Азия далалығында қалған темір қару-жарақты ғұндар да бүкіл Орталық Азияның көне өркениетін дамытуға айтарлықтай үлес қосты. Кейінгі қазақ, қырғыз, ұйғыр, монғол, татар, т.б. халықтардың этникалық құрамын толықтырды, сол халықтардың қалыптасуына ықпал жасады.

Ғұндармен қатар жазба мағлұматтарда аталатын әуелгі Ұлы Жібек жолы бойындағы белгілі тайпаларының бірі – үйсіндер. Бұл ел туралы алғаш қытай деректері жаза бастайды. Қытай императоры – Ву Ди б.з.б. 138-126 жылдары және 115 жылы Чжан-Цзянь [44, 20 б.] деген елшісін үйсіндермен Ұлы жібек жолының қауіпсіздігі, тату көршілік қатынас орнату жөнінде келіссөз жүргізуге жібереді. Қытайлар көшпелі күшті иеліктер, үйсіндер мен ғұндардың бірігуінен қатты қауіптенген. Мүмкіндігінше, екі ел ынтымағын бұзуды көздеген дипломатия ұстанады. Осы мақсатта б.з.б. 108 жылы Қытайдан тағы елшілік келеді, бұған жауап ретінде б.з.б. 107 жылы Қытайға барған үйсін елшілігі Гуньмоға қытай патшасының қызын сұрайды [45, 53 б.]. Бұл ұсыныс тұсында да қытайлар ғұндарға қарсы әскери одақ болу шартын қояды. Бұған үйсін билеушілері көпке дейін келісім бермейді.

Еуропа географ-тарихшыларының еңбектерін қытай деректерімен салыстырғанда, Птолемейдің атақты географиясында сипатталатын: «Имай сыртындағы скиф елі», «серік», «сақтар жері» - қытай жазбаларындағы – Сиюй (Шығыс Түркістан), Яксарт – Сырдария болса керек. Ауксай – Тянь-Шань, Исседон - Сері жері, Юйтянь - Хотан, Исседон – Куча, Қарашары, ифагурлар – тохарлар, конедтер – үйсіндер [46, 57-58 бб.], деп сәйкестендіруге болады. Б.з. I ғасырында өмір сүрген грек ғалымы Птоломей исседондарды қоныстануына қарай скифтік және алтайлық деп бөледі. Қалай дегенмен де, Геродоттың, Аристей мен Птолемейдің қаламына ілініп жүрген исседон тайпасы қытай деректерінде көп айтылатын юсунь, усун, үйсін, үйшін, болуы әбден мүмкін деген пікірді Ғ. Мұсабаев, А. Бернштам, Г.А. Кушаев, т.б. ғалымдар өз кезегінде жоққа шығармайды.

Бұлармен қатар, әуелгі Ұлы Жібек жолы мәдениетін жасасқан көне тайпаларға жазба деректерде көп аталатын қаңлыларды да жатқызуға болады. Деректемелер былай хабарлайды: ғұндардың Чжичжи (Шөже) шаньюйі «солтүстіктегі үш елді» бағындырып алғаннан кейін, көп кешікпей, Талас пен Сырдария өзендерінің аңғарында көшіп жүрген кангюй тайпаларын ығыстыра бастаған. Жаңа заман шегінде Кангюй ордасының 600 мың жаны, 120 мың жауынгері болған. Шөже шаньюй мұнда Қытайдың ақсүйек тұқымынан шыққан ұлығы Гу Глді (б.з.б. 48 жылы) өлтірген. Алыс жолда аязға үсіп, аш-жалаңаштықтан жүдеп-жадап 3000 жауынгер ғана Шу бойына аман жетеді [47, 170 б.]. Қаңлы жеріне келген соң Шөже шаньюй қаңлы және өз жасақтарымен үйсінге шабуыл жасайды.

Шын мәнінде, қаңлы атауы географиялық, не этникалық-саяси мәнді білдіретін ұғым ретінде өте ерте дәуірден белгілі. Парсы жұртының көне эпосы «Шахнама» бойынша Канг тұрандардың ежелгі астанасы. Птолемей оны скиф руы, Әл-Идриси еңбектерінде: хангаркиши, Орхон беттеме жазуларында кенгерес деген атпен еске алынады. V ғасырдағы грузин, армян жазбаларында Кавказда «қаңғар жері», «қаңғар тауы» деген топонимикалар сақталған [48, 164-166 бб.]. Бұған қарағанда, I-IV ғасырлар шегінде жекелеген қаңлы тайпаларының ғұндарға еріп Кавказ бөктеріне жеткені байқалады.

Алғашқы өте ерте дәуірде арық-каналы көп аймақты «кан», «канал» (парсы тілінде) сөзінен шығып, ел атына көшкен де болуы керек, бұған Сарықамыстағы

Амударияның ежелгі бір саласы Қанғадарияның, Гильменд өзенінің бір саласының Миян – и- Канг аталуының тарихи сабақтастығы бар деп топшылауға әбден болады. «Шахнамада» Кангдиз, Канг-и-Сиявуш атаулары кездеседі. Авеста мен зороастрий діни әдебиеттерінде мәртебелі, әулие қангхи делінеді. Ежелгі массагет - үлкен юечжилердің ұйытқы мекені түрінде Хорезм еске алынса, ол Қаңлы ұғымының бір аймағын да білдірген. Әл- Истахри (980-933 жылдары) Хорезмнің – қас деп аталғанын жазса, «Худуд-әл-аламда» Қас қаласын Хорезм деген ат орнына, мемлекеттің ең көне орталығы ретінде еске алады. Әл-Макдиси (985 жыл шамасы) Хорезм еліндегі гүлденген 40 қаланың тізімін келтіреді [49, 235-236 бб.]. Мұны М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ат түрік» кітабында айтылатын Афрасиабтың қызы Қаз ханшаның өз атына байланысты қала салдыруы, сонда тұрғаны жайындағы тарихи әңгімемен шендестіре қарау ғылыми әбестікке жатпаса керек. Ежелгі Хорезмнің астанасының Қас аталуы және Хорезм ұғымының көбіне Қаңлы ұғымын беріп жүргені хақындағы шындықтарды саластырғанда, есте жоқ ескі заманда шахар іргесін көтерген билеуші есебімен мекен-жайдың аталуы, сол тұрақ мекен маңындағы елдің аталмыш қала, жер атымен байланысты атала келе, оның этникалық ұғымға айналуы да әбден мүмкін.

Наршаһи, Фирдауси, Исфahanилердің жазуынша Афрасиаб V ғасырда Бұхараны салдырып, Самарқанның ескі қаласы Афрасиабтың іргесін көтерген. Археологиялық мәліметтерге қарағанда, «Афрасиаб» Александр Македонский жаулап алғанға дейін-ақ үлкен қала болған. Содан Соғды жұртының VII ғасырда Араб халифатына бағынға дейін қала өзінің экономикалық, мәдени орталықтық маңызынан айырылмаған. Қамал, қорғаныс қабырғалары болған. Бұл археологиялық деректер Афрасиаб қаласының біздің жыл санауымыздан бұрын бар екенін дәлелдейді. Олай болса, оны салғызған Афрасиаб патшаның көне дәуір көсемі, түркі тайпаларының ежелгі ел ағасы екенін білдірсе керек [49, 182 б.].

Сөз жоқ, көшпенділік экономиканың экстенсивті типімен байланысты. Зерттеушілер сондықтан да жыл бойы мал соңында жүрген халықты тағылар қатарына жатқызуға бейім. Есімі танымал өркениет тарихын зерттеуші А. Тойнби: «Көшпенділердің тартқан сазайы, шынтуайттап келгенде, эскимостардан ешбір кем емес. Олар бұғауларын бағындыруға тура келген табиғи жағдай өздерін даланың қожасы емес, құлы қылды. Эскимостар сияқты көшпенділер де табиғи жағдайдың, жылдың төрт мезгілінің тұтқыны болды. Қырмен байланысты жолға қоямын деп жүріп олар өзге әлемнен қол үзіп қалды. Олар ауық-ауық өз жерін тастап, көрші отырықшы өркениет иелеріне басып кіріп, көршілерінің қалыпты тірлік ағысын талай мәрте тоқтатып тастап отырды. Шынтуайттап келгенде, бұл көшпенді ырықсыз бағынатын сыртқы күштердің әсерімен де болатын. Ондай күш екі түрлі: біріншіден, қырдың ауа-райы өзгеріп, көшпенді одан не қоныс, не өріс таппай тықыршып, екіншіден, жергілікті отырықшы қоғаммен арада көзге түспес кеңістік пайда болып бірін-бірі жақындатпауы олардың зығырданын қайнатып, төтенше қимылға ұрындыратын. Осыдан келіп қырғын қырқыс өзі-ақ туатын. Сондықтан көшпенділер тарихи оқиғаларға осылай айбарлы тартылғандықтан оларды тарихы бар қауым деуге

болмайды» [8] , - деп ол жазған. Өркениеттің өзін таза мәдениет деп деп қана танитын да осы Тойнби. Осылай біз көшпелілер, жабайылар есебінде «тарихы жоқ» халық қатарына біржолата жатқызылғанымыз қашан. «Тарихы жоқ халықтар» деушілер оларды тұрпайы қоғам, тағы қоғам, қайдағы бір томаға тұйық ортада қозғалысы жоқ, дамуы жоқ дәрежесінде санайды. «Ескі және жаңа әлем мемлекеттері ұлан-ғайыр өзгерістерді бастап кешіп жатты, ал дала, ондағы көшпелі халықтардың өмір салты мейілінше баяу өзгерді.

Осы тұста белгілі ғалым, археолог Д. Уотли ойына мән бергеніміз де орынды: «қандай да бір қауым ешқашан бөгденің көмегінсіз толық варварлық күйінен келесі біз өркениет деп атап жүрген күйге өтпеген және өте алмайды да, ал бұған біздің сенбеуімізге еш себеп жоқ. Адам жабайы күйден шыққан жоқ, әрбір қауымдағы өркениетке деген прогресс сол қауымның өз ішінде, сондықтан олар сол күйден, алыста қалған толық варварлықтан әрқашан ішкі күштері арқылы шығып отырды, соған қарағанда адамдар ешқашан толық жетілмеген немесе өздігімен дами алмаған». Д. Уотли бойынша: біріншіден, жабайылар арасында прогресс бар, екіншіден, ең ірі өркениетті ұлттардан да алғашқы варварлардың іздерін табуға болады [10, 350 б.]. Шындығында да, алғашқы адамдар терімшілік, егіншілік және малшылықпен айналысты, жабайы аңдарды үй жануары етіп қолға үйретті, тіпті қазіргі арнайы дайындықтағы сарбаздарымыздың соғыс алдында беттеріне қара бояу жағып алуы, алғашқы қауым адамдарының өлімнен қорғайды деген сенімдерінен қалған. Тарих бойынша әлемнің әр түкпірлерінде бір-бірімен жарыса өрбіген өркениет нышандарын еш қиындықсыз анықтауға болады. Алғашқы варварлар адамдардың бұл атаудан құтылуына негіз болды, қазіргі заман адамдары өздерін варварлардан алшақтадық дегенімен, ол алғашқы үлгі, адамзаттың бастапқы күйі. Олар өркениеттің пайда болуына себепші. Сондықтан да біз оларды «варвар» деп айдарлап, өзімізден алшақтатқанымыз өркениеттілікке жат. Өйткені олар жабайылықтың емес, нағыз өркениеттіліктің бастамасы болды.

Шығыстық нұсқаулар бойынша, арабтың «тамаддун» сөзі өркениет деген мағынаны білдіреді, оның тамыры «мадина», яғни қалалық болу, қалада жиналу деген сөзден тараған. Кейбір ғалымдар бұл сөздің лексикалық мағынасына мән беріп, қоғамның рухани құндылықтарын қамтитын мәдени дамуға қарсы қойып, материалдық дамудың мән-мағынасында түсіндіреді. Демек, өркениеттің белді белгілері болып есептелінетін материалдық жетістіктер, қалалар, жолдар, көпірлер, керемет сарайлар, мектептер, обсерваториялар, кітапханалар мен мешіттердің салынуы, математика, космография, астрономия, медицина, фармакология сияқты нақты ғылымдар аймағындағы ғылыми прогресс арқасында жүзеге асырылып отыр. Осы көзқарасты Ф. Энгельс те қолданған, оның “Отбасы, жеке меншік және мемлекеттің пайда болуы” деген еңбегінде өркениет жазу, қалалар және мемлекетпен бірге пайда болды деп жазады. Бірақ бұл ұғымға қайшы тағы бір көзқарас бар. Ол қоғамның рухани-мәдени құндылықтарын қамтитын әдебиет, тарих, дәстүрлер мен салттар, дін мен ұлт. Мысалы, Арнольд Джозеф Тойнби мен Уил Дорант әлемдік өркениет мәселелеріне арнаған өз еңбектерінде дәл осы ерекшеліктерді, яғни өркениеттің әмбебаптық мәнін ескерген еді.

А. Тойнби бойынша «Құдіреттілік ... әзірге адам жалғыз кезде еш мүмкін емес. Ол өз жанынан шығын мен қиналысқа ұшыраса да, өзін-өзі дамыту үшін, барлығын мойнымен көтеріп, басқаларды өзімен бірге жетілдіру жолына табанды түрде алып келуге міндетті». Әлеуметтік өмір табиғатының өзі шығармашылықты тұлғалар алдына серпіліс жасау таңдауын қояды. Бұл серпіліс Платон анықтамасы бойынша «өте күшті интеллектуалды одақ және өте тығыз жеке дара араласу» арқылы ғана бір жаннан екінші бір жанға «алаудан шыққан жарқылдаған ұшқын, жарық сәуле» тәрізді құдіретті от бере алады. Бірақ бұл жол басқалардың қатысуын талап ететін болғандықтан жетілдіру мақсатында аса қолайлы емес. Сонымен қатар, ішкі рухани игілік беруші - қасиетті, себебі бұл барынша сирек, әрі керемет құбылыс, құдды әлемдегі қасиеттіліктің пайда болуы тәріздес. Әлем - шығармашылықты тұлғалар өмір сүріп, еңбек ететін жер. Бұл жәй, қарапайым адамдардың қоғамы. Шығармашылықты тұлғаның міндеті қарапайым адамдардың тобын өздерінің ізін қуушылары қатарына қосу, адамзат бойындағы белсенділікті арттыру, оны мақсатқа бағыттау болып табылады, ал мұндай міндетті тек мимесис немесе еліктеу арқылы ғана жасауға болады. Мимесис дегеніміз - әлеуметтік жаттығулардың әртүрлілігі. «Бір адам басқа адамнан еркін импульсті қалай алады? Мұның екі жолы бар. Бір жол жаттығуларда болса, екіншісі мистицизмде ... Бірінші тәсіл өнегелілікті дәстүр арқылы таратуды ұсынса; екіншісі азды-көпті толық идентификацияға түсе алатын басқа тұлғаны, тіпті рухани одақты ұсынады. Екінші тәсіл жағдайға байланысты ақылға салады, Платон сөзімен айтсақ, керек құлақ Орфейдің баға жетпес кифара музыкасын естуге қабілетті болмаса да, командирдің бұйрығын лезде қағып алады. Шығармашылықтан мақұрым көпшілік тіпті бұл жол оны өлімге апарса да, өз көсемдерінің артынан соқырларша ілесе беруі мүмкін. Сонымен қатар, мимезисті шынайы қолдану барысында қиыншылықтар мен басқа ережелер кездеседі. Егер мимезис жаттығу түрі болса, демек ол белгілі бір дәрежеде адамды механизациялайды. А. Тойнби біз «жұқалтаң механизм» немесе «техникалық шығармашылық» тіпті болмаса «шебер механика» деп айтқан кезде, бұл сөздер материя астарында өмірдің жалпы жеңімпаз идеясын бере алады, әсіресе, адамзаттық еркіндік пен табиғат аясындағы ойлар даңқы ерекше аталады деп есептейді [8]. Механикалық ашылымдар шын мәнінде қоршаған ортаға деген адамның үстемдігін кеңейтті. Осылайша, жансыз объекттер өз мақсатына жетуге ұмтылған адамға көмектесе бастайды. Бірақ сержанттың өзі бұйрық бере отырып, взводтан механикалық дағдылар жинай бастайды, бұл дегеніңіз адамдардың механизацияға жетуі деп пайымдайды.

Табиғаттың өзі адамды механикалық құралдарды пайдалануға дайындай отырып, ойлап тапқыштық қабілет берді. Адам үшін шығармашылықтың шебер туындысы - адамдық тән, табиғи механизм. Онда өзі реттейтін екі машина – жүрек пен өкпе бар, машиналардың жетілгендігі сондай олар өздерінің жұмыстарын автоматты түрде орындайды. Табиғат адамға сезім мен ойлау, шығармашылықты қайталанбас жұмыс қозғалысын орындау үшін бұлшық ет пен психикалық энергия берді. Табиғат органикалық өмірдің

эволюция жолымен барынша өте жұқа ағзаларды пайда болғызды. Ол алға жылжудың барлық кезеңдерінде де Орфей тәрізді қимылдады. Табиғат өте көп қайталанатын жаттығулар қосқан, басқаша айтқанда, ол автоматизмге жетуді мұрат етті. Адамдық қоғам сияқты табиғи ағза өз бойында шығармашылыққа бейім азшылық пен керісінше көпшілікті ұстайды. Өсіп келе жатқан ағза да, өсіп келе жатқан қоғам тәрізді көпшілік жетекшілік етіп отырған азшылықтың нұсқауымен жүріп-тұрады және соларға еліктейді.

Ұлы Жібек жолының әлсіреуі көшпелі мәдениетке теріс ықпалын тигізді. Өйткені, кейбір зерттеушілердің кереғар пікірлеріне қарамай, көшпелілер үшін сұхбат пен мәдени ауысулар тиімді еді. Л.Н. Гумилев атап өткендей, көшпелі әлемнің қарғыс таңбасы – тайпалық ыдыраушылық екені хақ. «Жайылым-қонысқа байланысты жанжалдар, барымта-мал айдап кету, қыз алып қашу, қанды кек тәрізді ұдайы болып жататын жайсыз әрекеттер бөлшектенудің бұдан да өткен зардабының қасында (көзге ілінбей) қалады: ол – жат тайпалар шапқыншылығына басы бірікпеген тайпалардың ұйымдасып-қауымдасып қарсы тұруға қабілетінің жетпейтіні. Тайпалар одағы деп аталатын форма дәйексіз де дәрменсіз болған, әсіресе соғыс уақытында. Сол себепті де күшті жау көз алартып шыға келгеннен-ақ қуатты әскери өкіметтің қажеттілігі аса зәру мәселеге айналатын болған, ал XII ғ. чжурчжендердің тап сондай өкіметі болады» [50, 127 б.].

Ұлы Жібек жолының гүлденген кезінде, түріктер тап осындай хал-ахуал кезінде, жалпы жұрттың игілігі үшін, дұшпанына «бас идіріп, тізе бүктіре білген». Бұл жүйе – ел (il) деп аталған. Бірақ бұл жүйенің рақымсыз қаталдығы – оны халыққа күстәна етіп, тезірек құруына себепші болған, сосын мұның орнын тайпалар одағы келіп басады, ол – бейбіт уақытта өзін-өзі басқарып тұратын, ал соғыс жүргізуге арналған күшті өкімет билігі бар одақ еді. Рулардың мәжілісі – құрылтай – көсемді жариялаған, оны гүрхан – тайпалар бірлестігінің ханы деп атаған. Бір-бірін жария түрде шектеп отыратын осындай жағдай екі жақтың да көңілін хош етеді: өкіметке де, бағынушыларға да ұнайды [50, 127 б.].

## **2 ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТИПТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### **2.1 Ұлы Жібек жолы өркениеті орталықтарындағы мәдени ауысулар**

Ортағасырларда жер шары әлі толық түсінілмеген, бөлек-бөлек аймақтардан тұрды. Типті географиялық карталарда итбасты адамдар мен төрткөзді эфиоптар Батыс пен Шығыстың кейбір елдерінен тыс белгісіз аймақтарда өмір сүреді деп белгіленді. Тек біз адамбыз, ал басқаның бәрі адамсымақтар деген пікір Еуропада да, Қытай да үстемдік етті. Сол себепті Ұлы Жібек жолы сияқты мәдени артериялар шын мәнісінде адамзатты ашу болып табылады.

Ортағасырлық әлем туралы түсініктер Батыста Библияның көлемінен шықпады. XIII ғасырда Парижде орындалған географиялық картада дөңгелек әлемнің дiңгегi ретiнде Жерорта теңiзi бейнелендi, ол оның үш жағына «Т» әрпi түрiнде үш құрлық – Еуропа, Азия, Африка орналастырылды. Шеңбердiң ортасына «Жер кiндiгi» - Иерусалим қаласы қойылды. Бұл картаның басына



Солтүстіктің орнына Шығыс қойылып, ол адам жете алмайтын «қасиетті жер» орналасқан, онда төрт «жұмақ» өзендері Фисон (Ганг), Геон (Ніл), Тигр және Евфрат ағады делінген. Тіпті атақты Марко Полоның өзі Суматра аралы тұрғындарын былай суреттейді. «Онда құйрықты адамдар тұрады. Андаман аралдары тұрғындары итбасты болып келеді» [51 , 177 б.].

Бірақ адамзат қашанда өзінің тұйық әлемінен шығуға ұмтылды. Скандинавияда «үйден шықпайтын» адам ақымақпен теңестірілді. Викингтер өз кемелеріне мініп алып, бүкіл мұхиттарды шарлады, табысқа ұмтылған көпестер Ұлы географиялық жаңалықтар ашылғанға дейін-ақ әлемде бармаған түкпірлер қалдырмады.

Франктер мемлекетінен Қытайға сапар шеккен көпестер араб, парсы, қытай тілдерін үйренді, жат жерлерде өз мүдделерін қорғау үшін гильдияларға бірікті. Шынында да көпестер бүкіл әлемді қозғалысқа енгізді.

Ормандағы мейрамдарда сириялық әуездер естіліп тұрды, Марсельде египет папирустары, ал Арледе піл сүйегінен жасалған заттар сатылды. Венециялықтар мен генуялықтар Левантпен бүкіл сауданы қолдарына алып алды.

Ұлы Жібек жолының қалыптасуына араб саяхатшылары мен исламды таратушылар үлкен үлес қосты. Мұсылмандар ортағасырларда әлем туралы еуропалықтардан анағұрлым көп білді. Ислам бойынша, саяхатшылар ғұламалармен теңестірілді және оларға қонақжайлылық таныту міндетті болды.

Түрік қағанының өзін қалай қабылдағанын сипаттай отырып, Сюань-Цзян түрік зиялыларының салтанатты жібек киімдерінің молдығын бірнеше қайтара ауызға алады, сонымен бірге өзіне көрсетілген сый-сияпат ішінде: «Қызғылт түсті жылтыр шыттан тілгілген неше алуан киімдер санатын және елу кездеме жібек» бергені жөнінде хабарлайды.

Ұлы Жібек жолы Еуразияның қан тамырлары тәрізді оның бүкіл бойын камтып алды. 1965 жылы Самарқанның маңайындағы Афрасиабан VII ғ. өрнектері табылды. Патша сарайының ең төрінде үлкен әлем халықтарының көрмесі тәріздес панно орналасқан. Сурхандария аңғарындағы Чаганиан билеушісінің елшілігін бейнелеген суретте пілдің үстіндегі ханзада мен түйеге мінген сарбаздар, ұшып жүрген киелі ақ құстар көзге түседі. Сарайдың батыс қабырғасында шаштарын түйген түрік жауынгерлері мен қолдарына жібек маталарын ұстаған қытайлықтар назар аударады, Кореядан келген елшілердің бас киімдері, құс қауырсындарымен безендірілген. Солтүстік қабырғада қытай ханшасы қайықта серуендеп жүр және жағалауда қабыланға аңшылық қыза түсуде [27 , 42-43 бб.]. Әрине, осының бәрін бейнелеу үшін түкпір-түкпірдегі халықтардың өмірі және әдет-ғұрыптарымен жақсы таныс болуы керек. Бұл тек Ұлы Жібек жолы сияқты мәдени дәнекерлер арқылы жүзеге аса алады.

Енді Ұлы Жібек жолы мәдениетінің негізгі орталықтарына көшейік.

Ұлы Жібек жолы мәдениетінің қалыптасуында үлкен әсер еткен өркениеттік ошақтардың бірі - Византия.

II Юстин императорлығы кезінде Соғдыдан түрік қағаны Дизибулдың атынан Константинопольге елшілік келді. Оны соғдылық бекзат Маниах басқарды және оның мақсаты Византияға көпестерге үлкен алым-салық салатын Иранға соқпайтын жаңа керуен жолын ашу туралы келісімге келу болды.

Византия императоры жауап ретінде Зимарх басқарған өз елшілігін Солтүстік Кавказ арқылы аттандырды. Осының нәтижесінде 500 жылғы үзілістен кейін Қытайдан Румға (Византия) дейін созылған мәдени ауысулар әрекет ете бастады.

Жібек енді халықаралық валюта қызметін атқара бастады: ақсүйектер үлде мен бұлдеге бөленді, сарбаздар жалақысын жібекпен алды, шетелдік елшілер жібектен сый алды және т.б.

Антикалық мәдениеттің мұрагері Византия өзінің мыңжылдық тарихында ерекше рөл атқарды. VI ғасырдан бастап Константинополь әлемдік өркениеттіліктің басты ошағына айналады. Афинадағы Академия жабылғаннан кейін Константинополь университетінде Шығыс пен Батыстың көптеген ғұламалары жиналып, заманның күрделі мәселелерін талқылай бастайды, ортағасырлардың Парижіне айналады [52, 23 б.]. Б.А. Старостин Византия Ренессансы туралы толық айтуға болады деген пікірді қолдайды [53, 389 б.].

Византиялық өркениеттің төмендегідей ерекшеліктерін атап өтуге болады:

- кейінгі антик дәстүрінің ұзақ уақыт бойы сақталуы;
- Шығыс халықтары өркениеттерінің (Сирия, Палестина, Египет, Иран, арабтар, үнділер, қытайлар, түркілер, славяндар) белсенді әсері;
- Шығыс христиандық діннің үстемдігі;
- мемлекеттік-империялық доктринаның басымдылығы.

Византия мемлекетінің ортағасырларда өркендеуінің себептері біршама. Солардың арасында Ұлы Жібек жолының маңызы ерекше. Осы жөнінде В.П. Даркевич мынадай айғақтар келтіреді: «Торговые связи Византии простирались далеко за пределы халифата: они охватывали Эфиопию, Индию, о-в Цейлон (Шри-Ланка) и «Поднебесную империю». От Китая к Средиземноморью протянулся трансконтинентальный Великий Шелковый путь, который более 1500 лет служил связующей артерией между отдаленными народами. Сухопутная дорога вдоль Евфрата, ведущая к гаваням Персидского залива, связывала Шелковый путь с городами Малой Азии и Сирии. Функционировала и древняя караванная трасса в Сирию через Иран. Иранцы и кочевые тюркские племена активно участвовали в передвижениях по Шелковому пути. Как свидетельствуют археологические находки в высокогорных аланских могильниках в IV-IX вв. существовал северокавказский путь мировой торговли шелком. Он пересекал с юга на север всю Среднюю Азию, проходил по побережью Каспийского моря, затем по северокавказским предгорьям и через перевалы западного Кавказа выводил в Абхазию. Отсюда добирались до Трапезунда и следовали в Константинополь либо сухопутной дорогой, либо морем. Китайские, согдийские, персидские шелковые ткани из Византии проникали в Западную Европу. Византийцы проникали в Западную Европу. Византийцы являлись посредниками между Западом и Востоком в торговле китайским фарфором, ювелирными изделиями и драгоценными камнями Индии. В свою очередь, византийские товары достигали дальнего Востока: в Танскую эпоху в Китае носили стеклянные бусы, изготовленные в сирийских центрах» [54, 71 б.].

Мәдени ауысулар тек сыртқы байланыстарда ғана емес, сонымен бірге Византияның ішінде де жүріп жатты, өйткені бұл империя көпэтникалық негізде

құрастырылған еді. Елді басым гректерден басқа эллиндендірілген коптылар, сириялықтар, армяндар, иудейлер, фракиялықтар, Кіші Азияның жергілікті тайпалары мекендеді. Олардың бәрі империялық мемлекет қуатымен біріктірілді.

Ұлы Жібек жолы мәдениеті үшін араб-византия мәдениеті, басқаша айтқанда, мұсылман және православиялық өркениеттердің өзара сұқбаты маңызды рөл атқарды. Халиф әл-Мамун император Феофилмен хат алмасып тұрды, армян ғұламасы Лев Бағдатқа арнаулы шақырылды [55, 147 б.].

Византияның Шығыспен байланысын негізінен сириялықтар жүргізіп отырды. Бұл әсіресе VI ғасырда Византияда христиандық елестің барлығын қудалау басталғаннан кейін ерекше мәнге ие болды. Афина Академиясының көптеген ғалымдары Сирия мен Иранға қоныс аударды.

Ұлы Жібек жолы мәдениетінің қалыптасуы мен өркендеуінің келесі бір маңызды ошағына **Сирия мәдениеті** жатады.

Сириялықтардың Ұлы Жібек жолы мәдениетіне қосқан үлесі туралы К. Байпақов пен А. Нұржанов мынадай ойларын келтіреді: «Нестория ілімі 431 жылы Эфесс соборында қатты сынға ұшырап, несторияшылдар қатты қуғын-сүргінге салынды. Сөйтіп, олар соның нәтижесінде Иранға қашып кетуге мәжбүр болды. Несторийдің жақтастары Парсыда, шекаралық күштер басын біріктіретін мектеп ашты. Константинопольдегі сауда орталығынан айрылған сириялық бай көпестер мен қолөнершілер Шығысқа қарай ағылды. Сириялықтардың көпғасырлық экономикалық байланыстары олардың Араб түбегіне де, Үндіге де, Иран мен түркі тілдеріне сирия тілінің белгілі бір дәрежеде әсері болған Орта Азияға да өзінің мәдени ықпалын тигізбей қоймайды. Христиан дінінің метрополиядағы және отарлардағы сияқты соғдыларға да таралуы соғдылардың Сирия жазуымен танысуына мүмкіндік берді. Сирия жазуы соғды-христиандар арқылы ұйғырлардың қабылдауымен ежелгі түркі тайпаларына да таралды. Сириялықтар дүниежүзілік ғылым мен мәдениетке аса зор үлес қосты. Олар Шығысты антикалық ең ежелгі заманнан бастау алған дүниежүзілік мәдениеттің даму сатысына көтерді» [20, 34 б.].

Ұлы Жібек жолы маңайындағы ортағасырлық Қазақстан жерін мекендеген тайпалар да сириялық ықпалға ұшырады. А. Тойнби Орталық Азияда Ұлы Жібек жолы арқылы екі өркениет: семиттік және түркілік тоғысты дейді. Оның мына бір болжамы көңіл аударарлық: егер Ұлы Жібек жолы күйзеліске ұшырамаса, қазіргі Кеңес Одағы аумағында сириялық мәдениеттің түркілік баламасы пайда болар еді, екі Қосөзен – Месопатамия мен Мәуренаһр синтездік түрде орнықты болар еді. Бірақ тарих басқаша ұйғарды: Ресейдің экспансиясы нәтижесінде Орталық Азия шығыс христиандарының қысымына түсті. Әрине Ұлы Жібек жолы бойындағы өлкелерде христиан діні ертеректе келе бастады. Бірақ шығыс христиандары түбінде Шығыс Азия мен Орталық Азиядан кетуге мәжбүр болды. Алайда Ұлы Жібек жолы әрекет етіп тұрған уақытта сириялықтардың бір бөлігі қабылдаған шығыс христиандары Орталық Азияға айтарлықтай әсерін тигізді. Тарихшылар К. Байпақов пен А. Нұржанов, археологиялық деректерге сүйене отырып, осы жөнінде мынадай деректер келтіреді: «XIV ғасырдың аяқ шеніне дейінгі кезеңде ортаазиялық түркі ұлтты

христиандардың «діни өнер мен діни мәнді айшықтарының» озық үлгілеріне қайрақтастар – несториандық жазулары мен айшықты таңбаралы бар құлпытастар болды. Олардың негізгі көпшілігі Жетісу мен Шығыс Түркістанда ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кезінде табылды, рас, ондай олжалар қазір де ұшырасып қалады. Мәселен, ескі Краснореченск (Қызыл өзен жағасындағы) қаласын қазғанда ХІ-ХІІ ғасырда салынған құрылыстың іргетасынан сириялық жазулары бар екі қайрақтас табылды. Олар екінші қайтара пайдаланылған. Қайрақтастың бірінде 789 жыл таңбаланса, екіншісі 909 жылды көрсетеді. Біріншісінде «Иал-анч бикештің» атты жазылған. Мұның өзі өте ертеде сириялық құлыптастарға жазылатын қабірнамаға, V–VI ғасырларда Сириядан табылған қайрақтастардың осыған ұқсас үлгілерінің аралық буынына жатады, ал ХІІ - ХІV ғасырлардағы қайрақтастар, жоғарыда айтқанымыздай, Жетісу мен Шығыс Түркістаннан табылды» [20, 31 б.] .

Бір таңғаларлығы, сонау бір қияндағы Азия аймақтарының сириялықтармен тығыз байланыста болғандығы. Олардың отарлары мен өз иелігіндегі сауда орталықтары Жерорта теңізінен сонау «Аспан империясына» дейін қанат жайып жатыр еді. Таулы аймақтар мен көгал айпаттарды басып өтетін осы жолдың бойынан әлі де тіршілік тынысы мен өнердің, түрлі діндерге және христиан дініне тән құмға көміліп қалған ескерткіштер табылуда. Және осы жолдың басынан аяғына дейін тұс-тұсқа таралуы өте ерте дәуірде басталған сириялық жазу мәдениетінің, сириялық христиан дінінің айғақ заттары табылады да жатады.

Сириялықтардың көпғасырлық экономикалық байланыстары олардың Араб түбегіне де, Үндіге де, Иран мен түркі елдеріне де сириялық діндердің белгілі бір дәрежеде әсері болған. Орта Азияға да өзінің мәдени ықпалын ол тигізбей қоймайды. Христиан дінінің метрополиядегі және отарлардағы сияқты соғдыларға да таралуы соғдылардың Сирия жазуымен танысуына мүмкіндік берді. Сирия жазуы соғды–христиандар арқылы ұйғырлардың қабылдауымен ежелгі түркі тайпаларына да таралды.

Көптеген ғасырлар бойы Шығыс тек батыстық метрополиялардың түсініксіз провинциялары деген ой қалыптасқан. Шығыс халықтарының тарихы еуропалық мүдделілікпен түсіндіріліп келді. Арабтар тарих беттерінде тек Испанияны жаулап алып, Палестинада крест тағушы серілермен соғыс кезінде ғана, үнділер Британия отарлауынан соң, ал қытайлықтар тек «апиын» соғыстары кезінде пайда болды деп еуропалықтар ойлады.

Шын мәнісінде «Шығыс» пен «Батыс» ұғымдарының өздері шартты болып келеді. Б.з.д. V ғасырда гректер «Шығыс» деп Азия мен Парсы империясын атады, мыңжылдан кейін Афины, Византия, Александрияның мәдениеттері Шығыстың құрамдас бөлігіне айналып кетті.

Немесе американдық үндістер мен полинезиялықтарды, олардың еуропалық еместігіне қарамай, ориенталистер Шығысқа жатқызбайды. Тіл жағынан алсақ, Азияның көп бөлігін миллиондаған үндіеуропалықтар қоныстанды. Дін жағынан мәселе одан да күрделініп кетеді. Осы мысалдардың бәрі Шығыс-Батыс дихогомиясының жасандылығын көрсетіп тұр.

Ұлы Жібек жолы мәдениетінің қалыптасуы мен өркендеуінің келесі бір маңызды ошағына Соғды өркениеті жатады. Бұл өркениет көне Иран мәдениетінің қисынды жалғасы болып табылады.

Академик Ә. Нысанбаев атап өткендей, Иранның географиялық жайы, өйткені ол Үндіні, Орталық Азияны, Орта Шығысты, Еуропаны байланыстырып тұрған қыратта орналасқандықтан, оның Еуропа мен Азияның арасындағы сауда және мәдени байланыстарда маңызды дәнекер болуына оң ықпалын тигізгеніндей, солай қазақ даласы да өзінің географиялық жайымен Шығыс пен Батыстың сауда және мәдени өзара әсеріне себебін тигізді, өйткені Ұлы Жібек жолы әлемге әл-Фарабиді сыйлаған территория бойынша өтті. Иран арқылы Жерорта теңізіне қарай Қытайдан жібек пен қағаз, Үндіден алтын мен хош иістілер, Орталық Азиядан жылқылар мен терілер аттандырылды. Қазақстан территориясы бойымен тауарлар тиелген керуендер жүріп жатты, көшпелі-малшылар да мәдени құндылықтарды айырбастаудың белсенді дәнекерлері болды. Сығнақ, Сауран, Тараз, Иассы, Баласағұн, Отырар сияқты, керуен жолдары өтуі шамасында далада өсіп шыққан, көне қалалар әлемге өзінің жоғары мәдениетімен және олардың даңқын паш ететін - әл-Фараби, Дулати, Қожа Ахмет Иассауи, Баласағұни сияқты көрнекті өкілдерімен белгілі болды.

Иран Еуропаға люцернді, ақ көгершінді және жұмақ құсын (павлинді) берді. Атақты парсы кілемдерінің өрнектері мәнерлеудің жоғарғы дәрежесін куәлады, бұл халықтық ойлаудың жалпылау мен абстракциялаудың биік деңгейіне қабілеттілігін сипаттады. Бірақ көне иран мәдениеті әлемге тек маталардағы, кілемдердегі және қыш құмыралардағы таң қаларлық өрнектерді ғана сыйламады. Ирандықтардың рухани құндылықтары, діни идеялары мемлекеттер шекараларын кесе отырып, иудаизм мен христиандықта көрініс тапты. Олар, Иранның діні болып қалыптасқан, исламда да терең ұяланды. Ислам идеялары, оның дәстүрлі таралу аймағы, Қазақстанда да қабылданды. Иранның аңыздық патшасы Хушанг от тұтатуды үйренді, ал оның ұлы Жәмшид Жаңа жыл мейрамы, көктемдік тепе-теңдіктің рәмізі – Наурызды енгізді, бұл мейрам қазақ мәдениетінде де жоғары бағаланады және оны Қазақстан халықтары да атап өтеді [56].

Мәдени алмасу, бейбіт сауда және қонысаударушылық қозғалысына негізделген көршілес этностардың жағдайы мүлдем басқадай болды. Мұның айқын мысалын түріктер мен соғдылардың Жетісуда және Қазақстанның қазіргі оңтүстік аудандарындағы бірлесе қимылдауынан көреміз. В.В. Бартольд Сюань Цзянның деректеріне сүйене отырып деп жазды: «...Суяб қаласынан батысқа қарай бірнеше қалалар орналасқан. Олардың әрқайсысында басқаларға тәуелсіз, бірақ түріктірге бағынышты өз басшысы бар. Шудан Гешуанға (Күшен) дейінгі бүкіл ел Сули (Сулиғ, Соғд) аталады. Тұрғындардың жартысы егіншілікпен, екінші бөлігі саудамен айналысты» [57, 38 б.].

М. Орынбеков көне ирантілді соғдылықтардың негізгі мамандығы сауда болды дейді. «Осыдан келіп туындаған арақатынас ежелгі егіншілік оазистерінен шығысқа жаппай қоныс аударған соғдылықтардың өзара мәдени ықпал етуі, қатар жүретін сауда экспансиясын жүзеге асырғанын көреміз. Соғдылықтардың жергілікті түрік халықтарына, неғұрлым ауқымды ықпалы

мыналар: Хорезм мен Ферғанадан негіз алған егіншіліктің жаңа мәдениеті, Бұхара мен Самарқандтан бастау алған сәулетшілік, Шаш пен Соғдыдан алған керамика өнері болды. Соғдылықтар түрік тілі мен мәдениетін тез қабылдады: бұл олардың қағанаттың экономикалық жүйесін тез меңгеріп, қоғамда елеулі орын алуына мүмкіндік берді.

Көршілес этностардың өзара ықпалы мен соғдылықтар ассимиляциясының, ең жоғарғы жетістігі – жаңа әлеуметтік ортада Жетісу мен бүкіл Оңтүстік Қазақстанның өңірінде өндіргіш күштердің қауырт өсуі болды. Бұл жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайына тиімді әсер етті. Екінші бір жағынан түріктердің Орта Азияға енуіне байланысты қолайлы ықпал ету прогресі де байқалған еді. Әсіресе, бұл әкімшілік құрылымда айқын көрінді, өкінішке орай, бұл мәселе зерттеу тақырыбы болмағандықтан бұған тоқтала алмадық.

Соғдылықтардың тап болған жағдайынан көрінгендей олар көршіліес халықтың мәдениетін қабылдап, сіңіруге мәжбүр болды, бұл екі арна арқылы: түріктер мен арабтардың әскери және мәдени ықпалы арқылы жүзеге асты. Жетісу осыған байланысты арабтардың әскери экспансиясының жеткен соңғы межесі болды. Олар әрі қарай өте алмады. Бұл тұрғыда соғды-түрік одағы араб экспансиясын тежеуде басты рөл атқарды. Біз үшін маңыздысы мынау: көршілердің өзара ықпалының екі арнасы - әскери және мәдени ықпал етуі сұхбат мәдениетінің тарауына кең жол ашқан еді.

Жоғарыда көрсетілген деректерден соғдылардың Ұлы Жібек жолы мәдениетінде шешуші рөл атқарғандығы аңғарылып тұр. Ортағасырлық авторлар Самарқанд қаласында жас баланың таңдайына бал тамызып, «шешен болсын» деген тілек айтып, алақанына ақша жабыссын деп желім жағып, 20 жасынан бастап пайда табуға жігіттерді басқа жерлерге жібереді екен [58, 310 б.].

VIII ғ. Еуропадағы жібек маталарында соғды жазуы кездесе бастайды және оларды Бұқараның маңайындағы Зандана қышлағының атымен «занданечи» деп атаған. Осыдан бастап соғды жібегімен бірге соғды жазуы да әлемге тарап кетеді.

VII ғасырдан бастап Ұлы Жібек жолы бойында соғдылық отарлау басталады. Қытайдың астанасы Чаньчада мыңдаған соғдылар қоныстанады. Жалпы алғанда шығыс ирандықтар-соғдылар көптеген түркі халықтарының этногенезінде маңызды рөл атқарған. Мысалы, қазақ халқының сөздік қорында түпкілік субстратпен қоса көптеген ирандық атаулар кездеседі.

Қазақ мәдениетінің тілдік ерекшеліктерін терең зерттеген Ә. Қоңыратбаев, М. Қашқаридің зерттеулеріне сүйене отырып, мынадай қорытындыға келеді: «Қашқаридің айтуынша, сол кездің өзінде-ақ парсы сөздіктері Соғды арқылы оғыз, шығылы, арғу тілдеріне ене бастаған екен. «Өрен» сөзінің тегін әр нәрсенің жаманы, бұзылғаны дей отырып, Қашқари парсының «авйран» (ойран) сөзінен тумалы ма екен депті. Тағы бір сөзінде: «Оғыздар парсылармен араласып кеткендіктен, бірқатар түрік сөздерін қолданады» [59], - деп жазады. «Тұрма» (сәбіз) сөзіне түсінік бергенде де осы ойын қайталаған. Парсылар сәбізді «кзар, кизри» десе, оғыздар «кашур» деп атаған. Парсыдан от құманы (афтабе)

келгенде, түріктер «құмған» деген сөзді ұмытты дейді. «Құмған» бізде бар да, «афтабе» атауы жоқ.

«Құлақ қоятын бір шындық: X-XI ғасырлардан бастап егіншілік, билік, қала, мәдениетке байланысты парсы сөздерінің түркі тілдерге ене бастауы анық болуға жүрген ортақ сөздер дәлелдейді. Парсы сөздігі кітаби жазбасы ерте туған өзбек тілінде тіпті көп. Сол сөздер ұлт тілінің өз лексикасына айналған. Бұл белгіден қазақ тілі де құр емес» [60, 166 б.].

Тіпті, кейін дәстүрлі қазақ мәдениетінде парсы-тәжік әдебиетін білу мәдениеттіліктің маңызды шарты болып есептелген. Осы жөнінде Абай анық айтып кеткен. Бұл құбылыстың алғышарты сонау Ұлы Жібек жолы мәдениеті кезінде қалыптасқан. Тағы да осы туралы Ә. Қоңыратбаевтан бір үзінді келтірейік: «Парсы (тәжік) тілінің әсерін сөз еткенде атап айтарлық бір жай – сол сөздердің ертеден-ақ қазақтың сөйлеу, жазу тіліне, ертегі, эпосына мол екендігі болса керек. Соның бәрі де X ғасырдан бастап тек сауда, мәдени қарым-қатынас қана емес, жазба кітап (әдебиет) арқылы да енген. Ол кезде «Мың бір түн», «Шаһнама», «Қалила мен Димна», «Тотынама» сияқты шығыс ертегілері мен дастандарын оқымаған қазақ кемде-кемде болған. XX ғасыр басында өзбек, парсы әдебиетінің дәстүрін біздегі кітаби ақындар, сюжет қуушылар айрықша мол қолданады (Шәді, Әбубәкір, Нұржан, т.б.).

Шығыстың жазба тілінің қазақтың сөйлеу, эпос, жазба тіліне бірдей жайылуын қалайша жоруға болар еді? Ең алдымен, ол шығыс елдері мен Орта Азия халықтарының арасында көп заман рухани байланыстың мығым болғанын білдірсе керек. Соларға ортақ әдеби нұсқалар да аз болмаған («Қиссасұл-Әнбия», «Құран» т.б.).

Екінші жорамал. Қазақтың жазба әдебиеті XIX ғасырдан бастап өзінің қос қанатымен бірге туғандай: бірі –шығыс дәстүріндегі жазба әдебиет, екіншісі – Абай ізіндегі жаңа әдебиет» [60, 169 б.].

Ұлы Жібек жолы мәдениетінің тағдыры туралы кейбір жазбаларда исламдық өркениеттің қалыптасуы бұл мәдени артерия үшін қолайсыз болды деген пікір айтылды. Бұл тарихи шындық және қисынмен келіспейтін ой. Араб жорықтарының нәтижесінде Иранның құлағына белгілі, ал бұл Тан империясы және араб халифаты арасында тікелей байланыстың пайда болуына әкелді.

Ұлы Жібек жолымен бірге пайда болып, кейін монғол шапқыншылығынан кейін тарқап кеткен Соғды сияқты тағы бір өркениетке Таңғұт мемлекеті жатады. Осы этномәдениетті зерттеу арқылы Ұлы Жібек жолы мәдениетінің кейбір ерекшеліктерін түсінуге болады.

1908 жылы П.К. Козлов өзінің Орталық Азияға экспедициясы кезінде бұрын белгісіз Харо-хото (Эдзине) қаласының қалдықтарын ашты. Бұл қала туралы кейбір деректер Г.Н. Потанин мен Г.Е. Грум-Гржимайлоның естеліктерінде де кездеседі [61, 404 б.].

Қираған қаланы қазу жұмыстарын жүргізу кезінде көптеген буддалық, ескерткіштер, таңғұт жазуы үлгілері, ақшалар, кітаптар т.т. табылды.

Географиялық картаға көз тастасақ Харо-хотоның керуен жолдарының торабына орналасқанын көреміз. Қытайдан бұл шұрайытқа жеткен Ұлы Жібек жолы батысқа (Орталық Азия, Иран, Византия), шығысқа (Хотан, Түркия т.т.)

және солтүстікке (Монғолия, Сібір) қарай тармақталған. Осы жол арқылы буддизм Қытайға қарай табысты тараған III-IV ғғ. арасында Эдзин-Голдың аңғарлары сауда жолдарының маңызды аймағы болып қалғанымен, таңғұт мәдениетінің өркендеуі Қытайдағы Тан (618-907 ж.ж.) дәуірінің мәдени өркендеуімен байланысты және ол Қытайдың бақылауында болып келген.

X ғасырда Орталық Азияда Таңғұт мемлекеті пайда болады (982-1227жж.). Осы мемлекет уақытында Эдзин-Голдың бойында суару арықтары қазылып, дамыған аграрлық өркениет қалыптасады [62, 12-13 бб.].

Марко Поло суреттегендей, Харо-Хотода екі үлкен көше болған: ақсүйектер тұратын көше және көпестер мен қолөнершілердің көшесі. Қалада тоқымашылық өнер жоғары дәрежеде дамыған, «әлемдегі ең әдемі түйе жүнінен дайындалған бұйымдар осында шығарылып, Қытаймен басқа елдерде сатылатын болған» [50, 94 б.]. Қытайлықтар мен ұйғырлар таңғұттардан кесілген жібекпен жасалатын гобелен өнерін («кэса») қабылдаған. өз кезегінде таңғұттар Қытайдан фарфор бұйымдарын жиі алып тұрған.

Таңғұт мемлекетіндегі мәдени ауысулар үшін өте маңызды артефактыға қағаздан жасалған кітаптардың кең таралуы жатады. Егер XI ғасырда қытайлықтар негізінен жібек маталарын парақтар ретінде қолданса, Харо-Хотода «кітаб-көбелек» деген ойланып шығарылды. Таңғұттар корейліктер, жапондар және вьетнамдықтар сияқты қытай жазуын өз тілдері ерекшеліктеріне икемдеу жолымен емес, тибеттіктерден алфавит жазуын қабылдау әдісімен емес, ал төлтума әлемдегі ең күрделі иероглифтік жазуды қалыптастыруымен есте қалды [62, 21 б.].

Таңғұт ақсүйектері Қытай мәдениетіне ерекше ден қойды, оның «Категориялар орманы» деген энциклопедиялық шығармасын өз тіліне аударды. Сонымен бірге ұлттық фольклор негізінде таңғұттар негізінен нақыл сөздер түрінде төлтума туындыларды да жасап шығарды.

Таңғұт мәдениеті Ұлы Жібек жолы бойындағы аралық бекеттердің бірі ретінде сан-алуан мәдени өнімдердің айырбасының куәсі сияқты болды.

Жатжұрттылық бұйымдардың тізімі әрқелкі болған. Олар мирра мен ладан, жасминь суы мен амбра, кардамон мен жұпар жаңғағы, дәрітамыр, айдаһар, улы жылан өті, кілем, жібек және мақта-мата кездемелері, әр түрлі бойяулар, минералды шикізаттар, алмас, яшма, янтарь, маржан, піл сүйегі, «балық азуы», күміс, алтын, тай тұяғы, аң терісі, монета, жебелі садақ, қылыш, найза, айбалта тағы басқалары еді. «Жібек жолымен» Ферғананың қызбақанды жылқысы, араб пен нисий арқымақтары, түйе мен піл, мүйізтұмсық пен арыстан, сілеусін мен елік, қаршыға мен сұңқар, тауыс пен тоты, түйеқұстар сатуға әкелген. «Жібек жолында» әскери тұтқындарды, қол өнершілерді, ергежейлілер мен зұлыстарды сату да кең өріс алған» [63, 67 б.].

Жоғары да аталып өткендей, таңғұт елі діни ауысуларға да үлкен себебін тигізген. «Жібек жолы» арқылы әр түрлі ағымдағы миссионерлер өз сенімдерін «теңіздің ар жағындағы» елдерге таратып келген. Үндістаннан Орта Азия мен Шығыс Түркістан арқылы Қытай мен Жапонияға буддизм тараған; Сириядан, Ираннан әуелі христиан, соңымен ислам тараған. «Жібек жолының» құл саудасы үшін шапқыншылық пен қантөгіс айқастың жолы болғаны да белгілі. Бірақ оның



ғасырлар өтсе де ізін жоғалпайтын басты маңызы - әр түрлі елдерді, жұрттарды, мәдениеттерді жақындастыруда болғанын да естен шығаруға болмайды.

Егер таңғұт мемлекетіне қайтып келсек, онда діни және мәдени «көшкіндерде» бұл елдегі буддалық өнер туындыларына тоқтап өткен жөн. Хара-Хотодағы икона жалаулар жібек немесе басқа маталарға салынған өнердің жетілген түріне жатады.

Таңғұтта буддалық рәміз мандала ерекше мазмұнға ие болады. Бұл магиялық шеңберде «Т» әрпі түрінде квадрат салынған, квадраттың ішінде тағы да шеңбер келтірілген, ал ең орталықтағы шеңберде әдетте бір маңызды құдайдың бейнесі салынады [62, 31 б.]. Көріп отырғанымыздай таңғұт өнерінде Қытайдан басқа, Үнді мен Непал стильдерінің ықпалы анық байқалып тұр және бұл Жібек жолы арқылы мүмкін болды.

1227 жылы моңғол шапқыншылығынан кейін Таңғұт мемлекеті өмір сүруін тоқтатады. Бірақ бұл мәдениеттің іздері ежелгі керуен жолдары әбден ұмытылғанға дейін өз жалғасын таба білді.

Марко Поло XIII ғасырда да Эдзиненің транзиттік маңыздылығын атап өтеді: «Бұл жерде 40 күнге азық-түлік жинап алады, себебі одан ары 40 күн бойы ештеңе жоқ» [50, 84 б.].

Моңғол үстемділігі кезінде Хара-Хотода ұйғыр әрпімен бірінші моңғол тіліндегі кітаптар басылып шыққан. Бұрынғы мәдени дәстүр өз жалғасын басқа кең мәтінде тауып тұр.

Осы кезеңде таңғұт жеріне ислам да жетеді. Кейбір зерттеушілер қазіргі дүнгендерді исламдандырылған таңғұттар деп есептейді. Хара-Хотода мешіт салынады, «Жеті дананың кітабы» деп аталатын араб-парсы мәтіндері таңғұттар арасында кең тарайды. Мұсылмандық және несториандық мәтіндерді талдау таңғұт мәдениетінің Жетісудағы пікірлестерімен тығыз байланыста болғандығын көрсетеді.

Мин империясы тұсында (1368-1644 жж.) қытайлықтар таңғұт жеріне аса қаталдықпен шабуыл жасап, бұл мәдениетке, онымен өтетін Ұлы Жібек жолы тармағына естен танатындай соққы береді. Кейін сонда болған саяхатшылар жазғандай, Хара-Хото өлілер, елестер қаласына айналады.

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени сұхбат мәселесін қарастырғанда Қытайдың осы өркениеттік құрылымның басты қан-тамыры болғанын ұмытпаған жөн. Қытайдың адамзат тарихындағы рөлі туралы тұтас кітапханалар жазылды десек, артық айтпаған болар едік. Біз бұл жерде Қытайдағы мәдени ауысулардың осы өркениеттің қалыптасу тарихында басты факторлардың бірі болғандығына деп қоймақпыз.

Қытай мәдениеті, өзінің бірігейлігі мен тұтастығына қарамай, көптеген мәдени синтездердің нәтижесінде қалыптасты. А.Тойнби атап өткендей, Қытайдың тарихын түркілерсіз, моңғолдарсыз, тибеттіктер мен үнділерсіз түсіну қиынға соғады. Әрине, Қытай мәдениеті әлемдік өркениеттілікке оқ-дәрі, қағаз, компас, шәй, жібек, кітап басу сияқты өнімдерімен өз үлесін қосты. Бірақ, сонымен бірге Қытайды Үндіден келген буддалық дінсіз, түркі-моңғолдардан ауысқан жылқы өсірусіз, т.т. елестету мүмкін емес.

Мәдени ауысулар әсіресе Тан әулетінің билік ету кезеңінде (618-907 жж.) өзінің шарықтау шегіне жетті және бұл уақытта Ұлы Жібек жолы Қытай үшін басты тіршілік артериясына айналды.

Қытай бұл дәуірде (оны кейде «Қытай Ренессансы» деп те атайды) Ұлы Жібек жолы арқылы Батысқа қарай Жапония, Корея, Тибет пен Аннанның мәдени жетістіктерін таратуда дәнекерші қызметін атқарды. Бұл әсіресе ксилография өнеріне, ерекше поэзия туындыларына, табиғатты көркейту формаларымен тұрғын үйлер мен қалаларды жоспарлауда, киім үлгілері мен жекпе-жек тәсілдеріне қатысты болды. Керісінше, қытай елшілері мен көпестері, діни миссионерлер осы Шығыс елдердің мәдениетімен таныстырды. Мысалы, буддашыл уағызшы Дао-сюань 735 ж. Жапонияға өзімен бірге үнді брахманын, тям сазгерін және парсы тәуіпін бірге алып барды. Осындай мәдени ауысулардың нәтижесінде Жапонияға буддизммен бірге үнді астрономиясы, металл мен маталардағы парсы оюлары, тохар музыкасы, соғды биі мен түркілік қару-жарақтар мен киім үлгілері жетті [64, 14 б.].

Басқа аймақтардан келген мәдени бұйымдар мен экзотикалық нәрселер (айталық, Сулавеси аралынан алынған какаду, Самарқанның әшекейлі иттері, Магадхиден келген ғажайып кітап, Чампарурадан жеткен дәрі-дәрмектер) қытайлықтардың қиялы мен зердесін кеңейтіп, оларды өзгертіп жіберді.

Тан империясы тұсында Ұлы Жібек жолы бойында тұратын шетелдіктерге қатынасты екі түрлі саясат ұстанылды. Бір жағынан, мәдени ауысулардың аса шарықтаған кезінде шетелдіктер мен этникалық қытайлықтар тым араласып кетпеу үшін арнаулы шектер қойылды. Мысалы, 779 ж. император жарлығы бойынша ұйғырларға қытай әйелдерін алуға тыйым салынды [64, 40 б.].

Сауданың өзі де саяси астармен көмкеріліп отырылды. Парақорлық өз шегіне жетті және бұл әсіресе мемлекеттік ұжымдарға тән болды. Айталық, келіп жеткен үлкен керуендер тауарларының үштен бірі мемлекеттік қоймаларға өткізілді.

Басқа жағынан, қытайлық ресми ұжымдар ел үшін маңызды болып есептелетін нәрселерді (ерекше жібек маталары, гобелендер, өнер туындылары, алтын, темір т.т.) мемлекеттен шетке шығаруға тыйым салынды. Сонымен бірге қытай шенеуніктері әдеп пен қылықты бұзады деп есептейтін тауарлардың елге әкелуіне де шек қойды.

Алайда мемлекет тарапынан қойылған кедергілерге қарамай, Тан империясына мәдени артефактілер мен өркениеттік үлгілері ағылып төгілді. Ұлы Жібек жолына қатысты қытайлықтар түркі тілдерін білетін болды, түркі-қытай сөздіктері шығарылды, буддизмге байланысты санскрит және араб-парсы тілдері кең таралды. Мәдени ауысулар туралы Э. Шефер мынадай деректер келтіреді: «ҮІІ ғ. бірінші бөлігінде қытайлықтар көшпелі түркі тымақтарымен және парсылық бетперделермен әуестене бастады. Сарай манындағы кәнизактар «ұйғыр шиньонын» ұнататын болып шықты. Түркілік киіз үйлер тіпті қаланың ортасында тұрғызылып, онда ақсүйектер ыстық күнде демалатын болды. Ханзада Ли Чэн-цянь патша сарайының ішінде басына қасқыр басты киім киіп алып, түрік тілінде бұйрықтар беретін болған [64, 49 б.].

Бірақ бұл мәдени тоғысу ұзаққа созылған жоқ. IX ғасырда Хуан Чаоның канкөйлі шабуылдарынан кейін, Гуань-Чжоудағы сол халықаралық сұхбат дәуірі аяғынан жете бастады.

Алайда Ұлы Жібек жолы өз әрекетін IX ғасырдан кейін де тоқтатқан жоқ. Енді мәдени ауысулардың тәсілі өзгере бастады. Елден қуылған әскери күштің көмегімен еріксіз жеткізілген адамдар мен тауарлар азайған жоқ. Мысалы, император Сюань-цзун өз қоймаларында нефриттен дайындалған бұйымдардың азайғанын көріп, қолбасыларына Хотаннан мол нефрит алып келуге бұйырды. Ұлы Жібек жолын зерттеуші қазақстандық ғалым К. Байпақов Қытай үшін нефриттің маңыздылығын былай түсіндіреді: «Таң дәуірінде Қытайда белдікке яшма (нефрит) жапсырма тағу салтқа айналған. Көп ретте мұндай жапсырмаларды Қытай Шығыс Түркістаннан сый ретінде алып тұрған. Атап айтқанда, 632 жылы Хотан патшасының император Тай-Цзунге жіберген белдігі жиырма төрт жасыл жапсырмадан тұрған, оған қоса айдың толған және жартыкеш қалпын түрліше бейнелейтін етіп жасалған.

Түптен келгенде, Іле алқабынан нефрит жапсырмалармен әшекейленген белдік өз дәуіріндегі феодалдық әулеттің мүддесіне орай туған» [42, 198 б.].

Жоғарыда атап өтілгендей, аса бағалы нефрит өндірілетін негізгі орталық Шығыс Түркістан болды. Ол көне дәуірден-ақ Қытаймен нефрит жолымен жалғасып жатты. Ертедегі авторлардың деректері мен фантастикалық ұғымдарға жүгінсек, нефрит – бүкіл ғаламдағы құрылықтың қақ ортасында орналасқан қасиетті таудың тасы. Бұл таудың жер бетіндегі бейнесі Хотан алабы болып табылады. нефрит түйірлері Тарим өзеніне құяр жолдағы Хотан манында біріне-бірі келіп қосылатын қос өзеннің түбінен де алынған. Бұл өзендердің бірі Қарақаш (қара яшма), екіншісі Юрунқаш (ақ яшма) деп аталған. Екі өзеннің суынан, әсіресе ай сәулесі мол түсетін тұсынан, жергілікті тұрғындардың айтуына қарағанда, тамаша тастар теріп алуға болады екен, олар ай сәулесінің сынықтары деп саналған [64, 296 б.].

Ұлы Жібек жолына қатысты басқа елдердегі сияқты Қытайда мәдени ауысулардың арасында түрлі өнер формалары ерекше рөл атқарады. Тан империясы тұсында шетелдік өнерпаздар ресми тойлар мен салтанатты қабылдауда өнер көрсетті. Чаньандағы бір көшеде ән салу өнері жетілдірілсе, ал екінші көшеде би өнеріне ерекше көңіл бөлінді. Бұл көше неше түрлі жеңіл жүрісті әйелдер мен гейшаларға толы болды. Шетелдік музыканттар «Түріктің үш қыраты», «Куча әуені», «Брахман елінің саздары» сияқты туындыларын орындап отырды. Осының нәтижесінде біртіндеп Қытай музыкасы Орталық Азиядағы әуендермен ұқсас бола бастады. Кучаның, Қашғардың, Хотанның, Бұқара мен Самарқанның, Үнді мен Кореяның музыкалық дәстүрлері ресми бақылаумен қытай музыкасына қосылып кетті [64, 80 б.].

Бұқарадан келген масқарампаз, Самарқанның флейтада ойнаушысы, Хотанның гобоисті, Ташкенттің бишісі Аспан астындағы империяда үлкен табыстарға жетіп отырды. Бұл мәдени сұхбат қытай ақындарын да шабыттандырды:

«Застрелена ровно скамья для гостей,  
развернут коврик парчовый.

Тройными ударами барабан,  
торопит снова и снова.  
Вот поднимается Персика Лист.  
при свете свечи принесенный;  
Это явилась певица из Чача,  
колышет рубашкой лиловой.  
Тянут подвески узорные вниз  
пояс на стане-цветке,  
Слышен на шапке над снежным лицом  
звон бубенца золотого.  
Когда же закончилась песня ее,  
никто усидеть не может –  
Клубятся тучи, собрался дождь,  
бежать на Янтай готовы» [64, 85 б.].

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысулар Қытайдағы кітап басу мен кітапханалардың өрістеуіне, ғалымдар мен саяхатшылардың еңбектерінің жариялануына және жалпы ғылыми зерттеулердің кеңейуіне тікелей әсер етті.

Қытайда қағаз жасау өнері қаншама жоғары деңгейде болғанымен, Тан империясы уақытында Үндіден келген паттра қағаздары, Хотаннан алынған пергаменттер үлкен сұраныста болды. Кітапханалар негізінен буддалық пагодаларда дамыды. Жалпы алғанда Ұлы Жібек жолы ықпалын ескере отырып, Тан империясы тұсында Қытайда мәдени Ренессанс жүзеге асып жатты деп айтуға толық негіз бар.

Біздің бұл тақырыпқа егжей-тегжейлі тоқтаған себебіміз – бейне бір Қытайдың шет пұшпағы болып табылатын, Орта Азияның көшпелі халықтарының аты шулы құнсыздығы туралы пасықтық пікірді жоққа шығарғмыз келді. Ал, іс жүзінде келсек, бұл халықтар өз бетімен дербес қарқындай дамыған, тек кейің Ұлы Жібек жолының тоқырауы ғана олардың өмір тіршілігін үзіп тастады.

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени сұхбат мәселесін қарастырғанда Исламдық өркениеттік құрылымның негізгі факторлардың бірі болғанын есте ұстаған жөн.

Арабтар Орта Азия жерін 712 жылдан бастап жаулап алды. Осының нәтижесінде бүкіл афро-еуразиялық даланы біріктірген ортақ мәдениет қалыптасуына мүмкіндік туды. Бұл жағынан алғанда ислам діні осы елдердегі мәдениеттерді араластырып, қорытып жаңа үлгі шығаруға себепкер болды. Арабтар жаулап алған көптеген елдерде (әсіресе, Иран, Үндістан, Египет, Сирия) бұрынғы эллинистік өркениеттің рухы жоғалмап еді.

Бұрыннан Орта Азиямен тығыз байланысты Қазақстан жеріне де ислам өз әсерін тигізді. Еліміздегі көптеген түрік тайпаларының мемлекеттік бірлестіктері ислам дінін бірден қабылдамаған. Қарахандар мемлекетінде мұсылман дінін алғашқы қабылдаған қаған Сатук, ал оның баласы Мұса 955 жылы исламды Қарахандар мемлекетінің ресми діні деп жариялады. 10-ғасырда оғыздар мен қыпшақтардың да бірталай бөлігі мұсылмандыққа өтті. Жалпы алғанда, исламды

қабылдау Қазақстан жеріндегі тайпалардың сол кездегі озық мәдениеттерге қосылуына мүмкіндік берді.

Мұсылмандарда сауда қашанда игі іс деп саналған және осындай жай бірден қалыптасқан жоқ. Алғашқы халифтер сауда мұсылманның ойын Алладан басқаға аударады деп, әскери ақсүйектерге саудамен айналысуға тыйым салған [65, 365 б.]. Марко Поло татарларда саудамен негізінен әйелдер айналысады деген [50, 43 б.].

Тек IX-X ғасырларда Ұлы Жібек жолының гүлденуі нәтижесінде көпес құрметті тұлғаға, мұсылмандық мәдениеттің иегеріне айналады. Осы кезден бастап мұсылмандық сауда әлемде жетекші рөлге ие болады. Әрбір көпес бір мезгілде саяхатшы болғандықтан, мәдени ауысулар да Халифатта барған сайын тереңдей берді. Олар парсыша да, грекше де, түркіше де, славянша да сөйлей алатын еді [65, 366 б.].

943 жылы Канчандағы ұйғыр билеушілері Саманидтермен тығыз байланыс орналастырды. Бұл мұсылман көпестеріне Қытайға қарай жолды кеңейте түсті. Мұсылман көпестері тіпті Кореяға да орнығып алды.

Осы кезеңде мұсылмандық билеушілер Ұлы Жібек жолы табысты әрекет етіп тұруы үшін көптеген жағдайлар жасады. Мысалы, Орталық Азия мен Иран шөлейтінде әрбір 12-18 шақырымда суы бар хауыздар тұрғызылды, борандар мен құм дауылдарында адасып кетпес үшін белгілер қойылды, хабарды тез жеткізу үшін от алаулары арқылы ерекше «телеграф» жүйесі орналастырылды. Түркістан мен Иранда керуен сарайлары айрықша гүлденді, солардың маңайында керуеншілерді азық-түлік қамтамасыз ететін шаруашылықтар ұйымдастырылды.

Ұлы Жібек жолымен қамтылған мұсылмандық өркениет ренессанстық деңгейге көтеріле білді. Бұл мәселеге қазақстандық ғалымдар да ерекше көңіл бөлді. Белгілі ғалым А. Көбесов осы жөнінде мынадай ойларын алға тартады: «Ғылымның қадыр-қасиетін дұрыс түсіне білген Бағдад халифалары аталы-балалы әл-Мансұр, Һарун ар-Рәшид (кәдімгі «Мың бір түн» кейіпкерлерінің бірі), әл-Мамундар (ҮІІІ-ІХ ғ.) ғылымды дамыту мәселесіне көп көңіл бөледі. Бағдадта және басқа қалаларда астрономиялық обсерваториялар салдырылады. Һарун ар-Рашид «Даналық үйі» («Бәйт әл-хикма») деп аталатын, жанында жақсы жабдықталған кітапханасы бар, арнаулы аудармашылар орталығын құрады. Кейінгі халифа әл-Мамун бұл орталыққа мемлекеттік сипат беріп, көптеген қаржы, арнайы штат бөледі, грек, сирия, үнді тілдерінде қолжазбаларды мол алдырып, оларды мұқият аудару жұмысын қызу жүргізеді. Аздаған уақыттың ішінде Үндістан астрономдарының және Гиппократ, Платон, Аристотель, Евклид, Архимед, Менелей, Аполлоний, Птоломей сияқты грек ғылымының көрнекті өкілдерінің еңбектері араб тіліне аударылып, шұғыл зерттеле басталды. Осылай ғылым тарихында үлкен мәні болған Бағдад мектебі құрылады. Бағдадқа жан-жақтан асқан білімпаз оқымыстылар шақыртылып топтастырылады.

Біз Бағдад обсерваториясы мен «Даналық үйінің» ғылыми жұмыстарының басты ұйтқысы Орталық Азия мен Қазақстаннан шыққан ғалымдар болғанын мақтанышпен айтамыз. Олардың ішінде әйгілі Мұхаммед әл-Хорезми

(Хорезмнен шыққан), Ахмад Мәруази (Мәрыдан шыққан) және басқалар бар» [66, 27-28 бб.].

Қ. Есімовтың «Ұлттық ойлау мәдениеті және исламдық өркениеті» атты кітабында жалпы исламдық мәдениеттің алдында бүкіл Еуропа қарыздар деген пікір айтылады [67, 50 б.].

Батысқа ислам көпірі, араб тілі арқылы өткен өркениет үлгілері жалпылама түрде «Ислам үлгісі» немесе «Шығыс өнегесі» аталып келеді. Бұл тарихи тұрғыдан мейлінше әділ. Сонымен бірге біз қазіргі зерде көкжиегімізден қарасақ осылардың арасынан өзіміздің ұлттық санамызға, ұлттық ойлауымызға етене жақын нәрселерді де көреміз. Қайта өрлеу, ренессанс деп аталған кезеңдердегі және одан кейініректерде де Батыс әдебиетінің Шығыстан үлкен импульс алғаны дәлелденген нәрселер.

Мәселен, Сервантестің шығармашылығы, жалпы Испан театры, Батыс Еуропаның ұлттық мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған трубадурлар дәстүрі, белгілі дәрежеде итальян поэзиясы, соның ішінде Қайта өрлеу дәуірінің классикалық туындысы «Күдіретті комедияның» араб мәдениеті, араб фәлсафасы әсерімен дүниеге келгені бүгінде ғылыми әлем мойындаған нәрселер» [67, 58 б.].

Отандық әдебиетте мұсылман Ренессансы туралы идеялар А. Мецтің, Н.И. Конрадтың, В.М. Жирмунскийдің, В.К. Чалоянның ж.т.б. еңбектерінің негізінде қалыптасты және Ә. Қоңыратбаев пен А. Қасымжановтың зерттеулерінде арнаулы қойылды. Ә. Қоңыратбаев осы жөнінде мынадай қорытындыларға келеді: «Осы еңбектерге қарап отырсақ, Ренессанс идеясы батысты да, шығыста да ежелгі грек философиясы мен поэзиясының әсерінен туған екен. Шығыс Ренессансы араб жерінде VIII ғасырда туып, Орта Азияда X ғасырларда айрықша өрістеген. Оның орталығы – Хорезм, Отырар, Бұхар, көрнекті өкілдері - әл-Фараби, Бируни, Ибн-Сина, әл-Хорезмилер болған. Орта Азия Ренессансы XIV – X V ғасырларда Самарқан жерінде Ұлықбек астрономиясы мен Науаи поэзиясы тұсында өзінің биік шыңына жетеді. X ғасырда туған «Шаһнама», «Мың бір түн», XII ғасырдағы Низами, Руставели жырлары да осы шығыс Ренессансының жемісі болған еді.

Ренессанс идеясын біз көбіне Аристотель оқуымен байланыстырамыз. Оның философиясы мен ғылымы ол кезде дін догмасына қарсы қойылған өрлеу бағыты болған. Бірақ араб жерінде IX – X ғасырлардың өзінде-ақ дінбасылар билігі нығайып, Бағдат халифатының басына Мұхтади, Мұттахи сияқты фанатик патшалар келеді де, жағдай тез өзгереді. Оның аяғы ғылым мен мәдениетке тиімсіз болады. Олар Құраннан басқаның бәрін дінсіздік (ересь) деп, әл-Фараби ғана емес, мұтазилла мен ардашидтердің (әл-Кинди) өзіне де жау болған. Осы негізде Иран, Араб жерінде суфизм, ассасиндер қимылы туады. Суфизм өкілдері ресми дінді, оның өкілдерін әшкерелеп, құдайды догма емес, жүрекпен, әділдікпен тану керек деген ойды жақтап шығады. Олар Мансұр Халладж бен Румиді дарға асады. 200 жылға созылған араб-иран арасындағы осы қантөгіс, инквизиция салдарынан софылар Орта Азиядағы Түркістан жеріне қарай ағылады. Мұны дәруіштер дейміз. Олар өздерін қырық шілтен атап, мола, күмбез біткенді жайлап алады. Орта Азияда 300-400 мың диуаналар пайда

болып, олар ресми дінге қарсы бүліншіліктер жүргізеді. XI ғасырдан соң суфизм поэзиясының орталығы Орталық Азия болады. Олар араб-парсы тілін қоя бере, шығармаларын түркі тілінде жырлайды. Бұл ағымның XII ғасырдағы үлкен өкілі – Қожа Ахмет Иасауи және Сүлеймен Бақырғани. Бұл мәдени өрлеудің аяқталатын кезі – 1469 жыл, яғни Ұлықбектің Қожа Ахрар қолынан мерт болатын кезі делінеді» [60, 158-159 бб.].

Ғылыми әдебиетте мәдени ауысулар мен Ренессанс сияқты өркендеу кұбылыстарын жиі ретте философтар мен ғұламалардың жетістіктерімен ғана байланыстырады. Бірақ бұл ойшылдар бос кеңістікте емес, ал нақтылы мемлекеттерде өмір сүрген. Біздің айтайын деп отырғанымыз: мәдени өркендеу үшін елбасылардың нақтылы ұстанымдары да маңызды болған. Орталық Азия тарихынан бір мысал келтірейік. Ол атақты Әмір Темірдің ұлы Шаһрухпен байланысты.

Шаһрух Әмір Темір сияқты жаһанды жаулауды емес, керісінше, өз еншісіне тиген Хорасан өлкесін гүлдендіріп, оны үлкен мәдениет ордасына айналдыруды көкsegен. Оның Герат қаласында араб, парсы, шағатай, үнді, санскрит, грек, латын тілдерінде жазылған мыңдаған томдық үлкен кітапханасы болған. Сол себепті алыстан ат арытып Шын-Машын еліне бара жатқан жиһанкез немесе сөз өнерін дерт көрген уәлі ауыз дана Гератқа соқпай өтпейтін. Ол олар үшін кітап дүкендеріндегі хаттаттар (каллиграфтар) қалаған колжазбасын көшіріп бере қоятын. Оны профессор А.Б. Халидов «кітапқа деген ынтығушылық – араб мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерінің бірі болғандықтан, мамандардың өздері де қолдан жазылған кітап өнімінің шын мәніндегі ауқымына мән бере бермейтін», - деп қуаттайды.

Табиғаты жайлы, білімпаз зиялылар мекеніне айналған осы шаһарда, сөйтіп, Орта Азиялық талай ғұламалар күн кешкен. Соның ішінен Әлішер Науаиды (1441-1501) атасақ та жетіп жатыр» [66, 68 б.].

Егер «Мұсылман Ренессансы» ұғымына қайтып келсек, оны Адам Мец «антик грек-рим дәстүрлерін қайта жаңғырту» деп атаған. [65, 205 б.]. Бұл жерде мәдени ауысу бірінші орынға шығып тұр. Мәселе мұсылман және итальяндық Ренессанстардан тек ортақ белгілерді іздеуде емес, ал мәдени ауысулардың өркениеттік фактор екендігінде болып тұр. Г.Э. фон Грюнебаум мұсылман Ренессансын антикалық дәстүрдегі дүниені рационалдық түрде қабылдауды қалпына келтіру деп анықтайды: «Наиболее значительным результатом погружения в сферу древнего эллинизма был рост самокритичности в оценке мусульманских постулатов и возрастающая потребность рационально осмыслить, выразить и согласовать между собой общепринятые религиозные истины... Именно с этим связана та трансформация в мировоззрении завоевателей, без которой классическая мусульманская цивилизация со всеми ее честолюбивыми замыслами и успехами цивилизация в науке и философии никогда не смогла бы достичь зрелости» [68, 45-48 бб.].

Г. Грюнебаум мұсылман мәдениетін Шығыс және Батыс дихотомиясына жатқызбай, оны Византиямен қатар антик және эллинистік дәстүрлердің жалғасы деп пайымдайды [69, 7 б.].

Осы жерде бір өркениеттік факторды ескере қажет. Ұлы Жібек жолы Қытайдан Орталық Азия арқылы жерортатеңіздік өркениеттерге бағытталғаны белгілі, ал арабтар осы соңғыларын тек жаулап алып қоймай, олардың мәдени жетістіктерін де қабылдады.

Араб халифаты кезінде Жерорта теңізі аймағында Дамаск, Каир, Бағдат, Кордова, Толедо сияқты мәдени орталықтар алға шығады.

Қытайдағы Тан әулеті дәуіріндегі мәдени ауысулар мен жалпы өркендеу Аббасидтер әулеті билігі кезінде халифатқа да тән болды. Бұл уақытта арабтар парсы, грек, үнді, қытайлардың мәдени жетістіктерімен танысып, оларды қабылдады. Әрине, осы процесте Ұлы Жібек жолының маңызы ерекше болды.

Халифаттың әр түкпірінде ілімдері кейін бүкіл Азияға тарап кеткен (оның көптеген қағидаларын еуропалықтар да қабылдаған), Куфада, Самарқанда, Каирде, Бұқарада, Отрарда, Баласағұнда, Фесте, Кордовада ж.т.б. ғылыми мектептер қалыптасты. Оларда бүкіл Ұлы Жібек жолы бойынан жинақталған ғалымдар математика мен медицинаны, география мен тарихты, философия мен грамматиканы т.т. терең зерттеп, өте маңызды жаңалықтар ашты. 755 жылы Кордова кейін Бағдатта, 972 жылы – Каирде университеттер ашылды.

Алайда IX ғасырдан бастап Араб халифатында дағдарыс басталады және ол бірнеше дербес мемлекеттерге ыдырай бастайды. 1055 жылы салжұқ сұлтаны Тоғрұлбек Бағдатты жаулап алады, XIII ғасыр бұрынғы халифат аумағы кресттағушылар жорығы мен моңғол шапқыншылығына ұшырайды. Бірақ осымен арабтардың мәдени ықпалы аяқталмайды. Оған әділ бағасын белгілі ғалым Р.И. Грубер береді. «Многовековое воздействие арабской культуры в мировом масштабе продолжалось в течение долгого времени после падения политического господства арабов: если это последнее за малыми исключениями сошло на нет уже к XIII веку, то оплодотворяющая роль арабской культуры сказывалась вплоть до расцвета Возрождения в Западной Европе» [70, 144 б.].

Ұлы Жібек жолы бойындағы мұсылман өркениеттер сұхбатындағы мұсылман мәдениетінің төмендегідей игі әсерлерін атап өтуге болады:

- сауда-саттық байланыстарда араб көпестері мәдени құндылықтарды Жерорта теңізінен бастап, бүкіл Еуропа, Азия, Африкаға дейін таратты. Араб көпестерінің колониялары Қытай, Корея, Аннам, Мадагаскар, Балтық теңізі жағалауы сияқты аумақтарда орналасқан;
- этномәдени ауысулар тек ислам дінін таратумен шектелмей, араб тілі халықаралық қатынастар тілі деңгейіне көтерілді, сол заманда араб-парсы тілдерін білген адам өркениетті елдермен емін-еркін қарым-қатынасқа түсе алатын болды;
- аударма ісі. Бағдат пен Толедода ұйымдастырылған аудармашылар мектептері антикалық мұраны бүкіл әлемге таратуда негізгі себепші қызметін атқарды;
- сәулет өнері мен поэзияда мұсылман өркениеті ерекше жетістіктерге жетті. Иерихондағы Хирбет әл-Мафтжар сарайы, Құддыстағы әл-Ақса мешіті, Омейядтар сарайлары ж.т.б. әлемдік өркениеттің озық үлгілеріне жатады;
- Ұлы Жібек жолы бойында араб жерінде қалыптасқан, кейін Халифаттың шет аймақтарында кең таралған суфизм ағымы өзінің терең әсерін қалдырды. Осы жөнінде Қ. Есімов мынадай дәлелдерін келтіреді: «Суфизмнің теориялық



түсініктері жұртшылықтың санасында берік орнығып, суфизмнің категориялары мен категориялық оралымдары олардың «меншігіне» айналып, олар көркем туындыларға, әдеби шығармаларға трансформацияланған. Ендігі жерде суфизмдегі осы дәреже өзінің негізгі мәнін сақтаумен бірге әдеби әдіс түрінде де көрініс беретін болған, суфизмнің көркем туындылардағы басты элементіне айналған» [65, 74-75 бб.];

- ортағасырлық араб-ислам софыларының түсінігіне келсек, ол – адамның Жаратушымен тұтасуы. Бұған жетудің жолы – адамды алаңдататын барлық пендешіліктен, тіршілік күйбеңдерінен бас тарту, тіптен ауқаттанса да денедегі тіршілікті сақтарлық дәрежеде ғана шектелу. Сол уақытта арнайы тәжірибелер арқасында адам Жаратушы алдына барады, өзін өзі біржол ұмытады, өледі \фана\, Жаратушымен тұтасып, тамаша халге түседі. Фәлсафадағы ақылды жан орнын мұнда жүрек (қалб) алмастырады. (Қазақтың «қалыбың түзу болсын» дегенін естеріңізге алыңыздар). Ал таным орнына елестету, қияли ой дүниесі келеді. Демек мұндағы сатылар тізбесі мынадай: жүрек (қалб) - елес дүниесі – Жаратушымен тұтасу [65, 74-75 бб.].

## **2.2 Ұлы Жібек жолы мәдениеті - діни сұхбат бастамасы**

Ұлы Жібек жолы мәдениеті дәстүрін жалғастырып, Қазақстан территориясында ғасырлар бойы әр түрлі этностар, діндер, мәдениеттер бейбіт, келісімді өмір сүріп келгені, Қазақстанның діндер тоғысатын қасиетті нүктеге айналғаны тіпті де кездейсоқтық емес. Геосаяси жағынан алғанда, еуразиялық кеңістік, Шығыс пен Батыстың арасы түркілік, мұсылмандық және славяндық, еуропалық мәдениеттердің тоғысқан жері. Қазақстан тәуелсіздігін алғалы ең үлкен, ең маңызды оқиғалардың бірі - Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі болған еді. Ол 2003 жылы 23-25 қыркүйекте Астанада өткізілді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі оны ұйымдастырды. Қазақстандағы съезд туралы «өзгесін айтпағында әр түрлі көзқарастағы дін өкілдерінің бас қосуының өзі ғана оның үлкен жетістігі екені талас туғызбайды» [71]. Діннің атымен қантөгіс жасайтын лаңкестік бір бөлек екен де, нағыз діннің ақ жолы, зиялы уағызы екінші бөлек екен. Съезге қатысушы дін иелері осы бір ақиқатты растап, шүбәсіз мойындады [72].

Қазақстандағы діни төзімділік пен сұхбаттың ежелден келе жатқан дәстүрі бар. Осы сипатта VI-IX ғасырларда Ұлы Жібек жолы бойындағы түркі халықтарындағы діни еркіндік пен тоғысудың маңыздылығын атап өткен жөн. Тарихи жадыға тиеселі адамзат тарихының өн бойына көз жүгіртер болсақ, онда діндарлықтың адамзат тарихының басынан аяғына дейін толық қамтып жатқандығын көреміз. Қаншама рет діннің ақыры келді деген сөз айтылса да, ол қазірдің өзінде әлемдік өмірдің негізгі қалыптастырушы факторларының бірі болып табылады. Діннің халықтар өміріндегі алатын орынының үлкендігі соншалықты, діндердің негізін түсінбей жатып, сол діндерді ұстанатын халықтардың мәдениеті туралы толық көзқарас қалыптастыру мүмкін емес. Дін адамдардың бірлестігін және ұйымды қалыптастырушы идеологиялық механизм. Діннің мазмұны әлеуметтік мәні бар негізгі құндылықтарды қасиетті деп танудан тұрады.

Мәдениеттегі діннің рөлін әрбір мәдениеттің жүйекұрастырушы факторы деп анықтауға болады. Бұрынғы кезеңдерде әлем халықтары қазіргідей емес бір-бірінен көп алыс, томаға тұйық өмір сүрді десе де болады. Сондықтан олардың ұстанатын діндері де өзіндік сипатқа ие болды. Тұңғыш болып өзі туған ортасынан шығып, басқа елдерде қоныс тапқан буддизм еді. Одан кейін христиан діні де алдыңғының жолын қуды. Үшінші дүниежүзілік дін – ислам өзі дүниеге келген жерде тұрақтанып қалғанымен де, басқа елдердің рухани аясына еніп те үлгірді. Діндердің таралуы халықтар мәдениетінің қоян-қолтық араласуына бірден бір себепкер болды.

Сөз жоқ: біздің баршамыз әртүрліміз. Түр өзгешелігі сұхбаттың алғышарты екендігі де рас. Мәдени әлеуметтік көптүрлілік жағдайында гуманизм – адамның жеке тұлғасының шартсыз құндылық екендігін мойындау әлемдегі бірлесе тіршілік етудің жалғыз дұрыс жолы болып табылады.

Мәдениет өзінің көптүрлілігімен және мүмкіншілік молшылығымен құнды. Бүгінгі таңда әлемде көптеген діни бірлестіктер, конфессиялар және одан да мол тілдер, ұлттық мәдениеттер кездеседі. Қазіргі күні дін қандай жолмен дамиды, діннің мәдениеттің басқа салаларымен ара байланысы қай түрде жүргізіледі деген сұрақтарға біржақты жауап табу қиын. Ең бастысы, қай елде болмасын, қай мәдениетте болмасын ар-ождан еріктілігі қамтамасыз етіліп, басқа дінді ұстанушыларға төзімділік танытылса және де діндер «жабулы қазан» күйде қалмай, бір-бірімен тепе-тең сыйластық рухындағы сұхбатқа түссе болғаны.

Батыс пен Шығыстың қосарлы ықпал аймағында орналасқан Қазақстан үшін мәдениеттер мен діндер сұхбаты идеясының берері мол. Сұхбат ықпалы аймағында орналасқан Қазақстанның елі үшін сұхбаттылық, адамдар арасындағы сыйластылық өмір салты болып кететін. Олар үшін құқықтықта, қара күш те адамдар бірлестігінің негізі бола алмайды. Олардан биік тұрған құндылықтар – сұхбаты қалыптастырушы сүйіспеншілік, төзімділік, мәмілекелісім болып табылады. Аталған құндылықтар кереғарлықты болдырмай, әлемде бейбітшілікті қалыптастыру үшін барын салады. Сондықтан болар әлеми діндердің барлығы дерлік жаңағы құндылықтардың өмірде терең тамыр алуы үшін қолдан келгенін аямады. Әлем бұдан былайғы жерде діндер, мәдениеттердің ортақ тоғысу нүктесін айқындамай, олардың сұхбаттық болмысын тәнті болмай жалпыадамзаттық дұрыс түсінуі әлде қалай. Тарихи-мәдени феноменнің орталық нүктесінде нақты жеке тұлға орналасқан, өйткені тек сол ғана адамзат мәдениетінің субъектісі болуға жаралған. Адамның жеке басының құндылығы оның белсенді сұхбаттылық болмысынан туындайды. Тек сұхбат жолында ғана адамның рухани өсуі, тарихтың, өмірдің мәнін түсінуі айқындалады.

Қазіргі зерттеушілердің көпшілігі еуразиялық көшпелілердің төлтума дүниетанымдық діни жүйесі тәңіршілдік мәдени сұхбат пен синтезге ашық болды деген ұстынды қолдайды. Бұл Ұлы Жібек жолы мәдениетінің бір сабағына жатады және ол ежелгі түркілер діндерінен бастау алады.

Түріктердің ең үлкен құдайы Тәңірі – Көк, аспан құдайы болды. Күн мен ай, жұлдыздар да сол Көк тәңірінің ең жақын көмекшілері, жер құдайы, табиғат, жаратылыс иесі – Алтай, Йер-суб болады деп, оған да құрмет көрсетілді. Жыл

сайын 5 айдың орта шенінде ру-ұлыс адамдары жиылып аспан рухтарының құрметіне құрбан шалып, жалынып, жалбарынды. Ертеде Саян тауын мекендеген угралардың туысы нгасандарда да күнге табыну бертінге дейін сақталған. Олардың түсінігінше, көк аспан ең үлкен құдай, күн қызметшісі, күн сәулесі – сансыз жіп, әлемдегі өсімдіктерді қоректендіріп, оны аспан құдайымен байланыстырып тұрады-мыс. Ертедегі түркілердің Көк тәңірі, күн туралы ұғым-нанымдарды басқа да халықтардың нанымдарына ұқсас болған, осы да Ұлы Жібек жолы мәдениетінде өз жалғасын табады.

Сақтар мен савроматтардағы отқа табыну ғұрпы о баста күнге табынудан шыққан. Күн мен от зұлым, қас күштерден қорғап, тазартады деген ұғыммен молаларды өртеп тазарту әдеті савромат, сақ зираттарынан көп кездеседі. Ғұндар мен үйсіндер, сақтар қабірлерінен жиі шығатын қызыл бояу сол қасиетті күн мен оттың символы болған. Тотемдік және магиялық ескі түсініктер тұмарлар асудан тасмоншақтар қадау, киімге құс қауырсындарын тігіп алудан, ұлу, жылан бас сүйектерін тағудан байқалған.

Дж. Фрезердің «Алтын бұтағында» мына нәрсе айтылады: «Шығыс Үрім империясының императоры Юстин II түріктермен мәмлеге келу үшін жіберген елшілігін келісілген жерде шамандар қарсы алды. Елшілердің арам ойын аластау үшін тазалау ырымы істелді. Ашық жерге елшілердің тауарларын үйіп қойып, бақсылар айнала зікір салды, қоңыраулатып зікір салды, ақыры талықсып құлап түсті. Одан соң елшілер лаулап жанған оттың ортасымен жүріп, тазару ырымынан өтті». Тарихшылар мен этнологтар үшін түріктердің ежелгі аластау ырымдары магия дәстүрлерінің маңызды қоғамдық құбылысы болды [6, 162 б.].

Скифтердің де, ғұндардың да өмір салтында жауынгерлік асқақ рух күшті дәріптелген. Сондықтан да толып жатқан наным-сенімдер сақ-ғұн қоғамының тірегі – жауынгерлердің соғыс қабілетін, соғыстағы жеңіске деген сенімін нығайтуға қызмет еткен. Мұны Геродот жазатын скиф жауынгерлерінің әдеттегі тұрмысынан көруге болады. Геродот: скиф заңы бойынша жауынгер өлтірген жауынының басын патшаға әкеліп сыйлық алады. Одан кейін жауынының бас терісін сыпырып илейді де, бет орамал жасайды, - деп жазады. Өлген адамның қол терілерімен қорамсақты қаптайды. Ал үлкен дененің терісін кеспей–бүлдірмей етінен ажыратып, керіге салып, созады да, илеуін қандырып, әбден уқалап жұмсартқан соң, ат кежім (жабу), жасайды. Өте бір даңқты адамның бас сүйегі болса, оны миынан тазартып, алтынмен аптап шарап ішетін тостаған дайындайды. Мұндай бас сүйектен жасалған тостағандармен өте қадірлі қонақтар ғана шарап іше алатын болған. Және қонағына кімнің бас сүйегі екенін, қандай жағдайда қаза тапқанын әңгімелеп отыру үй иесінің меймандостық пейілін танытқан. Бұл жазба естелікті оқи отыра, б.з.б. 176 жылы юечжилер Лашын шаньюйді шауып, олардың көсемі Қадалының бас сүйегінен шарап ішетін тостаған жасатқаны еске түседі. Біреуі Азия қырлығының түкпірінде, біреуі Еуропаның төрінде жатқан ғұн-скиф ордаларының әдет-салты, жауынгерлік дәстүрлерінің өте ұқсастығы таң қалдырады. Әрине бұл тегін ұқсастық емес. Мұнда әріден үзілмей келе жатқан терең байланыс бар деп атауға болады.

Ғұндар да, скифтер де өздерінің атамзаманның қалыптасқан көне заң-жоралғылары мен дәстүрлерін қадірлеп, берік сақтаған. Мұны мына оқиғалардан көруге болады. Скиф патшасы Спаргапфтің (Спарғаби) шөбересі, Ликтің (Лик) немересі, Гмурдың баласы Анахарис ханзада Эллин (Греция) елінде тәрбиеленіп, өз елінің әдет-салтынан мүлде безінеді. Мұның есесіне грек құдайларының құт-бейнелеріне құлшылық жасайды. Анахаристің Эллин дінін ұстанып жүргенін сезген бауыры Иданфирс (Атанберіс) оны өз қолымен өлтіреді. Ариапиф (Арияби) патшаның эллин қызы әйелінен туған ұлы Скил (Ескел) де эллин әдет-салтын қабылдайды. Бірақ, бұл қылмысы білініп қалады да, Фракияға қашып кетеді. Скифтердің сол кездегі патшасы Оқтамасад (Оқтымасат) Фракияның патшасы Ситалктен оны (Скилді) қайтарып алып, басын шапқызады. Міне бұдан скифтердің көшпелі өмір дәстүрлеріне адал болғаны, әрі оны барынша берік ұстағаны көрінеді. Олардың ұғымынша, ата-баба дәстүр-салтынан безу – ең ауыр қылмыс – опасыздық, сатқындық деп танылып, ондай адам кім болса да, шыққан тегіне қарамастан өлім жазасына бұйырылып отырған [34, 43 б.].

Табиғат заттарына табыну Жібек жолындағы мәдени ауысулар арқылы да жандана түсті. Орталық Азияда ізгі ниетті адамдар мен ата-баба еңбегін мәңгі есте қалдыру үшін әдет-ғұрыптық сауыттар, қасиетті қару-жарақ жасалған. Осынау фетиштер жақсылық пен бақыттың, ақыл мен әділдіктің, құдіретті әуен мен тазалықтың белгісі деп есептеледі. Осындай фетиштердің арасында нефриттен жасалған бұйымдар рәміздік сипатқа ие болған. Мысалы, К. Байпақов пен А. Нұржанов көрсеткендей, Қытайда нефрит патшаға тән асыл тастар қатарына жатқызылып, оны иелену құқы әмірші сарайындағыларға ғана берілді. Батыс Хань әулетінен шыққан әйел кебін киімдері тұтас нефриттен жасалған жапсырмалармен көмкерілген. 1968 жылы ашылған бұл қабір Қытай археологтарының тамаша жетістіктерінің бірі болып табылады. Зерттеушілер бұл тарихты жаңа деректермен көркемдей түседі. Атап айтқанда, ол түріктердің бұл тасты былайша пайдаланғанын жазады: Жауын қажет болған кезде бұл тастарды бір-біріне ысқылаған, ал кейбір түркілер бұл тасты тәңірге теңеп, түркі тілінде одан жауын мен қар сұрап жалбарынатын болған [20, 198 б.].

Түркі тайпаларының тағы бір құрмет көрсететін кереметі ата-бабалар әруағы және бұл бүкіл Жібек жолы бойына тән еді. Олар өздерінің арғы тектері мекендеді-міс деп аңыз етісетін Алтайдағы ерекше үңгірге барып, ата-бабалар әруағына құрбандық шалып отырды. Осындағы биік тазтаудың шыңын Ғодынли – елді қорғаушы ие деп атады, оған да сыйынып құлшылық етті. Ең алдымен Жужанға (ауарға) бағынған Ашина әулеті Жібек жолы бойына қалай тап болып еді деген сауалға тағы да орта ғасырлар аңызы жауап береді. 93 жылы ғұндар Алтай, Тарбағатайдан асып батысқа көшкенде, ғұн шаньюінің біреуі Көк тәңірі құрметіне өзінің сұлу қызын қалдырып кетеді. Алтайдың күз-қиялы шатқалында жалғыз қалдырып кетеді. Алтайдың сол шатқалында жатқан, жалғыз күн кешкен қызды көк бөрі айналдырады. Сол бөріден қыз ұл табады. Бұл ұл күллі телес тайпасының, сол қатарда түріктердің де арғы атасы болып саналады-мыс. Көшпелі тайпалар арасында өздерін осындай тотемнен тарату, содан жаралдық-мыс деп аңызға айналдыру, ең көне онғұн (тотем) тұту сенімін көрсетеді. Қытай

әулиеті жылнамаларының кейбіреуі түркілердің ғұндардың Со (Сорхы) деген атақты руының ұрпағы еді дегенді құптайды. Мұны сары ұйғырлардың көне тайпасы Соқалық, Саоқозымен, хақас тайпалары - ақ сохы, көк сохы, қара-сохы мен қазақтың қара софы, ақ софы, сары софы, төнбіс софы рулары атымен салыстыруға болатын тәрізді [73, 131 б.]. Тіпті «Түрікмен шежіресінде» келтірілетін көне түркі тайпасы Сорқы болуы да мүмкін. Бұл этникалық атамалардың түбірінде сохы, софы, сор атанған сенім иесі деуге болады. Бұған Ибн-Ірбіс (Ілбіс), Юйгу-Үкі-Көкек хан, Боли-Бөрі хан аттарының о бастағы онғұндарды пір тұтудан, соның жебеп-желеуіне үміт артудан қойылған есімдер екені белгілі. «Тарихтағы Юкук хан - Ташкент көгалынан Енисейге дейінгі байтақ өлкені билеген айбынды әмірші Ілбіс Дулу хан атағымен таққа отырған Көкек хан Қытайға қарсы күштерді біріктіруші, аса дарынды басшы болды. Ол терістіктегі қырғыз, яғма-найман, қарлұқ, басмылдардың, түстіктегі дулат, түркеш, нушиби, күңгір тайпаларының тоғысатын жеріне – Тәңірі тауының (Тянь-Шаньнің) терістік салмауына Бешбалық қаласын салдырып, түркілердің саяси-экономикалық кіндігі етпек болады [74]. 653 жылы дүние салған Көкек ханның әдебиеттегі бейнесі «Манас» жырының «Көкетай ханның асы» деген бөлімінде аса жарқын көрсетілген. Жырда түркештердің ел ағасы, айбынды қолбасшы Баға тархан – Көкетай ханның ұлы биі – Байдыңұлы Бақай аға болып бейнеленеді. Баға тархан 740 жылы Құлан қаласы түбінде болған шайқаста Шығыстан келген жаулаушы әскерді ойсырата жеңген адам [75, 364-406 бб.].

Жоғарыда сөз болғанындай, тарихта едәуір ізі қалдырған Ілбіс Дулу хан кезінде өзін Көкек аттандырып, соны айбар тұтса, мұндай жануарлар атымен дақпырттау әдеті кейінгі билеушілер санатынан да түспеген. Айталық, Қарахан әулеттері: арыслан, боғыра; салжұқ-түрікмендер: шағрыл, шанжіл, байгү; найман ханзадалары: бұқа, тайбұқа, бұғы; керей бекзадалары: тоғрыл, қарақұш, т.б. қосалқы аттарын мақтан тұтып жүрген. Бұлай атап, дақпырттау ақсүйектердің асыл тектілігін де білдірген. Жабайы аңдар мен құсқа табыну сенім-нанымы түркі халықтарында тіпті әріден – ғұн, скифтер дәуірінен басталса керек.

Ұлы Жібек жолы бойындағы діни ауысуларды және олардың жергілікті діндермен байланысын Л. Гумилев жете қарастырады. Плато Карпини татарлардың сиқыршылар арқылы командар (түріктер) Кам деп атайтын Итога құдайына өтініштерін айтқызыратынын хабарлайды. Банзаровтың әбден әділетті болжамы бойынша Итога – монғолдардың Этугені екендігі сөзсіз, ал кам – шаман. Плато Карпиниге жүгінсек, монғолдар бұл тәңіріден қорыққан, сөйтіп оған тасаттық беріп отырған. Этуген үшін «обо» салынған (асуларға тастар үю), және де ерте кездері сол обалардың үстінде қанды құрбан шалу рәсімдері өткізілген.

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысулардың нәтижесінде монғолдардың табынатын қос құдайы болғандығы жөнінде Марко Поло мынадай куәлік келтіреді: «Олар жоғарғы аспандық құдай бар дейді; әр күн сайын олар сол құдайына түтін түтетіп, одан қайырымды түсінушілік пен аман-есендік сұрайды. Олардың тағы бір, өздері Нагитай деп атайтын құдайы да бар, олар оны өздерінің жердегі құдайы есептейді, ол өздерінің ұлдарын және

малдары мен ырзығын аман сақтайды деп сенеді». Басқа бір жерінде сол Марко Поло былай деп хабарлайды: «Әрбір адамның үйінде үй қабырғасының жоғарғы жағынан тақтайша қағылып, ондағы Жоғарғы мәртебелі Аспан Құдайын білдіретін есім жазылып қойылған. Оған жарамсақтана жалбарынып, қошемет көрсете табынады, қолдарын аспанған көтеріп, сол Құдайы өздеріне жақсы ақыл мен мықты денсаулық беруі үшін жүгіне тәжім етеді және одан басқа еш нәрсе де сұрамайды. Төменде еден үстінде Натигай деп аталатын бейне тұрады. Ол бүкіл жер бетінде туындап жататын жер мүлкінің құдайы. Оған әйелін, балаларын табындырады. Одан ауа-райының жақсы болуын, жер жемістерінің, ұлдарының және тағы басқаларының көп болуын сұрайды» [24, 126 б.].

Сонымен Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени үрдістер бір-бірінен алыс жатқан Иран мен Моңғолияны да байланыстырды. Мөңке-хан жариялаған монотеизм (бір құдайға сенушілік) принципін «Күпия шежіре» мен Марко Полода жазылған дуализм (дүниенің негізгі рухтан және материалдан басталады деген философиялық ұғым) принципімен қалай бітістіре аларсың. Мұндай шешуге болмайтын былық бар сияқты. Бірақ біз егер «Қай Құдайға иланасың?» деген негізгі сұрақты қайтадан қойсақ, онда күтпеген жауап аламыз: монғолдар Хормуста деп аталатын Құдайға сенген [50, 303 б.].

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның кейбір тайпалары Ұлы Жібек жолы бойында түркілердің тәңірлік дінінен өзге, зороастризм дінін де ұстанған. Оны зороастр, кейде маздеизм деп те атады. К. Байпақовтың пікірінше, орта ғасыр дәуірінде көптеген діндерді тарату міндетін негізінен соғдылық діни уағызшылар атқарды [20, 38 б.]. Ол ертеде Иран жерінде шықты, негізінен Зәрдешт деген кісі салған деп аңыз етіседі. Зороастр дінінің негізі «Зенда», «Уста» деген екі кітаптан тұрған, отты құдай деп таныған, итті қадірлеуді уағыздаған. «Шахнамада» келістіре жырлануына, Иранның Көштасып деген шахы парсыларға бұл дінді қабылдағандығына.

«Қойнынан жанып тұрған алып шоқты,  
Шақырды Көштасып пен барлық бекті.

Осы екен құдайларын алдым тауып,  
Күтіндер сарай салып, үстін жауып.  
Жазы-қысы, жылап-еңіреп жарылқа деп,

Сәжде етіп сыйыныңдар ауық-ауық! [20]», -

деп пайғамбар Зәрдешт бұйырған соң, алтын сарай салғызып, бүкіл жұрт отқа табынуды әдетке айналдырады. Бұл дінді ұстанушылар өлген кісінің етін сүйегінен сылып алып, қаңқа сүйектерін оссуария деп аталатын қақпақты қыш ыдысқа салып жерлейтін болған. Оссуария немесе, астодандтар қақпағы бар тік бұрышты астау формасында, кейді киіз үй тәрізді болған. Сырты аламыш оюмен өрнектелген. Зороастризм дінінің шыққан жері Б. Ғапуров, пен К.В. Тревердің, В.В. Струве мен С.П. Толстовтың және А. Рапопорттардың болжауына - ертедегі Хорезм. Оның сүйекті қастерлеу дәстүрі қазақ тайпаларында соңғы кезге дейін сақталған. Қазақтарда бұл салт, түрік саяхатшысы (XVII ғ.) Сейфи Челебидің хабарлауына қарағанда, «аманат» түрінде жерлеуден көрінген. Мұны Георги өзінің 1776 жылы шыққан «Россия империясын мекендеген халықтар

туралы» еңбегінде «жаз айларында... өлген адамдарын «киелі» жеріне алып бара алмайтындықтан... сол жерге көмеді де кейін ордалы жерлерге апарып жерлейді» [76]», - деп жазды. Мұнда еті ағып кеткен шамада көрді ашып, сүйегін киізге орап, терімен қаптап ата қорымына жерлеген. Мұндай әулие жерлерді түркі тайпалары «түпкі жер», «мекен жер» атаған. Мұның бәрі жер бетін «таза ұстауды, адам сүйегін қастерлеу салтын негіз етеді» [77, 11 б.].

К. Байпақовтың деректері бойынша, Қазақстанның орта ғасырлық қалаларының бірқатар тұрғындары ежелгі Иран жерінде біздің дәуірімізге дейінгі YII- YI ғасырларда өмірге келген тағы бір дүниежүзілік діннің зороастризмнің өкілдері болғаны хақ. Бұл діннің іс жүзіндегі салт-дәстүрі сипатына тән нәрселер - Әлемнің төрт элементін – суды, отты, жерді, ауаны қастерлеу. Зороастризмнің бұл элементтерін Орта Азиядан, Соғдыдан, Сырдария қалаларынан және Жетісудан аңғаруға болады. Оттың шалқи, сүйірлене көтерілген жалыны тәрізді сүйір күмбезді мұнара құрылыстарының қалдықтары осына еске салады. Олар ескі Қостөбе және Қызылөзен (Красная речка) қалаларының жұртында сақталған. Дегенмен Орта Азия мен Қазақстанда зороастризмнің каноникалық түріне ұқсамайтын, айрықша бір түрі ғана кең таралды. Оның өзі жергілікті пұтқа табынушылықпен, оның ішінде отқа, ру, ата-баба әруағына, тіпті қой, жылқы, түйе тәрізді жануарларға табынушылықтармен тығыз астаса сіңісіп кетті. Зороастр діні Қазақстан қалаларына YI-YII ғасырларда соғдылар арқылы енді, алайда оның элементтері Оңтүстік Қазақстанда бұдан көп бұрын сақ-массагет тайпалары кезінде-ақ қалыптаса бастаған болатын [78].

Бұл дінге байланысты ескерткіш деректер оссуарлық жерлеу түрінде – сүйектер салынатын саз жәшіктер, хумдық жерлеу түрінде, жерден қазылған сағана-лахаттарға өліктің қойылуы, өлік сүйіктерін жинап жерлеу түрінде кездеседі.

Монғол және иран құдайлары аттарының ұқсастығына өз назарын Л. Гумилев бұрынның-ақ аударған болатын. Шмид бұл ұқсастықты кездейсоқтық емес деп мойындайды. Ратцель де оған өз назарын аударады. «Хормуста» деген атау кеңінен мәлім. Шыңғысханның таққа отырғызылуын суреттегенде оны Күйік те қолданады. Ол атау Голустинский мен Ковалевскийдің сөздіктеріне де енгізілген, Банзаров пен Блоше де еске алады [79, 303 б.].

Доржи Банзаров Хормуста мен Аспаннның – бір ғана мағына беретініне шек келтірмейді. Шыңғысханды бірде Аспаннның ұлы, бірде Хориустаның ұлы, енді бірде қытайша Тянь-цзы деп атаған. Санскрит және тибет кітаптарын монғол тіліне аудара отырып, буддашылыр Индраны Хормуста деп атап кеткен, мұның өзі осы атаудың Монғолияда будда насихаты басталған кезде түпкілікті орын алғандығына назар аудартады [80, 41 б.].

Осының бәрін тек Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени үрдістермен түсіндіруге болады. Егер «Хормуста» атауы Монғолияға Парсыдан емес, ал Үндістаннан, буддизммен бірге енгізілген болса, онда бұл есім үнді-иран аңызнамасы бойынша Варунаға сайма-сай болар еді. Л. Гумилев бойынша, бұл арада тіпті Банзаров та ақиқаттыққа көніп, «қара сенімнің» байырғылығы жөніндегі өз мәлімдемесіне қарамастан: «Монғолдардың шамандығымен жете танысқан кезде, одан Зороастр ілімімен көп ұқсастық табылуы да мүмкін» [80,

25 б.], - деген ескерту жасайды. Ал егер бұл тіпті аздап осылай болса, онда бәрінен бұрын Мәңгілік Аспан Тәңірісі өзгешеліксіз әлемдік жөн-жосық делінетін түсіндірме жоққа шығарылады. Ол бұған дейін де деректерге қарама-қайшы келетін, ал қазір онымен мүлде санаспауға да болады.

Бұдан кейін Л. Гумилев күн мен айға табынушылыққа түсіндірме береді. Бұрхан тауында Темужин бетін күнге қарата табынған. Бірақ Веселовский осы пікірге қарсы сөз таластырып, бұл арада мәселе күнде емес, ал монғолдар діни рәсімдерін жүзеге асырған кезде беттерін солай қаратады-мыс делінетін оңтүстік жақта болып отыр деп есептейді. Бұған дәлел ретінде ол 1210 жылғы «Юань-шиден» алынған деректі келтіреді: «Шығыс Қытайда Юн-цзидің таққа отырғанын біліп: «Ол кем ақыл патшалық құра алмайды» [81, 92-93 бб.], - деді, сөйтіп оңтүстік жаққа (яғни, Қытай жаққа) қарай түкірді». Мен мұнан діни рәсімді көріп тұрғаным жоқ, сондықтан күн жаққа қарап табынуға айтылған қарсы пікір жоққа шығарылады. Бірақ, шын мәнісінде, күнге табынушылық айқын емес және де егер күнге табыну жеке дін емес, ал діннің бір бөлшегі деп шамаласақ, ол еш нәрсемен үйлеспейді. Күн – ежелгі Митра (христиан дініндегі ең жоғары дәрежедегі адамның бас киімі) – Мәңгілік Аспанның – Хормустаның ипостасы (христиандық троицаның біреуін белгілейтін шіркеулік термин) болды, сондықтан болған сияқты көрінетін қарама-қайшылықтар жоққа шығарылады. Айға келетін болсақ, монғолдарда ол діни объектілер санатында аталмаған. Мен оны білімді, бірақ онша байқампаз емес шетелдіктер монғолдардың құдайшылық дініне жайдан-жай ғана, күнмен бірге жүрсін дегендей қоса салған-ау деп ойлаймын. Бірақ мұндағы Ариман қайда? » [50, 304 б.].

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысулардан келген ирандықтан емес, ал Жер мен Аспан бір жаратылыс басының бір-бірімен күреспейтін, қайта бір-біріне көмектесетін екі жағы ретінде қабылданатын ежелгі түріктік халық діні әлдеқайда жақын тәрізді. «Бұл концепция ерте замандарға, біздің жыл санауымыздың бастапқы кезіне, яғни сяньбийлік мәдени өзгерістерге барып тіреледі. Алайда, мыңдаған жылдар аралығында шет жерлік идеялар болмай қалмайтын өзгерістерге ұшырап, барған жерлеріне сіңіріліп кетті. Бірақ VIII – IX ғасырларда Монғолияға манихейлер арқылы өткен ирандық ықпал, сірә, олар ирандық терминологияны меңгергенімен де, монғолдар ата-бабаларының көзқарастары мәніне әсер ете қоймаған сияқты. Олар жаманшылықтан басталғандықты әлемдік жөн-жосықтың – Ариманның жартысы деп емес, ал соның табиғилықтан тыс бұзылуы – жалғандық, сатқындық деп түсінді. Бұдан, әрине, монғолдардың өздері мейлінше шыншыл болған екен деген тумаса керек. Кім күнәсыз дерсіз! Бірақ этикалық категория ретінде сатқындықты айыптау – моральдық шарт қой» [79, 308-309 бб.].

Алтай, Гоби, Жетісу тайпаларының ішінде бұлармен бірге, христиан дінін ұстаушылар да болды. Рашид-ад-Диннің хабарлауына қарағанда, Алтай, Гобидегі, найман-керейлер ежелгі дәуірлерде саудагер, миссионерлер арқылы несториан дінін қабылдап, Хайастан, Сырдария дін басыларымен хат жазысып тұрған. Көшпелі тайпалардың Гобидегі орталығы Хара-хото қаласын қазғанда несториан үлгісімен салынған ғибадатхана, мұнаралар, оймышталып, өріліп



шыққан діңгектер, суретті қабырғалар табылды. Мұнда несториан дінін ұстаған найман, керей, үнгіт, ұйғыр, таңғұттар тұрған. Қала жұртынан икон (тарса) жазулары шықты. Наймандардың түстік Алтайдағы ірі қалалары – Ақбалық, Шамбалық, Наймансүмбе, Жоңғар тауы етегіндегі Тарсакент, Қаялықтар да несториан орталықтары болған. Дала тайпаларындағы христиандықты Орхон, Енисей бойындағы құлшытастарда сақталған крест–ашамай таңбалары да дәлелдей түсті. Осындағы Уюк – Орхон ескерткіштерінде «марымыз, шадымыз» деп жазылған. Мұндағы «мар – несториан дінін үйрететін ұстаз, шад - ел билеуші, ұлығ» [82].

Ерте орта ғасырларда Тоба (Арыслан) хан сияқты әміршілер Жетісуға будда дінін тарату мақсатында пәрменді шаралар қолданған. Ол 572 жылы будданы ресми қабылдап, ғибадатханалар салдырған және діни кітаптар алдырған. Будда ұйғыр, түркеш, арғұн тайпалары арасында тарайды. Будданың дүниеде азап шегу мен одан құтылу жолдарын көрсету идеясы қарапайым бұқара ойынан орын тепкен. Сондықтан түркі хандарының бұл дінді қолдап-қуаттауына қарамастан, халық будда уағыздарын әділеттік пен еркіндікке жетудің бірден-бір жолы деп түсінді. Шын мәнінде ол (Будда) адамның күнделікті өмірінде оған үстемдік ететін сыртқы күштердің адамның басындағы фантастикалық бейнесі еді. Бірақ соған қарамай, ерте дүние адамдары будда «ілімін» өздерінше оқып, оған құлшылық етіп келген. Мұнда әсіресе, будда дінінің ұйғыр тайпасы арасына кеңінен мәлім болғаны Х ғасырда жазылған будда кітабы «Алтун йарұқтың» ұйғыр тіліне аударылып таралуынан көрінеді. Тараздың ескі жұртынан, Іле өзені бойындағы Қапшағай шатқалынан Будданың суреттерінің табылуы да Жетісу ру-ұлыстары арасында оның едәуір тараған дін болғаны туралы дерек береді [34].

Ұлы Жібек жолы бойына будда діні Қытай мен Үндіден Орталық Азия арқылы енген. Бұл діни ағымның тарауы туралы К. Байпақов пен А. Нұржанов мынадай деректер келтіреді: «Шығыс Түркістан мен Қытайда будда дінінің таралуында орталықазиялық діни хадисшылар мен дін уағыздаушылары, әсіресе соғдылар мен парфияндар, қаңлылар маңызды рөл атқарды. Шамасы Шығыстағы Кушан мемлекетінің саяси мақсаттары әсер еткен болуы керек, будда діні біздің дәуіріміздің II-III ғасырларында өте белсенді түрде таралды. Ерте орта ғасыр дәуірінде будда дінін тарату міндетін негізінен соғдылық діни уағызшылар атқарды. Будда дінінің Орта Азияға таралуында да, тұтастай алғанда: осы соғдылықтар маңызды жұмыстар жүргізді. «Бодисатва» сөзі орта парсы, ұйғыр, қытай тілдеріне соғды тілінен енді. Шығыс Түркістанның будда дініндегі түркі сөз тіркестеріндегі терминдерге талдау жасап көргенде, олардың соғдылардың аралық дәнекерлігі арқылы алыс-берістен туған сөздер екені көрінеді. Жапонның Нара астанасындағы будда шіркеуі Кареджиден соғда жазуы табылған. Будда ескерткіштері Жібек жолының Орта Азияны қиып өтетін күретамырларында тұрған қалалардың көпшілігінен табылған. Қаратөбедегі Термезден I-III ғасырларда салынған будда сопыханасы (монастырь) көп жылдан бері қазылып жатыр. Соғдының Санзар алқабында жеке басқа (дінге) табыну ғимараты болған. Мервтегі ескі қираған Гуяр-қаладан да будда ескерткіштері ашылды. Будда мавзолейі төбесі тегіс жабылған. Оның шығыс

жағындағы қақпа бетіне тұрғын және шаруашылық жайлары орналасқан. Олардың құрамында төрт бұрышты жобамен салынған шағын шіркеу бар. Дәліздің ұзына бойы қабырғасына орнатылған тас-табаңдар мен суфаларға монументті мүсін салынған. Ғимаратқа кіре-берістің екі жағында қосқатар баспалдақты тұғыр-тастар болғанға, ал олардың үстінде аяғын еденге түсіріп жіберіп отырған Будда мүсіндері болғанға ұқсайды. Ғибадатхананың еденінен Будданың суреті бейнеленген, алтын жалатқан икон жапсырмасы табылды» [20, 30-31 бб.].

Сириялықтардың көпқасырлық экономикалық байланыстары олардың Араб түбегіне де, Үндіге де, Иран мен түркі тілдеріне сирия тілінің белгілі бір дәрежеде әсері болған. Орта Азияға да өзінің мәдени ықпалын ол тигізбей қоймайды. Христиан дінінің метрополиядегі және отарлардағы сияқты соғдыларға да таралуы соғдылардың Сирия жазуымен танысуына мүмкіндік берді. Сирия жазуы соғды-христиандар арқылы ұйғырлардың қабылдауымен ежелгі түркі тайпаларына да таралды: «...сириялықтар дүниежүзілік ғылым мен мәдениетке аса зор үлес қосты. Олар Шығысты антикалық ең ежелгі заманнан бастау алған дүниежүзілік мәдениеттің даму сатысына көтерді».

VI-IX ғасырларда Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларда манихейлік қауымдар болған. «Он жебе елінде», яғни Батыс түрік қағандығында, «діни сенімді ояту үшін» жазылған «Қос негіздің қасиетті кітабы» атты манихейлік шығармада (VIII ғасыр) «Аргу-Талас алтын шаһары» және Жетісудың манихейлік монастырлері бар тағы да төрт қаласы аталады [83].

Ұлы Жібек жолы бойында манихей дінін таратуда, К. Байпақов пен А. Нұржанов атап өткендей, Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінде, ең алдымен, отырықшы жұртшылық арасында өзінің жолын қуушыларды тапты. Тұрфан алқабынан табылған «Қасиетті екі негіз кітабы» атты манихей шығармасының ежелгі ұйғырша қолжазбасында бұл кітаптың «он оқ елінің (діни) сенімін ояту үшін», «Аргу-Талас (Алтын-Аргу Талас ұлысында) қаласында жазылғаны жөнінде айтылады. Бұл жерде әйгілі Тараз қаласы сөз болып отыр. Сондай-ақ, манихей тұрғындары Жетісудың басқа да бірқатар қалаларында – Баласағұнда, Шігілбалықта тұрғаны мәлім [20, 37 б.].

Ұлы Жібек жолы бойында көпестерден басқа неше түрлі діни уағызшылар да жүріп жатқан. Олардың арасында зорастринизм, буддизм, манихейлік және несториандық діндерді таратушылар ерекше орын алады. .

Бұл діндердің арасында христиандықтың бір ағымы - несториандық Ұлы Жібек жолымен тағдырлас болды. Онымен бірге кең тарады және кейін әрекетін тоқтатты. Несториандықтың кең таралуының бірнеше себептері бар: 1) керейіттер, ұйғырлар, қарлықтар сияқты ұлыстардың қабылдауы; 2) Византияға қарсы саясат ретінде Иранның қолдауы; 3) Тан империясында 200 жыл бойы еркін насихатталуға мүмкін алуы.

Кейін осы несториандарға қатысты Еуропада «Иоанн патша» туралы аңыз тарады және бұл жөнінде Л.Н. Гумилев өзінің «Қиял патшалығын іздеу» атты еңбегінде көптеген тарихи айғақтар келтіреді [79, 47 б.]. Қазақ археологы және мәдениет тарихшысы К.М. Байпақов несториандықтың Орталық Азиядағы артефактылары жөнінде мынадай мәліметтер келтіреді: «Жамукал және Навакат

қалаларындағы мазарлар кешенін қазған кезде күміс, қола крестерімен қоса жерленген христиандар бейіттері табылды. Ал Красная Речка (Қызыл өзен) атты ескі қала жұртынан кездейсоқ нефрит кресі табылғаны да белгілі. Қираған ескі Төрткөлтөбе қаласынан табылып, Шараб қаласында жасалған деп ұйғаруға келетін тас келі Шымкент қаласы музейінде сақтаулы тұр. Онда христиан таңбалары – крест пен көгершін бейнеленген.

Тараз қаласы жұртын қазғанда VI-VIII ғасырларға жататын топырақ қабытынан бүйірінде «Петр және Гавриилл» деген сириялық жазуы бар қыш күрешке табылды. Ертедегі христиан иконнамасы аңызының желісімен өрнектеліп, Анаковтық және Григорьевтік деген атақпен мәшпүр болған екі күміс ыдыстарын да несториан қолөнершілерінің қолынан шыққан бұйымдарға жатқызуға болады. Григорьевтік күміс ыдыстағы (IX-X ғғ) бейнелер тегіс өрнек түрінде қосымша оймышталып салынған. Ыдыстың жалпы көрінісі мен жекелеген бөліктеріне алтын жалатылған. Бір-бірімен шеңберлесе айқасып жатқан үш алқа (медальон) үш түрлі аталған: «Мадақтау», «Табыт басындағы әйел», «Қол-аяғы керіліп тасталған Иса», олардың ара-арасында «Арыстан орындағы Даниил», «Петрдің безінуі» және «Қожайын табытының күзетшісі» делінген» [20, 35-36 бб.].

Мәселе кейін қазақ халқының құрамына енген кейбір тайпалардың кезінде христиан болғандығы туралы ғана болып тұрған жоқ. Соңғы уақытта бізде баспасөз беттерінде осыны бекерге шығаратын әсіре діншілердің мақалалары бой көрсетіп келеді. Бірақ тарихи шындық мүдделі топ еркімен бұрмалана алмайды. Тіпті кезінде арабтардың пұтқа табынушы, христиан халықтарының политеистік діндерде болғаны мәлім нәрсе.

Қазақстанды қамтыған Ұлы Жібек жолы мәдениеті IX ғасырдан бастап мұсылмандық өркениет туы астында өркендейді. Мұсылмандық дінді көшпелілердің арасында алғашқы қабылдағандардың арасында, шамамен 766 жылдан бері, қарлұқтарды көруге болады. Олар мұсылман дінін, тіпті сонау Мехди халиф (775-785) кезінде қабылдады деген пікір де бар. Алайда, бұл олардың бәрін бірдей қамтымаған тәрізді, өйткені қарлұқтарға қарайтын Таразды Исмаил ибн Ахмед 893 жылы басып алып, «осы қаланың бас шіркеуін мешітке айналдырды». Археологтар тапқан IX-XIII ғасырлардың қазба ескерткіштері осы өлкеде қалалық мұсылмандық мәдениет қалыптасқанын дәлелдей түседі. Тараз бен Меркедегі шіркеулер мешіттерге айналған. Ислам дінін ұстаушылар қатары көбейе түсуіне қарай қалаларда алқалық ғибадат мешіттері салына бастайды. Кердеріде салынған солардың біреуі жөнінде ал-Мақдиси хабарлайды. Мұндай мешіт қалдықтары Кердерімен тең салынатын ескі Құйрықтөбе қаласы жұртын қазғанда табылды. Мешіт қаланың орталық көшелері қиылысында болған [20, 41 б.].

Ұлы Жібек жолы бойындағы діни, мәдени ауысулар біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында Алдыңғы Шығыстан Орталық Азияға қарай бағытталды. Бұл әсіресе бірнеше ғасырлар бойы осы аймақта кең таралып, кейін Ұлы Жібек жолымен бірге жоғалып кеткен несториандықпен байланысты. Л. Гумилевтің куәлігі бойынша, Александриядан шыққан пресвитер Арий, Христос-Логос өз әкесінен кіші, өйткені ұл, демек, ол туған деп уағыз айтады.

Архиепископ Александр мен оның диаконы Афанасий: «туған» сөзін құдай тегіне пайдалануға болмайды деп оған қарсы шығып, оны, Христос бойына құдай даналығы дарыған адам деп үйреткен Павел Самосатский әулиені діңсіздер қатарына қостын деп қатты айыптайды. Бұл егестің арты азамат соғысына айналады, сонда бір императорлар арианды жақтаса, екіншілері – православтарды жақтайды. Мұнымен бір мезгілде өз ілімдерін гностиктер, неоплатониктер, митраистер де уағыздайды және бәрі бір-біріне қарсы, өзара айқасып кетеді [79, 47 б.].

Ұлы Жібек жолы мәдениетіндегі несториандық ағымды сириялық ықпал аймағы деп бағалауға болады. Себебі сол ғасырларда сириялықтар тілі мен діні бойынша тұтас арабтық мәдени ареалдан ерекшеліктенетін еді. Ортағасырларда сириялықтар, антик заманындағы гректер сияқты, пассионарлық жоғарылауда болып, өз мәдениетін сол замандағы өркениетті елдердің бәріне дерлік тарата білді. Тіпті белгілі ұйғыр жазуының түбінде сириялық жазу тұр. Несториандар өз литургиясын көнесириялық тілде жүргізген. Сиро-палестиналық мәдениет өз ізін көптеген үлкен өркениеттерде де қалдырды. Бұл тағы да Шығыс пен Батыстың Ұлы Жібек жолы бойында тоғысқанын көрсетеді.

Ұлы Жібек жолы мәдениетін белгілі бір мағынада қазіргі жаһандандудың ілкі формасы деп қарастыруға негіз жеткілікті және бұл сипатта тағы да сириялықтар мен соғдылардың рөлін атап өткен жөн. Мысалы, III ғасырда, парсы шахының сарайында, өзін Христос пен Параклеттің мұрагерімін деп жариялаған үлкен ойшыл, жазушы Мани, мөбедтер мен зороастралық молдалар азабынан жан тапсырып, азап даңқының алқасын тағынғаннан кейін, оның жолын қуалаушылар Парсыдан қашып кетуге мәжбүр болады, аз батыста манихейлер ұдайы қуғын-сүргінге ұшырай бергесін, жасырын әрекетке көшеді. В. Бартольд атап өткендей, Шығыста манихейлер Трансаксония мен керуен жолының бойындағы көгалды аймақтарға барып паналайды [84, 6, 8 бб.].

Дәл сол сияқты Византияда қудаланған несториандар да Ұлы Жібек жолы ареалын паналайды. Л. Гумилев көрсеткендей, бесінші ғасырда Ефесте өткен христиандардың бүкіл әлемдік жиынында Константинополь патриархы Несторий андамай қалып, «Құдайдың анасы жоқ» деп айтқаны үшін, шіркеуден аласталды. Оның жеңімпаздары енді дереу өзара қырқысуға кірісті, монофизиттер де, сол сияқты православиелік халкедониттер де бір ауыздан несториандарға қарсы болды. 434 ж. Бтизапаттағы жиында несториандық наным парсы христиандарының, оның ішінде Мерв митрополиясы қауымының да басты наным-сенімі деп танылғаннан кейін, жауығу бұрынғыдан да күшейіп кетті. Парсы шахының қолдауы несториандарға бәле болып жабысты. 489 ж. император Зенон несториандарды айыптауды құптап, несториандар өз ілімін оқытып жатқан Эдесс мектебін жауып тастады. Бұл мектеп Парсыға Низиб шаһарына көшіп келді, ал 499 ж. Ктезифонда несториан патриархиясы ашылып, ол VI ғ. кемеліне келіп толысты [79, 48 б.].

Несториандардың Ұлы Жібек жолы бойымен Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында VIII-VIII ғасырларда кең етек жая бастағаны туралы К. Байпақов көптеген мағлұматтар келтіреді: «Көптеген қалаларда христиан шіркеулері болды. Шамасы, христиан дінін түріктердің бір бөлігі патриарх

Тимофей (780-819) кезінде сірә қарлұқ жабғысы арқылы қабылдаған болса керек. Өйткені IX-X ғасырлар қарсаңында қарлұқтар айрықша көп аймақтарды өз билігіне қаратты, Тараз бен Меркеде христиан шіркеулері жұмыс істеді, Сырдария бойындағы қалаларда да христиандар тұрды. Іле алқабында Қаялықта өздерінің шіркеуі, сондай-ақ өз қонысы болған христиандар жайлы Вильгельм Рубрук хабарлайды. XIV ғасырда Ыстықкөл жағасында әулие Матфейдің денесі шірімей сақталған христиан софыханасы (монастырь) болғаны мәлім. Навакетте христиан қауымы өмір сүргенін қабірлер құлыптастарындағы сириялық жазулар ғана емес, сонымен бірге қыштарға, шарап құятын үлкен қыш көзелердің гүлтәж өрнектеріне түсірілген соғды жазулары да айғақтай түседі. Солардың бірінде былай жазылған: «бұл көзе Иарук-Тегін ұстазға (арналды). Шебер-Пастун ылайым ол (көзе) әрқашан толы болсын, әумин, әумин». Бұл жазуға «ұстаз» сөзі түрік-соғды құлпытаснамаларында кездесетін «ұстаз, тәлімгер» сөздерімен мағыналас. Соңғы «аминь» (әумин) сөзі Иарук-Тегіннің христиан қауымының билеушісі болғанына күмән қалдырмайды. Өзге біреуінде мынадай өте қысқа сөз жазылған: «бұл көзенің шебері – Пастун». Ал Навакеттің батыс бетіндегі ескі Покровка қаласы жұртынан табылған тағы бір ыдыста екі жол соғды жазуы бар, тәржімалағанда былай болып шығады: «Бұл ыдыс – Пакап қауымының сыйы. Бұл шарапты қуаныш үстінде ішкейсіз, тақсырым... Құдайдың қайырымына бөленген Әли-Білге тақсыр әменда бақыт-берекетке кенелсін. Сипатына қарағанда бұл палеографияның уақыты IX-X ғасырларға немесе тіпті XI ғасырдың бас кезіне жатады [20, 36-37 бб.].

Несториандар Ұлы Жібек жолы бойымен Парсы және Орталық Азиямен шектелмей, Қытайға Шығыс Азияға кеңінен тарай бастайды. Бұл үшін олар түркі-қытай байланыстарын сәтті пайдаланады. Шығыс христиандары өз дінін көшпелі түріктер арасында табысты уағыздайды. Мұның мысалы ретінде Л. Гумилев византиялықтар қолына тұтқын болып түскен түріктердің маңдайында крест таңбасы бар екенін, олар мұны өздерімен бір тұратын христиандардың ақылы бойынша, жұқпалы мерезден құтылу үшін салдық деп түсіндіретінін атап өтеді. Бұл дерек, әрине, көшпелі түріктердің арасында христиан діні кәдімгідей таралған дегенге дәлел бола алмайды, бірақ христиандардың құла түзде болғаны анық деп айтуға негіз бола алады [79, 48 б.].

Қытайға несториандық наным Ұлы Жібек жолы мәдениеті шарықтап тұрған кезде енеді де, үкімет оған жылы ниет білдіреді. Таң әулетінің алғашқы императорлары Тай-Цзун христиандарға қамқорлық жасап, олардың шіркеулер салуына қарсылық білдірмейді. Буддашылармен тығыз байланысты болған император әйелі У Цзэ-тянь тәж-тақты тартып алған кезде, христиандар қуғынға ұшырайды, бірақ Тан әулетін жақтаушылар зорлықшы қатын патшаны ұзамай өкіметтен тайдырады. Император Сюань-цзун 714 ж. Тан империясында буддизмге тыйым салады да, 745 ж. христиандықта уағыздауға рұқсат етеді. Міне, осы кезден бастап, несториандық наным Тан империясының бақылауындағы Жоңғарияда да

жайыла берді, сөйтіп көшпелілер арасынан, ең әуелі басмалдар арасынан соны үмбеттер табады, бірақ көп уақытқа дейін бұл онша жемісті болмайды [79, 49 б.].

Бірақ несториандық нанымды, қазіргі кейбір зерттеушілер сияқты, Орталық Азияның дәстүрлі діні деп алған дұрыс емес. Түрік қағанатын билеушілері мен жалпы халқы кірме діндерге онша көңіл қоймаған, бұл мемлекет құлағаннан кейін де, несториандар жергілікті діндер тарапынан да, өзі секілді жаңа діндер – буддизм мен исламның, конфуцийшілдік пен шамандықтың қарсылығына ұшырады. Л. Гумилев мынадай тарихи деректі алға шығарады: «Әуелгі екі дін ұзақ уақытқа дейін даладан жақтастар таба алмайды. «Будда ілімі адамдарды дәрменсіз де көңілшек етеді» деген дәлелмен Тоныкөк будда ілімін насихаттауға тыйым салады, ал түргеш ханы Сұлу, Хишам халифтың (724-743) елшісіне: «Менің сарбаздарымның ішінде шаштараз да, ұста да тігіншілер де жоқ; егер олар мұсылман болып, ислам дегенінен шықпай қойса, онда олар қайтып күн көреді», - деп жауап қатады [85, 274 б.]. Ислам көшпелілерге тек қалалық дін секілденіп көрінген, сол себепті де олар, бұл дінге содан бір ғасыр бұрын Арабстан бәдәуилері қалай қараса, оған бұларда солай қараған. 732 жылы Қытай қол астындағы жерден император Сюань-цзун қуып жіберген манихейлер, мұнын есесіне ұйғырлар арасынан жақтаушылар табады да, аса ауыр ішкі соғыс барысында Моянчур ханды қолдайды [47, 382 б.].

Христиандықтың Ұлы Жібек жолы мәдениетінде кейін тұрақтап қалмауының көптеген себептері бар. Мұнда секта ретінде бөлініп шыққан конфессияның басқа этномәдениетте жасанды болатыны да маңызды рөл атқарады және бұл қазіргі Қазақстандағы діни үрдістерге де қатысты. Егер Ұлы Жібек жолы мәдениетіне қайтып келсек, онда Л. Гумилевтің христиандардың ұйғыр ханының дұшпандары болғандықтан да, соғыста жеңіп шыққаннан кейін, ол өзін қолдаған манихейлер жағына ауатынын атап өткені . Көп ұзамай Ұйғырстан жеделдетіп манихей қоғамы билейтін теократиялық мемлекетке айналады. Хан қолында тек әскери істер ғана қалдырылады.

Өкімет басына келген манихейлердің діни төзімсіздік жасап, жанығып кеткені сондай, өздерінің күллі көршілерімен: тибет буддашыларымен де, мұсылмандармен де, қытайлармен де араздасып қалады, ал несториандармен тіпті тартысып қалады. Біз бұл арада Ұйғырстанның саяси тарихын қазбалап жатпаймыз, 840-847 ж. бұл елді қырғыздар күл-талқан еткен кезде, онымен бірге манихей қауымы да құрып кетті. Ұйғырлар оңтүстікке ауып кеткеннен кейін, құлазып қалған даланы біртіндеп монғол тілдес тайпалар келіп мекендей бастады. Мәдени дәстүр уақытша үзіліп қалды, бірақ белгілі тәртіп орнап, түз қалпына келгеннен кейін, несториандық наным Орта Азияны басып кетті [79, 49-50 б.].

Біртіндеп Ұлы Жібек жолы ареалында дәстүрлі емес діндерді буддизм мен ислам ығыстыра бастады. Осыған дейін несториан іліміне төзіп келген Қытайда, 845 ж. Тан үкіметінің арнаулы жарлығымен, манихейлікпен бірге ол наным да заңнан тыс деп жарияланады. Бұл оқиға Ұйғырстанның

күйретілуімен тұспа-тұс келді, Орталық империяның шегін мекендейтін көшпелілердің өмір-тіршілігі мен мақсат-мүддесін қорғайтын Ұйғыр еліне сол уақытқа дейін Қытай одақтас ретінде ділгер болып келген еді. Жарлықтан кейін басталған қуғын-сүргінге буддашылар мен манихейлерге қарағанда, христиандар әлдеқайда көп қарсылық көрсетті. Бірақ христиандардың Қытайдағы позициясы қатты қиратылды. 987 ж. Қиыр Шығыстан Константинопольге қайтып келген бір сопы: «Қытайдағы христиандар әр түрлі себептермен өлтіріліп, құрып бітті, тек мен ғана әзер қашып құтылдым», - деп айтып барады. Бұл сөздің біраз әсерленіп айтылғанына кәміл сенуге болады, өйткені христиан діні шабуылының бізді қатты қызықтыратын екінші толқыны Қиыр Шығыста кең көлемде қайта жайылған кезге – IX ғ. басына дейін, Қытайдың солтүстік шекарасында несториандықтың жұрнағы сақталып қалған еді [79, 50 б.].

Ұлы Жібек жолының шығыс аймағында, христиан дініне қарағанда, буддизм өз орнын сақтап қалу үшін, қытайлық дәстүрлі діндерге қарсы тұрды. Л. Гумилев атап көрсеткендей, кірме діндер жан сауғалап қалу үшін қулық-сұмдық жасады, тіпті манихейлік наным да толық тапталудан аман қалды. Манихейлер буддашылармыз деп көлгірсіді. Әуелгі кездері саналы түрде құбылып бақты: расында да, дінге енді кіріп жатқан әрбір кісіге, үкімет тыйым салған, шын мәні манихейлік, бірақ будда дінін бүркенген қауымға еніп жатырсың деп түсіндіруге болмайды ғой. Мұндай сөзбен дінге кіретіндерді үркітіп жіберу, тіпті опасыз сатқындар қармағына түсіп қалу да қиын емес. Сол себепті де өздерін буддашылармыз деп, сақтық жасай жүріп, Қытай манихейлерінің бірте-бірте буддашыларға қосылып, кеткені сондай, тіпті Бируни тәрізді оқымыстылардың өзі, оларды айыра алмай қалатын болды. Кейін Танғұт мемлекеті пайда болған облыстарда әсіресе мұндай араласу өте қызу жүрген: Хара-хота икондарында будда бейнесіндегі манихейлік күн құдайлары кездесіп отырған [86, 471 б.].

Сонымен, Ұлы Жібек жолы ареалында діни көзқарастар күресін анық аңғаруға болады. Қытай мен мұсылман, византиялық мәдениеттер өз ықпалын үстем еткісі келді, бірақ оны этномәдениет шектеп отырды. Христиандық және манихейлік нанымның далаға тарауын «жеңімпаз мәдени ықпал» қатарына жатқыза салуға болмайды. Л. Гумилев атап көрсеткендей, кез келген ықпалдың қайсысы болса да, мәжбүр етудің, көндірудің, әйтеуір, бір түрін, тым болмаса, оның моральдық, зейін-зерделік, эмоциялық түрлерін қолданады. Ал, көшпелілер болса, мұндай күштеудің кез келген түрлерін әманда дереу сезіп, олардан ойдағыдай құтылып отырған. Бірақ Византия империясы Орта Азия даласынан қашық жатқандықтан да, көшпелілерге қысым жасамаған және жасай да алмаған. Бұған қоса айтатын бір нәрсе, көшпелілер арасында христиандық нанымды далаға тарату «мәдени ықпал» емес, идеялық құндылықты әкеліп егу, сіңіру болып табылады [79, 51 б.]. Сонымен бірге бұл мәселе бүгінгі Қазақстан үшін де өзекті болып табылады. Неге Қазақстан жағдайында діни қатынастарға ерекше көңіл бөлінеді? Бұл туралы «Жас Қазақ» газетінде 2006 жылдың шілде айында философтар мен журналистердің арасында арнаулы сұхбат өтті.

Мәселе діннің адамзат мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі екендігінде. Жалпы, дін тақырыбын қозғағанда Жаратушыдан түсірілген Кітап пен дін арасын нақтылап алғанымыз дұрыс. Кітап түсуімен бір мезетте соған сай дін пайда болған деген бағытта тұжырым жасайды. Бірақ әр Кітапқа негізделген діндердің қалыптасуы үшін адамзатқа жүздеген-мыңдаған жылдар уақыт қажет болды емес пе? Ендеше, Кітаптың түсуі адам санасынан жоғары тұрған тылсым дүние болса, Оның қоғам санасында орнығуы тарихи тұрғыдан түсіндірілуі мүмкін әлеуметтік құбылыс болып шығады. Сол себепті, бұл екеуін екі түрлі сұрақ деуге болады. Біріншісі – себеп, екіншісі – салдар. Адамзат баласына қасиетті Кітаптар оқтын-оқтын, бірнеше мәрте жіберілген. Оның ең соңғысы Құран. Ендеше, дін дегеніміз сол түсірілген Кітаптар негізінде пайда болатын адамдардың саналы іс-әрекетінің жемісі. Адамзат белгілі бір дінді қабылдағанша, оны мәдениет деңгейіне көтергенше қандай шиыр жолдардан өткенін, қаншама қантөгістерге барғаны есепке алынбайды. Нәтижесінде әр ұлттың өзіндік төл мәдениеті терістеліп, дінге қайшы болып шығады.

Егер Ұлы Жібек жолы мәдениетіне қайтып келсек, онда түркілердің неге христиандар мен буддашылар болып шықпағанын, Л. Гумилев былай түсіндіреді: «Христиан дінінің күллі жауларына қатер төндіретін құдіретті империяның орнына - өздерінің азаттығы мен тұрмыс салтын сақтау жолында қаһармандықпен күрескен ат төбеліндей көшпелілер көз алдымызға келеді; шетсіз-шексіз байлық – құлазыған шөлдің шет аймағы назарымызға түседі; ең бастысы: ешбір еуропалыққа мұндай діндерінен көк тиын пайда түспейді. Бұл сауалға даяр жауап мынандай: XII ғ. ортасына дейін не католиктік, не православиелік Еуропада Қиыр Шығысқа деген ынта-ықылас неге болмаған? Ол туралы егжей-тегжейлі мәлімет алу қиын емес еді ғой. Қытайдан Бағдатқа дейін, содан Константинопольге дейін баратын керуендер ұдайы жүріп жататын. Мұсылман көпестері Сібірге дейін жететін, ал несториандар Орта Азияның Қытаймен жасайтын сауда-саттығын өз қолдарынан шығармаған. Мәліметтер алысып-берісіп отыруға мүмкіндік бар еді, бірақ әрі іскер, әрі әрненің мәнісін тез аңғаратын еуропалықтардың о жаққа мүлде ықыласы аумай қойған. Олардың өз шырғалаңы да бастарынан асып жатқан еді .

«Ұйғырияда буддизм өркен жайып, оның заңы бойынша, сопыларға алтын мен күміске, әйелдерге жолауға қатал тыйым салынған-ды. Демек, нағыз буддашылар, монастырларында байлығы шіріп жатса да, саудамен шаруасы болмайтын. Оның есесіне несториандар шеттерінен саудагер келетін де, мұсылмандарды өлердей жек көретін. Енді біз ой толғаудан нақты деректерге көшеміз. Қашып келген гүрханды тек ұйғырлар ғана өз астанасы Бешбалықта қабыл алып, оны азық-түлікпен қамтамасыз етеді, әскерін қайта құрып, даланың сайыпқыран сарбаздарымен толықтыруға жәрдемдеседі. Бұл үшін олар кез келген саудагерге қажет нәрсені қалап алады: олардың өз түлегі – гүрхан бұлардың Самарқан пен Ферғанадағы, Қашқар мен Хотандағы бәсекелестерін күйретіп, керуен саудасын түгелдей өз қолдарына алуын қамтамасыз етеді. Қатуандағы шайқастан кейін, ұйғыр



сауда қалаларының гүлденер кезі басталады, ал билік христиандар қолына тиген жерде, олар мұсылман көпестеріне алым-салық салатын» [79, 117, 136 бб. ].

Тағы бір сұрақ қоялық: христиан дінінен мен исламға назарын аударған түркілер, неге митраизм мен буддизмді ұнатпады? Өткен замандарда да, қазіргі кезеңде де дінді қабылдауда этномәдени үйлесімділік үнемі көрініс беріп, қоғамдар арасында діни негіздегі келіспеушілікке, ымырасыздыққа жол ашпауға ұмтылады. Ақиқатында, әр дін өкілдері Жаратушыны мойындай отырып, өздері қарама-қайшылық шеңберінен шыға алмай отыр. Ендеше, діндер арасындағы қайшылықты Жоғарыдан емес, төменнен – адамдар арасынан іздеу керек сияқты. Яғни, бүгінде бағдаршам ретінде Кітап алынғанымен, діннің өзі адамдардың араласуымен әртүрлі бағыт алып, олардың арасы бірін-бірі түсінбеушіліктен біртіндеп алшақтап барады. Әлемдегі көптеген шиеленістердің астарында, сөйтіп, діни төзбеушілік жатқаны анық. Біз бұдан пенде болып жаратылған адам баласының мүмкіншілігі шектеулі екенін ұғамыз.

Дүниежүзілік басқа діндер сияқты, буддизмдегі ортақ нәрсе – «діндарларға қайырымды іс істе және өздігіңнен жетілуге талпын деу, бірақ қайырымдылық пен жетілу жолындағы мақсаттарды түсіну бір-бірлеріне мүлде қайшы. Буддашылар қайырымдылыққа не «түк істемеушілікті», не өз ілімін насихаттаушылықты жатқызады, мұның өзі түптеп келгенде өмірден толық марқұм кету үшін дәл осы «түк істемеушілікке» апарады». Көшпелілер, керісінше, шындық пен әділеттілік үшін күресуді, яғни әскери ерлік жасауды бұйырады, ал соғыс уақытында саяқ жүргендер қашқындар деп есептелінеді. Буддашының көз-қарасы бойынша дүние – азап тұрағы, одан қашу керек, тіршілікті қалпына келтіру процесін тоқтату, яғни некесіздік – одан құтылудың міндетті шарты. Көшпелілердегі Митра - «кең далалардың қожасы», ол сол далаларға құнарлылық береді. Ол табындардағы мал санын көбейтеді, ол сонымен бірге кім адал болса, соған денсаулық, молшылық, байлық сыйлайды. Ол тек материалдық игіліктерді ғана емес, сонымен бірге рухани игіліктерді де үлестіруші.

Көшпелілер өмір орнықтырушы жүйені қолдайды. «Егер ол осылай болса, тіршілікпен күресуді насихатту, бізді қоршаған тамаша дүние – майя (сағым, қиял), түк істемеушілік – талантты адам үшін ең келісті кәсіп және қайырымдылықтың салтанат құруы үшін ең жақсы амал – жамандыққа қарсылық жасамау деп сендіру, міне, осының бәрі, митраистер мен бондықтарға жан түршігерлік жалғандық болып көрінді, ал жалғандыққа қарсы күресу керек еді. Олардың заңы осындай ұйғарым белгілеген-ді. Тибет пен Монғолияда буддизмнің мұншалықты тегеурінді қарсылыққа тап болуының себебі де, міне, осы. Ал мұнда тек ішкі соғыстар халықтың ең бір әрекетшіл бөлігін тұңғыыққа әкеткеннен кейін ғана жеңді, бірақ соның өзінде де толық жеңе алмады. Әйтсе де, тірі қалғандардың да енді жаңа ілімге қарсы тұрарлық күші де, ықыласы да болмады. Жаңа дін оларды тіршіліктен дәмелдендіргенімен, осынау қатал азапты дүниеден кетуге шақырды. Сол кезде Азияда «Сары сенім» салтанат құрды» [79, 313-314 бб.].

Белгілі философ Ә. Нысанбаев атап өткендей, адамзат тегі бір және әр түрлі, көп келбетті мәдениеттерге, этностарға, тілдер мен нәсілдерге ортақ, бір түп-тамырдан өсіп шығады, - бұл жиі қайталанатын пайымдау палеоантропологияда, қазіргі генетикада, түрлі діни ілімдерде, дүниені түсінудің басқа мәнді тұғырлары бойынша олардың көзқарастары қатаң ажырайтындығына қарамай, бұл тұжырымда олар бір-бірімен әбден келісімді деген, сол эмпирикалық жағдайды қарапайым деректеу арқылы жаңа мағыналық ырғақтарға ие бола алады. Басқаша айтқанда, барлық кісілер Адам атадан тарады деп есептеуге болады, ал түрлі дүниетанымдардың тілдерінде, солай немесе басқаша айтылатын адамзат пайда болуы туралы және оның арғы тарихы мен тарихының бастапқы кезеңі жөніндегі түсініктеріндегі моноцентризм идеясы, кездейсоқ болу үшін, тым терең біздің жалпы санамызда ұяланған [56].

Ұлы Жібек жолы бойында ислам мәдениеті, Ә. Нысанбаевтың атап өткеніндей, ол VIII ғасырдан бастап іс жүзінде XVIII ғасырға дейін, яғни көптеген ғасырлар бойы Бағдат пен Бұхараның, Самарқанд пен Фераттың, Рейдің, Исфханның, Шираз бен Тебриздің қалалық мәдениеттері енгізген үлессіз, сол жоғары гүлденуге жете алмас еді. Бүкіл бұл қалаларда қолөнер мен өнер, ғылым мен әдебиет, архитектура мен каллиграфия, олар ислам мәдениетіне сипатта бола отырып, ерекше гүлденді. Сол мезгілде барлық осы қалаларда, парсылық империялардың үстемдік ететін уақытынан бері сақталып келген, ежелгі Иран мәдениетінің қуатты ықпалы ерекше болды. 750 жылдан 1258 жылға дейін ислам халифтерінің резиденциясы болып келген, Бағдаттың, бас тәуіп Гундешапурдың емімен дерттен айыққан және сондықтан олардың саны оның ізбасарларында арта түскен, ирандық ғалымдарды өз астанасына шақырып алуды бастаған, Халиф Мансурмен негізі қаланған еді. Аббасидтер ирандақ әйелдерді өздеріне тек әйел ретінде алып қоймай, сонымен бірге ода арабтарға тілмен байланысты ғылымдарға басты рөл берілген, мысалы теология, поэзия, құқық сияқты, ол басқаларына, бірінші кезекте, парсыларға – арабтар «жатжерліктер» деп атайтын қолданбалы және табиғаттанулы ғылымдарда жетекші рөл ұйғарылған, жаңа мәдени қауымдастықтардың пайда болуына оң ықпалын тигізді. Мансурдың шөбересі, Мамун (оның анасы мен әйелі ирандық болған) «Дар-әл-Хикманы» - «Даналық үйін», өзінің мәдени маңызы бойынша, соған дейін мың жыл бұрын Птолемей салған, тек александриялық «Мусейонмен» салыстыруға келетінді салды. «Даналық үйі» үшін көне грек философтарының көптеген еңбектері араб тіліне аударылды [56].

Бірақ та бір-бірімен солай тыныштықта өмір сүрген жағдай тарихта болды, арада көп уақыт өтті, қазіргі жағдайымыз өзгеше деп айтуымыз мүмкін. Расында мұсылмандар мен христиандар Ұлы Жібек жолы бойында солай ұзақ уақыт бейбіт қатар өмір сүре алмады. Батыс жақтан келген крест жорықтарының аяғына таман шығыс жақтан (1141 жылы) қарақытайлардың, сонан соң (1209-1256 жылы) монғолдардың және ары қарай (1552-1917 мен 1917-1991 жылдары) орыстардың екі шапқыншылығы келді.

Кінә мұсылмандардан емес еді. Тіпті, кімде-кім күнәсын дұрыс мойындап кешірім сұраса, 1138-1193 жылдары өмір сүрген Салах-ад-Диннің (яки Саладиннің) екінші крест жорығына шығарушыларды кешіріп, босатып жібергені белгілі. Бұл исламның толерантты сипатын дәлелдейді.

Бүгін де бағдаршам ретінде Кітап алынғанымен, діннің өзі адамдардың араласуымен әртүрлі бағыт алып, олардың арасы бірін-бірі түсінбеушіліктен біртіндеп алшақтап барады. Әлемдегі көптеген шиеленістердің астарында, сөйтіп, діни төзбеушілік жатқаны анық. Біз бұдан пенде болып жаратылған адам баласының мүмкіншілігі шектеулі екенін ұғамыз. Ендеше, қазіргі ғылым мен білімнің өркендеу дәуірінде, әр адамға әлемдік мәдениетті тұтастай игеру қажеттілігі туған заманда кез-келген «өркениетті адам» «жалғыз ғана сара жол» деген дін уағызына күмәнмен қарауы мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз. Бұл, әсіресе, тоталитарлық секталарға байланысты.

«Ымыра» туын көтергендей болып, қоғамымызда нағыз «ымырасыздық», яғни, санадағы қарсылық, оған сәйкес туындайтын жеккөрушілік сезімдерін туғызып жатқан сектанттардың әрекетіне заңдық тұрғыдан тосқауыл қою қажет. Біршама уақыт бұрын еліміздің бірнеше соттары ислам фундаменталистерінің қызметіне тиым салу жөнінде үкім шығарды. Бұл біржақты үкім. Сол кезде, сонымен бірге христиан дінінің атынан сөйлейтұғын секталардың әрекетіне де тиым салатындай үкім шығарылуы керек еді. Бірақ олай болмады. Еліміздегі православие, будда және басқа дін басқармалары «христиандық» секталар мен кришнаиттердің және т.б. қызметін тоқтататын сондай үкімге еш қарсы болмас еді деп ойлаймыз. Яғни, күннен-күнге күшейіп келе жатқан діни бейберекетіздікке енді мемлекет араласпаса болмайтын болып тұр. «Дін мемлекеттен бөлек» деген ұғымның артынан «басымды құмға тықтым - құтылдым» дейтіндей түйеқұс саясатының иісі шығатынын түсінетін уақыт жетті. Басқаша айтқанда, дін қашанда ұлттық мәдениеттен нәр алады.

Бұл жөнінде Н. Нұртазина өзінің «Қазақ мәдениеті және ислам» деген еңбегінде былай айтады: «Мәдениеттің өзегі дін екені рас, дөрекі көзге көрінбесе де дін (толыққанды, дамыған дін) – шын мәнінде ұлттық тұтастықты ұстап тұратын ғаламат күш. Дін кеткен соң яғни, идеялық-рухани, этикалық негіздерден айрылған кезде ұлттық мәдениет жүйе болудан қалады» [87, 170-171 бб.]. Қоғамның тіршілігі мен (өркениеттік) дамуының оның дінімен байланысы қандай тығыз әрі маңызды екеніне біздің көзіміз енді ғана жете бастады. Діни жүректің соғуы – қоғам мен оның мәдениетін біріктіріп ұстап тұратын күш. Дүниенің ұлы өркениеттері әлемдік ұлы діндерді кездейсоқ жасап шығаран жоқ, шын мәнісінде дүниенің ұлы өркениеттерінің негіздері болып табылады. Дінін жоғалтып алған халық ақыр соңында мәдениетін де жоғалтып алатын болады.

Сондай-ақ, діннің ұлт пен елге қатысы жайлы айтып отырғанда, ешкім біріктіріп ұстап тұра алатын күш тек «ана дін» немесе «мына дін» ғана бола алады деген ойды алға тартпайды. Ислам діні де, христиандық та, не иудаизм, не буддашылық, не заратуштралық, не тәңірлік, не синтоизм діні, не дәстүрлі діндер де сондай қызмет ете алады. Мысалы, ежелгі парсы

патшалығында парсы халқы мен мемлекетін біріктіріп ұстап тұратын күш заратуштралық болған еді. Түркілердің арасында кейін исламның сондай қызмет атқаруы сөзсіз. Ал кейбір кездерде екі дін бір халықта сондай рөл атқарады, мәселен, жапондықтардың ортасында синто мен буддашылықтың екеуі бірігіп, жапон мәдениетінің жүйесін біріктіріп ұстап тұрады [87, 66 б.].

Бұл дін мен мәдениеттің бір-бірімен тығыз байланысын басқа бір жағынан қарастырады, атап айтқанда, дін мәдениетке ғана емес, мәдениет дінге де ықпалын тигізеді екен. Бір халықтың арасындағы діннің ерекше түрі сол халықтың ұлттық мәдениетіне тікелей байланысты. «Халық діні» дегеніміз осыдан шығады.

Бұл орайда, Құранда Тәңірдің осы әлемдегі әр түрлі халықтарды жарату себебі туралы өте маңызды бір шындық айтылады: «Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың тақуаларың. Шексіз Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы» (49-Хұжрат сүресі 13).

Осы аяттың өзі түрлі ұлттар мен руларды жаратудағы Тәңірдің мақсатына «бір-бірінді тануларың үшін» деген түсінік береді. «Халықаралық» деген ұғымның шынайы мағынсын ойласа, бұл бүгінгі «халақаралық әлемде» өмір сүруімізге дұрыс бағыт беретін бір асыл сөз болып табылмақ. Ал осы ақиқатқа сай, Ә. Әбдәкімұлы қазақ халқының түрлі шежірелерінің (қазақтар мен түркі тілдес халықтар ғана емес, әлемдегі барлық халықтардың түбі бір екенін меңзейтінін) айтып өтеді. Бәріміздің түбіміз бір болса онда, ерекшеліктерімізді жоғалтпай, бір-бірімізді танып, сыйлап, бейбітшілікті сақтап, бірге өмір сүру дұрыс-ақ емес пе?

Бұған тағы бір ой қосып, белгілі бір мұсылман ғалым Абдулла Жүсіп Әли жаңағы Құранның аятына берген өзінің түсіндірмесінде «Құдай жер бетіндегі әр түрлі ұлттар, рулар мен адамдардың бір-бірімен тату-тәтті, бейбітшілікте, соғыссыз, басқа халықтардың жерін, адамдарын, мәдениетін жоймай, өздеріне тәуелді етпей, жауласпай өмір сүргенін қалайды» деп айтады. Соған ұқсап, Ж. Ықылас Құранның мынандай аятын да (2- Бақара сүресі, 109) келтіреді: «Өздеріңмен соғысқандар мен Алла жолында соғысыңдар да шектен шықпаңдар. Негізінен Алла Тағала шектен шығушыларды жақсы көрмейді. «Сонан соң ол «шектен шығу» сөзінің мағынасын «жаулап алу» деп түсіндіреді [88, 2 б.].

Сондай тілек-мақсатпен біз рухани келісім мен бейбітшілік-тыныштықты сырт дүниесінде ғана емес, жан дүниесінде де сақтау үшін бір-бірімізді түсінудің, бір-бірімізге деген көзқарастың мән-маңызы жөнінде сөз қылып отырмыз. Бір-бірімізді дұрыс түсініп, дұрыс көзқараспен қарау үшін ақ ниетпен өзкізілетін діни-мәдени сұхбат (диалог) керек. А. Құлсариева бұл жайлы дұрыс сөз айтқан: «Батыс пен Шығыстың қосарлы ықпал аймағында орналасқан Қазақстан үшін мәдениеттер мен діндер сұхбаты идеясының берері мол. Сұхбат ықпалы аймағында орналасқан Қазақстанның елі үшін сұхбаттылық, адамдар арасындағы сыйластық өмір салты болып кеткен. Олар үшін құқықтық та, қара күш те адамдар бірлестігінің негізі бола

алмайды. Олардан биік тұрған құндылықтар – сұхбатты қалыптастырушы сүйіспеншілік, төзімділік, мәміле - келісім болып табылады» [71].

Сонымен, осылай тұжырымдайтын қорытынды бейбітшілік-тыныштық туралы тақырыбымыз үшін маңызды болмақ: «таным, сенімнің қандайлығына қарамастан, дін атулының ұстанатын бір-ақ бағыты бар екен. Ол – бейбіт өмір сүрудің мәңгілік нормасын қалыптастыру үшін күрес. Діннің атын жамылып қантөгіс жасайтын лаңкестік бір бөлек екен де, нағыз діннің ақ жолы, зиялы уағызы екінші бөлек екен. Съезге қатысушы дін иелері осы бір ақиқатты растап, шүбәсіз мойындады» [89].

Енді осындай сұхбаттар бола берсін деп тілектеспін. Бір әлемде сүріп жатқан біз бетпе-бет кездесіп, діни-мәдени сұхбаттарды нағыз құрметпен әрі сүйіспеншілікпен өткізуді білуіміз қажет. Осыған орай М. Бұлұтай мырзаның жақсы айтқан бір сөзі бар: «Соңғы жылдары дүние жүзінде қалыптасып бара жатқан діндер арасындағы диалог, сенімдерге кеңшілік беру, бірін-бірі хош көру, адам құқықтарын қорғау сықлды жоғары өркениеттілік қағидаларының күллі жиһан тарапынан қабылдануы, исламият ғасырлар бойы уағыздаған құндылықтардың түсінілгенінің бір нышаны, жемісі. Ендігәрі аталған зорлық-зомбылықтар қайталанбаса екен деген тілек айтқымыз келеді» [90, 278 б.]. Ал өзге діндердің және ұлттардың мәдениетінің мұндай жемісіне қатысқаны да болса керек, бірақ соған қарамастан келісудеміз.

Діннің пайдасы туралы айтып өткен кезде шайтандық қоғам жайлы айта кету керек. Меніңше, бұл қоғам діни бостандықтың екінші жағы бар: ол - әлеуметтік жауапкершілік. Бұның мағынасын Ғарифолла Есімнің «Бостандықтың бағасы» деген жазбасындағы бір сөзімен айтсақ, «Бостандық деген әркімнің бет-бетімен босып кетуі емес, бостандық деген әрбір азаматтың өз еліне деген тәуелділік санасы болса керек, халқын құрметтеген адам ғана бостандық идеясын қабылдап, оны өзінің өмір салтына айналдыра алады. Бостандық деген – туған елімен, жұртымен қандай жағдайда да бірге болу» [91, 4 б.]. Енді «туған елімен, жұртымен қандай жағдайда да бірге болу» дегеніміз халық пен елдің бірлігіне тікелей байланысты болады. Бір халық екі, үш, төрт дінді ұстанғанда бірлікте тұру оңай емес, мәселе күрделі болып кетеді. Енді мән-маңызы соншалықты зор болғандықтан, осы тыныштықты сақтайтын қорғау шартының кейбір артықшылықтары туралы айтатын бірнеше сөзім бар. Біріншіден, салмақ салынып үш рет қайталап айтылған бір ой бар, атап айтқанда, ол - «осылай жасағаным бұрын болған имамдардың (бәрінің) сенің адамдарыңмен (яғни мәсіхшілермен) жасағанына сай келеді» деген сөз. Мағынасы – мәсіхшілермен мұндай келісім-шарт жасауды мұсылмандарың өздері бір міндеті ретінде ретінде санаған. Жұмабай мырзаның «Үлкен және кіші жиһад» мақаласында «Ислам дінінің негізгі мақсаты адам баласының жанын, өмірін, ар-намысын, ақыл-ойын, дінін, мал-мүлкін қорғау болып табылады» деген сөзі тура 1138 жылғы келісім-шарт оның сөзінің негізі болып шығады. Сөйтіп, бірінші Халифтан Мұқтадир II атты Халифке, яғни 632 жылдан 1138 жылға дейін мұсылмандар мен мәсіхшілердің арасындағы рухани келісімді сақтайтын

қорғау шарты тұрақты жасалып отырды. Мұның үлкен бір нәтижесінде сол кезеңде шығыстағы, әсіресе Орта Азиядағы мұсылмандар мен мәсіхшілердің арасында (қантөгіс) қақтығыстар кездеспеді [32, 67 б.].

### **2.3 Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени артефактылар ауысуы**

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени өнімдердің ауысуы тек отырықшы өркениеттердің арасында ғана жүзеге аспады. Көшпелі қоғамда мәдени қарыштау болуы мүмкін емес деп ойлаудың өзі қате. Жалпы көшпелілер, оның ішінде әсіресе түркілер, үндірийлер, арабтар адам өмір-тірлігінен айырғысыз нәрсе ретінде, қазір барша адамзаттың күнделікті тұрмысында қолданылатын көп бұйымдарды ойлап тапты. Бұл жөнінде тек олардың ұрпақтары ғана емес, сонымен бірге әділ пиғылдағы батыстық және ресейлік ғалымдар да жиі қайталайды. Мысалы, Л. Гумилев түркілер мен моңғолдардың материалды иәдениеттегі жетістіктерін жоғары бағалайды: «Қазіргі еуропалықтардың еркек жыныстыларын айтқанда, көз алдына келе қалатын киім-кешектің бір түрі – шалбарды көшпелілер тіпті ежелгі заманда ақ ойлап тапқан. Үзенгі 200 және 400 жылдар арасында бірінші рет Орталық Азияда пайда болған. Алғашқы, ағаш дөңгелекті көшпелі арба, әуелгі үлкен доңғалақты күймеге ауысты да, сосын оның орнын киіз үй басты, бұл көшпелілердің орман-тоғайлы тау қырларынан қиналмай асып түсулеріне жағдай жасайды. Ауыр да түзу семсердің орнын басқан қайқы қылышты көшпелілер шығарған жебелерді аңыратып, 700 м. жерге дейін жеткізетін, сала-құлаш құранды садақты ойлап тапқан да солар. Ақыр сонында, ол заманда тұрғы жайдың ең жетілген түрі киіз үй болып есептелетін» [50, 39 б.].

Жазба тарихи көне заманнан желі тартатын скиф-сақ, ғұн, үйсін-қаңлылардың мәдени мұрасы туралы сөз қозғағанда, оның ең алдымен материалдық және рухани қазынасының маңызы арта түседі. Сақ заманында Еуразияның көшпелі тайпаларында мал өсіруге негізделген экономикалық базистің қалыптасуы Оңтүстік Сібір, Алтай, Қазақстан, Еділ-Жайық, Қара теңіз жағасындағы қыруар ру-ұлыстар арасындағы айырбасты, мәдениеттегі ұқсастықты орнықтырды. Сондай тұрмыс-салт, тұрғын үйдегі ұқсастықты скиф-сақтардың үй мекені де дәлелдей түседі. Геродоттың скафтер туралы жазбаларында: агриппейлердің тақыр даланы мекендейтіні, ағаштың сөлін ішетіні, қыста ағаш бұтағына киіз жауып, соны пана тұтып, жазда киізін алып, ағашты жалаңаш тастап кететіні айтылады. Сақ-скифтер алғашқы өте ерте дәуірде үйдің осындай түрін пайдалана келе, кейін оны өздерімен бірге қысы-жазы ала жүруге ыңғайлы, арба үстіне қондырылған көшпелі үй дәрежесіне жетілдірген. Бұл туралы Гиппократ алты, төрт доңғалақты арба үстіндегі үйлер туралы хабарлайды. Тіпті оңтүстікте саман, кірпіш, солтүстікте бөренеден салынған тұрақты үйлері де болған. Археология деректері андронов адамдарының төбесі шатырланып және дөңгелете жабылатын киіз үйдің жасалуына жеткізген баспалдақ екенінде шұба болмаса керек.

Сарыарқадағы көшпелі тайпалар мен Орталық Азияның егінші, қолөнерші қауымының товар айырбастайтын орталықтары Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларда орналасқан.

Мысалы, Отырарда биік қорған, қақпа, сәулетті медресе-мешіт, мұнара, кітапхана ғимараты, қала әкімінің мекемесі т.б. көркем құрылыстар болған. Қару-жарақ, алтын-күміс, асыл тас бұйымдары, шыны ыдыстар, зат қоймаларының табылуына қарағанда, қалада зергерлер мен темір ұста салары, шыны, керамика шеберлері тұрғаны көрінеді. Жувейнидің жазуына қарағанда, 1219 жылы монғолдар ойрандап кеткен Янгикент (Жанакент) осының нақтылы көрінісіне жатады. Жазба деректерде көрсетілуінше, қала Сырдың Арал теңізіне құярлығына орналасқан, Оғыздардың көне астанасы болды. Қаланың биік дуалы, мұнара, қақпалары болған. Ежелгі Русьтің, Новгородтың, Хазар, Бұлғар хандықтарының көпестері Хорезм, Үндістан, Қытай саудагерлерімен тауар айырбастап тұрған. X ғасырдағы араб саяхатшысы Ибн Хаукал Янгикентке Үргеніштен 10 күнде, Фарабан 20 күнде жетуге болатынын хабарлайды [92, 37 б.].

Сыр бойында ежелгі Отырардың қайта көтерілген қалпы, Сайрам, Аркөк, Үзкент, Аққорған, Қаратаудың терістік бөктерінде Созақ, Құлтөбе, Ран, Тастөбе, Тасқорған, Көктөбе қалашықтары өмір сүрген.

Отырардың кейінгі мәдени қабатынан 1000-ға тарта тұрғын үй орамы шықты. Яғни мұнда шамасы 5000-7000 адам тұрған. Қалада қыш құмырашылар мекендеген, олар құмыра, саптыаяқ, кесе, тегеш, табақша, көзелер жасаған табылған бұл бұйымдарға қарағанда Сыр бойының қолөнершілері қыш, мыс, қола, темір бұйымдарды ұқсату сияқты өнер түрін әлі де жалғастырып отырғаны көрінеді.

XVI-XVII ғасырлардағы архитектураның мұралары Сырдарияда, Қаратау төңірегінде, Талас, Шу, Сарысу аңғарларында, Торғай даласында біркелкі тәуір сақталған. Тастан салынған ескерткіштер көбінесе Маңғыстауда, Сағыз, Жем алабында, Орталық Қазақстанда, Жетісуда, Алтай, Тарбатағай тауларында ұшырасады.

Баршынкенттің іргесін Алып Мамаш Бектің (Алпамыс) жұбайы Баршын сұлу зираты маңына қоныстанушылар көтерген. Жамал Қарши, Плано Карпини, Гетум, Керикос, т.б. саяхатшылардың мұнда жолы түскен. Ол Оғыз хандығының Сыр бойындағы мәдени, экономикалық байтағының біріне жатады. Онда базар, мешіт, медресе, қонақүй, керуен сарайлары, зәулім мұнаралар, биік дуал, мықты қақпалар болған. Қалада Қорқыт пен әл-Фарабидің дүниетану жолына түскен, Құсамеддин Баршынлығы қатарлы ақын, жазушылар тұрған.

Араб тарихшысы Макдиси: «Сауран жеті қабат қоршалған қала, рабад, мешіті бар» [93, 26 б.], - деп еске алады. Кейбір деректерде оның «шайқалмалы минареті», сәулетті ғимараттары, жер астынан келетін кәріз суы хақында баяндалады. Тарихи көркемдік қасиеті жағынан қазірде қирап біткен Сауран мұнарасы көңіл қоярлықтай. Бұқара мұнаралары тәрізді салынған, биіктігі 16 метрге баратын іргелі мұра. Бөгім мұнарасы да, Сығнақ қаласының Сунақ-ата ғимараты да сондай мұралар. Сарайшықтағы қазақ

хандары Жәнібек пен Қасымханның, Түркістандағы Есім мен Жәңгірдің мазарлары да сәулеті жағынан ерекше көрнекті ескерткіштер.

Баласағұн Батыс Түрік, Қарлұқ, Қарахан, Қарақытай мемлекеттерінің астанасы болды. VIII ғасыр жылнамаларының көрсетуінше, Суябтан шығыста 20 шақырым, Шудың сол жағасына орналасқан. Мұнда 1069-1070 жылдары Жүсіп Баласағұн өзінің «Құдатқу білігі» (Құт негізі білік) дастанын жазды. 13 мың жолдан тұратын түркі тіліндегі бұл дастанда саясат, мемлекет, басқару, әскери іс, кемеңгерлік, ақыл-парасат, әділеттік, ар-ождан, салт-дәстүр ж.т.б. жөнінде философиялық трактаттар берілген. Профессор У. Шалекенов басшылығындағы археологиялық экспедиция қазып жатқан Ақтөбе мекені ежелгі Баласағұн болуы мүмкін деген болжам бар. Өйткені, одан 6000 дана қола теңгелер ақша соғатын орын, т. б. табылуы, қаланың шахристан мен рабатқа бөлінуі, оның ірі саяси, экономикалық, мәдени орталық болғанын дәлелдейді [94].

Тараз туралы алғашқы рет Византия елшісі Земарх жолжазбаларында хабарланады. М. Қашқари Тараз тұрғындарының түркі және соғды тілінде сөйлейтінін көрсетеді. Ол Ұлы Жібек жолының және қимақ, қыпшаққа баратын керуен жолының түйіскен жеріне орналасқан. Араб географы Мақдиси: «Тараз – бау-бақшалары, үйлері тығыз салынған, бекіністі қала. Айналасында терең оры, 4 қақпасы бар, қала ортасынан өзен ағып өтеді, оның маңында Сус, Құл, Такабат, Шельжи қалашықтары бар» [95, 81 б.] , - деп жазады. 1221 жылы Жетісуда болған қытай саяхатшысы Чан Чунь «Тараз маңының халқы егіншілікпен қатар жібек өсіріп, шарап қайнатуды біледі» [83], - деп хабарлайды. Қарахандар тұсында мұнда Қарахан мазары, Айша биби, Бабаша хатун күмбездері қатарлы сәулет өнерінің тамаша үлгілері тұрғызылған. Ішкі қабырғалары түркі халықтарының аңыз-ертекейліктерінің суреттерімен әшекейленген Тараз моншасының даңқы шыққан. Монша еден астынан жүргізілген жылу жүйесі арқылы жылытылған. Шешінетін, жуынатын бөлімдері күмбезделіп өріліп шығарылған. Су ұзындығы 0,7 м, диаметрі 0,25 м, құбырлармен келтірілген. Қалада XI – XII ғасырларда ақша-теңге соғылып тұрған.

Талғар Іле Алатауының қойнауына орналасқан. Терістігі мен түстігінде қақпалары болған, бекініс дуалдарының биіктігі 5-6 м. Қарауыл мұнаралары, мешіт, базары бар, іргесі VIII – IX ғасырларда қаланған. Қола, қыш ыдыстардың көп табылуына қарағанда, қала халқының дені қолөнершілер болса керек. Қала жұртынан 2 мың табақта тәж киген адам басында қанатты арыстан суреті бейнеленген. Бұл Қарахан билеушілерінің символы екені белгілі [96, 39 б.].

Қойлық, Қаялық Лепсі өзені алабында орналасқан. Монғол жаулауына дейін Қарлұқтың Арслан ханының ордасы тұрды. Елші Вильгельм де Рубрук Қойлықтың қураған орнында 1253 жылы күзде болған. Қала жұртынан қыш ыдыс-аяқтар, құмыра, көзе, кесе, қола теңгелер табылды. Қала археологтардың есебі бойынша IX – XI ғасырларда барынша гүлденген [97].

Жоғарыда қарастырылған ортағасыр қалалары бір-бірімен керуен жолдар арқылы жалғасып жатты. Әсіресе, Сыр бойын жағалай Янгикенттен Еділге,



Итиль қаласынан Волганы өрлей Бұлғар хандығына, оңтүстікке қарай бұрылып, Кавказдан Византияға, онан әрі Киев Русіне баратын жолдың Итильден жететін тармағы да болған. Ежелгі Киевтің, Новгородтың, Смоленскінің, Рязанның, Кавказдың, Хазар мен Бұлғар жұрттарының жиһанкез көпестері Еділ дариясынан өтіп, Қыпшақ хандығына, одан Сырға еңкейіп, Янгикент, Отырар, Тараз, Баласағұн шаһарларын аралады. Мұнда парсы, үнді, қытай көпестерінің исфаһани асыл қылышын, шайын, жібегін, қамбат тастарын өз тауарларына айырбастады. Түріктерден былғары ертұрман, қару-жарақ, асыл тұқымды сайгүлік аттар сатып алды. Киев пен Новгородтың ескі жұртын қазғанда Тараз, Шаш, Самарқанда соғылған 144 монета табылды [34, 97 б.]. Осыған қарағанда орыс жерлерімен сауда айырбас байланысының бағы заманнан-ақ орныққаны көрінеді. Қытай, Үнді, Хорасан саудагерлері Шығыс Түркістаннан Бедел, Ақсу асуларынан асып, Аспара, Мерке, Құлан, Барысхан қалаларын басып өтіп, Таразға келіп жүрді, бұл Жібек жолының бір тармағы есептеледі. Тараздан шығып Қимақтар еліне, онан әрі Енисейдегі қырғыз жеріне баратын да керуен жолы болды. Иопиджабтан терістікке қарай шыққан жол Қаратауды бөктерлеп, Катикент, Баба-ата, Созақты басып, Кеңгір, Жезді, Нұра, Ырғыз, Ертіс аңғарларымен қимақ-қыпшаққа, онан әрі Алтай – Саяндағы Боғра, Яғма, қырғыз, телестерге жетті. Бұл жолдар Орта ғасырлардағы Қазақстан тайпаларын дүниенің шар тарабымен жалғастыратын сауда – айырбастың күре тамырлары еді.

Сауда айырбастың дамуы түркі қоғамында, ақша айналысын тудырды. Мұның алғашқы түрлері YII – YIII ғасырларда ру таңбаларын салып шығарған қола, мыс теңгелерден көрінді. Олардың кейбіреулерінің бетінде арыстан бейнеленген. Оның мәні теңгені соққан тайпаның онғұны (тотемі) арыстан болған деген болжамға келтіреді. Отырар жазығынан табылған теңгелерде садақ және ру таңбасы, арыстан суреті, енді біреулерінде соғды жазуы болды. Бұған қарағанда, YII - YIII ғасырларда Отырарда мыс, қола теңгелер соғылған деп айтуға әбден негіз бар. Отырар жұртынан бұлармен қатар Шаштың, Ферғананың, Бұқараның ежелгі теңгелері табылды. Мұның өзі қаланың транзиттік сауда орталығы болғанын дәлелдейді. М. Орынбеков «Ежелгі қазақтың дүниетанымы» кітабында Тараз қаласында 704-766 жылдар шамасында түркеш хандары өз аз ақшаларын шығарып тұрған дейді [6, 142 б.]. Оның екі жағына түркі тілінде соғды жазуымен «Тюргеш қаған бай бағы», «Жұмы он тамға» деген сөздер жазылды. Түргеш теңгелерінің бетінде садақты, не бақанды, не жарты айды бейнелейтін ру таңбасының белгісі салынды.

Мұнда әсіресе, жиһанкез көпестер алтын, күміс ақшаларына түрік шеберлері ұқсатқан мүйіз, сүйек, металл, қыш, шыны бұйымдарды сатып алды. Түріктер ежелгі сақ-үйсіндердің өнердегі «ақ стилін» онан әрі ұстанып жетілдірген ел болған. Бұған Алтайдағы Күдіргі обасынан 1925 жылы табылған ердің қас бетіндегі бастырма ұлық мысал бола алады. Мұнда алыстан қарағанда бұғы, таутеке, құлан аулап жүрген екі аттылы көрінеді. Ал жақындап үңілгенде, жаңағы суреттердің ту сыртында бір-біріне айбат

шегіп тұрған екі жолбарыс байқалады. Бұдан орта ғасыр шеберлері суретті қимыл үстінде бейнелеумен қанағаттанбай, бір фонға екі көрініс, екі мазмұн беру шеберлігін де меңгергені көрінеді. Мұндай бір материалға қат-қабат құбылыс беру өнері батырма түсіру, қалыптау, соғу, сығу, нақыш қондыру, оюлау, бедерлеу, қырнау т.б. тәсілдермен орындалып отырған. Түркі ұста, зергерлері ұқсатқан осындай сән-салтанат бұйымдары мен қару-жарақтарға Шаштың, Исфиджабтың, Баласағұнның базарларында сұраныс аса жоғары болған.

IX- X ғасырларда Қазақстан жеріндегі қалаларда Самани әулеттері шығарған теңгелердің айналымда болғанын, олардың «исмайл» деп аталатын күміс дирхемдерінің, «мусейяби», «мухаммади» алтын теңгелерінің де көптеп табылғанын көруге болады. Тіпті мұны XI ғасырдағы парсы географы Гардизидің: « Дирхемдер рустар мен славяндарға беріледі, өйткені, ол адамдар құйылған дирхем болмаса тауар сатпайды» [98, 131 б.] деп жазғанын да құптай түседі. Осы бір мысалдың өзінен-ақ, алтын, күміс теңгелердің сол дәуірлерде тауар баламасы (эквиваленті) қызметін атқара бастағаны көрінеді. Шын мәнінде, ақша қоғамдағы бір еңбек өнімінің екінші еңбек өніміне айырбастың жоғары дәрежеде дамуына байланысты пайда болады. Өндіріс пен айырбастың нәтижесінде тауарлар дүниесінен бір тауар бөлініп шығып, басқа тауарлар осы тауарға айырбасталады. Бұл тауар басқа тауарлардың кез келгенін айырбастай алатын баламалық (эквиваленттік) рөл атқарады. Мұндай рөлді ертедегі Скандинавияда, Русьте аң терісі, Қытайда шай т. б. атқарды. Кейін келе тауар өндірісі мен айырбастың дамуы балама тауар рөлін ақшаға – металл теңгеге ауыстырды. «Өйткені металл теңгелер (күміс алтын) табиғи қасиетінің (бір тектілігі, бөлінгіштігі, ұзақ сақталғыштығы, алып жүруге қолайлығы) арқасында ақша рөлін атқаруға өте лайықты болды» [99, 230-231 бб.]. Қоғамда өндіріс пен айырбастың дамуы тудырған ақша айналысының Түргеш, Қарлұқ, Қарахандар заманында онан әрі жетіле түсуі, ақшаға деген қажеттілік пен сұраныстың артқанын дәлелдейді. Бұл дәуірдегі ақша ең кем дегенде экономикалық бірнеше функцияларды орындаған деген негіз бар. Ең алдымен, ақша ... құнды көрсету үшін, яғни мөлшері жағынан аттас, сапасы жағынан бірдей және саны жағынан салыстыруға келетін тауарлар құнын көрсету үшін тауар дүниесіне материал беру қызметін атқарды. Екінші, сату мен сатып алу актілерінде дәнекер рөлін атқарады. Үшінші, қазына жинау және қорлану; төртінші, төлем құралы қызметін атқарды.

Қоғамда осындай елеулі рөл атқаратын ақшаның маңызы Қарахан мемлекетінде одан әрі күшейе түсті. Т.Н. Сенигованың, Б.А. Литвинскийдің, Г.А. Давидовичтің және М.Н. Федоровтардың зертеулеріне қарағанда, бұл дәуірде «адли» деп аталған қола теңгелер негізгі айналыс пен төлем операцияларын орындаған. Қарахандар күміс, мыс монеталарын Тараз бен Испиджаб сарайларында соқтырып тұрған. Тіпті кейбір деректерге қарағанда күміс дирхемдер мен қатар бөлшектеп пайдаланатын алтын динарлар да айналыста болған. Шаш, Үзкент, Қашғар, Бұхарада соғылған металл ақшалар Жібек жолы қалалары қажетін өтеген. Мұнда әсіресе, жиһанкез көпестердің

алтын, күміс ақшаларына түрік шеберлері ұқсатқан мүйіз, сүйек, металл, қыш, шыны бұйымдарды сатып алды.

Қазақстанның оңтүстігінде, ХҮІІІ ғасырға таяу, қалалық мәдениет бірте-бірте құлдырай бастайды. Сайрам қаласы әбден әлсіреп, қаңырап бос қалды. Бұл процестің себептері анықталды. Бұл өзара қырқысу соғысы; Дешті қыпшақ пен Мәуреннахрлық феодал билеушілерінің арасында Сырдария қалалары үшін ХҮ-ХҮІ жүзжылдықтар бойы жүргізілген күрес қырсығы. Солардың салдарынан ең алдымен қалалардың орталықтары, су жүйелері, ауыл шаруашылығы, сауда байланыстары зардап шекті; феодалдық езгі басталды; ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардағы феодалдық қатынастар жалпы істе және Қазақстан үшін де, Орта Азия үшін де тоқыраушылыққа ұшыратты. Ал жоңғарлардың шабуылы қала мәдениетін біржолата тұралатып тастады.

Түркілер, қала мәдениетімен бірге адамзат өркениеті тарихында тас қашау, тас бедерлеу, тасты қырнап, бәдіздеу өнерімен де даңқы шыққан ел. Тас бейне жасау өнері әуелгіде жартастарға шекіп салудан басталан. Соның өзінде тастан адам бейнесін қашау сатысына бірден жетпеген. Мұның алғашқы қадамы онғұндардың кескін-келбетін ұқсатудан көрінеді. Бұл саладағы аса білгір ғалым Әлкей Марғұланның топшылауы бойынша: «Ең ескі тас мүсіндер ғұн дәуірінде – б.з.б. ІІ-І. ғ., б.з., І-V ғасырларда шыға бастаған. Олардың құрылысы өте биік, ... 8 метрге дейін жоғары көтеріліп тұрады. Оларда тек бас жағын ғана әдемілеп безендірген, өзге пішіні салынбаған... Ғұндардың тас мүсіні ата-ананың рухын қадірлеуден шыққан, аспанға, күнге табынудың бір елесі» [100].

Ерте орта ғасыр деректемелерінің құптауынша қыпшақ, қырғыз, боғра-найман, ұйғыр, дулат ұлыстары ежелгі тас мүсіндеу өнерін одан әрі дамытып әкеткен жұрттар. Осындай онғұнға құрмет білдіруден бұл өнер түрі ата-бабалар әруағына ізет-ілтипат көрсету міндетін өтей бастайды. Содан барып, атақты адамдар басына тасқа сызылған, не қашалған бейнесін қою және оның тірлігінде өлтірген жауларының санына орай тас бағандар (балбалдар) тұрғызу қалыптасады

Ғұн, үйсін, қаңлылардың дәстүр-салттарының көп жағынан ұқсастығын көшпелі өмір заңдылығы қалыптастырған адамгершілік ар-ождан, мінез-құлық көрсеткіштерінен бөле қарауға болмайды. Дәстүр-салттағы бұл мінездемелік ерекшеліктер уақыттың өтуімен байланысты жаңа ұрпақ талғамына сай жаңарып, толығып отырды. Міне осындай, көшпелі тайпалармен бірге жасасып келе жатқан асыл мұраның қатарына олардың тілін де жатқызуға болады. Тіл алғашында адамдар арасындағы қатынас құралы болса, кейін келе тайпалар мен тайпаларды табыстыратын да, шабыстыратын да өткір ойдың практикалық көрінісі болып алды. Қазақстанның әуелгі темір дәуірінің тайпалары – сақ, ғұн, үйсін, қаңлылар өз территориясы, өзіне бөлек есімі бар, тілдері де бөлек тайпалар екенін де күмән жоқ. Бірақ, соның өзінде олар сөйлеген тілдердің түп төркінін айыра білуге деген ынта-ықылас – тарих пен тіл ғылымының күн тәртібінен түспей келе жатқан аса толғақты проблема болса керек. Бұлай деуге, олардың тілін

дөп басып айтарлықтай тиянақтың жоқтығы. Тіл жөніндегі мәлімет дегенде, қолда там-тұмдап жеткен ру-ұлыс, кісі аттары ғана.

Әрине, бұл тұста Азия қырлығы мен Еуропа жазығына дейін ірге жайған сақ, скиф, ғұндарды бір тілде сөйледі деуге әсте болмайды. Олар бір-бірімен түбірі бір, жақын тілде сөйлегенмен, диалектілерінде үлкен айырма сақталады. Сондықтан көшпелілер тілін – ғұн, скиф, тохар тілі деп шартты түрде айдар тағу керек. Керісінше, бұлардың барлығын бір тіл аясына сыйғызғаннан, не соған ниеттенуден аулақ болу жөн. Тіл заманалар көшінде эволюциялық жолмен дамиды аса күрделі құбылыс болғандықтан, скиф-сақтар ежелгі Иран тілінде, ғұн, үйсіндер көне түрік тілінде сөйлейді деп кесіп-пішіп айту да қиын. Бұл тайпалар Иран - Тұран, монғол-манчжур тілдерінің әлі ірге бөлмеген сатысындағы тіл қорымен пайдаланбады ма екен деген де ой келеді. Мұнда Иран таулы қыратына парсы тайпаларының қоныстана бастауы кезінен парсы тілі тарихы әдебиетте атала бастайды. Әрі Еуропа тілдерімен түбірлес деп қаралады. Ал түркі тілінің түп тегі қайдан және қай мың жылдықтардан басталатыны ғылымда басы ашылмаған мәселе. Сондықтан, б.з.б. I мың жылдықта Қазақстан жерін мекендеген сақ, массагет, ғұн, үйсін, қаңлы тайпаларының тілі жөніндегі қорытынды шығаруға, немесе, алдын-ала көрегендік болжам айтуға асықпаған мақұл.

Қазақстан жерін тас, қола дәуірінде мекендеген тайпалардың материалдық мәдени мұраларды көп қалдырған адамдар тегі екені көрінеді. Бұлар табиғат құбылыстарынан қорыққанынан бір-біріне жақын жүрді. Қоршаған ортаның дүлей күштерінен бірігіп қорғанды. Күн көрісінің негізі болған малын қысы-жазы бағып семіртті, осыдан бірте-бірте көшпелі өмір дағдысына көнігіп кетті.

Көшпелі өмір, қоршаған ортаның географиялық та, климаттық та ұқсастығы бұл тайпалардың наным-сенімі мен дүниетанымына да бірегей ықпал жасап отырды. Нәтижеде, адамдар мінезіндегі әдет-салтындағы ұқсастық жақтар пайда бола бастады. Бұл ұқсастықтар кейінгі скиф-сақ, ғұн, үйсін атымен жазба тарихқа белгілі бола бастаған тайпалардың жол-жоралғы, салт-дәстүрлерінде бой көрсеткен моральдық, ақыл-естік нормативтерді қалыптастырды.

Сақ-массагеттердің өзінің алдындағы афанасий, андронов, бегазы-дәндібай, қарасу мәдениетін жасаған ата-бабаларынан жалғастырған бір жайы – пиктограмма, идеограмма, буын жазу сатыларын артқа тастап, әріпті жазуды пайдалану дәрежесіне көтерілуі еді. Бұл өркениет тарихында адам ақыл-ойының асқақ парасатын паш ететін биік мәртебе екені белгілі.

Ғұндардың да дәстүрлері скифтерге ұқсас болған. Жаңа жылдың алғашқы айында ұлыс көсемдері Шаньюй ордасы жанындағы ғибадатханаға жиналып, құлшылық жасаған. Бесінші айда Лень-чень деген жерге барып ата-бабалар әруағына, көк, жер иелеріне құрбандық шалған.

Мәдени өнімдердегі суреттердің оқиғалығы және өте шебер жасалуы ежелгі үйсін зергерлерінің өнердегі тамаша ескерткіші екенін әйгілейді. Ондағы суреттерде үйсіндер мен ғұндардың ескілікті аңыздары бейнеленген болса керек.

Шынында ерте дүние адамдары өздері сеніп, құлшылық ететін табиғаттан тыс күштердің қаһарлы да, күдіретті кейпін сомдауға ынта-ықыласпен бағыштаған. Сондықтан көне өнер туындыларындағы мұндай көркем орындауларды сол кездің наным-сенімінен бөле қарауға болмайды.

Сиқыршыға, жай (жады) тасының кереметіне сену түркі халықтары санасына ертеден сіңіскен наным екенін Фердоусиден бастап, Табари, Саалаби, Балами қатарлы тарихшы жиһанкездердің Шүршіт елінің «Бэйшу» жазба деректеріне қарағанда, түркілер патшалығы тұрақты түрде Қытай, Манғұт, Үндістанмен байланыс жасап тұрған. Бұл мысалдан жаңа тас дәуірінің бастапқы кезіндегі аналық қоғамның кейбір әдет-ғұрыптарын орта ғасырда да жалғастырылып келген саяси-әлеуметтік халін анық көруге болады. Мұндағы бір айқын нәрсе, аналық қоғамның ыдырағанына мыңдаған жылдардың өтуіне қарамастан, әйел үстемдігі шартын мемлекет билеу дәрежесіне дейін жетілдіру ғажап қалаларлық құбылыс болса керек. Жаңа тас дәуірінің адамдары ру атасына, аңшылық, егіншілік құдайларына сенсе, түркі тайпаларында ол сенімдер «жан иесі», «орман тәңірі» атрибуттарына айналған.

Шығып келе жатқан күнге, айға түркілер тағзым етіп, құрмет көрсеткен. Айдың бастапқы күндеріне ерекше мән беріп: сүй, сый деген сөздермен қарсы алған. Ұлылы, кішілі жортуыл-жорықтарға ай толғанда шығып, ай қорғалағанда қайтқан. Қадірменді адамдары өлгенде алтын, күмістен ағаш табытқа салып жіберген. Қызметші, күң-құлдары бірге көмілген. Өлтірген жауының басын әкелген ғұн жауынгері көсемнен сыйлық алатын, әрі өлтірген жауының дүние-мүлкіне ие болған.

Буын жазуының ұзақ замандарындағы эволюциясы – дүние жүзілік мәдениеттің дамуы үшін үлкен маңызы болған әріп жазуына жеткізді. Әріп жазуын адамзат қоғамы б.з.б. X-XI ғасырларда (финикий жазуы ескерткіштері – Ахирам, Асдру-баал, Абибаал, т.б.) қолдана бастады. Финикийдің ең алғашқы дыбыстық жазуында 22 әріп болды, олардың әрқайсысы жеке дыбысты таңбалады. Әріп жазуының таралуы б.з.д. I мың жылдықтың алғашқы ғасырларынан басталса керек. Шығыста Финикий жазуы негізінде арамей жазуы қалыптасты, одан кхарошти, пехлевий, вести, соғды, еврей, навети – куфа-араб, несториан, манихей, көне түркі жазулары таралды. Батыста финикий жазуы негізінде қалыптасқан грек жазуын негіз етіп, Европа халықтарының әріпті жазу жүйелері тұрақталады. Бұған латын, славян алфавиттері жатады. Финикий жазуында 22 әріп болса, кейін халықтар өз тілдерінің дыбысталу ерекшеліктеріне сай оны қосымша таңбалармен байытып отырған. Мұны гректің классикалық алфавитінде 24 таңба, араб жазуында 28 таңба, латында 26 таңбаның болуы дәлелдейді [34, 53 б.].

Әріп жазуының өте жетілмеген кезеңіне сақ, скиф, ғұндар дәуірі жатса, содан VII ғасырға дейінгі 1000 жылға таяу уақытта дыбысқа бағынған әріптер көшпелі тайпалар тіліне бейімделе, жетілдіріле берген. Бұған қарағанда, ғұндардың қаһарлы өміршісі Баудұн шаньюдің қытай императорына қыр көрсете жазған хаттары, Аттиланың Римге жіберген

елшілерінің қолына ұстатқан грамоталары, Қаңлы патшалығының заңы, жарлықтары көне түркі алфавитімен жазылмады ма екен деген болжам туады. Егер дәл сол дәуірлерде көне жазу пайдаланылса, онда Орхон алфавитінің мемлекеттік актілермен дипломатиялық мақсатқа қызмет еткені дәуірі белгілі бола бастаған еді.

Антропологтардың анықтауы бойынша, «Есік» обасына жерленген адам 17- 18 жастағы сақ. Жас жауынгердің киімі ерекше, ол массагет сияқты тайпалар жазу-сызудың қоғамдағы зор рөлін өз дәрежесінде пайдаланғаны бірден көрінеді. Мұны көрнекті жазушы Л. Леоновтың сөзімен айтқанда, «алфавиттің туған күнін адамның өзін-өзі біліп ұғынуындағы дәуір» [101, 252 б.], деп есептеуге болады. Жазу бірер жылда, не, бір ғасырда жасала қоймайды. Ол өзінің алғашқы бастауын суреттен алады. Алғашқы адамдар өзін қоршаған әлемдегі, табиғаттағы құбылыстарды сезініп, біле бастаған кезден, олардың қарадүрсін суреттерін жартастарға қашап, сала бастайды. Мұндай аңшылық, бақташылық өмірді білдіретін ежелгі аңшы, бақташы тайпалардың наным-сенімін көрсететін жартас суреттері Қаратауда, Алтай, Тарбағатай, Жоңғар Алатауы (Жөңке тауы), Қырғыз Алатауы жартастарында көптеп кездеседі. Ғылымда пиктография (латынның пиктус - сурет, графия – жазамын) жазуы деп аталатын бұл суреттер Қазақстан тайпаларының ең көне дәуіріндегі жазуға ұмтылысын көрсетеді. Зерттеушілер адамның ойын сурет арқылы бейнелеуі дәуірін немесе пиктографияны қолдану кезін неолит (жаңа тас) дәуірінде пайда болды деп есептейді. Пиктографиямен кең мазмұнды ойды білдіру мүмкін емес еді. Айталық, жол қатынасының шартты сызбалары, бас киім, аяқ киім шеберханаларын, асхананы көрсететін белгілер пиктографиялық сипатқа ие.

Пиктографиялық жазудың біртіндеп дамуымен байланысты идеография немесе логография жазуы пайда болды. Идеографияның пиктографиядан ең басты айырмашылығы – таңбалардың формасында емес, олардың мағынасында еді. Жазудың идеография принциптері қазіргі тілдердегі сандардың таңбаларынан (5, 6, 7, 10, 100), химиялық, математикалық (алгебра, геометрия, тригонометрия) таңба, формулалардан көрінеді. Бұлардағы таңбалар, формулалар қай тілде сөйлейтін адамға болса да бір ұғымды білдіреді, яғни, ортақ ұғым, ортақ түсініктің өрнектелуі болып табылады. Сөйтіп, алғашқы жазу нұсқалары сауданың дамуына байланысты адамдардың жазбаша түрде қарым-қатынас жасау қажеттілігінен Египетте, Қытайда, Шумерде пайда болды.

Логографиялық немесе идеографиялық жазудың бірте-бірте дамуы барысында буын жазуы өмірге келді. Мұнда «логография», олар баста омонимдік сөздерді таңбалап, фонетикалық логограммаларға айналғанда, кейін көп буынды сөздердің олармен (омонимдермен) ұқсас дыбысталатын бөлшегін белгілейтін болған. Осылайша жиі қолданыла келіп, ол таңбалар дербес сөздердің таңбасы емес, буынның таңбасы ретінде ұғыныла бастаған. Ертедегі буын таңбалары б.з.б. III мыңжылдықтың бас кезінде шумер жазуында бір буынды сөздерді таңбаланған логограммалардан пайда болды.

Шумер буын жазуын ассириялықтар, вавилондықтар қабылдады [101, 414-415 бб.].

Адамзат қоғамындағы жазу-сызудың ұзақ замандарға созылған ілгері жылжу эволюциясына көз салғанда, «Есік» обасынан шыққан күміс тостағандағы таңбалар - әріптік жазуға жатады. Жоғарыда қарастырғанымыздай, дыбыстық жазу сатысына жеткенге дейін адамзат қоғамы қаншама баспалдақты басып өтуі тиіс екенін ескергенде, Есік жазуы Жетісу сақтарының, әуелгі темір дәуірі тайпаларының әлеуметтік-экономикалық дамуының биік деңгейін танытса керек. Жазу әдетте мемлекет пен азаматтар арасындағы қарым-қатынастарды реттеу қызметін атқарады. Мемлекеттің кіріс-шығыстарын есептеу, дипломатиялық қатынастар мақсатына қызмет етті. Осыған байланысты айтқанда, Есік жазуының Жетісу жерінде қолданылғанын, Жетісудың үйсін дәуірі қабірлерінен табылған (б.з.б. III-І ғасырлар, тас ыдысқа 4 таңба салынған), және Ақтас жазулары (үш қырлы тасқа отыздай белгі қашалған) дәлелдей түседі. Есік жазуының сырына алғашқы үңілген И.Д. Дьяконов, В.А. Лившиц, С.Г. Кляшторный қатарлы оқымыстылар оны беймәлім алфавитпен жазылған ескерткіш деп қарады. Соның өзінде сақ қоғамында жазу қолданылған деген қорытынды жасаумен қанағаттанады. Бірақ А. Аманжолов, Т. Сүлейменов, Ә. Хасенов қатарлы ғалымдар жазуды онан онан әрі оқумен шұғылдана берді. Нәтижеде жазудағы көп әріптердің көне түркі таңбаларында бар екеніне көз жетті. Жазуды алғаш профессор Алтай Аманжолов «Аға саған ошақ! Бөтен тізенді бүк! Халықта азық-түлік мол болсын» деп оқып, түркі тілінде жазылғанына жұртшылық назарын аударды. Бұдан кейін көп үзілістен соң, Ә. Хасенов солдан оңға қарай оқып, «Сұлу Шора Алтабан қызына таласушы алты ер қырылысқан су бұл» деген сөздерді шығарды. Ыдыс түбіндегі таңбалар, ғалымдардың есебі бойынша, 28-29 мөлшерінде. Мұндағы Орхон-Енисей жазуында кездеспейтін, 10 таңбаның Талас үлгілі көне жазбалардан алуға болатыны дәлелденді. Есік жазуы, басқа да, Жетісу жазуларын оқудың нәтижесі бұдан 25-26 ғасыр бұрын Жетісу жерін түркі тілдес тайпалар мекендегенінен дерек береді [34, 55 б.]. Бұлай деуге, әріптердің толығымен көне түрік таңбаларына сайып тұрғаны және қалай оқысаң да түркі тілінің жүйесінен шашау шықпауы – бұл бір мойындауға тиісті шындық болып тұр. Осыған орай айтқанда түркі жазуының тағы да мың жыл әріге шегінетіні жөніндегі ақиқатты ешкімнің жоққа шығармайтыны дер едік. Сондай-ақ, Есік жазуының әріпті жазу дәрежесіне жеткенге дейін пиктография, идеография, буын жазуы сатыларының өтуінің табиғи құбылыс екені дәлелдеуді қажет етпесе керек. Көшпелі тайпалар жасаған бұл жазудың тағы да бір ерекшелігі – оның кейбір әріптерінің көне ру-тайпалардың малға басатын таңба белгілерінде кездесетіні. Малға басылатын таңба белгілері алғашқыда ру-ұлыс малын көршілестерінің малынан айыру мақсатында басылатын болған. Соның өзінде таңба белгісі кездейсоқ алына салмаған. Ол әуелде идеографиялық ұғым беретін танымал белгі ретінде қабылданған да, кейін келе қозғалмалы байлық малдың кімдікі екенін білдіретін таңбаға айналған. Таңба бұл ұғым аясында ғана шектеліп қалмайды, оның

қолданушы тайпа билік басында болса, таңба белгісі саяси мәнге ие болып, металл ақшалар мен мемлекет туында да көрсетілген. Айталық, б.з.б. II ғасырларда Кангюй елінің патшалары өздерінің аңызға айналған арғы тегі Сиявуштың марал суретті таңбасын алтын, күміс ақшаларына басып шығарса, туларында да көрсетіп отырған [102, 147 б.].

Қазақстанның көне тайпалары таңбаны, суретті жазуды сонау қола заманында-ақ қолдана бастаған. Бұл жөнінде профессор А. Аманжолов Ұлан ауданындағы Ақбауыр деген жерден қола ғасырында қашалған күн мен ашамай таңба белгілерін тапқанын хабарлайды.

Орхон жазуларына – Селенгі, Толы өзендерінің, Минусин ойпатының ескерткіштері жатады. Мұндағы ең үлкені Кошо-Цайдамнан табылған Білге қаған (735 жылы қойылған) мен Күлтегін (732 жылы қойылған) құлпытастары. Бұлардың әрқайсысы 79 – 80 жол. Тоңыкөк ескерткіштері Улан-Батор маңындағы Байн-Цокто аңғарынан табылды (712-716 жылдар шамасында қойылған), 62 жол. Сонымен бірге, Онон өзені аңғарындағы Сайын-Ноян ғибадатханасынан 1891 жылы Н.Я. Ядринцев тапқан Елтіріс (Құтлық 690 - 693 жылдар шамасында қайтыс болған) хан мен оның әйелі Илбіге хатунға арналған құлпытас, 20 жол. Селенгі бойынан табылған Мойын–шор құлпытасының сөзі 39 жол. Бұлармен Талас өзені аңғарындағы Айыртау-ой деген жерден Әулие ата уезінің бастығы В.А. Калаур 1896 жылы жазулы тас тапқан. Сол уақыттан бері бұл өңірден 33 көне түркі жазуы мәлім болды. Руна жазуы Монғолия, Оңтүстік Сібір, Қырғызстан, Қазақстанның оңтүстік, шығыс және батыс аудандарында таралған. Әсіресе, И.А. Кастеньев 1906 жылы Ақтөбе қаласы маңынан тапқан қола айнадағы 14 әріпті профессор А. Аманжолов «таш терек тег йег есен» - «тас қорғандай игі есендік» деп оқығаннан кейін және жазу өрісі Батыс Қазақстанға дейін тарағаны анықталады.

Түркі жазуы сипаты жағынан түрік тілінің фонетикалық ерекшеліктерін дәл білдіретін және бір-бірімен қосылмайтын геометриялық пішінді 38 таңбадан тұрды. Бір дыбысты бірнеше әріппен белгейтін болды, ондай қайталауларды қосқанда көне түркі жазуы 100-ден астам таңбаның 23-і арамей алфавитінде кездесетін, түркі тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне қарай, оның кейбір әріптері таңбалармен толықтырылғанын ескертті. В. Радлов, С.В. Киселев, И.А. Батмановтар түрік жазуы шығыстан емес, батыстан келген болу керек деп топшылайды. С.Г. Кляшторный ол Орхон алфавиті негізінде пайда болған болар деген пікірді қуаттайды. Бір қатар ғалымдар Орхон алфавиті көшпелі тайпалардың малға салатын таңбалары негізінде қалыптасуы мүмкін деп жорамалдайды. Өйткені Орхон ескерткіштеріндегі алфавиттерден, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, түрікмен, башқұрттардың 30 таңбасын ажыратқан. Мал таңбалары жазудың ұйтқысы болмаса да, оның кейбір дыбыстық әріптерін белгілеуіне септігін тигізуі мүмкін екенін Мелиоранский жоққа шығармайды. Бірақ, мұның бәрі әлі зерттей түсуді қажет ететін басы ашылмаған мәселелер. Мұндағы бір көңіл аударарлық жәйт, көне түркі жазуының скиф, сақ дәуірі мәдениетімен үндесіп астасып жатқаны. Бұлай деуге, «Есік қорғанында» табылған



тостағандағы жазудың Талас, Енисей әріптерімен жазылғаны жөніндегі шындық түркінің көне жазуын біздің жыл санауымыздың арғы ғасырларына апарды.

Ұлы Жібек жолы мәдени артериясының бойындағы тағы бір шығармашыл халыққа ирандықтар жатады. Тіпті Иранды арабтар жаулап алғаннан кейін де, олар Иранның жоғары мәдениетін қабылдаған, Бағдаттағы халиф сарайында парсылық ойындар қойылып отырылған, пехлеви тілінен араб тіліне ғылыми трактаттар аударылған, аббасидтердің сарайларын парсы суретшілері көркемдеген, әсіресе металл өңдеуші сасанидтік қолөнершілер жоғары бағаланған. Бірақ кейін омейдтік билеуші әл-Хаджжадж ислам елдерінде сурет салынған барлық алтын және күміс ыдыстарды сындыруға үкім шығарған. Бірақ Ұлы Жібек жолы арқасында ирандық өнер туындылары бүкіл Еуразияға таралып үлгерді.

Мысалы, Орал тауларында Шапур II жүргізген аңшылық бейнеленген күміс табақ табылды. Шах мінген тұлпардың тұяқтарында жаралы қабылан өте әдемі бейнеленген [27, 72 б.]. Ыдыстың тұтқасы өте әдемі сәттегі өкілділіктің қасиетті рәмізі түйе бейнесінде жасалған. Одан басқа рәміздік жануарларға жататындары: өз мүйізінің шипалығымен адам өмірін ұзарта алатын бұғы және қасиетті су әрі отты бірдей білдіретін жылқы.

Ұлы Жібек жолы мәдениетінің тағы бір сабағы мәдени қарым-қатынастардың көпжақтылығы болып табылады. Тек отырықшылдар көшпелілерге емес, сонымен бірге көшпелілер де қалалық мәдениеттің өркендеуіне үлкен үлес қосып отырған. Осы жөнінде қазақ зерттеушісі Ө. Жәнібеков мынадай айғақтар келтіреді: «Әр түрлі тарихи себептермен Қазақстан жерінде негізінен діни, ғибадаттық сәулет ескерткіштерінің ғана сақталғаны мәлім. Олардың басым көпшілігінің күмбезді болып келетіні, ал «күмбез тұрпатының белгілі мөлшерде тұрғын үйдің жылжымалы түріне /киіз үйге - Ө.Ж./ ұқсайтыны белгілі». Бұған Маңғыстаудың Шақпақ Ата жертөле мешітінің орталық бөлімінің төбесінен шаңырақтан жарық түсетін киіз үйдің уықты күмбезді қайталайтыны, сол сияқты X ғасырда бой көтерген Бабаджи Хатун күмбездіндегі шатырлы жабындының кейіннен күмбезді-дарбазалы сәулет өнерін дамытуда кеңінен пайдаланғаны дәлел бола алады.

Шатырлы жабынды жөнінде кесіп пікір айтқан белгілі совет археологы, шығыстанушы А.Н. Бернштам күмбезді-дарбазалы сәулеткерлікті соңынан бүкіл Орта Азия сәулет өнерінің өзегі болған үш нәрсені – құрылыстың күмбезді қаңқасын, портал мен ойма қыштардан құрастырылатын декорды ерекше бөліп қарап, мұндағы күмбез идеясы мен оны тұтас жүзеге асыру көшпелі–малшы қауым мекендеген солтүстіктен /Дешті қыпшақтан/ алмасқан деп есептелген.

Сөйтіп жылдар, ғасырлар өте берген. Құрылыс материалдары, жапсармасы өзгеріп, салынатын жайлардың тұрқы мен құрылымы күрделене берген. XIV-XV ғасырлардан бастап сарайлардың, мешіт-медресе, моншалардың, кесене-бейіттердің сыртын бұрынғыдай материалдардың өңін көрсете қыштан мәнерлеп қалау, кеңістікке біркелкі әсем төсем алуға

мүмкіндік беретін ойма қыштармен безендірумен қатар полихромды плиталар да пайданыла бастаған» [63 , 77 б.].

Шығыс пен Батыстың сұхбаты монғолдық мемлекеттерде де өз жалғасын таба білді. Мысалы, Гильом Рубрук монғолдардың астанасы Қаракорымға келгенде, қаланың бір бөлігін алып жатқан мұсылман көпестерін және қолөнершілерін кездестірді, онда екі мешіт орналасқан екен, ал христиандық шіркеу қаланың басқа жағында орын алған. Қалада еркін түрде мұсылмандар мен несториандар, буддашылар мен дәстүрлі көшпелі сенім өкілдері пікір таластырып жатты.

Этникалық және діни көптүрлілік өнерде стильдердің алмасуына әкелді, көптеген өнер туындылары эклектикалық сипатта жасалды. Г. Рубрук оны былай суреттейді: «Хан сарайына кіре берісте ұста Вильгельм күмістен үлкен ағаш үлгісін жасаған, ағаштың тамырлары арыстан бейнесінде орындалған, одан сүт ағып жатқандай болып көрінеді, күміс ағашты жылан орап алған, ал ағаштың ең жоғары жағына періште мүсіні қойылған...» [103 , 158-159 бб.]. Шынында да бір өнер туындысында әлемнің бүкіл стильдері араласып кеткен.

Ұлы Жібек жолы тек бейнелеу, сәулет, мүсін өнершілерінің тоғысуына ғана емес, сонымен қатар жылжымалы халық театрының алғашқы түпнұсқаларының қалыптасуына игі ықпалын тигізді. Айталық, Ұлы Жібек жолының аяқталатын жері Византияда Шығыс пен Батыс үйлесімді кездесті. Константинопольдегі мейрамдарда неше түрлі орталық азиялық масқарампаздар мен бишілер, акробаттар, мен даршылар өз өнерлерімен халықты баурап алған. 1161 жылы императордың бұйрығымен алаңға жер шарының танымал барлық халықтарының өкілдері ұлттық киімдерімен шығып, өнер көрсеткен [27 , 151 б.].

Тауарлар тиелген керуендермен бірге кезбе жыршылар мен өнершілер бүкіл Еуразияны тоқтаусыз аралап жүрген. Олар өз өнерлерін сасанидтік Ирандағы шахиншахтардың алдында да (Так-и-Бостандағы жартастағы кескіндер), соғдылық дихандардың тойларында да (Педжикенттегі суреттер), омейяд халифтерінің қабылдауында да (Сириядағы фрескалар), Тұран әмірлерінің мейрамдарында да (Синьцзяндағы бейнелер) көрсеткен [27 , 155 б.].

Ұлы Жібек жолы фольклордағы стильдер мен мазмұндардың алмасуына да үлкен әсер етті. Бұл эпостық құбылыстар өнердің басқа түрлерінде де көрініс тапты. Еуразияның көп бөлігін жаулап алған түркілік эпостардың мотивтерімен жасалған мәдени артефактылар әр жерде табылып жатыр.

1866 жылы Обь өзенінің бойында екі салт аттының күресі бейнеленген, шашының тұлымдарына қарап олардың түрік тайпаларынан екендігін және бірінің еркек, екіншісінің әйел екендігін көруге болатын күміс ожау табылды.

Бұл суретті талдау оның «Қорқыт ата кітабына» енетін Бамсы-Бейрек туралы жырдан алынғанын дәлелдейді. Бұл жерде Бану Шешекке үйлену үшін Бамсы-Бейректің амазонка, балуан қызбен жекпе-жегі туралы айтылған. Осы аңыздан бір үзінді келтірейік: «Қыз бен жігіт ер жетеді. Бір

күні айдалада аң аулап жүрген Бамсы-Бейрек бұлақ басында тігулі тұрған қызыл шатырды көреді. Сөйтсе, ол Бану Шешектің шатыры екен. Кең жазира далада «Қыз бөрі» ойыны басталады. Ойын шарты бойынша, қыз қашып, жігіт оны қуалайды. Ақыры Бамсы-Бейрек қызды қуып жетіп, екеуі танысады. Қыз бен жігіт бір-біріне жүзік беріседі. Бамсы-Бейрек қызды айттыруға адам жіберейін десе, қыздың ағасы Қарашар барған адамдардың басын кесіп өлтіре береді екен. Құдалыққа Қорқыт атаны жібереді. Қылышпен Қорқытты шаппақ болғанда, Қарашардың қолы қарысып қалады. Сосын Қарашар қалың мал сұрайды:

«Келеге түспеген мың үлек,  
Биеге түспеген мың айғыр.  
Саулық көрмеген мың қошқар,  
Құйрығы мен мойыны жоқ мың ит,  
Мың бүрге сұрайды».

Қорқыт өз кереметімен бәрін тауып береді. Үйлену тойы болады. Бірақ дәл сол күні жау шауып, Бамсы-Бейректі тұтқындап әкетеді. Ол көп жыл зынданда жатады. Ақыры қобыз тартып, ғажайып өнерімен жау қолынан құтылып шығады. Көп қиыншылықтар көріп барып, Бану Шешекке үйленеді» [104, 74 б.].

Эпикалық мәдени ауысуларды терең зерттеген Г. Потанин Шығыс эпосы Батыс эпосына үлкен әсер етті деген қағиданы дәлелдейді. Түркі қияли-ғажайып ертегілерінің мифологиялық құрылысы жағынан басқа халықтар ертегілерімен тектестігі жалпы адамзаттық бірыңғай даму арнасының ортақ, өзара сабақтас біраз шындығын айқындайтын тәрізді. Бұлар – негізінен сұрапыл күштер жайлы әңгімелер. Аңшылар мен малшылар аспанын әрқилы аңдар, жан-жануар, хайуанаттар жайлап, әртүрлі заттар мен өсімдіктерге, жануарлар күдіретіне тәңірідей сыйыну елеулі орын алған. Адам әлі нақтылы дүниеден қылаңсыз мұрағияттық (идеалдық) ұғымын заттан оның идеясын ажырата қойған жоқ-ты. Саналық сұлулық түсінігі көрнекілік тұрғыдан танылады да, ақиқат нәрсенің (материяның) өзі негізгі қасиетін толықтыру, байыту арқылы бір түрден екінші түрге ауысып, әнүзі құбылып, өзгеріп отырады.

Осының дәлеліне, кезінде Леви-Стросс айтып кеткен, әлемдік мәдени кейіпкерлердің бірізділігі және ұқсастығы туралы айғақтар жатады. Атақты Циклоп тек Грек аңыздарында емес, ол Орталық Азияда да кездеседі. Себебі адам дүлей табиғатпен барлық жерде күресте болған. Бұл жөнінде белгілі сыншы, мәдениеттанушы З. Серікқалиев мынадай оларын алға тартады: «Қадым заманғы (антик) көркемөнер шындығының өзі-ақ тағы табиғат қырсығынан, аң-аюандар сұсынан адам астамшылығын әнүзі дәріптеумен келген. Көркемөнер нұрландырған сұлу да жарасымды, өлшемдестік теңдігі сақталған (симметриялы) біртұтас жаратылыс әлемімен ежелгі гректердің бауырластық сенімін жеткізетін әйгілі Орфей аңызын еске түсірейікші. Тамылжыған ән әуезін өзен, орман, жасыл алқапқа дейін ұйып, елтіп тындайтын. Аполлон мен Клионның ұрпағы, шабытты әнші жан жырымен, әуен-сазымен алып жартастарды жылжытып, жыртқыш аюандарды да

жуасыта алған. Табиғат әлемінде жалпы адам баласының барған сайын арта түскен ұйымдастырушылық қабілетін, қадір-қасиетін дәріптеу тақырыбы бағзы Эллада дәуірі көркем өнерінің басты бір бағыты десе де болғандай. Кейінгі эллинизм мәдениеті біздің дәуірімізге дейінгі екінші ғасырдың өзінде-ақ әйгілі алып Перғам қордасы (акрополи) қазынасын мұра қылып қалдырыпты. Бұл өлмес өнер ескерткіші адам мерейін асырған жеңіс ұлылығын ғана емес, жалпы табиғат дүлейімен күрес құлшынысын, күрес рахатын жырлаған. Құдіретті құдайлардың алыптармен, дәулермен арпалысы мұнымен біткен жоқ, ол әлі біраз уақыттарға дейін жалғаса береді. Жеті қат тозақ түнегінен бас көтеріп, тұтқиыл түтеген әр қилы сұрапыл күштер бүлігінен, аюандар мен жан түршіктіретін құбыжықтар қарсылығынан көркемөнер бірден, біржола арыла алмады. Табиғатты толық жеңіп шыққанға дейін әлі қилы-қилы талай кезеңдер жатыр еді» [24, 78 б.].

Егер Циклоптың түркілік баламасына қайтып келсек, оны «Қорқыт ата кітабы» былай суреттейді: «Бір жолы Арзу-қожа аң аулап жүріп, бұлақ басында су шашып ойнап жүрген пері қыздарын көреді. Біреуін ұстап алып, онымен көңіл қосады. Пері қызы Арзу-қожаға: - «Келесі жылы осы арадан «аманатынды» алып кет», - дейді де көзден ғайып болады. Бір жылдан кейін Арзу-қожа сол жерден жалғыз көзді бала тауып алады. Ол өсе келе қолына түскен адамды да, малды да шетінен жалмай беретін жалмауыз болып шығады.

Ел-жұрт Төбекөзден қатты қорқып, оның күнделікті азығына екі адам, бес жүз қойдан беріп тұрады. Бұл елдің адамы азайып, жұрт қатары сиреп қалады. Ақыры Бисат батыр Төбекөзбен шайқасуға шығады. Бірақ жеңіліп қалып, жалғыз көзді дәу оны қойлармен бірге үңгірге қамап қояды. Төбекөз ұйықтап жатқанда Бисат оның жалғыз көзіне отқа қыздырған темір сұғып соқыр етеді. Бірақ Төбекөз әлі жеңілмейді. Ол Бисатты ұстап алып өлтіру үшін қойларды біртіндеп ұстап, үңгірден шығара бастайды. Бисат бір қойды сойып, соның терісін киіп шығып кетеді. Кейінірек ол ақыры Төбекөзді өлтіреді» [24, 82 б.].

Ұлы Жібек жолына қатысты түркі тайпаларының арғы тектері адамзат мәдениетінің көне беттерін «аң стилі» өнері үлгісімен байытқан, бұл салада өз қолтаңбасын қалдырған жұрт санатында олар тарихқа танылды. Бұл өнер үлгілері үйсін, қыпшақ, ұйғыр, қырғыз, кердері, оғыздардың онан әрі жетілдіруімен Жетісу, Алтай-Көгімен (Саян), Шығыс Түркістан, Гоби даласын, Байқал, Арал маңын қоныстанған ұлыстардың тұрмысына сіңісті. Қаңлы, тохар тайпаларының өнерінің Хорезмнің, Зарафшан мен Памир-Алай жоталары жұрттарының қолданбалы өнерін, ою-өрнегін жаңғырта түсті. Тайпаның шығу тегінің бастау алуы тотемдік элементтердің аңдар тотемдерінің де, әсіресе, қасқырдың бейнеленуі көшпелі сақтарға тән дәстүрлі сипат алды. Бұл бейнелер қанжарлар мен қылыштар, ат әбзелдері, қалқандар мен туларда өрнектелді. Қасқырлардан басқа жоғары шеберлікпен салынған жолбарыстың, қабанның, арқар мен таутекенің, қыран мен бұланнның бейнелері болды, жыртқыш аңдардан басқа қоян мен бөкен, маралдың да бейнелері кездеседі. Дегенмен, кейбір тайпалар өз тотемдерін

осы аңдарға теліді. Бұл олардың тайпалық таңбаларының әрқилылығын танытады. Аңдардың кейпін бейнелеу үшін алуан түрлі нәрселер қолданылды. Дегенмен, алтын мен қоладан жасалған бұйымдар жиі кездеседі. Бұл олардың қола дәуірлік тегін айқындайды. Сондай-ақ темірден, мүйіз бен сүйіктен, киіз бен ағаштан, теріден жасалған бұйымдар кездеседі. Мұның бәрі Қазақстанның әр қойнауынан табылуы Шығыс Қазақстандағы Шіліктіден Орталықтағы Тас Молаға дейін, Жетісудағы Қызылтоғаннан Солтүстіктегі Бурабайға дейінгі аймақта тұтас мәдени кеңістік болғандығын айғақтайды.

Аң стиліне қайтып келсек, оның отырықшылардың ата-бабаларының пірі ретінде сыйынуынан шыққанын көреміз. М.И. Артамоновтың жазғанындай: «Тағискен қорғандарынан табылған қазбалардың ішінде әртүрлі бедерлі суреттермен өрнектелген алтын қылышты ерекше атап айтуымыз керек. Қылыштың балдағын аптаған алтында арқардың екі жағына (теңдей) симметриялы түрде бұрандаланып созылған сақина бедерлі мүйіздері орналасқан... мұнда жатқан екі жыртқыш аң бейнеленген, олардың сәл ашылған ауыздарынан арсиған тістері көрінеді, төменгі жағы мен тұмсығы ширыға тартылған... Бейнелер сармат өнеріндегі қасқырдың суретіне өте ұқсас... Қорғаннан шеттері сынған, бүктетеліген, тырнақтары тарбиған табандары бар, аса жүйеленген рельефті қабылан бейнесі бедерленген алтын тақтайша табылған. Оның осы белгісі Күрдістанның Саққыз қазынасынан табылған қылыштың балдағында осындай аңды еске түсіргендей және Орынбор облысының Самара өзеніндегі П. Янковский селосында табылған сарматтық әшекейге өте ұқсас» [105, 124-125 бб.].

Белгілі ираншы Б.И. Абаев: «Марал сақтардың пірі болуы мүмкін, өйткені бұл екі сөз көне иран тілінде бірдей мағына береді деген болжам айтып және оның ойынша скифтердің өздерін өздері атауы болып табылады» [6, 29 б.]. Бұл көзқарасты талдай келіп, С.С.Черников былай деп жазады: «Менің ойымша, мұның мәні күрделірек, бейнеленген тотемдік образдардың қалдығы сол кездің өзінде әрқилы табиғат күштерімен үндесіп тұлғаландырылған. Малдың, ешкінің, қыран мен қобылан бейнелерінің таралуына байланысты өздеріне тән елеулі ерекшеліктері бар. Бұл олардың семантикасының (түптөркіні) ерекшеліктерін көрсетеді... марал бейнесінің осындай кең аумаққа таралуын өзі көшпенділердің мәдени және идеологиялық түсініктерінің аса бірлікте болғанын дәлелдей түседі. Мұның өзі олардың алыс жерлерге жиі көшіп қонуы жағдайында заңды да еді» [106, 56-57 бб.].

Ертедегі суретшілердің туындыларынан жабайы аңдардың бейнелерін - құлан, сайғақ, елік, арқар, марал, ертедегі бұқа-тур, барыс, қасқыр, жабайы жылқы бейнелерін кездестіреміз. Жануарлар жанды қимыл үстінде көрсетілген. Ертедегі шеберлер қос өркешті түйенің тәкәппар келбетін, тұлпарлардың сымдай сымбатын, бұғы мен сайғақтың әсемдігін, барыстың серіппеше атылуға әзір тұлғасын көрсете алған. Әсіресе аңшылық көріністері, жан-жануарлардың арпалысы, батырлардың жыртқыштармен жекпе-жектері бейнеленген гравюралар өте қызықты. Жартастағы

суреттерден ертедегі малшылардың, темір қорытушылардың, көшпелі керуеншілердің өмірінен деректер беретін сызбаларды да көруге болады. Түйелі керуендер мен салтаттылар топтары белгіленген петроглифтердің сюжеттері қазақтардың Желмая жайлы көне аңызымен үндеседі. (Ұлытау, Бұланта, Білеуті, Абыралы және басқалары).

Көшпенділерге тән ширақтық пен үздіксіз қоғалыс атпен тығыз байланысты. Көшпендінің санасында ат күн сипатты асыл зат болумен қатар, дүниелікте серік, батырлық эпосының бізге жеткізгендей атты өз иесімен бірге көметін болған. Атты құрметтеуді, атқа табынуды, оның көшпенділер өмірінің табиғатына жан-жақты кірігіп кеткендігін, бізге эпикалық жырлармен қатар, жартасқа салынған суреттер де жеткізіледі. Ертедегі суретшілер аттардың керемет сымбаты мен мінезін бере алған. Сарыарқаның кеңістігіндегі петроглифтердегі ат суреттері ширақ қимылға толы. Бөрілі байрақ ұстанған жауынгер – найзағайлар белгіленген петроглифтер бізге көне түріктердің күші мен ерлік рухын жеткізеді.

Күш-қуат пен биліктің айнасындай көрінген, тайпанын дінін де, жері мен жайылымын да жебеуші рухындай болған бөрі тотемі түркі-монғолдардың күшті тотемі. Бөрі зауалды кезеңдердегі адамдардың қорғаушысы, қамқоршысы ретінде көрсеткен аңыз әңгімелер түркі тайпаларында сақтар, ғұндар, ежелгі үйсіндер замандарынан бері кең тараған. Қолындағы ұзын найзасының ұшына бөрінің басы бекітілген атты жауынгер бейнеленген петроглифтер көне түркі дәуірінің тарихи құжатты мәніне ие болады. Бұл дәстүрдің тууы ғұн дәуірінен бастау алады.

Тарихи ғылыми, мәдениет пен өнер тарихы үшін Батыс Түрік қағанаты шеберлерінің қолына жататын қабырғаға салынған бөрілі басты ту салынған өрнек суреттердің маңызы өте жоғары. Көне өрнектер VI - VIII ғ.ғ. қалалар орнын қазу кезінде табылған.

Жануарлар стиліндегі өнер туындылары мифологиялық сюжеттерге тұнып тұр. Мифтер - ежелгі наным – сенімдердің бірі. Олар адамзаттың рухани мәдениетіндегі күрделі құбылыстардың қатарына жатады.

М. Орынбековтың пайымдауынша, тотемдік өнердің одан әрі дамуын Минусин құзынан табылған тағы аңдар стилінің керемет үлгілерінен (ескерткіштерінен) көреміз, бірақ нағыз «скифтік аң стилінің батысқа қарағанда ол жерде кейінірек пайда болуы істі қиындата түседі және оның Шығыс Қазақстаннан келуі әбден мүмкін». Аң стилінің имманеттік тарихын шола келе, Еуразияның кең байтақ далаларында оған байырғылық шығу тегі тән болғанын атап айту керек. Және Алғы Азия сақтардың енуіне қарамастан, Урния өзенінен солтүстікке қарай Сакасен облысы пайда болуына, Иран Күрдістанындағы Саққыз қаласының, Саққыз қазынасы немесе Зивия қазынасының болғанына қарамастан олар аңдық стилін ала келді деуге болады.

Бейнелеу өнерінің туындылары бізге сол баяғы түпнұсқа күйінде жеткен, сол себепті де ежелгі далада шын мәнінде не болып, не қойғаны жөнінде бұрынғыдан гөрі әлде қайда толық мәлімет береді. П.К. Козлов, С.В. Киселев пен С.И. Руденко жүргізген қазбалар нәтижесінде көркем өнердің

«Хайуанаттық стиль» деп аталатын ғажайып ескерткіштері табылды, олар ғұндардың мәдениет жағынан Сібір мен Орта Азия халықтарына жақын болғанын анықтауға жол ашты. Қорған мазарлардан қытай бұйымдары: жібек маталар, қола ұштықтар мен лакті зерендер жиі-жиі кездеседі. Бұл ғұндардың қолына олжа немесе тарту–таралғы ретінде түскен, сол сияқты ғұндарға қашып келіп, сіңіп кеткен қытайлар (цзылулар) жасаған күнделіеті тұрмыста қолданылатын бұйымдар еді. Бірақ мәдениеттің даму бағытын тіпті де мұндай бұйымдар белгілеп отырмаған.

Бұл стильдің полихромдалуы оюлардың пайда болуына алып келеді. Оның ескерткіші Алтайдағы Пазырық қазбалары болып табылады. Алтайдағы әшекейлеу өнерінің негізі ретіндегі алтын мен қоладан органикалық заттарға көшу археологиялық ескерткіштердің сақталуына кері әсерін тигізді. Өйткені киіз, ағаш, тері, жүн ұзақ уақыт сақталмайды, тез тозады. Нәтижесінде ою үлгілерінің қалдықтары мен жекелеген бөліктері ғана сақталып қалды [6, 29 б.].

Жоғарыда аталып өткендей, Ұлы Жібек жолы бойында көркем мәдени өнімдердің алмасуында көшпелілік рәміздер өз қолтаңбасын жоғалтқан жоқ. Бұл мысалы түйе мен жылқыны бейнелеуге қатысты. Түйе бейнелі таңбалардың көбінесе Ұлы Жібек жолы дамып тұрған YI-YIII ғасырларда көп болғанын есепке алсақ, түйе бейнесі Қазақстан мен Орта Азия тұрғындарының дүниетанымында ерекше рөл атқарғанын есте ұстаған жөн. Осы жөнінде К. Байпақов пен А. Нұржанов мынадай ойларын алға тартады: «Түйе бейнесі мифологиялық, әулеттік және әсемдік тұрғысынан белгілі-бір дәрежеде тарихи, мағыналық және көркемдік даму жолынан өткен. Бұл арада біз үшін негізінен Жетісудың көршілес мәдени-тарихи аудандарымен этносаяси байланыстарын түсінуге, ең алдымен Жетісу мен Соғды арасындағы дәстүрлі қарым-қатынасты айқындай түсуге жол ашатын әулеттік сипаттың мәні зор. Осынау жануардың Жетісудағы ең көне бейнесі қола дәуірінен қалған тастағы таңбаларда кездескен. Конус пішінді тұғыры бар, ортасынад бастарын түйістіріп тұған түйелер бейнеленген дөңгелек табақша түріндегі сақтардың жұпар тостағаны Жетісудан бастау алады» [20, 154 б.] .

Ұлы Жібек жолы мәдениетіндегі көркем идеялармен ауысу туралы сөз қозғағанда, олардың дәлеліне Орталық Еуропадағы руна жазуының үлгілері, гректегі шамандыққа сүйенетін өнер формалары, Ақ Бешімдегі будда ғибадатханасын аршу негізінде табылған, бетінде бастарына тәж, үстеріне салтанат киімін киген еркек пен әйел бейнеленген өрнекті алтындатқан 7 қаптырма, Алматы маңындағы Қарғалыдан табылған біздің заманымыздың I-II ғасырларына жататын қабірден шөгіп жатқан түйелер бейнеленіп, асыл таспен зерлендірілген екі алтын сақина жатады.

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысулардың тамаша бір үлгісіне Алматының маңайындағы қазба жұмыстарында табылған құрбандық сәкісі жатады. Бұл мәдени артефактіде бүкіләлемдік көркем және діни сана тоғысып тұрғандай. Оған әсерлі және ғылыми негізделген түсіндірмені К. Байпақов пен А. Нұржанов береді: «Дәл осы жерден қоладан істелген

құрбандық сәкісі де табылған. Ол ою-өрнектері конус түріндегі тұғыры бар дөңгелек табадан тұрады. Табаның жиегінде бір-бірінің ізімен солға қарай «жөңкіген» 15 зебу бұқасының мүсіні бар. Ортасында «шырағдан түтік» пен қолына садақ ұстаған атты жауынгер бейнесі орналасқан. Атты жауынгер зебуге қарай бұрылып, садағын кезеніп тұр. Зебу мен атты жауынгер композициясында аңыздық мазмұн болуы мүмкін. Сондай-ақ, құрбандық сәкісі басқалар сияқты отқа табынумен байланысты екені анық. Садақты жауынгер бейнесі, бәлкім, Митра күн құдайының кереметін бейнелейтін шығар. Ол туралы Авеста мен Ригведа да «ірі қараның иесі» делінеді ғой. Осыған қарағанда, осынау құрбандық сәкісі табылған храмды от ордасы деп атауға болар, бәлкім. Храмның салынған мезгілі біздің дәуірімізге дейінгі III-II ғасырлар. Табақша бетіне өсімдік тәрізді өрнек ойылған, оған бір еркек, бір ұрғашы марал бейнесі жалғасқан, екі маралдың ортасында алтын құс тұр; оның қасындағы қанатты жолбарысқа бір әйел мініп алған, төбелерінде құс ұшып жүр; тағы да тұғырда тұрған қанатты ат, аспанда қалықтаған құс, таутеке мінген әйел, аю мен құс, үстіне әйел отырғызған арқар бейнелері салынған. Осынау тұтас композицияны үш түрлі бөлікке ат мүсіндері бөліп тұрғандай. Оның ортасында айдаһар, оның екі қапталында бір-біріне қарама-қарсы тұрған жануарлар бейнеленген. Жануарлардың көздеріне асыл тастар орнатылған, денелері көгілдір ақық таспен әшекейленген. Диадеманы тұңғыш зерттеген А. Н. Бернштамның болжамы бойынша ол шаман дініндегі әйелдің тәжі болған, жасалу мерзімі біздің дәуірімізге дейінгі I ғасыр мен біздің дәуіріміздің II ғасырының аралығы. Ол сонымен қатар диадемадағы суреттің түпкі мазмұнында Иран мен Қытайдың наным-сенімінің ықпалы да бар деп шамалайды [20, 181-182 бб.].

Ұлы Жібек жолы ойындағы мәдени ауысуларда, кезінде Ф. Ницше суреттеп берген, дионистік культке байланысты өнер маңызды рөл атқарған. Адамдық табиғаттың терең тамырлары онда салынған, қашан осындай ұмтылыстар ақырында сол қойнаулардан жарып шыққанда, аталған қарсы әрекет күмәнді және тіпті мүмкін емес болып шықты; енді күдіретті құдайдың ықпалы, күдіретті қарсыласының қолынан жоюшы қаруды жұлып алуға мүмкіндік берген, өз уақытында бейбітшілік келісіміне келумен шектелді. Бұл бітімге келу «аң стилі» тарихындағы маңызды сәтті көрсетеді: қайда көз салсаң да, бұл оқиғамен әкелінген қимылдың іздерін көресің. Бұл әсіресе жануарларды дионистік сипатта бейнелеумен байланысты. Айталық, қырғыздың батырлық эпосы «Манаста» түйе кейіпкердің ең сенімді көмекшілері мен қорғаушыларының бірі ретінде көрінеді. Дұшпандарына Манастың астында аузын арандай ашқан арыстан, сырт жағында айдаһар тұрғандай, ал төбесінен тырнақтары найзадай құс ұшып, жанында қара басты ақ бура шауып келе жатқандай көрінген. Манас өлгеннен кейін оның желмаясы 12 жыл бойы тізерлеп, иесінің басына тағзым етіп тұрған. Егер осыны басқа халықтардың мәдени феномендерімен салыстырсақ, тіршіліктегі күдіреттіліктің өскенінің көрінісіне назар салсақ, аталған «аң стилінде» адамның жолбарыс пен маймыл сатысына қайтып келуі ғажап емес.



Сол ізділікте түйе бейнесінің де тотемдік функциясын түсіндіруге мүмкіндік бар. К. Байпақов пен А. Нұржанов осы жөнінде мынадай деректер келтіреді: «Бұқаралық худаттардың Варахштағы сарайының әшекей бедерінен айналасы қанатты түйелермен айшықталған тақтағы әміршінің бейнесі табылған. Бедердің мазмұны Бухоның, Бугенің (Бұқара) иесі түйе пішіндес таққа отырғаны жайында баяндайтын орта ғасырлардың бас кезіндегі деректермен сәйкес келеді. Түйе бейнесі орта ғасырлық Пенджикенттің бедерлерінде де белгілі болған, тіпті бір тұсында періштелер көтеріп тұрған табақтың үстінде Ақбешім қапсырмаларындағыға ұқсас түйенің мүсіні көрінеді. Дәл осындай бейнелер Афрасиаб өрнектерінде де кездескен. Афрасиаб пен Пенджикенттен түйелердің қола мүсіндерінің бөлшектері табылған. Солға қарай жүріп бара жатқан түйе және оның үстінде «патша белгісі» салынған бедер Моншақтөбедегі қыш ыдыстан да кездескен, ол Қызылөзен қалыбындағы түйеге ұқсас. Түйе бейнесінде ең алдымен оның әулеттік, патшалық рөлі көрінеді. Соғды билеушілеріне эфталиттерден мұра болып қалғаны жайындағы дерекке де назар аударған жөн» [20, 155-156 бб.].

Осында түркілердің «аң стилінен» әлемнің тіршілік етудің мейрамдылығы мен рухани тазарудың күндерін мойындауымыз қажет. Оларда табиғат алғашқы рет өзінің көркем шаттануына жетеді, оларда бірінші рет өміршеңдік ұстыны көркем феномен бола бастайды. Мифтік тұғыр бойынша бұл бейнелердің әркелкі және ретсіз дүниесі тек айыпталуға лайық; дәл осылай, бәлкім, Ұлы Жібек жолы бойындағы мейрамдардағы салтанаттар оған сондай қатынаста болған шығар.

Мәдени ауысулармен келген дионистік культ Ұлы Жібек жолы бойымен Іле алқабындағы қалаларда тарады. Билеуші ордасының маңында қыш ыдыс-аяқ пен қару-жарақ, шонжар сарайына, оның от басы мен нөкерлеріне арналған әшекейлер мен маталар даярлайтын қолөнершілер қоныстанды. Көрші мекендер мұнда астық пен жеміс, көкөніс, салтанатты тойларға арналған шараптар әкеліп жататын. Мұнда көршілес аймақтардан, алыс елдерден көпестер келетін болды. Олардың соңын ала Христос пен Будда, Зороастр немесе Мұхаммед сияқты құдайлардың діні мен наным-сенімін уағыздаушы монахтар мен священниктер шұбырып келді. Бұларда тойға байланысты музыкалық өнер де кең көрініс тапты.

Жалпы алғанда Ұлы Жібек жолымен келген діни ауысуларда қатаң догмашылдық терең тамырын жаймады. Көне Алматыдағы табыну орнынан табылған мәдени артефактілер осыны қуаттайды. Сондағы сәкіде тек «аң стиліне» байланысты кескіндемелер ғана емес, сонымен бірге далалыққа жатпайтын жануарларды да көре аламыз. Мысалы, оның бұрыштарына қанатты барыстың бейнелері бекітілген, табаның жиектеріне жеті жолбарыстың мүсіні салынған, ал ортасында екі түйенің бейнесі бар. К. Байпақов осы бейнелерге мынадай түсіндірме береді: «Алайда, жаңадан жүргізілген зерттеу жұмыстары суреттің мәнін түсініп, олардың шығу төркінін айқындауға, тұтас мағынасын ашуға мүмкіндік берді. Қарғалы зираттарының дәуірі анықталды. Олар біздің заманымызға дейінгі II ғасыр

мен біздің заманымыздың I ғасырынан келе жатқан болып шықты. Оны Бактриядағы Тіл-тепе патшаның қабірінен алынған, Хохлачь қорғанындағы сармат қабірінен алынған, Жетісудағы Есік, Таулы Алтайдағы Уландырық атты сақ қорғандарынан табылған тәждермен салыстырудың сәті түсті. Диадемада бейнеленген суреттің өзі Еуропа мен Азияға кең тараған құдай-ана мен жемістілік құдайы Диониске табыну салтымен байланысты. Гректің наным-сенімдері шығыс халықтарының көктемгі күнмен теңеулерінде атап өтілетін наурыз сияқты аса маңызды мерекесімен жақсы үйлеседі. Қарғалы диадемасында дионистік той-думан бейнеленген. Дионис мұнда қабылан үстінде салынған, аракідік жолбарысқа да отырғызып бейнелейді. Дионистік наным-сенім бойынша ең басты жануарлар бұғы мен ешкі, аю болып табылады. Диадемада бейнеленген су құстары – аққу, қаздар жемістілік, құнарлылықтың белгісі ретінде көрінген. Тұтастай алғанда Қарғалы диадемасында сонымен қатар дүниенің үш саласы бейнеленген. Олар: диадема бейнеленген өмір бәйтеректің тамыры жалғасатын жерасты тіршілігі; адамдар мен жануарлар өмір сүретін жер бетіндегі тіршілік және құдайлар мен құстар мекені – аспан тіршілігі. Тұғырдағы, дәлірек айтқанда, тау шыңында тұрған ат бейнесі күннің символы ретінде, ерекше бір құдіретті игілікті бейнелейді. Мұндай күрделіленген образдардың Жетісу маңындағы, нақтылап айтсақ, Алматы маңындағы көшпелілердің идеологиясының енуіне Ұлы Жібек жолы бойындағы байланыстар мүмкіндік туғызды [20, 182 б.].

Ұлы Жібек жолы бойында көркем өнердің қол өнердің, сәулет өнерінің, қабырғалық көркем суреттердің үлгілері мен эталондарын Шығыс пен Батыс елдеріне таратумен қатар музыка мен би өнерлері де, көрнекті көріністі ойын-сауықтар, яғни өзінше орта ғасырлық «эстрадалар» да тұс-тұсқа таратылып отырды. Көрнекті көріністер, музыканттар мен бишілердің, тағы хайуандарды үйретушілердің, акробаттар мен ым-қимыл шеберлерінің, «сиқыршылардың» (фокусшылар) өнерлері ерекше жылдам жайыла түсті. Кедергісі кездескен жоқ ойындағысын дене қимылымен түсіндіруді жұрттың бәрі бірдей түсінеді. Сонымен халық әніндегі поэтикалық шығармашылықта біз, музыкаға еліктеуге ұмтылатын, тілдің жоғары кернеуін көреміз; сондықтан шығыстық мұнды әуенмен бірге, өзінің терең негіздерінде оларға қайшылықты келетін, көшпелілік поэзияның шатыққа толы жаңа әлемі алға шығады. Сонымен бірге біз поэзия мен музыканың, сөз бен дыбыстың арасында жалғыз мүмкін болатын қатынасты суреттеп бердік: сөз, бейне, ұғым музыкаға ұқсас қайсыбір білдірілуді іздейді және өзі енді оның қуаттылығының әсеріне ұшырайды. Біз енді Ұлы Жібек жолы бойындағы халықтардың өнер тарихында бұл мағынада, тіл құбылыстар және бейнелер әлеміне ме, әлде музыка әлеміне ме еліктегеніне қарай, көптеген бағыттарды ажырата аламыз. Мұндай ойындар гректің базиливсіне де, киевтік князға да, түріктің қағаны мен қытайдың императорына да бірдей көрсетіле береді.

Зерттеушілер атап көрсеткендей, Ұлы Жібек жолы бойындағы елдерде Шығыс Түркістан мен Орталық Азия қалаларының музыкалары неғұрлым көбірек тыңдалғаны белгілі. Қушаның, Қашғардың, Бұқара мен Самарқандтың, Үнді мен Корейдің музыкалық дәстүрлері ресми қамқорлық

арқасында қытайдың музыкалық дәстүрімен етене астасып кетіп жатты. Иран, соғды және түрік актерлері Қытайдың хореография (би және балет) өнеріне деп көптеген игілікті әсерлерін тигізді. Барлық артистердің ішінде биші жігіттер мен қыздар өнері ерекше кең таралып, дәріптелді [20, 28 б.].

Ұлы Жібек жолы мәдениетін терең зерттеген батыстық ғалым Э. Шефер өзінің Орталық Азия өнеріне тәнті болғанын атап өтеді: «Батыстың қарғып билеу биін» әдетте иран үлгісімен тігілген кең көйлек, моншақ тағылған биік шошоқ бөрік киген Ташкент балалары билейтін. Олар беліне билеген кезде ұштары желбіреп жүретін ұзын, түрмебелдеумен орап алатын. «Чача биін» түрлі түсті кесте салынып, сыртынан күміс белбеу тағылған көгілдір жұқа желбегей (халат) киген екі балғын қыз биледі. Олар үстеріне тар жеңді көйлектер, бастарына алтын қоңырау (сылдырмақ) тағылған үшкір бөрік, аяқтарына қызыл, жылтыр мата кебіс киіп биледі. Сондай-ақ биші қыздар «Құйындай үйірілген Батыс арулары» биін де биледі. Оны негізінен алқызыл көйлек, жасыл шалбар, қызыл күдері етік киген соғды қыздары секіре қарғып, шар үстінде тұрып, шырқөбелек айналып билеген» [64, 82 б.].

Осындай көріністерге өз назарын қазақ ғалымдары да аударады: «Мәселен, Шығыс артистері Константинопольда жиі-жиі «өнер көрсетіп» жүргендері белгілі. Айталық, византиялық император әйелдің бай қонақасында болған орыс княгинясы Ольганың көңілін күлдіргі масқарапаздар мен даршылар (эквилибристер) аулаған, ал селжұқ сұлтаны Арслан II құрметіне Мануил I ұйымдастырған мерекеде түрік акробаты ауада аса қауіпті айналым жасап секіріп, өнер көрсеткен. Сондай-ақ бетке перде киіп те өнер көрсетілген. Бұл дәстүрлер мұсылман елдерінде күні кешеге дейін ұзақ уақыт сақталған. Бағдатта Наурызды тойлау кезінде, тіпті халифтың көз алдында, бетке перде кигендер өнер көрсеткені белгілі болып отыр.

Жібек жолындағы түрлі ескерткіштерді қазған кезде музыка және театр саласындағы даму барысымен өзара бірін-бірі байытып отырғанын дәлелдейтін көптеген айғақ заттар табылды. Бұған Тан дәуіріндегі саздан күйдіріп жасалған түйе бейнесінің қос өркеші арасына сыйғызып салынған биші жігіттер мен қыздардың, беткеп киген актерлердің, музыка ансамбльдерінің бейнелер санаты жатады. Осы әртістердің көпшілігінің бет-бейнелері Орта Азия халықтарының өкілдері екенін көрсетеді. Пенджикенттің, Варахшаның, Афрасиабтың, Топыраққала мен Шығыс Түркістан қалаларының қабырғаларында салынған музыканттар мен беткеп киген актерлердің бейнелері сақталған. Сондай-ақ Пенджикенттен биші қыздың ағаштан ойылған тамаша мүсіні табылды. Сырдария бойындағы Кедер қаласын қазған кезде X - XI ғасырға жататын қыштан жасалған артистің беткебі табылып отыр» [20, 29 б.] .

Көшпелілер тек материалдық мәдениетте ғана емес, сол сияқты рухани мәдениетте де, (олардың әдебиеті ауызша айтылатын болса да) өздерінің отырықшы көршілерінен артта қалып көрген емес. Әрине, ғұндардан ғылыми теория іздеу есуастық болар еді: тіпті гректердің өзі оларды ежелгі мысырлықтар мен вавилондықтардан алған ғой. Көшпелілер жыр-

аңыздардың екі жанрын: батырлар жыры мен жын-пері хикаяларын жасаған. Біздің түсінігімізше, мұның екеуі де әдебиеттен гөрі мифологияға жақын, бірақ олар ақиқат өмірді осындай жолмен қабылдап, өздерінің сезім-түсініктерін білдірген. Басқаша айтсақ, біздегі әдебиет атқаратын қызметті оларда мифология атқарған.

Көп ғасырлар бойында мәдени ауысулар нәтижесінде қалыптасқан декоративті кескіндеменің ескілікті элементтері Жезқазан төңірегінде сақталған. Бұл суреттер мазардың ішкі қабырғаларына құлпытастарға салынған. Онда аңшылық, көш, қазақ үйінің ішкі көріністері, жауынгер бейнелері беріледі. Сурет салу техникасын айтқанда, әлі кеуіп үлгірмеген қабырғаға алдымен суреттің нобайын ілген де, бояу сіңірілген. Қазақ тайпалары түркі дәуірі мәдениетінің әйдік саласы – тас қашау өнерін де ұмытпаған. Мұнда әсіресе, өлген адам басына құлпытас қою, оның жанына қойтас, қошқартас, сандықтас, бестас (бес мін), үштас (үш мін), саған там тұрғызу сияқты түрлерін одан әрі дамытқан. Қойдың, қошқардың, сандықтың, т.б. мүсіндерін қашау өнері Маңқыстау, Үстірт, Жем бойында көбірек тараған. Сонымен бірге, құлпытас беттеріне жазу жазылып, екінші жағынан қылыш, найза, айбалта, кісе, садақ (ер адам болса), ал әйел басына алқа, сырға, сәукеле, қайшы суреттері салынатын болған. Тастан диірмен де жасалды.

Ұлы Жібек жолы бойындағы тас сымбаттарды жасау өнері екі кезеңге бөлінеді. Алғашқы кезең - VI-VIII ғасырлар аралығы. Бұл дәуір тас тұлғалары қару-жарақ асынған әскери адамдар – қаған, бек, тұтық, тегін, сұбашылар. Бұларда тас қоршаулардан ашық далаға қарай тас бағандар тізбегі қойылады. Бұдан да ертеректегі тас мүсіндер сол қолымен қылышқа сүйеніліп, оң қолымен ыдыс ұстап тұрады. Әсіресе, салпыншақ әшекей бар белбеуі анық байқалады. Ғұндардан қалған ескерткіштерде ұзын баған тастардың басына адам бейнесі сызылып қойылады. Тас тұлғалардың енді бір парасы құс ұстап тұрған, екі қолында да ыдысы бар еркек, әйел мүсіндері болып келеді.

XI-XIII ғасырлардағы сымбаттар орындалуы жағынан көп жетілгенін аңғартады. Бұлардан кәрі, жас, еркек, әйелді айыруға болады. Тіпті олардың бет-ажарын тірі күндегіге жақындата бейнелеуге деген ұмтылыс байқалады. Бұлардың қатарында ілуде бір ұшырасатын үш мүйізді тежісі бар нағыз көркем тұлғалар қашаушы шеберлігіне тәнті етеді. Енді бір тұлғалар қару-жарақпен емес, дөңгелек ыдысты кеудесіне қос қолдап ұстап тұрады. Шеберлер тас мүсіндерді тізерлеген күйінде, отырған күйінде, т.б. көріністе жасай беретін болған. Тас қашау өнерін көне скиф-ғұн заманына, ерте орта ғасырларға жеткізгелі көшпелі тайпалардың бірі - қыпшақтар болды. Бұл туралы: «командар өлген адам үстіне төбешік үйеді де, оның басына шығысқа қаратып, кіндікке таман ұстатып, статуя қояды» [107, 104 б.] деген мәлімет бар. Түркілер тас қашаумен бірге, өлген адамның басына сәулетті де айбарлы күмбез тұрғызу дәстүрін де берік ұстанған халық. Мұндай келісті күмбез ескерткіштерге Айша бибі, Бабаша хатун, Қарахан – мазарлары,

Кеңгір, Сарысу өзендері алабындағы Жұбан-ана, Қайып-ата, Мәулімберді зираттары, Домбауыл, Алашахан, Аяққамыр кешендері жатады.

Міне осындай сәулетті де, салтанатты да күмбездер тұрғызып, ел ағасы, жұрт тұтқасы болған адамдарын құрметтеу түркі халықтарының әріден келе жатқан дәстүрі іспетті. Бұл жөнінде дала төсіндегі мұндай ескерткіштердің мәдени маңызын И.А. Кастанье: «Орта Азияның Оңтүстік жарымының (Үстірттен оңтүстікке қарай) ежелгі ескерткіштері сән-салтанатымен, айбарлы ауқымымен (Самарқанд мешіттері және басқалары) терістіктің қоңыр төбел қарапайым ескерткіштерін көлегейлеп кеткені хақ. Солай десек те, терістік ескерткіштерін көптігі мен көнелігі оңтүстік өңіріне қарағанда өзіне айрықша назар аудартпай қоймайды» [34, 103 б.], – деп бағалайды. Қазақстан даласындағы қоңғыр төбел күмбездер қарапайым дегенмен, шын мәнінде, ерте дүние адамдарының сәулет өнері талантын пәш етіп тұрған бірегей ғимараттар екені шүбәсіз. Әсіресе, олардың барынша дәуірленген тұсын Айша бибі мен Бабаша хатун мавзолейлері әйгілесе керек. Соның өзінде сәулет өнері шеберлері гүл, айшық, күн, жұлдыз, т.б. табиғатты бейнелеген мазмұндарды өнер өзегіне арқау еткен. Бұл «аң стилінің» терең бір мазмұнына ұйыған, жарасымды өсіп-өрбуі дерлік.

Айға баққан ақ сарай,  
Ақ сарайлап қоя гөр!  
Күнге баққан көк сарай,  
Көк сарайлап қоя гөр!» [34, 103 б.]

## ҚОРЫТЫНДЫ

**Зерттеудің мақсаты, міндеттері мен мазмұнын концептуалды түрде тұжырымдай келе, төмендегідей қорытындыларға келдік:**

1. Амбивалентті адам болмысының тәсілі ретіндегі мәдениет те екіұшты болып келеді. Бір жағынан, кез келген мәдени тұтастық өзін сақтауға, оқшаулануға, түпнегізділікке ұмтылады. Екінші жағынан, мәдени сұхбат, артефактілермен алмасу, бөлісу, басқаға деген қызығушылық әмбебап бағдар болып табылады. Тарихтың тереңдеуі және күрделенуі үрдістерінде екінші бағдар барған сайын басымдылыққа ие бола бастайды. Ол тек қазіргі жаһандану сияқты тотальдық, ерекшелікті өшіруші сипатта болмай, төлтумалық пен мәдени ауысуларды үйлесімді қоса білген метақұрылымдар формасында да жүзеге аса алады. Тарихта белгілі, осындай мәдени сұхбат жүзеге асқан өркениет құрылымына Ұлы Жібек жолы мәдениеті феномені жатады.

2. Ұлы Жібек жолы мәдениеті өзара ауысу жоғары тұрған социумдардың алуан түрлі оқшау этномәдени құрылымдардан озық болатындығын дәлелдеп берді. Қатаң мағынада айтқанда, өзара әрекет аяқталған формалық құрылымдарда, яғни партикулярлық бірлестіктерде регресс анық сипатта байқалады. Бұл жерде әрбір аяқталған формалық құрылым, күрделілік пен дамығандықтың қандай деңгейінде тұрмасын, өзгелерге өзінің осы жеке соңғы анықтамаларында ықпал етеді және оған ықпал еткен кез-келген әсер соларда сынақтан өтеді. Өзінің ұйымдасуы жағынан ең күрделі «оқшау» құрылымның өзі тіпті ең қарапайым феноменмен кездескенде онымен өзара әрекетке түседі. Алайда, мәдени феномен ешқашан өзге заттың әсерін өзінде лайықты бейнелей алмайтыны сонша, мұның барысында оның өзінің жеке, тек өзіне тиесілі ерекшелігі де еш байқалмайды.

3. Ұлы Жібек жолы мәдениетінің тарихи баламаларына «гректен варяғқа баратын» артерия, Жерорта теңізі бассейніндегі қарым-қатынастар, Қытай мен Үндістанды байланыстырған жол торабтары, Шығыс және Батыс Азияны қосып тұрған ауысулар және т.б. жатады. Бірақ тек Ұлы Жібек жолы өз әмбебаптылығы деңгейімен метамәдениет дәрежесіне көтеріле алды. Бұл феноменің прототиптеріне Таяу Шығыс және Орталық Азияны Қытаймен қосып тұрған, асыл тастар мен қымбат металдарды, қолөнер туындылары мен экзотикалық тауарларды, жалпы мәдени артефактілерді айырбастау бағытындағы коммуникациялар түрлері жатады. Ұлы Жібек жолы мәдениетінің толыққанды әрекет етуі VI-IX ғасырларға сәйкес келеді, бұл кезеңде Қытайдан Батысқа қарай халықаралық валюта сипатына енген жібек тасымалданса, кері қарай рухани ілімдер мен әлемдік діндер, өнер туындылары тарала бастады. Ұлы Жібек жолы бойында өркениеттік деңгейі жоғары қалалық мәдениет қалыптасты.

4. Ұлы Жібек жолы феномені көшпелі мәдениеттің көшпелі мәдениеттің сұхбат пен мәдени ауысулар жағдайында жоғары дәрежеде жасампаздыққа ие екендігін дәлелдейді. Қазақтың және оның ата-тектерінің әлемдік өркениеттілік дүниесіне қосқан басты құндылықтарына жататындары: а) еуразиялық көшпелілер кеңістікті игеруде адамзат тарихындағы бірінші жетістікке жетті (К. Ясперс атап өткен жылқыны пайдалану); ә) номадалар адамдандырылған қоршаған ортаны кеңейтті, шөл мен шөлейіттерді үйлесімді игере алды; б) еуразиялық көшпелілер тарих катализаторлары (А. Вебер) қызметін атқарды, олардағы миграциялық үдерістер жаңа өркениеттердің қалыптасуының себебі болды (Үнді, Иран, Ғұн мемлекеті, Араб халифаты, т.т.); в) Ұлы жібек жолы және басқа да мәдени коммуникациялық жүйелер арқылы ілкі түркілер мен түркілер Батыс пен Шығыстың арасында дәнекерлік қызмет атқарды, олардың сұхбатына себепкер бодды; г) қазақтың арғы тектері әлемдік өркениеттіліктің шалбар, алдаспан, киіз үй, күйме, металл өңдеу, зергерлік, ұсталық сияқты артефактыларын алғашқылардың бірі болып енгізді; ғ) түркілердің әмбебапты дүниетанымдық жүйесі — тәңіршілдік адамдық ынтымақтастық пен келісімділіктің маңызды формасы болды; д) "Адам бол!" ұстанымы, әлемді Жарық дүние деп түсіну, адамның көңіл-күйіне мән беру, ғарыш және басқа адамдармен үйлесімділікте болу, жасы келгендер мен баланы қастерлеу сияқты

қазақ дәстүрлі әдебінің құндылықтары қазіргі руханиятта ерекше орын алады [108].

5. Ұлы Жібек жолы феноменінің тағы бір сабағы мұсылман мәдениетінің жоғары деңгейін мойындаумен байланысты. Академик Ә. Нысанбаев атап өткендей, ислам мәдениеті, ол VIII ғасырдан бастап іс жүзінде XVIII ғасырға дейін, яғни көптеген ғасырлар бойы Бағдад пен Бұхараның, Самарқанд пен Ғераттың, Рейдің, Исфahanның, Шираз бен Тебриздің қалалық мәдениеттері енгізген үлессіз, сол жоғары гүлденуге жете алмас еді. Бүкіл бұл қалаларда қолөнер мен өнер, ғылым мен әдебиет, архитектура мен каллиграфия, олар ислам мәдениетіне сипатта бола отырып, ерекше гүлденді. Ұлы Жібек жолы Халифатты, Қытайды, Орталық Азияны, Орта Шығысты, Еуропаны байланыстырып тұрғандықтан, оның Еуропа мен Азияның арасындағы сауда және мәдени байланыстарда маңызды дәнекер болуына оң ықпалын тигізгеніндей, солай қазақ даласы да өзінің географиялық жайымен Шығыс пен Батыстың сауда және мәдени өзара әсеріне себебін тигізді, өйткені Ұлы Жібек жолы әлемге әл-Фарабиді сыйлаған территория бойынша өтті. Иран арқылы Жерорта теңізіне қарай Қытайдан жібек пен қағаз, Үндіден алтын мен хош иістілер, Орталық Азиядан жылқылар мен терілер аттандырылды. Қазақстан территориясы бойымен тауарлар тиелген керуендер жүріп жатты, көшпелі-малшылар да мәдени құндылықтарды айырбастаудың белсенді дәнекерлері болды. Сығнақ, Сауран, Тараз, Иассы, Баласағұн, Отырар сияқты, керуен жолдары өтуі шамасында далада өсіп шыққан, көне қалалар әлемге өзінің жоғары мәдениетімен және олардың даңқын паш ететін - әл-Фараби, Дулати, Қожа Ахмет Иассауи, Баласағұни сияқты көрнекті өкілдерімен белгілі болды [56]. Ұлы жібек жолында мәдени гүлдену мен өркениеттік қарыштау айқын көрініс тапты.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бахтин М.М. Ответ на вопрос редакции «Нового мира» // Бахтин М.М. Собр. соч.: В 7-и т. – М.: Искусство, 2002. - Т. 6. – С.653.
- 2 Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. – М.: Издательство АСТ, 2003. – С.603.
- 3 Мүтәліпов Ж. Мәдени диалог және өркениеттер тоғысы. – Алматы: Раритет, 2002. – 240 б.
- 4 Мүтәліпов Ж. Қазақ өркениетінің қайнар бастаулары // Адам әлемі. – 2002. - №3. - 56-60 бб.
- 5 Ғарифолла Есім. Ұлттық өркениет және мәдени бағдар // Қазақстан: сындарлы жылдар және ғаламдық мәселелер. ҚР президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Сындарлы он жыл еңбегі» бойынша өткізілген қорытынды

- ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 338 б.
- 6 Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. - 168 б.
  - 7 Запад и Восток. Традиции и современность. – М.: Наука, 1993. – С.403.
  - 8 Тойнби А.Дж. Постигание истории. – М.: Политиздат, 1991. – С.736.
  - 9 Идрис Шах. Суфизм. – Москва.: Мысль, 1994. – С.342.
  - 10 Құлсариева А.Т. Мәдениеттер мен діндер арасындағы сұхбат // Бейбіт мәдениеті жолында. – Алматы: ҚазМУ - ЮНЕСКО, 2000. – 199-207 бб.
  - 11 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1979. - С.423.
  - 12 Назарбаев Н. Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. – 272 б.
  - 13 Трансформация мира / Проект ООН к 3 тысячелетию. – Алматы: Миссия ЮНЕСКО, 1985. – С.8.
  - 14 Ғабитов Т. Х. Орнықты даму //Бейбіт мәдениеті жолында. Нұржанов Б.Ғ., ж. т.т. – Алматы: ҚазМУ, 2000. – 271- 277 бб.
  - 15 Ғабитов Т., Муталипов Ж., Кулсариева А. Культурология: Учебник.- Алматы: Раритет, 2001. – С.408.
  - 16 Этнографические исследования на Западе. – Томск: Университет, 1996. – С.296.
  - 17 Тоффлер Э. Третья волна. – М.: ООО АСТ, 1999. –С.784.
  - 18 Кенжетай Д. Дәстүрлі түркілік дүниетаным және оның мәні // Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. - Астана: Аударма, 2005. – 71- 96 бб.
  - 19 Eliade M., Joan P. Couliano. Dinler Tarihi Sözlüğü. - İst.: Çev: Ali Erbas. İnsan Yayınları, 1997. – S.366.
  - 20 Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992. - 208 б.
  - 21 Байпақов К. Қазақстанның ежелгі ортағасырлық қалалары. – Алматы: Аруна, 2005. - 316 б.
  - 22 Ма Юн. Шелковый путь с Востока на Запад // Курьер ЮНЕСКО. - М., 1984. - №4. - С. 12-17.
  - 23 Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники. – М.: Наука, 1964. – С.287.
  - 24 После Марко Поло. Путешествие западных чужеземцев в страны трех Индии / Перевод с латинского. - М.: Наука, 1968. – С.237.
  - 25 Байпаков К.М. Талгарское блюдо // Изв. АН Каз ССР. - Серия общ. наук.– 1968. - № 6. – С. 87-91.
  - 26 Саади Мушрифаддин. Гулистан. – М.: Изд. восточной лит, 1959. – С. 232.
  - 27 Даркевич В.П. Аргонавты средневековья. – М.: Наука, 1976. – С.200.



- 28 Серікқалиев З. Дүниетану даналығы. - Алматы: Білім, 1994. – 224 б.
- 29 Бируни Абу-р-Райхан. Собрание сведений для познания драгоценностей / Пер. А. Беленицкого. – Л.: АН СССР, 1963. – С.518.
- 30 Еврипид. Трагедии. – М.: Искусство, 1969. -Т.2. – С.719.
- 31 Машук Л.П. Историческая структура социальных организмов средневековых кочевников // Советская этнография. - 1967. - №4. - С.25- 27.
- 32 Уеллер Ч. Қазақ еліндегі діни жағдайдың ерекшеліктері. – Алматы: ОАМЗИ, 2004. - 70 б.
- 33 Байтұрсынов А. Шығармалары : өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 117 б.
- 34 Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1988. - 1 т. - 188 б.
- 35 Ибн Фадланның Еділге саяхаты // Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 344-381 бб.
- 36 Анахарсис хаттары // Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. - Астана: Аударма, 2005. - 425-430 бб.
- 37 Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути: тезисы докладов международного семинара ЮНЕСКО. - Алматы: Ғылым, 1991. – С.120.
- 38 Взаимодействие кочевых культур и оседлых цивилизаций: тезисы докладов советско-французского симпозиума по археологии Центральной Азии и соседних регионов. - Алматы: Наука, 1987. – С.212.
- 39 Геродот. История в девяти книгах. – Л.: Наука, 1972. - Т.4. – С.600.
- 40 Тайлор Э.Б. Первобытная культура. – М.: Политиздат, 1989. – С.572.
- 41 Ясперс К. Смысл и назначение истории. – М.: Республика, 1994. – С.527.
- 42 Толстов С.П. Генезис феодализма в кочевых обществах //Известия ГАИМК. - М., 1934. - Вып.103. - С.23-29.
- 43 Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы: Ғылым, 1998. – С.216.
- 44 Бичурин Н. Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – М.-Л.: Наука, 1950. - Т. 1. – С.329.
- 45 Қазақ ССР тарихы. Бес томдық / Ред. Н.А. Несіпбаев – Алматы: Ғылым, 1957. - I т. – 598 б.
- 46 Григорьев В.В. Восточный или китайский Туркестан. – СПб., 1873. – С.167.
- 47 Гумилев Л.Н. Хунну. Хунны в Китае. - М.: Айрис- Пресс, 2003. – С.624.
- 48 Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники. - М.-Л.: Наука, 1964. – С.215.

- 49 Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. - М.-Л.: АН СССР, 1948. – С.322.
- 50 Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу. – Алматы: Балауса, 1992. – 448 б.
- 51 Книга Марко Поло о разнообразии мира. – Алматы: Наука, 1990. – С.352.
- 52 Диль Ш. Основные проблемы византийской истории. – М.-Л.: Гос. изд. ин. лит. Тип «Красный пролетарий», 1947. – С.181.
- 53 Старостин Б.А. Византийская наука в контексте средневековой культуры // Античность и Византия. – М.: Наука, 1975. – С. 386-397.
- 54 Даркевич В.П. Византия и Восток // Советская археология. – 1991. – № 3. – С. 69-83.
- 55 Чалоян В.К. Восток-Запад: Преемственность в философии античного и средневекового общества. – М.: Наука, 1968. – С.223.
- 56 Нысанбаев Ә. Н. Әл-Фараби түркі, қазақ, иран мәдениеттерінің қосушы буыны ретінде // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Фарабитану. – Астана: Аударма, 2006. - 16 т. – 126-139 бб.
- 57 Бартольд В.В. Отчет по истории Семиречья. – Астана: Свободное общество, 2005. – С.275.
- 58 Байпаков К.М., Шарденова З.Ж., Перегудова С.Я. Раннесредневековая архитектура Семиречья. - Алматы: Наука, 2001. – С.238.
- 59 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі (Диуани луғат ит-турк). - Алматы: Ана тілі, 1993. - 173 б.
- 60 Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 400 б.
- 61 Потанин Г.Н. Тангуты-тибетские окраины Китая и Центральная Монголия. – М.: Госиздат, 1950. – С.652.
- 62 Лубо-Лесниченко Е.И., Шафранская Т.К. Великий Шелковый путь. – М.: Наука, 1982. – С.64.
- 63 Жәнібеков Ә. Уақыт керуені. – Алматы: Жазушы, 1992. – 192 б.
- 64 Шефер А. Золотые персики Самарканда. – М.: Наука, 1981. – С.808.
- 65 Мец Адам. Мусульманский Ренессанс. – М.: Наука, 1966. – С.458.
- 66 Дербісәліев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: Рауан, 1995. - 240 б.
- 67 Есімов Қ. Ұлттық ойлау мәдениеті және исламдық өркениет. - Алматы, 2001. – 64 б.
- 68 Грюнебаум Г.Э. Основные черты арабо-мусульманской культуры. – М.: Наука, 1981. – С.227.
- 69 Фролов Д.В. Предисловие // Основные черты арабо-мусульманской культуры. – М.: Наука, 1981. – С.3-10.
- 70 Грубер Р. И. Всеобщая история музыки. – М.: Музыка, 1965. – С.477.
- 71 Құлсариева А. Дін және мәдениет // Мәдениеттану. – Алматы: Раритет, 2003. - 57- 67 бб.

- 72 Съезд туралы пікірлер // Егемен Қазақстан. – 2003. – 27 қыркүйек
- 73 Малов С.Е. Язык желтых уйгуров. – М.: Наука, 1967. – С.219.
- 74 Хасенов Ә. Шоқанның бір қыры // Қазақстан мұғалімі. – 1986. – 5 желтоқсан.
- 75 Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Жиырма томдық. – Астана: Аударма, 2005. – Т. 1. – 496 б.
- 76 Ізтілеуов Т. Рүстем дастан. – Алматы: Жазушы, 2004. - 328 б.
- 77 Ақатай С. Зороастризм қайда пайда болды? // Білім және еңбек. - 1985. - № 9. - 13-18 бб.
- 78 Затов Қ. А. Зороастризмнің тарихи тамырлары мен діни ілімі // Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. - Астана: Аударма, 2005. – 266-321 бб.
- 79 Гумилев Л.Н.Қиял патшалығын іздеу. – Алматы: Балауса, 1992. – 448 б.
- 80 Банзаров Д. Черная вера // Банзаров Д. Собр. соч. – М.: АН СССР, 1955. – С.375.
- 81 Веселовский Н. Татарлардың діні туралы // Журнал министерства народного образования. – 1916. - № 7, ч. 2. – С.23-28.
- 82 Малов С. Е. Енисейская письменность тюрков // Памятники древнетюркской письменности . - М.-Л.: АН СССР, 1951. – С.239-252.
- 83 Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. – Алматы: Наука, 1972. – С.218.
- 84 Бартольд В.В. О христианстве в Туркестане в домонгольской эпохе. – СПб.: тип. импер.АН, 1893. – 369 кадр.
- 85 Бичурин [Иакинф] Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена.– М.-Л.: Мир, 1950. - Т. 2. – С.342.
- 86 Кочетова С.М. Боги Солнца на рисунках Хара-Хото // Труды отделения Востока государственного Эрмитажа. – Л., 1947. – Вып. IV. - С.502.
- 87 Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам. - Алматы: ҚазМӨ ҒЗИ, 2002. – 208 б.
- 88 Ықылас Ж. Үлкен және кіші жиһад // Ислам газеті. - 2004. - 2 наурыз.
- 89 Молдасанов Ж. Жақсы ырымға баладым // Егемен Қазақстан. - 2003. – 15 желтоқсан.
- 90 Бұлұтай М. Ата-баба діні. Түркілер неге мұсылман болды? – Алматы: Білім, 2000. - 504 б.
- 91 Ғарифолла Есім. Бостандықтың бағасы // ҚазМУ хабаршысы. Философия сериясы. - 2002. - №2 (18). - 3-7 бб.
- 92 Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алматы: АН КазССР, 1950. – С.122.
- 93 Машук Л.П. Историческая структура социальных организмов средневековых кочевников // Советская этнография. – 1967. - №4. - С.25-27.

- 94 Шалекенов У. Көне қала Ақтөбе // Қазақ әдебиеті. - 1985. - 15 қазан.
- 95 Волин С.Л. Сведения арабских источников о долине реки Талас // Зап. АН КазССР. – Алматы, 1960. – Т. 8. - С.81-89.
- 96 Городецкий В.Д. Талгарское городище. –Ташкент – Известия Средазкоминс., 1928. - Вып. 3. – С. 12-15.
- 97 Байпаков К.М. О локализации городов северо-восточного Семиречья. // Вестник АН КазССР. - 1968. - № 7. – С. 4-7.
- 98 Давидович Е.А. История денежного обращения в средневековой Средней Азии. – М.: Наука, 1983. – С.359.
- 99 Қазақ Совет Энциклопедиясы: 10 т. / Ред.бас. Р.Н. Нұрғалиев . - Алматы: Қазэнц., 1977. - 1 т. – 617 б.
- 100 Марғұлан Ә. Арқадағы тас мүсіндер // Білім және еңбек. – Алматы. - 1984. - № 9. - 12-16 бб.
- 101 Леонов Л. Литература и время. – М.: Молодая гвардия, 1984. - С.349.
- 102 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1973. – 623 б.
- 103 Карпини Джиованни дель Плано. История монголов. Рубрук Гильом де. Путешествие в восточные страны. - М.: ГеоГиз, 1957. – С.270.
- 104 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 264 б.
- 105 Артамонов М.И. Сокровища саков. – М.: Искусство, 1973. – С.279.
- 106 Черников С.С. Загадка золотого кургана. – М.: Наука, 1965. – С.188.
- 107 История Казахской ССР. В 5-и т. / Ред. М. Козыбаев. – Алматы: Наука, 1979. – Т. 2. – С.424.
- 108 Өркениет // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Ред. Б. Аяған – Алматы: Қазақ энци., 2005. – 7 т. – 728 б.